

**Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті  
Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет**

**Жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар және студенттердің  
ғылыми еңбектер жинағы**

**Сборник трудов молодых ученых, докторантов, магистрантов и  
студентов**

**Collection of works of young scientists, doctoral students, master's  
and bachelor's degree students**

**Семей, 2018**

УДК 37.01:004  
ББК 74.04(2):73  
Г 54

**Под общей редакцией Курманбаевой Ш.А.  
Выпускающий редактор Каражанов М.Д.**

Сборник трудов молодых ученых, докторантов, магистрантов и студентов / под науч. ред. Ш.А. Курманбаевой. – №3. – Семей: КазГЮИУ, 2018. – 194 с.

Жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар және студенттердің ғылыми еңбектері жинағы / Ш.А. Құрманбаева ғыл. ред. негізінде – №3. – Семей: ҚазИГЗУ, 2018. – 194 бет.

Collection of works of young scientists, doctoral students, master's and bachelor's degree students / under scientific. Ed. Sh.A. Kurmanbayeva. - №3. – Semey: KazHJU, 2018. – 194 p.

**ISBN 978-601-248-803-6**

В сборнике представлены научные статьи молодых ученых, докторантов, магистрантов и студентов высших учебных заведений и колледжей Республики Казахстан. Сборник содержит наиболее актуальные труды по актуальным вопросам инновационной казахстанской науки. Сборник будет интересен широкому кругу читателей занимающихся научной деятельностью, особенно молодым ученым, докторантам, магистрантам и студентам.

Жинақта Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары мен колледждердің жас ғалымдары, докторанттары, магистранттары және студенттерінің мақалалары ұсынылады. Жинақ қазақстандық инновациялық ғылымның өзекті мәселелері бойынша аса өзекті еңбектерді қамтыған. Жинақ ғылым қызметімен айналысқан кең көлемді оқырмандарға қызықты болады, әсіресе жас ғалымдарға, докторанттарға, магистранттарға және студенттерге қызықты.

The collection contains scientific articles of young scientists, master's and bachelor's degree students of higher educational institutions of the Republic of Kazakhstan. The collection contains the most relevant works on topical issues of innovative Kazakhstan science. The collection will be of interest to a wide range of readers engaged in scientific activities, especially young scientists, doctoral students, master's and students degree students.

**ISBN 978-601-248-803-6**

**© Казахский гуманитарно-юридический  
инновационный университет, 2018**

## СОДЕРЖАНИЕ

### ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ

1. Аббасова З.А., Утебаев Е.К., Стамгазинова С.С. Проблемы предупреждения уголовных правонарушений, совершаемых медицинскими работниками .....	5
2. Анкежанов Ж.Н. Тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін жүзеге асырғанда қылмыстық процесстегі қағидаларының мағынасы .....	7
3. Анкежанов Ж.Н. Алдын ала тергеу және анықтау барысында адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері .....	12
4. Асауова Д.К. Место и роль института соединения и выделение уголовных дел в системе досудебного производства .....	15
5. Асылжанова А.Т. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің даму бағыттары .....	19
6. Атанбаев Е., Жампеисов Д.А. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының жаңа заңының кейбір құқықтық аспектілері» .....	22
7. Әшімов Д. Проблемные вопросы использование результатов обыска и выемки в качестве доказательств .....	25
8. Баймолдина А.Т., Смоилов С.Ж. Административно-правовое регулирование безналичных расчетов .....	27
9. Бақтияров А.Н. Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау ерекшеліктері .....	29
10. Балгабаев Т.К. Сравнительный анализ судебного разбирательства казахского права и современного уголовного судопроизводства РК .....	32
11. Берлибеков Р. Место и роль следственного осмотра на первоначальном этапе расследования преступления .....	35
12. Богисова Ж.К. Жарыспалылық және теңдік қағидасын жүзеге асыруда қорғаушының процессуалдық өкілеттіктері .....	39
13. Буланов Д.Р. Теоретические проблемы правового регулирования профилактики уголовных правонарушений .....	42
14. Есимханов Ж.Б. Арсенал криминалистических тактических приемов, применяемых при допросе .....	45
15. Жаканбаев М.С. Әлеуметтік сақтандыруды құқықтық реттеу мәселелері .....	47
16. Жаканбаев М.С. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды құқықтық реттеу мәселелері .....	50
17. Жакупжанов Д. Кәмелетке толмаған қылмыскер тұлғасының криминологиялық сипаттамасы .....	53
18. Жумағалиев А.К. Институт депонирования показаний потерпевшего и свидетеля в уголовном процессе РК .....	56
19. Жумаканова Р.О. Понятие, содержание объективной стороны состава уголовного правонарушенияпонятие, содержание объективной стороны состава уголовного правонарушения .....	59
20. Зейнолла Ж.Қ. Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық ұғымы .....	62
21. Калиева О.Д. Защита государственной тайны и возможные пути их решения .....	63
22. Камзина Г.Е., Сейданов А.Б. Основные аспекты начала досудебного производства по уголовным делам о хищениях .....	65
23. Капезов Д.С. Утебаев Э.К. Реализация материалов оперативно-розыскной деятельности в ходе досудебного расследования организованных форм общеуголовной и международной преступности .....	67
24. Карпиков Н.М. Қылмыстық істер бойынша кәсіби қорғаушының криминалистикалық тактиканы қолдануы .....	70
25. Кемельжанов Д. Таным теориясы мен ақиқат ұғымы .....	72
26. Кобенев М.А. Қылмыстық сот өндірісінде жәбірленушіге зиянды өтеудің өзекті мәселелері .....	74
27. Кусаев Р. Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының детерминанттары .....	76
28. Кусаинов Ы.Т. Криминалистические тактические комбинации, применяемые в ходе досудебного расследования грабежей и разбойных нападений на охраняемые объекты .....	79
29. Қажигалиев С. Қылмыстық сот өндірісіндегі дәлелдемелерді бағалау .....	81
30. Қалибеков К.Б. Адамды ұстап беру – экстрадиция тарихының гносеологиялық эволюциясы .....	84
31. Нұрғалиева Д.Т. Бөтеннің мүлкін криминалды басып алудың (рейдерліктің) криминологиялық сипаттамасы .....	87
32. Нургожин А.Н. Сыбайлас жемқорлық ұғымының қалыптасуының тарихи аспектілері .....	90
33. Орманұлы А. Проблемные вопросы согласительного производства в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан .....	91
34. Оспанова А.Б. Сот алқабилер институтын жетілдіру .....	94
35. Рахимжанова А. Алқабилер сотының пайда болу және даму тарихы .....	97
36. Сайдуллаев Е.А., Қамбаров А.Қ. Ақпараттандыру және байланыс саласында компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар және киберқылмыс мәселесі .....	100

37. Совет Н.Е. Криминологическая характеристика уголовных правонарушений, совершаемых в местах лишения свободы .....	103
38. Совет Н.Е. Криминологические особенности личности осужденного к наказанию в виде лишения свободы .....	104
39. Сулейменова Г.А., Смоилов С.Ж. Правовое обеспечение охраны окружающей среды и природопользования .....	106
40. Сүлейменова М.Қ. К вопросу об определении понятия насилия в отношении несовершеннолетних	108
41. Тастамбекова А.Ш. Семейно - правовая ответственность родителей за неисполнение или ненадлежащее исполнение родительских обязанностей .....	112
42. Тюлебиев М.С. Общеправовые проблемы теории доказательств .....	114
43. Хаджимов А.О. Криминологическая характеристика уголовных правонарушений в сфере экономической деятельности .....	118
44. Хаджимов А.О. Основные источники криминологической информации уголовных правонарушений в сфере экономической деятельности .....	123
45. Шайхан Ә.М. Международно-правовая форма имплементации института разумного срока в уголовном судопроизводстве РК .....	125

### ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

1. Ербол Б.Ә., Аубакиров Ф.М. Еңбек нарығында жастарды жұмыспен қамтудың мәселелері мен перспективалары .....	130
2. Избасаров Д.А. Аубакиров Ф.М. Проблемы и перспективы местного самоуправления в Республике Казахстан.....	133
3. Кайнарқызы Р., Адильбаева А.С., Жанғалиев У.К. Ұлт зиялыларының жер мәселелеріне көзқарастары ххғ.басы .....	135
4. Кусманова А.М. Аубакиров Ф.М. Торгово-экономические связи России и Казахстана как фактор экономической интеграции стран.....	138
5. Қалдыбекова Ә.С., Оразалы А.Ә., Бархы Б.Б. Развитие корпоративного управления в коммерческих банках .....	140

### ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

1. Абылхакова А.М. І.Жансүгіровтің әңгімелерінің көркемдік ерекшелігі .....	144
2. Даниянова А.Қ. Түркі әдебиетіндегі «Едіге батыр» жыры: ортақ сюжет және көркемдік шешім .....	147
3. Ерланова Ж.Е. Ақын З.Шүкіров лирикасы жанрларының поэтикалық ерекшеліктері .....	150
4. Садақбаев А.С. «Манас» жырының зерттелуі және Мұхтар Әуезовтың үлесі .....	153
5. Смағұлова Д.М. Қ.Жұмалиев - Ыбырай шығармашылығын зерттеуші .....	155

### ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

1. Абдильманова К.Б., Ладзина Н.А. Взаимосвязь коммуникативных способностей студентов и социально – психологического климата учебной группы .....	159
2. Ағзымова Ж., Абдуллина Г.К. Антропогенездік факторлардың адам психикасы мен денсаулығына әсері жайлы зерттеулер.....	161
3. Алканова З.С., Абдуллина Г.К. Тұлғаның менеджерлік күзiреттiлiгi қалыптасуының негiздерi .....	164
4. Байботанова А., Абдуллина Г.К. Психикалық дамуы кешеуілдеген балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстары .....	166
5. Жоламанова А.С., Абдуллина Г.К. Адам өмірінде кездесетін қорқыныш түрлері және одан арылу..	169
6. Жоламанова А.С., Абдуллина Г.К. Әлеуметтік қорқыныштардың шығу себептері мен психологиялық негіздері.....	171
7. Мырзаханова А.Ә., Абдуллина Г.К. Болашақ мамандардың тұлғалық қалыптасу ерекшеліктері .....	174
8. Мырзаханова А.Ә., Абдуллина Г.К. Жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың кәсіби қасиеттерін қалыптастыру мәселесі .....	176

### ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

1. Саханова А.А., Ражепаева Ф.З. Роль австралийского союза в региональном сотрудничестве .....	180
2. Саханова А.А., Ражепаева Ф.З. Геополитическое соперничество Китая и США в азиатско-тихоокеанском регионе.....	183

### ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

1. Манарбекова А. Э., Аубакиров Ф.М. Мемлекеттік басқару жүйесінде ақпараттық технологияларды қолдану .....	187
2. Тортаева Н.Е. Матрицалық аргументтің функциясы .....	191

## **ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ**

УДК 343.3/7

**Аббасова З.А.**

*магистрантка 2 курса по специальности «БМ030100-Юриспруденция»  
Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета, г. Семей*

**Утебаев Е.К.**

*к.ю.н., профессор кафедры УПД Казахского гуманитарно-юридического  
инновационного университета, г. Семей*

**Стамгазинова С.С.**

*магистр права, ст. преподаватель кафедры УПД Казахского гуманитарно-юридического  
инновационного университета, г. Семей*

### **ПРОБЛЕМЫ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ, СОВЕРШАЕМЫХ МЕДИЦИНСКИМИ РАБОТНИКАМИ**

*Мақалада медициналық қызметкермен жасалынатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың өзекті мәселелері қарастырылады. Сондай қылмыстық құқық бұзушылықтың себептері анықталады және олардың алдын алу жолдары ұсынылады.*

***Түйін сөздер:** медициналық қылмыстық құқықбұзушылықтар, кәсіби қылмыстылық, медициналық қылмыстық құқықбұзушылықтар құрамдары, сот-медициналық сараптама*

*В статье рассматриваются проблемы предупреждения уголовных правонарушений, совершаемых медицинскими работниками. Выявляются причины таких преступлений, а также рекомендуется методы пресечения.*

***Ключевые слова:** медицинские уголовные правонарушения, профессиональная преступность, составы медицинских уголовных правонарушений, судебно-медицинская экспертиза.*

*The article deals with the problems of preventing criminal offenses committed by medical workers. The causes of such crimes are revealed, and methods of restraint are also recommended.*

***Keywords:** medical criminal offenses, professional criminality, compositions of medical criminal offenses, forensic medical examination.*

Актуальность статьи заключается в том, что медицина представляет собой важную сферу жизнедеятельности человека, основной целью которой является сохранение жизни и здоровья людей. В последние годы медицинская наука достигла больших успехов в профилактике и лечении многих заболеваний, считавшихся ранее либо вовсе неизлечимыми, либо трудно поддающимися лечению. Она стала способной проникать в глубинные процессы, происходящие в организме человека, влиять на репродуктивное здоровье человека, процессы умирания, генетический статус и т. д. Одновременно с этим возрастает значение правового регулирования медицинской деятельности, включая применение уголовной ответственности к медицинским работникам.

Врачебная профессия утверждает самое прекрасное на земле. Врачи на основании современного уровня развития медицинской науки технологии, фармакологических средств, стремятся восстановить здоровье человека. Больные помимо профессиональной грамотности ценят у врачей внимательность, сердечность, душевную чуткость, терпение, умение слушать. Любая болезнь - эмоциональный стресс, дезорганизирующая личность. Человек начинает заниматься самолечением «модными» лекарственными препаратами, не обращается своевременно к врачам.

Сохранение здоровья народа, профилактика заболеваний, продление полноценной жизни - важная задача государства. Свидетельством тому является наличие в Конституции Республики Казахстан ст. 15 «Каждый имеет право на жизнь» [1].

Состояние здоровья населения является интегральным показателем социальной ориентированности общества, социальных гарантий, характеризующих степень ответственности государства перед своими гражданами. Наша республика в период становления провел серьезную оптимизацию в социальной сфере, в том числе здравоохранения. Жизнь и здоровье человека - важнейшие социальные ценности, огромное значение в охране которых имеет своевременная и качественная медицинская помощь. Именно поэтому с проблемой охраны здоровья и жизни граждан тесно связаны вопросы качества медицинской помощи, а также ответственности врачебных кадров за ненадлежащее исполнение своих профессиональных обязанностей. До настоящего времени эти вопросы остаются недостаточно разработанными и поэтому является крайне актуальными.

Уголовная ответственность медицинских работников за профессиональные уголовного правонарушения не только вызывает интерес у широких кругов медицинской общественности, но и представляет существенную социальную и правовую проблему. Приходится констатировать, что нарушение профессиональных обязанностей медицинскими работниками имеет место, и нельзя сказать,

что на практике мы имеем дело с единичными подобными случаями. Более того, подобного характера деяния влекут и общественно опасные последствия, такие как вред здоровью различной тяжести, а то и смерть человека. В то же время важнейший принцип уголовного права о неотвратимости наказания за общественно опасные деяния подобного рода далеко не всегда соблюдается. Следственно-судебная и судебно-экспертная практика свидетельствует об объективной сложности таких дел. В определенной степени это связано с проблемами поиска, закрепления и оценки доказательств по уголовным делам. В то же время наиболее существенные трудности, вызывает оценка состава уголовного правонарушения в действиях медицинского работника. Возможности же судебно-медицинской экспертизы при этом используются далеко не в полной мере [2, с. 167-172].

В соответствии с уголовным законодательством единственным основанием уголовной ответственности является совершение лицом деяния, содержащего все признаки состава уголовного правонарушения, предусмотренного Уголовным кодексом РК. Признаками состава уголовного правонарушения являются: объект уголовного правонарушения, объективная сторона уголовного правонарушения, субъект уголовного правонарушения, субъективная сторона уголовного правонарушения.

Вместе с тем, как свидетельствует экспертная практика, на разрешение судебно-медицинских экспертиз по делам о привлечении к уголовной ответственности медицинских работников за профессиональные уголовные правонарушения, как правило, ставятся только вопросы разрешения которых в той или иной степени позволяет установить лишь наличие либо отсутствие признаков объективной стороны уголовного правонарушения (деяние, вредные последствия, причинно-следственная связь между ними). При этом с другой стороны, анализ постановлений и определений о назначении судебно-медицинских экспертиз по данной категории дел свидетельствует о том, что очень часто на разрешение экспертиз ставится огромное количество вопросов, исчисляемое подчас не одним десятком. Большое количество вопросов часто сопровождается нечеткостью их формулировок, что затрудняет их уяснение членами экспертных комиссий, «засоряет» экспертизу. Кроме того, при излишне большом количестве вопросов отмечается наличие нецелесообразных вопросов, дублирующих друг друга или «отводящих» в сторону, а также наличие вопросов, выходящих за пределы компетенции экспертов. Это, в свою очередь, свидетельствует о недостаточной подготовленности работников органов дознания, следствия, судей к расследованию и судебному рассмотрению данной категории дел. Очевидно, что здесь соответствующую помощь работникам правоприменительных органов должна оказать судебно-медицинская наука и практика, поскольку судебная медицина, являясь медицинской наукой, в то же время, относится к числу специальных (или прикладных) юридических наук, обязательных для изучения студентами-юристами, избравшими для себя уголовно-правовую специализацию.

По данным В.П. Новоселов, и Ю.Д. и Сергеев, С.В. Ерофеев [3, с. 309], что формулировка вопросов на разрешение судебно-медицинских экспертиз по данной категории дел должна быть строго подчинена практической задаче, надлежащей квалификации этих уголовных правонарушений, а именно – установления всех признаков состава, для выявления которых требуются специальные познания в области медицины. При этом следует особо отметить, что по данной категории дел как, пожалуй, ни по одной другой, специальные познания в области медицины требуются для установления практически всех признаков состава уголовного правонарушения, как объективных, так и субъективных:

- 1) для квалификации действий (бездействия) медицинского работника как общественно-опасного и противоправного деяния, оценки вредных последствий, наличия причинно-следственной связи между ними (объективная сторона уголовного правонарушения);
- 2) для установления в деянии медицинского работника признаков посягательства на установленные правила оказания медицинской помощи (дополнительный непосредственный объект);
- 3) для выявления соответствия либо несоответствия уровня образования и профессиональной подготовки медицинского работника требованиям, предъявляемым к нему как к лицу, занимающемуся соответствующим видом профессиональной медицинской деятельности (специальный субъект);
- 4) для установления возможности или невозможности предвидения медицинским работником наступления вредных последствий в результате своих действий (бездействия), а также наличия либо отсутствия обязанности такого предвидения с учетом конкретных обстоятельств медицинского происшествия, уровня образования, профессиональной подготовки, а также индивидуальных качеств медицинского работника - квалификации и практического опыта (субъективная сторона уголовного правонарушения).

Очевидно, что ни одна из этих задач не может быть решена без специальных познаний в области медицины, поэтому для разрешения всех этих вопросов обязательно требуется назначение судебно-медицинской экспертизы. При этом основной и, по нашему мнению, до сих пор качественно не решенной задачей судебно-медицинской науки является разработка научно-обоснованных

методологических подходов для надлежащего разрешения этих вопросов на основе комплексного медико-правового подхода, тем более что, как уже отмечалось, судебная медицина является не только медицинской, но и специальной юридической дисциплиной. Другим весьма важным вопросом, существенным образом, влияющим на качество производства экспертиз, является вопрос о целенаправленной подготовке кадров экспертов. Это, в первую очередь, касается подготовки штатных судебно-медицинских экспертов, принимающих участие в производстве экспертиз по «врачебным делам». Здесь речь не идет о необходимости получения второго – юридического образования. Однако такая подготовка обязательно должна включать в себя изучение основ теории права, избранных вопросов уголовного права и уголовного процесса, теории судебной экспертизы и криминалистики применительно к рассматриваемой категории профессиональных уголовных правонарушений медицинских работников. Опыт наших коллег свидетельствует о том, что уяснение судебно-медицинскими экспертами этих вопросов существенно повышает качество экспертиз, их доказательственное значение. В силу этого, считаем весьма целесообразным открытие на базе Республиканского центра судебной медицины МЗ РК, либо обладающих соответствующими возможностями кафедр, судебной медицины, циклов тематического усовершенствования экспертов отделов сложных экспертиз по этим вопросам [4, с.144].

Кроме того, опыт экспертной работы свидетельствует о, как правило, недостаточной подготовленности привлекаемых к работе в экспертных комиссиях внештатных экспертов к специфике задач, решаемых при производстве данного рода экспертиз, что также требует их соответствующей подготовки, разумеется, в иной форме. Возможно, такой формой подготовки могло бы быть самостоятельное изучение внештатными экспертами до их участия в экспертизах специально разработанных для них материалов, например, утвержденных в установленном порядке методических рекомендаций для врачей-экспертов.

Таким образом, отдельные вопросы далеко не исчерпывают всей проблемы. Тема профессиональных уголовных правонарушений медицинских работников в силу своей сложности и специфичности, без сомнения, требует дальнейшего тщательного изучения и анализа.

#### Список использованной литературы:

1. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.02.2011 г.) Издательство «Юрист» 2016 г.
2. Белобородова Н.Г. - О медицинских и правовых аспектах контроля и экспертизы качества медицинской помощи.// Научные труды «Всероссийского съезда по медицинскому праву». - Алматы, 2015, 167-172 с.
3. Новосёлов В.П. Профессиональная деятельность работников здравоохранения. Ответственность. Права. Правовая защищенность. - Новосибирск, 2011. – 309 с.
4. Сергеев Ю.Д., Захаров С.О., Аркашкин А.П., Тарасов А.А. Юридический анализ профессиональных ошибок медицинских работников. - Самара, 2015. - С.144.

УДК 343.131

Анкежанов Жандос Нурсейтович

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің, Заң факультеті, 6М030100-  
Құқықтану мамандығының 2 курс магистранты

### ТҮЛГАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАНДА ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕССТЕГІ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ МАҒЫНАСЫ

*Автор аталмыш мақалада қылмыстық процесс қағидаларын тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін жүзеге асырғандағы атқарар рөлін анықтауға тырысқан.*

**Түйін сөздер:** Қылмыстық процесс қағидалары; кінәсіздік презумпциясы; жарыспалылық және теңдік; адам құқықтары.

*Автор в данной статье попытался определить роль принципов уголовного процесса в осуществлении и защите прав и интересов лиц участвующих в уголовном процессе.*

**Ключевые слова:** Принципы уголовного процесса; презумпция невиновности; состязательность и равноправие сторон; прав человека.

*The author was determined to define the role of the criminal process in the implementation of the right and the interests of the separated ones.*

**Keywords:** principles of the criminal process; presumption of ninnovity; right of people.

Аталған бағытта мақаланың негізгі мақсаты – адам және азаматтарды, халықты қорғау үшін, сонымен қатар, құқықтық қорғауды қажет ететін өзге де субъектілердің құқықтарын қорғау мақсатында соттың қарауындағы істерді заңды және әділ шешу болып табылады.

Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу құқығының негізгі қағидалары Конституция нормаларында айқын орын алған. Бұл Конституция нормаларының жоғары деңгейде екендігін және оның тікелей қолданыста болатындығын, сонымен қатар, бұл заң актісінің жоғары заңдық күші бар екендігін көрсетеді. Оның ережелерін Қазақстан Республикасының барлық субъектілері, атап айтқанда, мемлекет пен оның органдары, сот процесіне қатысушылар, сонымен қатар, соттардың өзі мүлтіксіз орындауы тиіс. Қылмыстық сот ісін жүргізу мен Ата Заң қағидаларының байланысын екі топқа бөліп қарастыруға болады:

Бірінші – әділсотты қамтамасыз ететін қағидалар;

Екінші – сот билігінің мазмұны мен сипатын алдын ала анықтайтын ережелер.

Бірінші топқа төмендегі қағидаларды жатқызуға болады: заңдылық; сот төрелігін соттың ғана жүзеге асыруы; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау; жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу; жеке басқа қолсұғылмаушылық; жеке өмірге қолсұғылмаушылық, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардан құпиясы; тұрғынжайға қолсұғылмаушылық; меншікке қолсұғылмаушылық; кінәсіздік презумпциясы; қайтадан соттауға және қылмыстық қудалауға жол бермеушілік; сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру; судьялардың тәуелсіздігі; жариялылық.

Екінші топты төмендегі қағидалар қалыптастырады: қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау; сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен теңқұқылығы негізінде жүзеге асыру; істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу; дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау; күдіктінің, айыпталушы құқығының қорғалуын қамтамасыз ету; білікті заң көмегіне құқықты қамтамасыз ету; куәлік айғақтар беру міндетінен босату; қылмыстық сот ісін жүргізу тілі; процестік әрекеттер мен шешімдерге шағым жасау бостандығы [1].

Қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін іске асырудың жалпы шарттарын және қылмыстық процестің өзінің алдында тұрған міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін қылмыстық процесс сатыларының, институттары мен нормаларының жүйесі мен мазмұнын айқындайтын оның іргелі бастаулары қағидаттар болып табылады. Яғни, қылмыстық процестің қағидаттарын бұзу оның сипаты мен елеулі болуына қарай процестік әрекетті немесе шешімді заңсыз деп тануға, осындай іс жүргізу барысында шығарылған шешімдердің күшін жоюға жиналған материалдарды дәлелдемелік күші жоқ деп немесе іс бойынша болып өткен іс жүргізуді жарамсыз деп тануға әкеп соғады [2].

Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары деңгейде болуы мен оның тікелей қолданылуы; заңдылық қағидаты; сот қызметінің ашық болуы; азаматтардың сот пен заң алдында тең болуы; тараптардың теңдігі; сот өндірісінің мемлекеттік тілде жүргізілуі; әділсотты жүзеге асыруда азаматтардың қатысуы. Маңызды қағидалардың бірі ретінде Конституцияның 14-бабы 1-тармағы заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең ретіндегі теңқұқылықты анықтайды. Сонымен қатар, Адам құқығы жалпы декларациясының 2-бабында әрбір адам Адам құқығының жалпы декларациясында жария етілген барлық құқықтар мен барлық бостандықтарға нәсіліне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де сенімдерге, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүлктік, топтық-тектілігіне немесе өзге де жағдайының айырмашылығына қарамастан ие болуы керек екендігі туралы айтылады. ҚР ҚПК-нің 21-бабында «Сот әділдігі барша жұрттың заң мен сот алдында теңдігі жүзеге асырылады» делінген. Яғни, қылмыстық сот ісін жүргізу барысында ешкімді де шыққан тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайы, жынысы, нәсілі, тілі, дінге қатысты сенімдері, тұрғылықты жері бойынша немесе өзге де кез келген мән-жайлар бойынша қандай да болсын кемсітушілікке ұшыратуға болмайды. Демек, азаматтар үшін сот процесіне қатысуға қолжетімділікті қамтамасыз ету, соның ішінде сот өндірісінің ресми тілін білмейтін азаматтар үшін жағдай жасау, құқықтық көмек алуға материалдық мүмкіндіктері жоқ азаматтарға мүмкіндіктер жасау міндеті болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы әділсоттың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін келесі жетекші қағидалардың бірі – сот билігінің дербестігі мен судьялардың тәуелсіздігі. Бұл маңызды қағида еліміздің мемлекеттік және құқықтық жүйесіндегі сот билігінің рөлін көрсетеді, сонымен қатар, бірыңғай мемлекеттік билікті бөлу жүйесінде сот билігінің ережелерін көрсетеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабына сәйкес, еліміздегі мемлекеттік билік бір-бірімен өзара байланыста болатын заң шығарушы, атқарушы және өкілетті мемлекеттік билік тармақтары негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы және «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және соттар мәртебесі туралы» конституциялық заңның талаптары бойынша, Қазақстан Республикасында сот билігі дербес болып келеді және заң шығарушы және атқарушы органдардан тыс әрекет етеді: соттар әділсотты жүзеге асыруда тәуелсіз болып келеді. ҚР ҚПК-нің 22-бабында көрсетілгендей, судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз болады және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңға ғана бағынады. Соттардың тәуелсіздігі қағидасы мемлекеттегі соттардың мәртебесін көрсететін



қағида болып табылады. Бұл қағида Біріккен Ұлттар Ұйымы жетінші конгресінің материалдарында толығымен қарастырылған. Бұл конгресс қылмыстылықтың алдын алу бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясымен келісілген және 13 желтоқсан 1985 жылы «Сот органдарының тәуелсіздігіне қатысты негізгі қағидалар» мен «оларды жүзеге асырудың тиімді жолдары» атауымен өткізілді. Конгреске қатысушылар мен Бас Ассамблея соттардың басқа мемлекеттік және қоғамдық органдарға қатысты соттардың институционалды және ұйымдастырушылықтарының тұтастығын ажырамау қажеттігін айтқан. Бұл қағиданың мазмұны өзін-өзі басқаратын дербес мемлекеттік органның қалыптасуында болатын, бұл органның атқаратын қызметін басқа ешқандай мемлекеттік немесе қоғамдық органдарға атқаруға жол бермеу, басқа органдарды сот органдарының қызметіне араластырмау. Олар, яғни, сот органдары әділсотты жүзеге асыруда тек заңға тәуелді болуы тиіс және барлық мәселелерді тек заң нормалары негізінде шешуі қажет. Сот билігінің дербестігі қағидасының түбегейлі түсінігі бойынша оның билігі конституциямен бекітілген қайнар көзі – халықтың еркімен шектелетіндігін білдіреді. Олар конституциялық нормалар мен заңдарда көрініс тапқан.

Негізгі қағида ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары деңгейде орын алуын, қылмыстық процестегі заңдылық қағидасын атауға болады. Заңдылық қағидасы сот билігін ұйымдастырумен қатар, оның қызмет етуі, судьялардың құқықтық мәртебесін бекітуде, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ететін қағидаларды жүзеге асыру кезінде көрініс табады. Заңдылық қағидасын жүзеге асыру Конституция мен заңдардың бұзылған нормаларын қалпына келтірумен және осындай заңбұзушылықтарды болдырмауға бағытталған әрекеттермен байланысты. Заңдылық қағидасы соттар істерді қарауда тек заңдарды ғана басшылыққа алуы тиіс деген ережемен де тығыз байланысты болып келеді. Әділсотты жүзеге асыру кезінде соттар материалдық және процессуалдық заңнама талаптарын мүлтіксіз орындауы тиіс. Яғни, ҚР ҚПК-нің 10-бабында көрсетілгендей, сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қылмыстық процестік кодексте, өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарын дәлме-дәл сақтауға міндетті.

Конституциялық қағиданың негізгі бастауы – азаматтардың әділсотты жүзеге асыруға қатысуы қарастырылады. Қазақстан Республикасының азаматтары әділсотты жүзеге асыруға құқылы. Бұл қағида сот талқылауына азаматтардың алқабилер құрамында қатысуы арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабы 2-тармағына сәйкес, қылмыс жасаған деп айыпталған тұлға заңда белгіленген тәртіпте сот өндірісін алқабилердің қатысуымен қарауды талап етуге құқылы. Осыған байланысты 16 қаңтарда 2006 жылғы «Алқабилер туралы» Қазақстан Республикасының заңы қабылданды және қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен белгіленген қылмыстық іс жүргізу процедурасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. 2015 жылдың мамыр айында жарияланған елбасының «100 нақты қадамы» жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспарын бекітті. Осы жоспардың «Заңның үстемдігін қамтамасыз ету» деп аталатын 21-қадамында алқабилер соты қолданылатын салаларды кеңейту көзделген. Заңды түрде алқабилер соты міндетті түрде қатыстырылатын қылмыстық істердің санаттарын анықтау қажеттілігі айқындалған. Яғни, алқабилер соты ғана әділ соттың демократиялық тұрғыда жүзеге асырылуына ақпал етеді, судьялардың шынайы тәуелсіздігі мен қылмыстық іс жүргізудегі азаматтар құқықтарының қорғалу кепілдігі.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 23-бабында: «Қылмыстық сот ісін жүргізу айыптаушы және қорғаушы тараптардың жарыспалылығы мен теңқұқылығы қағидасы негізінде жүзеге асырылады» делінген. Қылмыстық қудалау, қорғау және соттың істі шешуі бір-бірінен бөлінген және оларды әртүрлі органдар мен лауазымды адамдар жүзеге асырады. Сотта сот ісін жүргізу кезінде сотталушының қылмыстық құқықбұзушылықты жасаудағы кінәлілігін және оның өзін қорғайтын дәлелдерін теріске шығару міндеті мемлекеттік және жеке айыптаушыларға жүктеледі. Қорғаушы сотталушыны қорғаудың заңда көзделген барлық құралдары мен әдістерін пайдалануға міндетті. Сот қылмыстық қудалау органы болып табылмайды, айыптаушы немесе қорғаушы тарап жағында әрекет етпейді және құқық мүдделерінен басқа қандай да болсын мүдделерді білдірмейді. Қылмыстық сот ісін жүргізудегі тараптардың жарыспалылығы мен теңқұқылығы аталған заң нормасының негізгі қағидасы ғана емес, сондай-ақ, әділсот билігін жүзеге асыру болып табылады. Қылмыстық іс жүргізу отырысындағы жарыспалылық қағидасы тараптарға дауды шешуде процессуалдық тәсілдерді жеткілікті пайдалануға мүмкіндік беруімен құнды болады. Аталған заң нормасынан қылмыстық істер жүргізу отырысындағы жарыспалылық пен теңқұқылық қағидасының үш элементтен тұратыны көрінеді: қылмыстық қудалау, қорғау және соттың істі шешуінің бір-бірінен бөлінуі; тараптардың өз функцияларын жүзеге асырудағы процессуалдық теңқұқықтылығы; қылмыстық іс жүргізудегі соттың басшылығы және іс бойынша шешімді тек соттың ғана шығару құқығы. Қылмыстық істі қараған сот объективтілікті және жарыспалылық пен теңқұқылық принципін сақтай отырып, тараптардың өз ісін жүргізу міндеттерін орындауы және өздеріне берілген құқықтарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайды туғызады. Тараптар

өздеріне заңмен берілген мүмкіндікті пайдаланып, өз дәлелдемелерін ұсынуға, сотталушының кінәлілігі немесе кінәсіздігі туралы өзінің айқындамасын сол ұсынған дәлелдемелеріне негіздеуге тиісті [3].

Сөйтіп, сотталушының қылмыстық құқықбұзушылықты жасаудағы кінәлілігін дәлелдеу мемлекеттік және жеке айыптаушыларға, ал, қорғаушыға сотталушының құқықтары мен мүдделерін заңда белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыруға құқықтық тұрғыдан кең мүмкіндік берілген. Сот – бейтарап, басты сот отырысында зерттелген мән-жайлар, дәлелдемелер жиынтығында, өзінің ішкі сенімімен, ар-ожданымен заң нормасына сүйеніп, сотталушының кінәлілігі немесе кінәсіздігі туралы шешім шығарады.

Кінәсіздік презумпциясы қағидасы ҚР құқық жүйесінде өз бастауын Конституциядан алатын қағида болып табылады. ҚР Конституциясының 77-бабы 3-бөлімінде ешкімнің де сот қылмыскер деп соңғы баға бермей тұрып, қылмыскер болып саналмайтындығы келтірілген. Жасалған қылмыс үшін сезікті, айыпталушы ретінде жауаптылыққа тартылған адам қай кезден бастап қылмыскер болып танылатындығы қылмыстық іс жүргізу құқығына тән мәселе, сондықтан да, кінәсіздік презумпциясы осы құқық саласының салалық қағидасы ретінде қолданылады. Кінәсіздік презумпциясына байланысты тергеу және өзге де органдар сезікті адамға әлі қылмыскер ретінде қарамауы керек, оны сот анықтайды, сондықтан, адамның құқықтары мен бостандықтары, заңды мүдделерін қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілген мөлшерден асып шектеуге болмайды.

ҚР ҚПК 19-бабы кінәсіздік презумпциясын қағида ретінде қарастырып, осы ұғымға қатысты болып табылатын қағидалы ережелерді келтірген. Біріншіден, осы заңда қарастырылған тәртіпте кінәсіздік жасалған қылмыс үшін дәлелденбеген адам және соттың заңды күшіне енген үкімімен танылғанға дейін кінәлі деп саналмайды. Яғни, қылмыстық іс жүргізу барысында қылмыстың уақыты, орны, құралы сияқты т.б. дәлелдеуші деректер сезікті, айыпталушы ретінде жауапқа тартылған адамның осы қылмысты жасағандығын растауға бағытталуы мүмкін. Бірақ, мұндай дәлелдер барлық жағдайда анық, шын болып шыға бермейтіндіктен жауаптылыққа тартылған адамды осы қылмысты жасаған қылмыскер деп түпкілікті баға беруге болмайды. Сонымен қатар, тергеу қызметі адамның кінәсін анықтайтын дәлелдеме материалдар жеткілікті деп танып, соның негізінде істі прокуратураға, сотқа өткізетін кездер болады. Бірақ, істі сотта қарау барысында адамның ол қылмысты жасамағандығын дәлелдейтін, ақтайтын мәліметтер шығуы мүмкін. Мұндай жағдайда сот ақтау үкімін шығарып, адамды жауаптылықтан босатуы керек. Кінәсіздік презумпциясын соттың істі қарау нәтижесінде айыптау үкімін шығарып жаза тағайындауымен де анықтауға болмайды. Себебі, сотталған адам немесе оның қорғаушысы алғашқы кезекте қараған соттардың үкіміне келіспеген жағдайда, одан жоғары тұрған соттарға шағымдануы мүмкін және осы сатыларда істі қарау барысында адамның кінәсіздігі анықталатын жағдайлар да болады. Сондықтан, адамды жасалған қылмыс үшін кінәлі немесе қылмыскер деп сот үкімі заңды күшіне енген кезден бағалауға болады.

Екіншіден, ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Қылмыстық іс жүргізу құқығының бүкіл болмысына қарай отырып, сезікті, айыпталушы немесе сотталушы адамның өзінің кінәсіз екендігін немесе жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлары бар екендігін келтіруге, олар бойынша дәлелдер келтіруге құқығы бар екендігін көруге болады. Бірақ, қылмыстық жауаптылыққа тартылып отырған адам өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Адамның кінәлі немесе кінәсіз екендігін дәлелдеу тергеуші мен судьяның міндеті және қызметі. Адамның өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті еместігінің келесі себебі, ол қылмыстық іс жүргізу құқығының, соған байланысты қылмыстық істі жүргізуші орган қызметкерлерінің жауапқа тартылған адамға «өзінің кінәсіз екендігіне сенімді болсаң, онда оны дәлелде» деген бағытта белсенділікті талап етуге болмайтындығы. Басқаша айтқанда, қылмыстық жауаптылыққа тартылған адам өзін әртүрлі ұстауы мүмкін.

Үшіншіден, айыпталушының кінәлілігін жоққа шығаратын күдіктер, деректер оның пайдасына шешіледі. Адамды қылмыскер деп жазаға тарту аса жауаптылықты талап ететін қызмет болып табылады, сондықтан, тергеушінің жинаған дәлелдерінің ішінде оның кінәлілігін жоққа шығаратын немесе ақтайтын бір дәлел болса да, ол ескеріліп, осы бір ақтаушы дәлелдің растығына көз жеткізу керек. Егер бұл ақтаушы дәлел расталатын болса, онда айыпталушының кінәлілігін жоққа шығаратын күдіктер ескеріліп, ол адамның пайдасына шешіліп, жауаптылықтан босатылады. Мысалы, кісі өлтіру қылмысында өлтірген адамды анық көрген адамдар болмаған жағдайда, кім өлтіруі мүмкін деген сұрақ туындап, бас араздығы бар немесе кектескен адам сезікті болып танылады. Осы сезіктіге ұқсас адамды кісі өлтіру оқиғасы орын алған кезде куәлер да алыстан көрген. Оқиға болған жерден сезіктінің пышағы табылған. Бұлар адамның кінәлілігін растау бағытындағы дәлелдер болып саналады. Бірақ, тексере келгенде кісі өлтіру қылмысы жасалған кезде сезікті адам басқа қалада болған және оны растаушы куәлер бар. Бұл кінәлілікті жоққа шығаратын дәлел болып табылады.

Төртіншіден, соттардың айыптау үкімі болжамдарға негізделмеуі керек, ол сенімді дәлелдердің жиынтығына негізделуі керек. Демек, тергеу және істі сотта қарау барысында келтірілген дәлелдердің растығына көз жеткізу керек болады. Мысалы сезікті адам «қылмысты өзім жасадым» деп мойнына алуы

мүмкін. Бұл әлі дәлелденбеген болжам болып саналады. Мұндай жағдайда сезіктінің жауаптарының растығын тексеру керек. Тексеру кезінде сезіктінің жауаптары расталмайтын болса, онда дәлелдердің жиынтығы жоқ болып саналады.

Істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидасы қылмыстық істі жүргізуші барлық органдарға, яғни, анықтаушыға, тергеушіге, прокурорға, судьяға қатысты болып табылады. Себебі, бұл органдар қылмыстық істі жүргізудің міндеттерін орындаушылардың қатарына жатады. Ол міндеттердің бірі қылмыстық істі дұрыс ашу және құқықтық бағаны дұрыс беру үшін «істің мән-жайын толық және объективті зерттеу» болып табылады.

Істің мән-жайын ашатын, іс үшін маңызы бар жайттарды толық ашу, осы іске қатысты нақты мәліметтерге назар аударуды білдіреді. Нақты мәліметтер куәлардың, жәбірленушінің, сезікті немесе айыпталушы, сотталушының жауаптарынан, сараптама қорытындыларынан, заттай айғақтардан, тергеудің процессуалдық хаттамаларынан, өзге де құжаттардан құралады. Бұл нақты мәліметте сот-тергеу қызметінің дәлелдемелік базасын құрайды деп түсіну керек [4].

Бұл қағиданың мазмұнында «жан-жақты», «толық», «объективті» деген ұғымдар қолданылады және олардың өзіндік сипаттамалары бар. «Істің мән-жайын жан-жақты зерттеу» дегеніміз қылмыстық істі бір жақты бағытта тергемей, ақтаушы және айыптаушы тұрғылардан да қарай отырып, соған байланысты адамның кінәсін ауыр-лататын немесе жеңілдететін жағдайларды ашу, адамның жеке басының ерекшеліктерін анықтау, сонымен қатар қылмыстың жасалу себептері сияқты іске қатысты өзге де жағдайларды анықтау болып табылады.

«Істің мән-жайын толық зерттеу» дегеніміз қылмысты саралауға және жазаны белгілеуге әсер етуі мүмкін барлық жағдайларды анықтау болып табылады. Мысалы қылмыстың түрі, қылмыс уақиғасының орын алған уақыты мен орны, қатысушылардың бар-жоқтығы, зардаптың түрі мен көлемі, қылмыстың құралы мен заты, тәсілі, кінәнің нысаны сияқты, т.б. белгілер. Бұл белгілер, яғни, қылмыс құрамын сипаттаушы белгілер қылмысты саралауға, сәйкесінше жаза тағайындауға әсер етеді [5].

«Істің мән-жайын объективті зерттеу» дегеніміз сот-тергеу қызметтерінде айыптау және ақтау бағытта-рындағы табылған дәлелдерге назар аударып әділ бағалау, сонымен қатар, жәбірленушінің немесе жауапқа тартылған адамның берген жауаптарының растығына көз жеткізу, яғни, алынған дәлелдердің сенімділігі мен шынайылығын тексеру болып табылады. Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі қағидасы Қазақстан Республикасында тұратын әртүрлі тілдердегі халықтардың қылмыстық сот өндірісіндегі тіл мәселесінен туындайтын мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған. ҚПК-нің 30-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында қылмыстық сот өндірісі мемлекеттік тілде жүргізілуі керек, ал қажеттілік туындаған жағдайда мемлекеттік тілмен қатар орыс және өзге тілдер де қолданылады. Қылмыстық істі жүргізуші орган істі орыс немесе өзге тілде жүргізу қажет болған жағдайда ол туралы арнайы дәлелді қаулы шығарады. Қылмыстық істі қай тілде жүргізу қажет болатындығын анықтау үшін іске қатысушылардың басым бөлігінің қай тілде сөйлейтіндігі ескеріледі. Іске қатысушылардың басым бөлігінің тіліне қарай іс жүргізу тілі анықталғанда процеске қатысушылардың осы істің барысын меңгеруі, құқықтарын пайдалана білуі, арыздар мен өтініштер келтіруі жеңілдейді.

Қылмыстық істі жүргізу барысында кейбір қатысушылар іс жүргізу тілін білмейтін болса, онда мемлекет қаражаты есебінен аудармашының қызметі қолданылады, сонымен қатар, тілді білмейтін адамдарға арыздар, мәлімдемелер, түсініктемелер беру, іс материалдарымен танысу тәртібі, сот мәжілісінде туған тілінде немесе өзі білетін өзге тілде сөйлеу құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі [6].

Сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдар тегін аудармашының қызметін пайдалана отырып, істің белгілі бір қажетті құжаттарымен таныса алады және жазбаша аударма жасалған жағдайда оның осы танысқан құжатының сол адамның тіліндегі аудармасы осы құжатқа қосымша ретінде тіркеледі. Сонымен қатар, қылмыстық істі жүргізуші орган тілді білмейтін қатысушыға оның тілінде жазылған құжаттың және іс жүргізу тілінде жазылған нұсқаларының куәландырылған көшірмелерін қолына беруі керек. Сезікті немесе айыпталушы қылмыстық істі жүргізу тілін білмейтін болса міндетті түрде оған қорғаушы берілуі тиіс.

Қылмыстық іс жүргізу құқығының қағидалары ретінде қылмыстық іс жүргізу заңы ережелерін дайындауда және осы заң бойынша қызмет атқаратын органдардың қызметтерінде басшылыққа алынатын негізгі идеялары, басты ұстанымдары алынады. Демек, қылмыстық іс жүргізу қағидалары тек сот, прокуратура, тергеу органдарының қызметтерінде ғана басшылыққа алынбай, ол сонымен қатар, алғашқы заңды дайындау кезінде де ескеріліп, алғашқы кезекте анықталып, кейінгі заң ережелерінің дайындалуында да қатаң сақталады. Бұл құқық саласында қағидалардың кезекті бір рөлі, ол тергеу немесе сот қызметінде қылмыстық іс жүргізудің қағидалары сақталмаған болса, онда ондай тергеу, сот қызметінің шешімдері заңсыз деп танылатындығында. Демек, қылмыстық іс жүргізу құқығының қағидалары бастапқы түсініктер, ережелер болып табылатындықтан заңның өзге ережелерінен пәрмені бойынша жоғары тұрады.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Алиев Т.Т., Громов Н.А. Основные начала уголовного судопроизводства. — М.: «Книга сервис», 2003. — 144 с.
2. Химичева Г.П. Досудебное производство по уголовным делам: концепция совершенствования уголовно-процессуальной деятельности: Монография. — М.: Изд-во «Экзамен», 2003. — 352 с.
3. Головистикова А.Н., Грудцына Л.Ю. Толковый словарь юридических терминов. — М.: Эксмо, 2007. — 448 с.
4. Горский Г.Ф., Кокорев Л.Д., Элькин П.С. Проблемы доказательств в советском уголовном процессе. — Воронеж: Изд-во Воронежского ун-та, 1978. — 303 с.
5. Баев О.Я. Уголовно-процессуальное исследование преступлений: система и ее качество. — М.: Изд-во «Юрлитинформ», 2007. — 200 с.
6. Карякин Е.А. Формирование истинности приговора в состязательном судебном производстве: вопросы теории и практики / Под ред. А.П.Гуськовой. — М.: Изд-во «Юрлитинформ», 2007. — С. 203.

УДК 343.131

#### Анкежанов Жандос Нурсейтович

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің, Заң факультеті, 6М030100-Құқықтану мамандығының 2 курс магистранты*

### АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУ ЖӘНЕ АНЫҚТАУ БАРЫСЫНДА АДАМ МЕН АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН, БОСТАНДЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Мақалада алдын ала тергеуде адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ету мәселелерін қарастырылған.*

**Түйін сөздер:** алдын ала тергеу; қылмыстық процестің қағидалары; кінәсіздік презумпциясы; адам құқықтары.

*В данной статье рассматриваются проблемные вопросы обеспечения прав и свобод человека и гражданина в досудебном производстве.*

**Ключевые слова:** предварительное расследование; принципы уголовного процесса; презумпция невиновности; права человека.

*This article deals with problematic issues of ensuring human and civil rights and freedoms in pre-trial proceedings.*

**Keywords:** preliminary investigation; Principles of criminal procedure; presumption of innocence; human rights.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында бекіткен мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы адам, адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екені баршамызға мәлім [1, 4 б.]. Мемлекетіміздің басты төл құжаты нақтылаған осы құндылықтар қылмыстық іс жүргізу жүйесінде қажетті деңгейде сақталып жатыр ма?! Адам құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы, құқық қорғау жүйесінің заңды әрі әділ қызметі негізінде ғана іске асады.

Өзіміз білетіндей, адам құқықтары саласындағы іс-әрекеттердің ұлттық жоспарын құрастыру идеясы 1993 жылы Вена қаласында Адам құқықтары жөніндегі бүкіләлемдік конференция жұмысының барысында қалыптастырылған болатын. Осы конференцияның шеңберінде қабылданып, БҰҰ Бас Ассамблеясымен бекітілген Вена декларациясы мен Адам құқықтары саласындағы жағдайды тиімді және ұзақмерзімді жақсарту жөніндегі нақты әмбебап іс-шараларды құрастыруға арналған іс-әрекет бағдарламасы әр елге адам құқықтары саласындағы іс-әрекеттердің Ұлттық жоспарын құрастыру мүмкіндігін қарастыруды ұсынылған [2]. Осы негізде ҚР 2009-2012 жж. Арналған осы Жоспарды қабылдап, соңғы жылдары елімізде осы саладағы заңдылықты нығайту бойынша заңнамалық және тәжірибелік шаралар қабылданып жатыр, азаматтардың өз құқықтарын қорғау мүмкіндіктері айтарлықтай кеңейтілді, азаптауды және адамның ар-намысын қорлайтын өзге де іс-әрекеттерді болдырмау бойынша құқықтық тетіктер құрылып жатыр. Өкінішке орай, қабылданып отырған шараларға қарамастан, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына қатысты жағдай күрделі күйінде қалуда. Қылмыстық қудалау органдары жүргізіп отырған жұмыс пен прокурорлық қадағалау тиімділігі әлі де болса жеткіліксіз. Адамдарды заңсыз қудалау, азаматтардың жеке бас бостандығына, тұлғаның абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұқпаушылық құқығын бұзу мән-жайлары орын алуы жалғасуда.

Аталған сот-тергеу тәжірибесіндегі азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына көп жағдайда өз қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде орындамаумен, жедел іздестіру және тергеу қызметкерлерін дайындаудың кәсіптік деңгейінің төмендігімен, тіпті, кейде олардың қылмыстық іс жүргізу заңнамасының, Қазақстан ратификациялаған халықаралық құқықтық актілердің нормаларын қарапайым білмеуімен байланысты жол берілетінін көрсетіп отыр. Аталған кемшіліктер қылмыстық

істер бойынша дәлелдемелер жинау сапасыз жүргізілгенін, тергеудің дұрыс жүргізілмеуіне жол берілуін, яғни «іс жүргізуге немқұрайлы қарауды» туғызады, бұл заңсыз іс жүргізу шешімдерін қабылдауға, соның салдары ретінде қылмыстық іс жүргізуге қатысушы азаматтардың құқықтарының бұзылуына әкеп соғады. Қызметкерлердің біліктілігін көтерудің тиімді жүйесін пысықтап, енгізу қажет, оның басымдықтары кәсіпқойлық, заңдылықты бұлжытпай сақтау, азаматтар мен мемлекет алдындағы парыз бен жауапкершілік сезімі болуы қажет.

Жеке тұлғаның құқығын қамтамасыз ету, әсіресе қылмыстық сот өндірісінде өте өзекті мәселе болып отыр, өйткені бұл жағдайда адамның мүддесіне жиі нұқсан келтіріліп отырады. Осы жерде әртүрлі қылмыстық процессуалдық мәжбүрлеу шаралары қолданылады, соның ішінде бұлтартпау шараларын қолдану, қылмыстық әділ сот саласына тартылған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде шектейді. Бұл жерде қылмыс жасаған адамның тағдыры, оның бостандығы, тіпті өмірі туралы мәселе шешіледі деп айтуға болады.

Қылмыстық іс жүргізуде қылмыстан зардап шеккен адамдардың және басқа да адамдардың мүдделері қарастырылады. Алдын ала тергеу сатысында адамның құқықтарын қамтамасыз етуге аса үлкен мән беріледі. Осы сатыда қылмыстық іс жүргізу қызметі аясына азаматтарды қылмыстық іс жүргізудің әртүрлі қатысушылары ретінде тарту басталады. Жасалған қылмыстың мән-жайлары туралы деректер өте аз болғанда, адамдардың құқықтарын тергеудің алғашқы сатысында қамтамасыз ету өте қиынға соғады. Қылмыстық іс жүргізу қызметі мен жедел іздестіру қызметінің өзара тығыз байланысы соттағы іс жүргізуден әлдеқайда ерекшеленеді. Процессуалдық мәжбүрлеу шаралары тергеу кезінде белсенді түрде қолданылады.

Е.О. Алауханов өз еңбектерінің бірінде бұл жөнінде былай жазады: «Құқықтық мемлекеттің ажырамас мазмұны қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың және оның ішінде сезіктілер, айыпталушылар, сотталушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қамтамасыз ету болып табылады. Құқықтық мемлекеттің дамуы және жетілдірілуінің заманауи жағдайларында тұлғаның еркіндігі, оның құқықтары мен кепілдіктері артады» [3, 3 б.].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық процесстік кодексінде (ҚР ҚПК) қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуі тиіс (ҚР ҚПК-нің 8-бабының 2-бөлігі) [4]. Өкінішке орай, аталған қылмыстық процесстің міндеттері сот тергеу тәжірибесінде сақтала бермейді, мемлекеттің құзыретті органдары, олардың лауазымды тұлғалары ұдайы заң шеңберінде әрекет етпей, оны бұзатындығы мемлекеттік деңгейде айтылған болатын, сондықтан да адамды осындай келеңсіз жағдайлардан қорғау қажет. Егер халықаралық стандарттардан шықсақ, қылмыстан зардап шеккендердің құқықтарын тергеуді іске асыру, біріншіден, тұлғаға оған тиесілі құқықтардың рөлі мен көлемі, оларды жүзеге асырудың мерзімі мен нәтижелері туралы ақпаратты берумен, екіншіден, қылмыстық сот ісін жүргізудің ұлттық жүйесіне сай, тергеудің түрлі кезеңдерінде арыз, қолдау хаттарды баяндауға жағдай тудыру; үшіншіден, оған тиісті көмек беруге, оның өзін және отбасы мүшелеріне қауіпсіздікпен қамтамасыз ету; төртіншіден, қылмыстарды тергеуде себепсіз тежелудің алдын алу; бесіншіден, зардап шеккенге оның отбасына әділ реституция жағдайын тудырумен байланысты [5, 6 б.].

Қылмыстан зардап шеккендерге құқықтық мәртебе тәртібі үшін бастапқы, негізгі 1948 жылғы Адам құқығының жалпы Декларацияның 8-бабының тармақтары болып табылады, онда адам Конституция немесе заңмен берілетін оның негізгі құқықтары бұзылған жағдайда мемлекеттің құзыретті органдарының құқығында нәтижелі қалпына келтіру құқығы бар. Қылмыстық сот ісін жүргізу саласында іс жүргізу құқығы қылмыстан зардап шеккен жеке тұлғаның бұзылған құқықтарын нәтижелі түрде қалпына келтіруді көздейді. В.К. Случевский: «Жәбірленушіге құқық беру дегеніміз – қылмысты ашуда қосымша көмек беруді білдіреді» деп көрсетеді [6, 276 б.]. Іс жүргізу құқығы қылмыстық іс жүргізу мақсаттарын орындау бойынша қызметті іске асыратын тергеу органдары мен басқаларының жұмысын жеңілдету үшін ғана жәбірленушіге іс жүргізу құқығы берілмейді. Оның міндеті – жәбірленушіге мүмкіндік беру, біріншіден, өзінің бұзылған құқығын қалпына келтіруде белсенді қатысуға; екіншіден, оның құқығын қалпына келтіру бойынша қылмыстық істе мемлекеттік органдардың қызметі туралы хабардар болу; үшіншіден, қылмыстық істі жүргізетін органдарға әсер ету және жәбірленушінің бұзылған құқығын қалпына келтіруде белсенділік танытуға көмектесу болып табылады. Жәбірленуші адамның мүддесі қылмысты ашу мен тергеу, айыптыларды табу мен

оларды қылмыстық және мүлкітік жауапкершілікке тарту мүддесіне сай болатындықтан, оларға берілетін іс жүргізу құқығы тергеуші мен қылмыстық іс бойынша нәтижеге жауапты басқа органдардың қызметіне объективті әсер етеді. Тек бұл аспектіде жәбірленушілердің іс жүргізу құқығын тергеу органдарына көмек көрсету және оларға жасаған қылмыстарын ашуға көмектесу ретінде қарастыруға болады.

Қылмыстық іс жүргізу құқығында қай тарапқа көбірек көңіл бөлінуі қажет, қайсысы басты болып табылады, жәбірленуші ме, әлде айыпталушы ма деген сұраққа көптеген даудамай әлі күнге дейін заңгерлердің арасында жалғасуда. Біздің ойымызша, жәбірленуші де, айыпталушы да қылмыстық іс жүргізудің басты тұлғалары. Жәбірленуші мен айыпталушыны, әрине, бір санатқа қойып екеуінің құқықтарын бірдей дәрежеде теңестіруге болмайды. Қылмыстық іс жүргізуде екеуінің бағыты әртүрлі.

Қазір айыпталушының құқығы едәуір кеңейген және оған кепілдік берілген. Қылмыстан зардап шеккен жәбірленушінің іс жүргізу құқықтары едәуір кеңейту мен кепілдеуді күшейтуді қажет етеді. Алайда олардың құқықтары бірдей болуы мүмкін емес. Ондай жағдайды дәлелдеуде қатысуға құқықтарға қатысты бәсекелестік қағидасын ескерумен шығаруда, қылмыстық істің материалдарын зерттеуде қажет. Іс жүргізудің қандай да бір қатысушының құқықтар кешенінің арасында қылмыстық сот ісін жүргізуде әртүрлі рөлдермен анықталатын ерекшеліктері болуы мүмкін. Бастысы, қылмыстық іске тартылған тұлғаның өз құқығын толық қорғауға, өз жеке мүддесін қорғауға жеткілікті құралдары болуы тиіс. Басқа тұлғалардың құқығы мен еркіндігіне зиян келтірмеуі тиіс.

Біріншіден, әділ сот ісін жүргізу құқығы жеке құқықтардың бірігуін білдіреді, сот төрелігін жүргізу барысында олардың әрқайсысын қамтамасыз ету сотта іс қарудың заңды жүргізілгенін білдіреді. Әділ сот ісін жүргізу құқығын үш түрлі санатқа бөлеміз: сотқа дейінгі құқықтар, сот процесі кезіндегі құқықтар және соттан кейінгі құқықтар. Осы санатқа қатысатын барлық Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел немесе азаматтығы жоқ адамдар тумысынан берілген құқықтарға ие болады. Ол мемлекет тарапынан қорғалуы және қамтамасыз етілуі шарт. Адам құқықтарының қамтамасыз етілуі Қазақстан Республикасының Конституциясына және адам құқықтары саласындағы халықаралық қағидалар мен нормаларға сәйкес келуі қажет. Ұлттық заңнама мен құқық қолдану тәжірибесіне адам құқықтары жөніндегі халықаралық стандарттарды енгізу қажет.

Екіншіден, қылмыстық іс бойынша әділ сот ісін жүргізу құқығы жеке адамды қылмыстық процеске тартқан сәттен бастап пайда болады.

Бұл уақыт адамды ұстаумен, айып тағумен қатар келуі мүмкін. Әділ сот ісін жүргізу кепілдіктері қылмыстық істі қозғау, алдын ала тергеу және анықтау процестерінде және сотта іс қарау барысында қамтамасыз етілуі қажет. Ол арнайы ғылыми тұжырым негізінде реттелуі орынды. Жеке адам құқығының тұжырымдамасы қылмыстық сот ісін жүргізудегі жеке адам құқықтарының орны мен рөлі туралы жалпы танымал түсініктер мен көзқарастардың жүйесі болып табылады.

**Үшіншіден,** қылмыстық сот ісін жүргізуде жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету қылмыстық сот ісін жүргізу саласына тартылған және оған жеке құқықтық мүдделігі бар жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында жүргізіліп тікелей жүзеге асырылатын және процессуалдық құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін жағымды шарттар жасауға бағытталған қылмыстық сот ісін жүргізуге басқа да қатысушылардың қатысуымен тергеуші, анықтаушы, прокурор, сот және қорғаушының қызметі болып табылады.

Осылайша, қылмыстық іс жүргізуге қатысатын кез келген қатысушы азамат оның процессуалдық жағдайына қарамастан, мемлекеттің тарапынан өзінің қадір-қасиетін тану және қорғауға қатысты конституциялық құқықты иеленетін тұлға болып табылады. Мемлекеттің тұлғаға, оның қадір-қасиетіне, мүдделеріне, құқықтарына деген қатынасы қылмыстық іс жүргізу үшін аса маңызы бар. Ол, бір жағынан, қылмыстық іс жүргізудің сипаты мен мазмұны тұлғаның мемлекеттегі орнына байланысты болатындығында жатқан сияқты. Екінші жағынан, қылмыстық іс жүргізуді қалыптастыру тұлғаның мемлекеттегі құқықтары мен орнына көп ықпал етеді.

Тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету туралы айта отырып, біз оның мүдделерін қамтамасыз етуді, яғни тұлғаның түйсінетін, оның қызметінің міндеттерін қоюды білдіретін қажеттіліктерді қозғаймыз. Қылмыстық іс жүргізудегі тұлғаның мүдделері қоғамдық немесе жеке сипатқа ие болуы ықтимал. Қоғамдық мүдде жеке тұлғаның жалпы қоғамның мүдделеріне қарым-қатынасынан көрініс береді, оны бүкіл қоғамның игілігі үшін, өзгеше емес, дәл солай әрекет етуге итермелейді. Қылмыстық іс жүргізудегі жеке мүдде жекелеген тұлғаның басқа адамдар мен мемлекеттік билік органдарының оның жеке өміріне араласуынан қорғаныс қажеттілігін көрсетеді [7, 16-176.]. Дәл осы

жеке мүдде белгілі бір қылмыстық сот ісін жүргізудің қатысушыларына жекеанықталған тұлға ретінде қарым-қатынас жасап қарауға итермелейді.

Қылмыстық іс жүргізу қызметінің барысында іс жүргізу ғана емес, сонымен қатар қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың материалдық-құқықтық құқықтары мен заңды мүдделері қамтамасыз етілуі тиіс. Ол үшін заң сотты, прокурорды, тергеуші мен алдын ала анықтаушыны істі зерттеудің жан-жақтылығы, толыққандылығы мен объективтілігі бұзылмайтындай әрекет етуін талап етеді. Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексінде заң шығарушы істі зерттеудің жан-жақтылығы, толыққандылығы мен объективтілігі туралы арнайы норманы қарастырмаса да, жекелеген нормаларда аталмыш талаптар болуы керек.

Тергеуші, анықтаушы, прокурор, судья және мемлекеттік-билік өкілеттігі берілген қылмыстық сот өндірісіне өзге де қатысушылар өзінің іс жүргізу қызметінде қылмыстық сот өндірісінің міндеттері мен мақсаттары анықталған қоғам және мемлекеттің мүдделерін үнемі басшылыққа алып отыруы тиіс. Тіпті, қылмыстық сот өндірісіне қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз еткен жағдайда аталмыш лауазымды тұлғалар қылмыстық іс жүргізуде жеке мүдде иелері болып табылмайды, олардың алдында бұқаралық-құқықтық міндеттерді атқарады. Олар жеке мүддеге қол жеткізуді қадағалай алмайды, өйткені іс нәтижесінде олардың жеке, тікелей немесе жанама мүдделілігі анықталған жағдайда олар шеттетуге жатады. Қылмыстық сот өндірісін жүзеге асыра отырып, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары жеке құқықтарды емес, оларға қылмыстарды тергеу және әділ сотты жүзеге асыру үшін сеніп тапсырылған қоғам мен мемлекеттің уәкілеттерін пайдаланады. Яғни, олардың қызметі тұлғаны қорғау және күзетудің іс жүргізу құралдарымен емес, әділ соттың іс жүргізу кепілдіктерімен қамтамасыз етіледі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының 2009-2012 жж. арналған адам құқықтары саласындағы Ұлттық жоспарды орындау өндiрiсiне сараптамалық шолу. <https://bureau.kz/news/download/248.pdf>
3. Ағыбаев А.Н., Алауханов Е.О. Алдын ала тергеудің аяқталуы. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 136 б.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексі. – 04.06.2014 ж.
5. Давид Р. Основные правовые системы современности. – М., 1988. – 300 с.
6. Случевский В.К. Хрестоматия по уголовному процессу России. – М., 1999. – 285 с.
7. Душенбиев Т.А. Интересы в уголовном судопроизводстве (по материалам Кыргызской Республики и Российской Федерации): автореф. ... канд.юр.наук. 12.00.09. – М., 1999. – 25 с.

#### УДК 343.1

Асауова Д.К.

Магистрант 2 курса по специальности «Юриспруденция» кафедры УПД ЮФ КазГЮИУ

### МЕСТО И РОЛЬ ИНСТИТУТА СОЕДИНЕНИЕ И ВЫДЕЛЕНИЕ УГОЛОВНЫХ ДЕЛ В СИСТЕМЕ ДОСУДЕБНОГО ПРОИЗВОДСТВА

*Бұл мақалада автор сотқа дейінгі іс жүргізуде қылмыстық іс бойынша іс жүргізу институтының маңыздылығын және мазмұнын талдауға тырысты.*

**Түйін сөздер:** қылмыстық-процессуалдық құқықтық қатынастар, қылмыстық іс, тергеуші, күдікті (айыпталушы).

*В данной статье автор попытался проанализировать значение и содержание института ведения производство по уголовному делу в рамках досудебного производства.*

**Ключевые слова:** уголовно-процессуальные правоотношения, уголовное дело, следователь, подозреваемый (обвиняемый).

*In this article, the author tried to analyze the significance and content of the institute in conducting criminal proceedings in the framework of pre-trial proceedings.*

**Keywords:** criminal procedural legal relations, criminal case, investigator, suspect (accused).

В условиях последовательного проведения в Республики Казахстан судебно-правовой реформы, существенного обновления оптимизации уголовно-процессуальной деятельности, значительный теоретический и практический интерес приобретает проблемы, связанные с институтом соединения и выделения уголовных дел. При этом данную проблему ведения производство по уголовному делу необходимо непосредственно рассматривать в контексте досудебным производством.

Нормы, регулирующие основания и порядок соединения и выделения уголовных дел, в своей совокупности составляют относительно самостоятельный институт уголовно – процессуального права.

Говоря об относительной самостоятельности исследуемого процессуального института, следует иметь в виду, что соединение и выделение уголовных дел характеризуется:

- спецификой предмета правового регулирования, определяющего особенности правоотношений, складывающихся в связи с принятием решения о соединении и выделении уголовных дел;
- объемом процессуальных прав и обязанностей, возникающих у субъектов уголовно-процессуальной деятельности в связи с соединением и выделением уголовных дел;
- особенностями оснований соединения и выделения уголовных дел в досудебных и судебных стадиях процесса.

Сказанное обуславливает правомерность рассмотрения совокупности правовых норм, регулирующих соединение и выделение уголовных дел, в качестве самостоятельного процессуального института.

В действующем Уголовно-процессуальном кодексе Республики Казахстан соединение и выделение уголовных дел регулируется ст.ст. 43 и 44, которые определяют наиболее значимые положения данного института [1].

Являясь институтом уголовно-процессуального права, соединение и выделение уголовных дел выполняют определенные функции, т.е. имеют свои особые пред-назначения, тем самым определяя роль в расследовании уголовных дел. На каждом из его этапов, как в досудебных, так и в судебных стадиях процесса, правовые нормы данного института служат в свою очередь основной для реализации функций субъектов уголовно-процессуальной деятельности.

Институт соединения и выделения уголовных дел, предусмотренный ст.ст. 43,44 УПК РК, относится к числу правовых средств, направленных на решение задач уголовного процесса, обеспечение всесторонности, полноты и объективности исследования обстоятельств дела, создает предпосылки для осуществления быстрого и полного производства по делу как на этапе предварительного расследования, так и в суде, что обеспечивает эффективность уголовного судопроизводства, реализацию стоящих перед ним задач. Наиболее полно вопросы, связанные с задачами уголовного судопроизводства, рассмотрены в работах Г.П. Батурова, Т.Г. Морщаковой, И.Л. Петрухина, П.С. Элькинд [2, с.258].

Считаем, что институт соединения и выделения уголовных дел нельзя рассматривать как одно из технических средств, с помощью которого правоприменительный орган в состоянии изменить, т.е. уменьшить или увеличить, предмет исследования по находящемуся в его производстве делу. Напротив, указанный институт требует при своем применении глубокого и вдумчивого подхода, так как комплекс регулируемых им правоотношений находится в непосредственной связи с основными, принципиальными положениями всего уголовного процесса и стоящими перед ним задачами.

Первостепенной задачей уголовного процесса является охрана прав и законных интересов участвующих в деле лиц. Соединение и выделение уголовных дел позволяет оптимально, с учетом всей совокупности обстоятельств конкретного уголовного дела определить объем инкриминируемого лицу обвинения. При наличии соответствующих оснований путем соединения дел в отношении одного и того же лица обеспечивается его участие в одном процессе вместо нескольких, что позволяет ему в полной мере оценить весь объем предъявленного обвинения, а следовательно, лучше защищать свои права и интересы. Выделение уголовных дел, в свою очередь, играет важную роль при расследовании сложных, многоэпизодных преступлений, дел о соучастниках преступления, а также дел, где интересы отдельного лица требуют самостоятельного расследования и судебного рассмотрения предъявленного ему обвинения. В этих и многих других случаях правовые нормы института соединения и выделения уголовных дел создают необходимые предпосылки для действенной защиты прав и законных интересов как обвиняемого, так и других лиц, заинтересованных в быстром и правильном разрешении уголовного дела.

Институт соединения и выделения уголовных дел имеет прямое отношение к задаче быстрого и полного раскрытия преступлений. При этом быстрота является одним из общих условий предварительного расследования. Так, своевременное принятие решения о соединении и выделении уголовных дел может существенным образом отразиться на сроках его расследования и судебного рассмотрения. Создание больших производств с большим количеством преступных эпизодов и привлечение по ним обвиняемых неизбежно вызывает затягивание сроков расследования и тормозит дальнейший его ход. Выделением в отдельное производство дел в отношении некоторых обвиняемых (например, в случае приостановления производства по делу в отношении скрывшегося или заболевшего соучастника) достигается требование быстрого и эффективного процесса [3, с.189].

Задачи уголовного процесса не могут считаться в полной мере достигнутыми, если не будут установлены все лица, совершившие преступление, и персонафицирована роль и ответственность каждого из его участников. Расследование в разных производствах на первый взгляд не связанных друг с другом преступлений может повлечь за собой невыявление действительной картины преступной деятельности одного или нескольких лиц, разнообразной в своих внешних проявлениях, но и взаимосвязанной в силу ряда причин. В данном случае на первый план выступает умение быстро распознать действительное



положение вещей, установить объективно существующие связи между совершенными преступлениями и кругом лиц, подозреваемых или обвиняемых в их совершении. В таких случаях правильное соединение уголовных дел в отношении этих преступлений поможет следственным органам воссоздать во всей полноте картину расследуемых ими преступлений, выявить роль каждого из привлеченных к уголовной ответственности лиц. В этом, в частности, выражается связь рассматриваемого института с задачами полного раскрытия преступлений.

Перечень вопросов, возникающих при анализе института соединения и выделения уголовных дел с позиций задач уголовного процесса, формулируемых ст. 8 УПК РК, широк и многообразен. В данной правовой норме определены лишь наиболее общие задачи, стоящие перед правоприменителем при расследовании и судебном рассмотрении уголовных дел. Круг же более частных задач, связанных с производством по конкретным уголовным делам, гораздо шире и определяется обстоятельствами расследуемых преступлений. Но возникающие в ходе уголовного процесса задачи, представленные ст. 8 и рядом других норм УПК РК в той или иной степени являются задачами каждой из его стадий и институтов. В этой связи институт соединения и выделения уголовных дел является правовым средством, позволяющим успешно решать многие вопросы, возникающие при осуществлении уголовно-процессуальной деятельности. Однако на протяжении нескольких десятилетий все чаще возникает вопрос: «К какой стадии расследования можно отнести институт соединения и выделения уголовных дел?».

Свое широкое применение данный институт получает в стадии предварительного расследования, в которой необходимость соединения дел, равно как и выделения, возникает чаще, чем в остальных процессуальных стадиях.

Нормы данного института, как института общего назначения, сфера действия которого распространяется на несколько процессуальных стадий, расположены в разных главах и разделах Уголовно-процессуального кодекса. Статьи 43, 44 УПК РК являются базовой, отправной нормой для рассматриваемого института и находятся в пятой главе «Ведение производства по уголовному делу» первого раздела «Основные положения». Они содержат принципиальные предписания относительно возможности соединения и выделения уголовных дел, но с учётом их особой значимости для органов предварительного расследования, а также суда, что является одним из общих условий предварительного следствия и дознания. Данное мнение разделяют С.А. Шейфер, В.В. Шимановский, Н.Е. Павлов [4, с. 130].

И.Е. Быховский указывает, «как только в материалах дела появляются данные о виновности двух или более лиц, либо данные о совершении нескольких преступлений и возникает вопрос об определении объема следственного производства, лицо, производящее расследование, обязано разрешить на его основании положений, содержащихся в ст. 26 УПК» [5, с. 21].

Решение о соединении и выделении уголовных дел по своему характеру относится к числу решений, которыми определяются основания возникновения и направления расследования уголовного дела [6, с. 26].

Выделение уголовных дел и материалов в суде, как и соединение, происходит очень редко. Так, в ходе исследования 270 соединённых уголовных дел в ОВД РК и в архивах суда за период с 2001 по 2006 гг. было выявлено 70 материалов, выделенных из уголовных дел органом предварительного расследования, и 1 материал – судом (1,4 % от общего числа материалов, выделенных из уголовного дела, и 7 выделенных уголовных дел, 6 из которых были выделены органом предварительного расследования и 1 – судом (14,2 % от общего числа выделенных уголовных дел).

Необходимо отметить, что выделение уголовных дел – далеко непростое процессуальное решение, а целый ряд процессуальных и организационных действий. При выделении уголовного дела или материала необходимо:

- снять копии с процессуальных документов;
- установить, какие материалы будут оставлены в уголовном деле - копии или оригиналы;
- составить правильно постановление, чтобы было ясно, с какой целью, по какой причине выделяется уголовное дело или материал.

При выделении уголовного дела в отношении одного из соучастников в отдельное производство в некоторых случаях может меняться квалификация предъявленного обвинения. В связи с этим, обвинение перепредъявляется, дополнительно проводится допрос обвиняемого, а также производятся другие следственные действия по необходимости.

Как уже отмечалось выше, действуя во всех стадиях уголовного процесса, принцип всестороннего, полного и объективного исследования уголовного дела обеспечивает законность и обоснованность всех естественных и судебных актов, служит установлению истины по уголовному делу на всех стадиях процесса. Его требования лежат в основе и правил о соединении и выделении уголовных дел. Согласно ч. 4 ст. 44 УПК РК, выделение уголовных дел допускается, если это не отразится на всесторонности, полноте исследования разрешения дела. Уголовно-процессуальное законодательство, говоря о соединении и выделении уголовных дел, не определяет цели этих процессуальных действий.

Принимая решение о соединении или выделении уголовных дел, следователь изучает окружение обвиняемого (подозреваемого), соучастников, совершённые преступления (эпизоды преступной деятельности), их взаимосвязь, что способствует установлению истины при расследовании уголовного дела и в дальнейшем правильному разрешению его в суде. Но какие моменты являются наиболее релевантными для определения оптимального объема расследования?

Оптимальный объем зависит от числа лиц, совершивших преступление, установления соучастников, определения роли каждого из них в совершении преступления, а также взаимоотношений между ними. Установление всех обстоятельств дела позволяет следователю выяснить причины, побудившие к совершению преступления, раскрыть ранее совершенные преступления. Поверхностное выяснение всех обстоятельств приводит к неглубокому пониманию личности обвиняемого и расследуемого преступления. Поэтому необходимо исследовать все эпизоды дела, а также выяснить связи между отдельными эпизодами (например, кража оружия для совершения другого преступления).

При соединении уголовных дел в одно производство расширяется круг исследуемых преступлений, лиц, в отношении которых ведется уголовное преследование, сведений, подлежащих доказыванию. В случае выделения уголовного производства по каким-либо основаниям сокращается количество изучаемых преступлений или лиц, в отношении которых ведется уголовное преследование, а также уменьшаются предмет и пределы доказывания по каждому разделенному делу.

По мнению Д.В. Дробинина, оптимальный объем должен относиться только к органу предварительного расследования, что положительно отразится на расследовании уголовных дел, когда будет принято одно из оснований соединения и выделения уголовных дел органом предварительного расследования. Аргументируя свою позицию данным вопросом, он дает следующее определение: «оптимальный объем расследования - это определяемая необходимость создания условий для нормального хода следственного и судебного производства, и учитывающая наличие или отсутствие связи между обвиняемыми, их соучастниками и пособниками, а также эпизоды преступной деятельности, взаимосвязанная система познавательных задач и проводимых для их решения уполномоченными на то лицами познавательных операций, направленных на всестороннее, полное и объективное исследование существенных в данных условиях обстоятельств дела и установление истины» [7, с.15]

По оптимальной форме расследования Беликин Р.С. подчеркнул следующее, что «...важным моментом является обязанность собирания в полном объеме доказательств для обоснования множественности совершенных обвиняемым преступлений, вменяемых ему в вину, поскольку сбор доказательств является необходимым элементом процесса доказывания. При этом решение о соединении уголовных дел должно облегчить возможность сбора нужных доказательств, а их выделение не должно стать препятствием успешному доказыванию. Ошибки, допущенные при совершении указанных действий, могут вызвать трудности в расследовании уголовного дела [8, с.28-30].

Резюмируя исследования проблем соединения и выделения уголовных дел в системе досудебного производства необходимо отметить следующее:

1 Анализ различных источников позволяет дать следующее определение понятиям «соединение» и «выделение» уголовных дел:

- соединение уголовных дел – это принимаемое органом, ведущим уголовный процесс, процессуальное решение, заключающееся в соединении в одном производстве двух или более уголовных дел, при наличии к тому оснований и условий, с целью обеспечения всестороннего, полного и объективного расследования и рассмотрения его в суде;

- выделение уголовных дел - это принимаемое органом, ведущим уголовный процесс, процессуальное решение, заключающееся в вычленении из одного уголовного дела другого при наличии к тому оснований и условий.

2 Орган досудебного производства при принятии решений о соединении и выделении уголовных дел в отдельное производство должен руководствоваться всесторонностью, полнотой и объективностью, определяющими оптимальный объем, под которым следует понимать такой объем собранного в ходе досудебного расследования доказательственного материала, который позволит всесторонне, полно и объективно исследовать все обстоятельства дела для установления истины и нормального рассмотрения уголовного дела в суде.

#### **Список использованной литературы:**

1. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан № 231-V ЗРК подписан 4 июля 2014 года, опубликован 10 июля 2014 года в газете «Казахстанская правда» вступил в законную силу с 01.01.2015. за исключением отдельных положений.
2. Петрухин И.Л., Батуров Г.П., Моршакова Т.Г. Теоретические основы эффективности правосудия. – М., 1979. С.186
3. Советский уголовный процесс / Под ред. Д.С. Карева. – М., 1979. –С.189.

4. Шейфер С.А. Предварительное следствие: общие условия и основные этапы производства. – Куйбышев, 1986. – 130 с.
5. Быховский И.Е. Соединение и выделение уголовных дел в советском уголовном процессе. – М., 1961. – С.21.
6. Ларин А.М. Расследование по уголовному делу: процессуальные функции. – М., 1986. – С.26.
7. Дробнин Д.В., Черкасов Д.А. Соединение и выделение уголовных дел и материалов в российском уголовном процессе: Дис... канд.юрид.наук – Тюмень, 2005.
8. Белкин Р.С. Собрание, исследование и оценка доказательств. – М., 1966. –С.28.

**ОӘЖ 343.133**

**Асылжанова Асель Төлеуханқызы**

*1 курс магистранты Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.*

### **СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

*Бұл мақалада сотқа дейінгі тергеп-тексеру институтының тиімділігі көрсетіледі. Автор сотқа дейінгі тергеп-тексеруге салыстырмалы талдау жасап оның жетілдіру бағыттарын берді.*

**Түйін сөздер:** *сотқа дейінгі тергеп-тексеру, процесстік заңнама, тергеу судьясы, процесстік прокурор.*

*В настоящей статье показана эффективность института досудебного расследования. Автор сделала сравнительный анализ и указала на основные направления совершенствования досудебного расследования.*

**Ключевые слова:** *досудебное расследование, процессуальное законодательство, следственный судья, процессуальный прокурор.*

*This article shows the effectiveness of the pre-trial investigation institute. The author made a comparative analysis and pointed out the main directions for improving the pre-trial investigation.*

**Keywords:** *pre-trial investigation, procedural legislation, investigative judge, procedural prosecutor.*

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру институты өте күрделі және жетілдіруді талап етеді. Сондықтан, оның тиімділігін көрсету көзделеді.

Қылмыстық істі қозғау сатысы мен тергеуге дейінгі тексеруден бас тарту нәтижесінде:

- адвокат өз клиентін арыз Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген сәттен бастап қорғай алады;

- жәбірленушінің құқықтары анағұрлым жылдам қалпына келтіріледі;

- азаматтарды алдымен айғақтар беру үшін, содан кейін қылмыстық іс қозғалғаннан кейін бірнеше рет шақыру әрекеттері артта қалды, бұл мембюджеттің артық шығын шығаруына әкеп соқты және азаматтардың наразылықтарын тудырған еді [1,б.1].

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары Иоган Меркельдің 2016 жылдың 4 наурызындағы «Процестік заңнаманы жаңғырту – сот төрелігі мен құқық қорғау қызметі тиімділігінің кепілі» атты халықаралық конференцияда сөйлеген сөзінде СДТБТ жүргізуді автоматтандыру: біріншіден, процесстің басталуын тіркеуді жеңілдетті; екіншіден, жазбаша арыздардың бірыңғай форматын енгізуге мүмкіндік берді. Бұл формуляр мән-жайларды егжей-тегжейлі баяндауды талап етеді және көптеген адамдардың «кірмей жатып» «жалған» арыз жазу ықыласын жояды, себебі бұл үшін болатын жауаптылық егжей-тегжейлі түсіндіріледі, қазір бұл 10 жылға дейін бас бостандығынан айыруға дейін апарды; үшіншіден, тергеп-тексеруді «он-лайн» режимінде қадағалауға мүмкіндік береді; төртіншіден, полициялерге азаматтар жүгінген кезінде болатын полиция тәртібі енгізілді. Бұл азаматтардың сеніміне оң әсер етеді деген ойдамын [2,б.1].

Криминалдық сипаттан тыс барлық хабарларды сүзгіден өткізу жүйесі айқын реттелген. Нәтижесінде, қылмыстық-процестік жолмен тексерілген материалдар саны екі есеге дерлік немесе 550 мыңға азайды (2014 жылғы 1 млн. 262 мыңмен салыстырғанда 2015 жылы 713 мың).

Әңгіме 2014 жылы қылмыс оқиғасы мен құрамының болмауына байланысты 720 мың бас тарту материалдарының ресімделгені және 32 мың қылмыстық істің тоқтатылғаны жайлы болып отыр.

Ал 2015 жылы осы негіздер бойынша бар болғаны 229 мың қылмыстық іс тоқтатылған болатын.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді басталу тәртібінің өзгеруінен 2015 жылы тоқтатылған қылмыстық істер бұрын бас тарту материалдары болар еді, егер осыны ескерсек, полициядағы іс жүргізушамамен 550 мыңға азайды.

Бұндай прогресс басқа қылмыстарды ашуға көбірек уақыт берді деп ойлаймын.

Сонымен қатар, тергеп-тексерудің жеңілдетілген нысандары мен жүктемені төмендетті.

Соттарға жеделдетілген тәртіпте және хаттамалық нысанда құқық бұзушылықтардың үштен бірі жіберілді (64 мыңның 20 мыңға жуығы).

Кінәні мойындау туралы мәмілемен соттарға сонымен қатар 4 мың қылмыс туралы істер жіберілді. Соттарда олар 1-2 күнде қаралады және жоғары тұрған сот сатыларына шағым беру жағдайлары сирек.

Бітімге келу негіздерін кеңейту есебінен тараптар сотқа дейін бітімге келген істердің саны 11 мыңға а немесе үштен бір есеге артты (34 мыңнан 45 мыңға дейін).

Бұл ретте, сондай қылмыстар бойынша сотқа 2014 жылмен салыстырғанда 9 мың іске аз көлемде жіберілді.

Сотқа жіберілген істердің жалпы өсімі (7,2%-ға) теріс қылықтарды енгізу арқылы болды. Күзетпен ұсталатын адамдардың саны 2 мыңнан артық адамға (12 мыңнан 10 мыңға дейін) азайды. Жалпы бұлтартпау шарасын қолдану практикасы 2015 жылы түбегейлі қайта қаралды. Кепіл 337 пайызға артық мөлшерде қолданылды және абсолютті сандарда оның қолданысы 3 мың жеті жүзден 16 мың екі жүзге дейін артты. Ал бұндай рәсім кезінде кепілді бұзушылық тек 7 жағдайда ғана орын алды, олар бойынша 5 адам ұсталды және тек 2-і ғана іздеуде жүр [3,б.1].

Кепіл заттары прокурордың ұсынымымен 198 млн. теңгеден артық сомаға мемлекет кірісіне айналдырылды.

Жеке кепілгерлік саны 3 мыңға немесе 436,4%-ға (55-тен 1945-ке дейін) өсті.

Соттар 8 мыңнан астам адаға қатысты күзетпен ұстауды санкциялау кезінде кепіл сомаларын белгіледі. Бұны 300-ден астам қамаудағы адам пайдаланды, бұл ретте олардың бір де бірі тергеу мен соттан жасырынған жоқ.

Тергеу судьялары 548 адамның айғақтарын сақтап қойды, бейнебайланыс құралдары арқылы 21 кашықтықтан жауап алу жүргізілді.

2015 жылы тергеу судьясына тұрғын жайды тексеруді, тінтуді, алып қоюды, жеке тінтуді санкциялау бойынша қосымша өкілеттіліктер берілді.

Жаңа ҚПК-де қорғаушының өкілеттіліктерінің айтарлықтай кеңейтілгендігін, оның ішінде қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында кеңейтілгендігін атап өтуге болмайды.

Адвокат енді тергеу судьясының алдында бұрын ол жауап алған куәні мәжбүрлеп әкелу туралы, айғақтарды сақтап қою, сараптама тағайындау туралы, қорғалушының мүдделерін қорғау үшін қажетті мәліметтер, құжаттар, заттар талап ету туралы өтінішхат беруге құқылы.

Енді заттар, құжаттар, мәліметтер, сондай-ақ қорғаушы ұсынған өзге де деректер міндетті түрде іс материалдарына қоса тіркеуге жатады.

Адвокаттардың сараптама тағайындау туралы және құжаттарды іс материалдарына қоса тіркеу туралы 37 өтінішхаты қаралды және оның 6-ы қанағаттандырылды.

Ол адамдардан жауап алуға, оның ішінде ғылыми-техникалық құралдарды пайдаланып жауап алуға құқылы.

Сондай-ақ шарттық негізде сарапшының, маманның қорытындыларын өз бетінше алуға және осындай қорытындыларды іске қоса тіркеу туралы өтінішхат беруге құқылы.

Осы өкілеттіліктердің барлығы құзыреттілікпен пайдаланылған жағдайда, бұл сотқа дейінгі сатыда іс жүзіндегі жарыс жағдайын жасайды.

Жалпы түрме тұрғындарының индексын төмендету бойынша оң ілгерілеуге қол жеткізілді.

Сотталғандардың 76%-дан астамы (2014 жылғы 63%-бен салыстырғанда) бас бостандығынан айырудан тыс жазалар алды.

Айыппұлдар саны 7 есеге (835-пен салыстырғанда 6 мыңнан астам), ал қоғамдық жұмыстар саны 4 есеге (660-пен салыстырғанда 3 мың 400-ге жуық) артты.

Парақорлық туралы істер бойынша «еселік айыппұлдар» тағайындалатын болды. Олардың жалпы сомасы 3 жарым млрд. теңгеге жуық соманы құрды.

Процестік прокурор институтын енгізу өз нәтижесін көрсетуде. Арыздар мен хабарларды СДТБТ-де тіркеу сәтінен бастап тергеп-тексеруге прокурорлардың процестік басшылық етуі 1 мың 267 іс бойынша жүзеге асырылды. Оларды тергеп-тексерудің (61%) және кейін сотқа жіберудің (49%) тиімділігі қалған қылмыстық істер бойынша осыған ұқсас көрсеткіштерден анағұрлым артық болды.

Жұмыстың алғашқы күндерінен бастап пайда болған проблемалы мәселелер ведомствоаралық топтарда қаралды, оларға қылмыстық қудалау органдары басшылығының өкілдері және Жоғарғы Соттың қылмыстық істер бойынша алқалары кірді.

Оларға новеллаларды одан әрі жетілдіру туралы ұсыныстар, сондай-ақ кемшіліктер мен ішкі қайшылықтарды жою бойынша ұсыныстар енгізілді.

Аталған кестелер Құқықтық саясат жөніндегі кеңес пен Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырыстарында талқыланды.

Қылмыстық теріс қылық жасаған адам анықталмауы себебінен жауаптылыққа тарту мерзімі өтіп кеткеннен кейін қылмыстық теріс қылық туралы істі тоқтату мүмкіндігін көздеу ұсынылады.

Бұл бір жыл өткеннен кейін жасалған теріс қылық қоғамдық қауіптілігін жоятындығына және адамды жазалау, жазалау мақсаттары тұрғысынан жөнсіз шараға айналатындығына байланысты.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзу іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруды бағамдамайтындығын, және осы уақытта іздестіру шаралары мен жасырын тергеу амалдарын жүргізу мүмкін болатындығын түсіндіру ұсынылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзу және іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру үшін негіз ретінде сарапатта тағайындауды көздеу ұсынылады, себебі практикады оны жүргізу айтарлықтай уақыт аралығын алуы мүмкін.

Жүргізілетін тінту, алып қою, жеке тінту туралы деректерді жария етпеу және оларды жүргізудің мәнін жоғалту бойынша одан әрі болатын «перспективаны» жою мақсатында, ҚПК 56-бабында тергеу судьясы санкциялаған қаулы тек қадағалаушы прокурор мен санкцияланатын тергеу амалын жүргізуге бастамашылық еткен адамға ғана жіберілетіндігі туралы түзету енгізуді көздеу ұсынылады.

Кепіл қолданудың қосымша мақсаты ретінде сондай-ақ күдіктінің жаңа қасақана қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауын ескертуді де бекіту ұсынылады.

Сот ісін жеңілдету мақсатында қылмыстық қудалау органының прокурорда үзілген мерзімді немесе тоқтатылған қылмыстық істі қайта бастаған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзарту міндетін алып тастау ұсынылады.

ПМ мен ҰҚК жасырын тергеу амалдары қатарынан жасырын бақыланатын жеткізілім, жасырын қылмыстық әрекет енгізу және (немесе) имитациялау) секілді түрлерін алып тастауды және оларды ЖІҚ туралы Заң шеңберінде сақтауды ұсынады, себебі оларды жүргізу қылмысты анықтау және дәлелдемелер табу құралы болып табылады (қызметтік іздеуші ит қолдану, жергілікті жерлерді тексеріп шығу және т.с.с секілді жалпы жедел іс-шараларына ұқсас).

Тексерістер, ревизиялар белгілеу рәсімін жеңілдету мақсатында, ҚПК 260-бабының 2-бөлігінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның оларды прокурормен алдын ала келісу міндетін алып тастау ұсынылады.

Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін 10 тәулікке дейін ұзарту, ал теріс қылықтар бойынша дәлелдемелер жинауды жеделдетілген іс жүргізу мерзімдеріне ұқсас мерзімде жүзеге асыру ұсынылады.

Сондай-ақ нормалардың түпнұсқалылығына, рәсімдік мәселелерді жеңілдетуге және редакциялық түзетуге байланысты өзге де түзетулер бар.

С.М. Кузнецова пікірінше, куәлар дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда оларды мәжбүрлеп әкелуді тек тергеу судьясының санкциясымен ғана жүзеге асыру, сондай-ақ дәлелді себептер тізбесін неғұрлым егжей-тегжейлі баяндау туралы ұсыныстар бар [4,б.29].

Жаңа ҚПК-ні әзірлеу барысында біздің ұстап алудың қысым жасау және «керек айғақтар» алу құралына айналмауына шаралар қабылдағанымызды атап өткен жөн.

Бұл туралы бізге ресейлік әріптестеріміз ескертті, олар репрессия жылдары орын алған трагедиялық асыра сілтеушіліктердің қайталануынан қауіптеніп, қылмыстық істі қозғау сатысынан бас тартуға асқан сақтықпен қарайды.

Сондықтан біз ескі ҚПК-де болған, адамның әрекетке қатыстылығын анықтау түріндегі ұстап алу мақсатын жойдық.

Ол неғұрлым негізді болуы үшін, адам қылмыс жасау кезінде немесе оны жасағаннан кейін тікелей үстінен түсу жағдайларын қоспағанда, ұстап алу тек шұғыл әрекеттер жасалғаннан кейін ғана жүргізілуі мүмкін екендігін ескерттік.

Өздеріңіз білесіздер, Еуропаның көптеген елдерінде ұстап алуды, мысалы тергеу судьясы санкциялайды. Бәлкім бізге де осы жолмен жүру қажет шығар.

Қылмыстық процестегі қауіпсіздік шараларын қолдану үшін сот бақылауын кеңейту келешекте болатын іс деп ойлаймыз, себебі олар да азаматтардың конституциялық құқықтарына қатысты болуы мүмкін.

Сонымен қатар, жақында Германияның тәжірибесін талдадық, онда медицина қызметкерлері тек қандай да бір криминалдық белгілерін анықтаған жағдайда ғана мәйіт пен оқиға орнын тексеру үшін полиция мен прокурорды шақырады.

Жалпы қылмыстық-процестік заңнаманың жаңа моделіне көшу іске асырылды.

Сот ісі жеңілдетілді және азаматтардың қорғалу деңгейі айтарлықтай артты. Дей тұрғанмен оны одан әрі жетілдіру мүмкіндіктері түгесілген жоқ. Атап айтқанда, Германияда сотқа дейінгі сатыда процестің басшысы прокурор болып табылады. ГФР полициясының қызметі құқық бұзушылықтардың іс жүзіндегі мән-жайларын анықтауда және бекітуде. Сот бақылауы айыпталушының құқықтарын шектейтін барлық шешімдерге қолданылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Даулбаев А. Заңдылықты сақтау – басты талап //egemen.kz/2016/01/16/17550

2. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары Иоган Меркельдің «Процестік заңнаманы жаңғырту – сот төрелігі мен құқық қорғау қызметі тиімділігінің кепілі» атты халықаралық конференцияда сөйлеген сөзі (2016 жылдың 4 наурызы) //http://m.prokuror.kz/rus/comment/reply/48992

3. Патсаев У. Реформирование уголовного судопроизводства в Республике Казахстан, перспективы организации функции расследования в органах прокуратуры //http://m.prokuror.kz/rus/novosti/stati/reformirovanie-ugolovnogogo-sudoproizvodstva-v-respublike-kazahstan-perspektivy

4. Кузнецова С.М. Реформа предварительного расследования: перспективы развития //Вестник Казанского юридического института МВД России. №2. 2015. С.29-34.

**ОӘЖ 343.11**

**Атанбаев Ернат**

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің, құқықтану мамандығының 1 курс магистранты

**Жампеисов Даурен Абильтәевич**

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің аға оқытушы

## **«ОҢАЛТУ ЖӘНЕ БАНКРОТТЫҚ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА ЗАҢЫНЫҢ КЕЙБІР ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ»**

*Бұл мақалада оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының жаңа заңының кейбір құқықтық аспектілері қарастырылады.*

*Түйін сөздер:* банкрот, оңалту, оңалту рәсімі, бітімгершілік келісім, дәрменсіз.

*В этой статье рассматриваются некоторые правовые аспекты закона РК о реабилитации и банкротстве.*

*Ключевые слова:* банкрот, реабилитация, реабилитационные процедуры, мировое соглашение, несостоятельность.

*This article examines some legal aspects of the law of the Republic of Kazakhstan on rehabilitation and bankruptcy.*

*Keywords:* bankruptcy, rehabilitation, rehabilitation procedures, settlement, insolvency.

Нарықтық экономикалық жүйесі дамыған кез-келген өркениетті елде нарықтық қатынастарды құқықтық реттеу тетігінің негізгі элементтерінің бірі ретінде оңалту және банкроттық туралы заңнама болып табылады.

Қазіргі уақытта банкроттық рәсімін реттейтін негізгі нормативті құжат ретінде 2014 ж. 7 наурыздағы “Оңалту және банкроттық туралы” ҚР Заңы болып табылады. Жаңа заңды қабылдау қажеттілігі 1997 ж. “Банкроттық туралы” заңның жетілмегендігінен туындады.

Осы тақырыптың өзектілігі мен тәжірибелік маңызы бірақатар себептермен негізделген.

Біріншіден, қазіргі уақытта, қазақстандық экономикаға экономикалық өсу тән болғанымен, кәсіпкерлердің ешқайсысы банкроттықтан сақтандырылмаған және осы құбылыс нарықтық экономикада жиі кездеседі, өйткені бәсекелестіктікке ірі кәсіпкерлік құрылымдар төтеп береді, ал шағын және орта бизнес өкілдері дәрменсіздік пен төлем қабілетсіздігіне бейім болады.

Екіншіден, банкроттық проблемасымен кәсіпорын заңгерлеріне күн сайын жиі кездесуге тура келеді, ал осы сұраққа жарық түсіретін әдебиет аздау.

Қазақстанның банкроттық істерді тиімді басқару мен қарастыру бойынша тәжірибесі әлі де көп емес. Сондықтан әрекеттегі заңды әзірлеу кезінде заң шығарушыға қазақстандық тәжірибені ғана емес, бар олқылықтарды шаруашылық айналымды құқықтық реттеуде банкроттық институты ең маңызды орындарға ие болатын бірқатар шет елдері есебінен толықтырды.

Осы жұмысымда 2014 ж. 7 наурыздағы “Оңалту және банкроттық туралы” заңы қазіргі заңнама жоғары деңгейде, ол қалыпты экономикалық айналым жасауға әсер етеді деген тұжырым жасауға болады.

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңы кредиторлар талаптарын борышкер толық көлемде қанағаттандыруға дәрменсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, жеделдетілген оңалту рәсімін, оңалту рәсімін қолдану және борышкерді банкрот деп тану негіздерін белгілейді, сондай-ақ оңалту және банкроттық рәсімдерін жүргізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды [1].

Аталған Заң 2020 жылғы дейінгі Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарымен белгіленген мақсаттарының бірі болып табылатын оңалту және банкроттық тиімді және ашық жүйесінің құрылуына бағытталған (01.02.2010 жылғы №922 Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығымен бек-н) [2].

Банкроттық жүйесінің тиімділігін арттыру маңызды экономикалық нәтижелерге – экономикалық өсу мен инвестицияларды ынталандыруға, жұмыс орындарының сақталуына, қаржылық тұрақтылықтың сақталуына жәрдемдесуге алып келеді.

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарынан туындайтын бес институционалды реформаларын жүзеге асыруға және оңалту мен банкроттық рәсімдерін жетілдіруге бағытталғанын, осыған сәйкес, 2015 жылы 13 қарашада «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оңалту және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына Елбасы қол қойған [3].

Заңның күмәнсіз артықшылығы ретінде оңалту банкроттық рәсімдерінің: оңалту рәсімі, банкроттық рәсімі, жеделдетілген оңалту рәсімін егжей-тегжей реттеу болып табылады.

Заңға енген өзгерістер мен толықтырулар бизнесті, жұмыс орындарын, салық төленетін базаны мүмкіндігінше сақтап қалуға, оңалту және банкроттық рәсімдерін өткізу мерзімдерін қысқартуға мүмкіндік береді. Мысалы, бизнесті сақтап қалуға бағытталған өзгерістердің бірі - банкрот деп тануға дейін және оңалту рәсімін қолданғанға дейін төлем қабілетсіздігін реттеу рәсімінің енгізілуі.

Бұл «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңына жаңа «Төлем қабілетсіздігін реттеу рәсімі»-атты 2-1-тарауымен толықтырылып, борышкер мен кредитор арасында төлем қабілетсіздікті реттеу туралы келісім жасасу негізінде төлем қабілетсіздікті реттеу механизмін қолдану шарттары мен тәртібі қарастырылған.

Төлем қабілетсіздігі белгілері орын алған жағдайда борышкер өзін банкрот деп жарияламай, төлем қабілетсіздігін реттеу рәсімін қолдану туралы сотқа жүгінуге құқылы.

Келісім 3 жылға дейінгі мерзімге жасалынады. Егер, берешекті өтеу тәртібі бойынша кредиторлармен келісімге келмеген немесе сот тарапынан келісімді бекітуден бас тартылған жағдайда, борышкер бір жыл ішінде рәсімді қайта қолдана алмайды, ал кредиторлар үшін борышкерді банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуге құқық туындайды.

Рәсім, басқарушының қатысуысыз жүргізіледі. Сонымен қатар, соттың банкрот деп тану туралы шешімінің орындалуын қысқартып, банкроттық рәсімінен оңалту рәсіміне немесе қалыпты жұмысына оралу мүмкіндігі қарастырылған. Осыған сәйкес, «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының «Банкроттық рәсімі» - атты 6-тарау, банкроттық рәсімінен оңалту рәсіміне көшу тәртібін қарастыратын жаңа 95-1-бабымен толықтырылды. Осыған орай «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының банкроттықты басқарушының құзіретін белгілейтін 89-бабы борышкермен ұсынылып кредиторлар жиналысымен мақұлданатын оңалту жоспарының тиімділігі (тиімсіздігі) туралы қорытынды жасау міндетімен толықтырылған.

Тағы бір өзгеріс – банкроттық рәсімінің кез-келген сатысында бітімгершілік келісімін бекіту және кәсіпорында жаңа меншік иесіне сату мүмкіндігі қарастырылған.

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жаңа «Бітімгершілік келісім» - атты жаңа 6-1-тараумен толықтырылды.

Банкроттық рәсімінің аясында бекітілетін бітімгершілік келісімнің (Заңның 112-5 б.) борышкерлер мен кредиторлар арасында бекітілетін төлеу мерзімін кейінге қалдыру, бөліп төлеу, жаңалау, қарызды кешіру, қарыздан жеңілдік жасау тәрізді азаматтық-құқықтық келісім-шарттардан бірқатар ерекшеліктері бар.

Банкроттық рәсімін жүргізудің кез келген сатысында борышкер мен кредитор бітімгершілік келісімін жасауға құқылы. Бітімгершілік келісімге қол қоюға банкроттықты басқарушы да қатысады.

Бітімгершілік келісімді бекіткенге дейін бірінші кезектегі кредиторлар талаптары толық көлемде өтелуі міндетті шарт болып табылады. Оны сот бекіткен сәттен бастап банкроттық рәсімі тоқтатылады. Егер бітімгершілік келісім жасасу кезінде кредиторлардың бірі болып мемлекеттік орган қатысқан жағдайда (мысалы мемлекеттік кірістер органы), онда бітімгершілік келісім мұндай мемлекеттік органның алдында бітімгершілік келісім бекітілген күннен бастап бір жылдан аспайтын мерзімге берешектерді өтеуді кейінге қалдыру шартында жасалуы мүмкін.

Салықтық және кедендік төлемдер мен салықтар бойынша берешектер осы баптың бірінші бөлігіндегі талаптар сақталған шартымен банкроттың және (немесе) үшінші тұлғаның мүлкін кепілге қою, және (немесе) банк кепілдігімен өтеледі.

Кепілге қойылатын мүлік өтімді, жоғалудан немесе бүлінуден сақтандырылған болуы тиіс және оның нарықтық құны салықтық берешек сомасынан, сондай-ақ бюджетке төленуге жататын кедендік төлемдер мен салықтардан кем болмауы тиіс.

Кредиторлар тарапынан бітімгершілік келісімді жасасу туралы шешім кредиторлар жиналысында қабылданады. Бітімгершілік келісімді сот бекітеді. Осында сот бітімгершілік келісімді тек бірінші кезектегі кредиторлардың талаптары бойынша қарыздар өтелгеннен кейін ғана бекіте алатынын атап өту қажет.

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленген банкроттың мүлкін сату тәсілдері кәсіпорынды сатумен толықтырылған. Банкроттың кәсіпорыны ретінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын ғимараттар, құрылысжайлар, жабдықтар, құрал-саймандар,

На втором этапе обеспечивается реализация принятой программы в области профилактики уголовных правонарушений. Работа конкретизируется по направлениям и видам. На этом этапе ярко высвечивается сущность организаторской деятельности по информационному обеспечению, планированию, аналитической работе, контролю, проверке исполнения и т.д.

Третий этап характеризуется преимущественно решением текущих (оперативных) задач, внесением необходимых коррективов и уточнений в программу и план работы, оказанию помощи в ходе непосредственного осуществления общей и индивидуальной профилактики.

Необходимо закрепить фактически складывающуюся практику, при которой всю профилактическую работу на местах организуют органы местного самоуправления как непосредственно, так и через отделы и управления внутренних дел. Именно органы местного самоуправления должны быть центрами координации профилактической работы, организаторами разработки комплексных планов профилактики правонарушений по месту жительства граждан.

Следует отметить, что очертить рамки правового регулирования профилактики уголовных правонарушений практически невозможно. Этим и объясняется, что источниками правового регулирования предупреждения преступности служат законы и подзаконные акты, издаваемые

компетентными государственными органами. Но можно выделить два главных направления правового регулирования предупреждения преступности. Первое состоит в воздействии с помощью права на криминогенные факторы с целью их устранения. Второе - в закреплении прав и обязанностей должностных и иных лиц по предупреждению преступности. Не менее важным представляется установление порядка осуществления и содержания профилактических мероприятий (процессуальный аспект деятельности).

Наличие совершенно определенной сферы общественной и государственной деятельности, связанной с предупреждением преступности, нуждающейся в правовом регулировании ее основных начал, приводит к мысли о необходимости выработки единого законодательного акта, регламентирующего профилактику уголовных правонарушений как целостную социальную функцию. В Республике Казахстан принят просто Закон о профилактике правонарушений. Настоящий Закон определяет правовые, экономические, социальные и организационные основы деятельности государственных органов, органов местного самоуправления, организаций и граждан Республики Казахстан по профилактике правонарушений [50]. Хотя закон регулирует общие вопросы профилактики необходимость в принятый Закон о профилактике уголовных правонарушений не отпала.

Основным направлением в борьбе с преступностью, вне всякого сомнения, является ее профилактика. Несомненно и то, что профилактика уголовных правонарушений нуждается в правовом регулировании. Вопрос лишь о том, как решить эту проблему: либо путем принятия единого Закона о профилактике уголовных правонарушений, либо создавая систему законодательных актов, регулирующих различные стороны и направления профилактической деятельности в области борьбы с преступностью.

Сфера профилактики уголовных правонарушений настолько разнообразна, в ней сложно переплетаются экономические, политико-правовые, социально-психологические, воспитательные, медицинские и другие аспекты, что трудно, практически невозможно, очертить ее рамки. Сказанное убедительно было подтверждено конкретными исследованиями.

В классифицированные (систематизированные) перечни норм были включены:

- а) нормы, содержащиеся в действующих кодексах Республики Казахстан;
- б) нормы, содержащиеся в Законах Республики Казахстан;
- в) нормы, содержащиеся в Указах Президента РК и иных нормативных правовых актах Республики Казахстан;
- г) нормы, содержащиеся в постановлениях и распоряжениях Правительства РК;
- д) нормы, содержащиеся в приказах и других актах МВД РК и других правоохранительных органов, непосредственно осуществляющих борьбу с преступностью.

#### **Пайдаланылган әдебиеттер тізімі**

1. Горшенев В.М. Способы и организационные формы правового регулирования в современный период. Автореферат дисс. д.ю.н. М., 1969. С.14.
2. Абдиров Н.М., Мами К.А., Сарсеков Б.С. Уголовно-правовые меры борьбы с преступлениями, связанными с наркотиками. Учебно-практическое пособие. Алматы, 1998. С.214.
3. Васин Ю.Г. Криминологическое и уголовно-правовое прогнозирование законодательной деятельности в сфере борьбы с организованной преступностью (методологические и методические проблемы): Дис.канд. юрид. наук. - М., 1999. С.19.
4. «О Прокуратуре» Закон Республики Казахстан // Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/>
5. «Об органах внутренних дел Республики Казахстан» Закон Республики Казахстан от 23 апреля 2014 года № 199-V ЗРК // Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/>

**УДК 343.9:343.102 (574)**

**Есимханов Ж.Б.**

*магистрант 1 курса кафедры УПД ЮФ, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет*

#### **АРСЕНАЛ КРИМИНАЛИСТИЧЕСКИХ ТАКТИЧЕСКИХ ПРИЕМОВ, ПРИМЕНЯЕМЫХ ПРИ ДОПРОСЕ**

*Мақалада жауап алу тергеу әрекетін жүргізу барысында сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде криминалистік тактикалық тәсілдерді жүзеге асыру ерекшеліктері сипатталады. Жауап алу барысында қолданылатын тактикалық тәсілдер мен комбинациялар қаралады.*

***Түйін сөздер:** сотқа дейінгі тергеп-тексеру, тергеу және жасасырын тергеу әрекеттері, криминалистік тактикалық тәсілдер, криминалистік тактикалық операция.*

*В статье предпринимается попытка охарактеризовать особенности реализации криминалистических тактических приемов, применяемых в ходе досудебного расследования при производстве следственного действия допрос.*

*Рассматриваются криминалистические тактические приемы и их комбинации при производстве допроса.*

**Ключевые слова:** досудебное расследование, следственные и негласные следственные действия, криминалистические тактические приемы, криминалистическая тактическая операция.

*In the article, an attempt is made to characterize the specifics of the implementation of criminalistic tactics used during the pre-trial investigation during the investigation of the interrogation. Criminalistic tactics and their combinations in interrogation production are considered.*

**Keywords:** pre-trial investigation, investigative and secret investigative actions, forensic tactical methods, forensic tactical operation.

Основанием для производства следственного действия допрос участника уголовного процесса, с уголовно-процессуальной стороны является – наличие начатого досудебным расследованием уголовного дела; наличие объективных данных, имеющие признаки преступления и позволяющие следователю принять процессуальное решение в виде вынесенного мотивированного постановления. В том числе могут быть и такие процессуальные основания производства следственного действия допрос любого участника по уголовному делу – отдельное поручение органа предварительного расследования о производстве данного или других следственных и негласных следственных действий и оперативно-розыскных мероприятий, предусмотренного ч. 3 статьей 188 УПК РК. Помимо этого могут иметь место и ходатайство об оказании правовой помощи по уголовному делу со стороны субъекта уголовного преследования другого государства.

Общеизвестно, что допрос с использованием ассоциативных связей осуществляется таким образом. Представления, возникающие в сознании свидетеля или потерпевшего в связи с воспринимавшимся событием, вступают друг с другом в определенные связи, называемые ассоциативными. Поэтому за припоминанием одного факта «всплывают» и связанные с ним — предшествующие, сопутствующие, последующие либо сходные или контрастные обстоятельства. С целью появления таких связей следователь задает допрашиваемому вопросы, относящиеся не к искомому, а к смежным с ним фактам, помогает установить сначала их. Например, они могут хорошо сохраниться в памяти допрашиваемого, а затем, по ассоциации, и искомый.

Допрос на месте проводится таким образом. Это разновидность допроса с использованием ассоциативных связей, когда их «оживлению» служит не задаваемый следователем вопрос, а повторное восприятие той обстановки, в которой происходило расследуемое событие. Допрос на месте не следует смешивать с другим следственным действием — проверкой и уточнением показаний на месте, о котором речь пойдет в дальнейшем. Это обычный допрос, только проводится он на месте события. Например, место допроса при этом не осматривается, показания с обстановкой не сопоставляются.

Сходный с допросом на месте прием — предъявление допрашиваемому для повторного восприятия тех или иных предметов, связанных с интересующими следствие обстоятельствами. Такие предметы могут оказаться своеобразным стимулятором в припоминании забытого: их вид вызовет связанные с ним ассоциации, которые и приведут к припоминанию искомого факта. Этим же целям может послужить графическое изображение допрашиваемым определенной ситуации, например схемы расположения предметов на описываемом им месте или участников события либо изображение какого-либо объекта. Сам процесс изготовления схемы, плана, чертежа, рисунка может рождать нужные ассоциации.

Повторный допрос по ограниченному кругу обстоятельств выглядит так. Воспроизводя показания повторно, допрашиваемый может вспомнить упущенные или забытые им при первом допросе факты. Это объясняется явлением реминисценции, под которым в психологии понимают усиление в памяти новых смысловых связей при отсроченном воспроизведении. Как показали опыты, примерно в 40% случаев повторное воспроизведение было полнее первоначального. Это вовсе не значит, что практика повторных допросов должна стать правилом; но, во-первых, повторный допрос иногда служит целям припоминания забытого и, во-вторых, не следует непременно подозревать допрашиваемого в нечестности, если при повторном допросе он расскажет о фактах, которые ранее упустил.

С криминалистической стороны основанием производства следственного действия допрос участника уголовного процесса являются источники криминалистически значимой информации, которую необходимо преобразовать в доказательство. Источники криминалистически значимой информации формируются на основании сложившейся следственной ситуации по уголовному делу, где главной фигурой является субъект преступления. В зависимости от личностных характеристик субъекта преступления к нему применяется соответствующий алгоритм проведения подготовительных, организационных и других мероприятий, которые в целом образуют сложную криминалистическую комбинацию или операцию.

Ассоциативные связи могут быть использованы и в тех случаях, когда свидетель или потерпевший дает на допросе неверные показания, искренне считая, что говорит правду. Такое заблуждение может быть результатом воздействия упоминавшихся объективных и субъективных факторов, в том числе влияния

других лиц, собственных переживаний, фантазий. Задача следователя заключается в том, чтобы отделить все эти «наслоения» от подлинно воспринятого, попытаться устранить причины искажения истины и восстановить в представлении допрашиваемого картину события в том виде, в каком оно происходило в действительности. Помимо ассоциативных связей могут быть использованы и такие средства, как ознакомление допрашиваемого, например, в необходимых пределах, с показаниями других лиц о тех же обстоятельствах и очная ставка. В том числе можно комбинировать и такие криминалистические тактические приемы, например, психологический реагент, метод когнитивного интервью и т.д.

#### Список использованной литературы

1. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан: Практическое пособие. – Алматы: «Издательство «Норма-К», 2018. – 368 с.

#### ОӘЖ 368.1

#### Жаканбаев Манат Сейтжанұлы

2 курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

#### ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Бұл мақалада әлеуметтік сақтандыруды құқықтық реттеу сұрақтары ашылған. Автор әлеуметтік сақтандырудың негізгі мәселелерін көрсетіп шешу жолдарын берген.*

**Түйін сөздер:** сақтандыру, әлеуметтік сақтандыру, құқықтық реттеу.

*В настоящей статье раскрыты вопросы правового регулирования социального страхования. Автор определил основные проблемы социального страхования и предложил пути решения проблемы.*

**Ключевые слова:** страхования, социальное страхование, правовое регулирование.

*In this article, the issues of the legal regulation of social insurance are disclosed. The author has identified the main problems of social insurance and suggested ways to solve the problem.*

**Keywords:** insurance, social insurance, legal regulation.

Әлемдік практикада сақтандыру нарығы мемлекеттік (ұлттық), аймақтық және халықаралық сақтандыру нарығы түрлеріне бөлінеді. Ұлттық сақтандыру нарығы елдің заңнамасымен реттеледі. Аймақтық сақтандыру нарығы (Мысалы, ЕҚ, араб елдері шеңберінде) не жалпы заңнама негізінде немесе тиісті сақтандырушылардың келісімдері негізінде жұмыс істейді. Халықаралық сақтандыру нарығы әдетте, сақтандырушы елдердің сыртқы экономикалық ынтымақтастығымен байланысты түрлері бойынша қалыптасады. Сақтандырудың мұндай түрлерінің ғаламдық мәселелерін шешу үшін одақтар (қауымдастықтар) құрылады, Мысалы, Халықаралық теңіз сақтандыру одағы (1874), Халықаралық әуе сақтандырушылары одағы (1934).

Сақтандыру нарығы - сақтандыру бойынша қызметтер көрсету саласы, яғни сақтандыру қызметтерін көрсетуге сұраныс пен ұсыныстың қалыптасу аясы. Көрсетілетін тиісті қызметтерді ұсынатын түрлі сақтандыру ұйымдары (сақтандырушылар) арасындағы, сондай-ақ сақтандыруға мұқтаж заңды және жеке тұлғалар арасындағы қатынастарды көрсетеді. Сақтандыру нарығы тәуелсіз сақтандыру ұйымдарының сақтанушыларды тарту, ақшалай қаражатты сақтандыру қорларына жұмылдыру үшін бәсекелесуін көздейді.

Сақтандыру қызметі XVII ғасырда лондондық Эдвард Ллойдтың дәмханасында бастау алған деп саналады. Дәмханадан теңізге шығып оралмаған кемелердің салдарынан зиян шеккен саудагерлер кездесетін. Кемелер және олардың командалары жиі – жиі теңіз қарақшыларының құрбаны болған. Сөйтіп саудагерлер кемелердің жойылуы немесе жоғалуы жағдайында кемелі экспедицияға жіберген саудагердің шығынын қалған саудагерлер арасында өзара үлестіруді шешеді. Бұл үшін олар экспедицияға мүлік құнынан төлемдерді ерекше қорға аударуға келіседі. Осы қордан шығынға түскен саудагерге көмек көрсететін [1, 26.]. Міне, осылай, қазіргі түсініктегі сақтандыру пайда болған, алайда өзара көмек қажеттігі адамдармен ерте заманнан сезілген.

Біз жеке ел болып тәуелсіздігімізді алғаннан кейін, бұрынғы коммунистік жоспарлы экономиканың орнына нарықтық қатынастар келгеннен кейін Қазақстанда сақтандыруды дамытудың қажеттілігі туындады. Кәсіпкерліктің дамуы тиісінше тәуекелдердің өсе түсуіне әкелді, олар іскерліктегі әріптестердің сенімсіз болып шығуы, нарықтағы бағалардың (құндылықтар) кенет өзгеріп кетуіне, шарт бойынша әріптестердің банкротқа ұшырауына байланысты болуы мүмкін шығындар болды. Өз кезегінде бұл сақтандырудың дамуына қосымша түрткі болды. Уақыт ағымында мұндай қажеттілік азаймайды, керісінше азаматтар мүліктік жағдайы жақсаруының және кәсіпкерлік дамуының салдарынан сақтандырудағы қажеттілік одан әрі өсе түседі.

Халықтың әлеуметтік тұрақтылығы, оның әлеуметтік қорғалуы кез келген мемлекеттің экономикасының өркендеуі мен қазіргі заманғы демократиялық қоғам дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда мемлекет, бизнес және азаматтар арасындағы әлеуметтік қамсыздандыруға жауапкершілікті бөлуді қарастыратын халықты әлеуметтік қорғаудың көп деңгейлі жүйесі құрылды. 2005 жылдан бастап Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін халықты әлеуметтік қорғаудың қосымша түрі ретінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізілді.

Мемлекет басшысы биылғы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында әлеуметтік саланы дамытудың 2050 жылға дейін басты бағдарлары нақты индикативті цифрларда көрсетілген. Біз ішкі жалпы өнім көлемін жан басына шаққанда 4,5 есе – 13 мың доллардан 60 мың долларға дейін арттыруымыз керек. Қазақстан халық құрылымында орта тап үлесі басым елге айналады. Урбанизацияның жаһандық үрдісіне орай қалалық тұрғындар үлесі барлық халықтың қазіргі 55 пайызынан 70 пайыздай деңгейге дейін өседі деп нақтылап, әлеуметтік жағдайдың күн тәртібінде тұрғанын көрсетті [2].

Сақтандырудың жекелеген түрлеріне тоқталсақ, «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі № 405-ІІ Қазақстан Республикасының заңына сәйкес зейнетақы төлемдерін алушыларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және оның аумағында табыс әкелетін қызметті жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қоса алғанда, қызметкерлер, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады [3].

Міндетті әлеуметтік сақтандыру – азаматтарды еңбек ету қабілетін жоғалтуына және жұмысынан айырылуына, сондай-ақ асыраушысынан айырылуына байланысты кірістің бір бөлігін өтеу үшін мемлекет ұйымдастыратын, бақылайтын және кепілдік беретін шаралардың жиынтығы, азаматтарды әлеуметтік қорғаудың мемлекет жүзеге асыратын нысандырының бірі. Алайда бұл екі жүйенің арасындағы айырмашылық азаматтардың еңбек қызметін қатысты және еңбекке жарамсыздар үшін қорларды қалыптастыру әдістерімен қаланған.

Бізде халық әлеуметтік сақтандыру жүйесінің пайдасы туралы әлі де толық білмейді. Шетелде – сақтандыру дегеніміз тұтастай мәдениет. Яғни, жоғары жалақы алатын адамдар өздерінің алдағы өмірін лайықты табыспен қамтамасыз еткілері келеді, сондықтан да сақтандыру компанияларына шарт жасасу үшін ерікті түрде жүгінеді. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін шарт бойынша аударған қаржысымен өзін қаншалықты қамтамасыз етсе, сонша зейнетақы алатын болады. Демек, азамат бұған өзіне лайықты өмірді қамтамасыз ету үшін барады. Әрине, сақтандыру мәдениетін дамыту шарттарының бірі – ол азаматтардың табысын арттыру арқылы халықтың өмір сүру деңгейін көтеру. Жалпы алғанда бір адамның болашағын инвестициялау мәдениеті мен өмір сүру деңгейі бойынша тұтастай мемлекеттің даму деңгейін айқындауға болады.

Сақтандыру қызметінің дұрыс жүзеге асырылуы үшін бұл қызметке мүдделі тараптардың арасында өзара сенімді келісім болуы керек. Сондай-ақ, бұл келісім құқықтық жағынан жоғары деңгейде қамтамасыз етілуі тиіс. Осы тұрғында сақтандыру қызметі сақтандыру шарты арқылы жүзеге асырылады.

2013 жылы 4 ақпанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануына байланысты «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңның 23-1 бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру Қорынан жүктілігіне және босануына байланысты төленетін әлеуметтік төлем мөлшері соңғы он екі айдағы орташа табысы ең төмен жалақы көрсеткішінің он еселенген мөлшерімен (186600) анықталмақ [4].

Жұмысшы жалақысының 5 пайыз мөлшерінде Қорға жұмыс беруші тарапынан төленетін әлеуметтік аударымдар ең төмен жалақының он еселенген мөлшерімен есептеледі. Жұмыс беруші тарапынан төленетін ең жоғарғы әлеуметтік аударымдардың мөлшері биылдан бастап 9330 теңгені құрамақ. Сонымен қатар, босанған әйел бала туғаннан кейінгі он екі ай бойы бала бір жасқа толғанша берілетін әлеуметтік төлемді соңғы екі жылдағы орташа айлық табысының 40 пайызын Қордан ала алады.

Сақтандыру қызметінің дұрыс жүзеге асырылуы үшін бұл қызметке мүдделі тараптардың арасында өзара сенімді келісім болуы керек. Сондай-ақ, бұл келісім құқықтық жағынан жоғары деңгейде қамтамасыз етілуі тиіс. Осы тұрғында сақтандыру қызметі сақтандыру шарты арқылы жүзеге асырылады.

2000 жылдың 18 желтоқсанында Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» жаңа заңы қабылданды, қазір ол заңгерлер тарапынан жоғары бағаланады. Онда сақтандыру қызметін ұйымдастыруды қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келтіруді қамтамасыз ететін шаралар қарастырылған. Әйтседе сақтандыру саласында шешімін тауып реттелетін мәселелер де бар.

Ал, азаматтық – құқықтық қатынастарды реттейтін нормалар көбінесе Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 803 – 805 баптарын қамтитын «Сақтандыру» деп аталатын 40 – шы тарауында мазмұндалған. Сақтандыру жүйесі республика экономикасы тұрақты дамуына, халықты әлеуметтік қорғауды көтеру үшін қосымша негізді құруға, азаматтар мен шаруашылық субъектілер мүлкін сақтандыруға әсер етуі қажет [5].



Сақтандыру мәселелері медицинаны қоса алғандағы әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелеріне тікелей қатысты. Қазіргі заманға сақтандыру индустриясын құру мемлекетке келесі міндеттер қатарын шешуге мүмкіндік береді:

1) табиғи – техногендік сипаттағы қарастырылмаған шығындарды толтыруда мемлекеттік бюджетке ауыртпалықты азайтудың;

2) нарықтық экономика қағидаларына сай сақтандыру жәрдемімен әлеуметтік қамтамасыз етудің жекелеген мәселелерін шешуге жинақталған зейнетақыны төлеуге, еңбекке қабілеттілікті жоғалтуға, асыраушының қайтыс болуына, жұмыссыздыққа жәрдем ақыларды төлеуге, денсаулық сақтауға қатысты шығындардың орнын толтыруға;

3) халық пен ұйымдардың қаражаттарын ұзақ мерзімді негізде ұлттық экономикаға шоғырландыруға;

Мемлекет бұдан бұрын жеткілікті қуатты әлеуметтік кепілдіктер жүйесін қамтамасыз етуге қабілетсіз болып шықты. Кепілдіктерді қамтамасыз ету міндеті қазір сақтандырудың «иығында» болып тұр. Осымен бірге бірқатар мамандықтардың қауіптілігінің дәрежесі өсе түсті.

Құқық қорғау органдары ұйымдасқан (кәсіби) қылмыспен бетпе – бет келді, техногендік апаттар саны артты. Нарық жағдайында (жаңа еңбек қатынастарында) адамның өмір сүруі үшін өмір мен денсаулыққа келтірілген зардаптарды қалпына келтіруде қандайда да болсын бір мүмкіншілігі болуы өте маңызды. Жоғары қауіптілік көздерімен келтірілген зардаптардың орнын толтыру, соның ішінде автомобиль көлігі және басқа мәселе де өзекті. Мұның барлығы Қазақстан Республикасында нарықтық қайта қалыптасу кезеңінде сақтандыру саласында ең маңызды өзгерістер басталуына негіз қалаған заңдардың, өзге нормативті - құқықтық актілердің қабылдануына әкелді. Бірінші кезекте өзін тиімсіз қылып көрсеткен сақтандырудың толығынан мемлекеттік жүйесінен бас тартылады. Бәсекеге негізделген сақтандыруға жол берілді. Сақтандыру мен әлеуметтік міндеттерді орындаудың маңыздылығын есепке ала отырып, мемлекет сақтандырудың дамуын бақылаусыз өз бетімен жібере алмады. Сондықтан сақтандырудың дамуы қазіргі заманғы құқықтық салалардың бірінің сақтандыру құқығының дамуымен бірге болды. А.И. Худяковтың анықтамасына сәйкес: «Сақтандыру құқығы елдегі сақтандыру ісін ұйымдастыру және сақтандыру қызметін жүзеге асырумен байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы» [6, 236].

Сақтандыру ісінің дұрыс ұйымдастыру мәнін төмендетпей, сақтандыруға жататын жағдайлар әсерінен зардап шеккен тұлғаларға мүліктік өтем жасау мақсатына жетуді қамтамасыз ететін тікелей құралы болып жеке жасалған азаматтық - құқықтық шарт жататынын айтып кетейік.

А.И. Худяков азаматтық құқық үлесіне шарттық сақтандыру міндеттемесінің жалпы құрылысын анықтауды жатқызады [6, 286].

Азаматтық - құқықтық көзқарасынан шарттық қатынастар шеңберінде пайда болатын барлық мәселелерді қажетті реттеу, сақтандыру қатынастарын ықылассыз қатысушыларына азаматтық - құқықтық әсер етудің шегі мен мазмұнын анықтау қажет. Шарттың толық құнарлы жүйесінің болмауы біздің көзқарасымыз бойынша, КСРО кезіндегі қалыптасқан сақтандырудың әлсіз жақтарының бірі болды. Сақтандыру шартын қарастыруда біз әкімшілік (қаржылық) құқық саласына жататын құқықтық нормалар әрекетін ескермесек болмайды.

Сақтандыруға арналған заң актілерінде аталған шартты қарастыруда да пайдаланылатын түсініктер жиынтығы бар.

Қазіргі таңда Қазақстанда сақтандыру шартының көптеген түрлері бар. Сақтандыру қызметінің бірден-бір көрінісі ретінде табылатын сақтандыру шартының құқықтық жағынан қажетті деңгейде қамтамасыз етілуі кезек күттірмейтін жағдай. Тек соңғы уақытта ғана бұл мәселе өз шешімін тапқан сияқты. Қоғамдағы ең басты қажеттіліктердің бірінің дұрыс жүзеге асырылуының нысаны болып табылатын сақтандыру қызметінің маңызы, нарықтық жағдайда қалыптасу ерекшелігі және сақтандыру шартының осы қызмет аясындағы алатын орны, мазмұны, бұл шарттың жасалу, өзгертілу, тоқтатылу ерекшеліктері бұл тақырыпты жан-жақты игеремін деген кез-келген тұлға үшін маңызды. Осы сұрақтардың жауабы және бұл сұрақтармен байланысты басқа да мәселелер алда кең тұрғыда, жан-жақты қарастырылуы қажет.

Сақтандырудың пайда болғанына көптеген жылдар болды. Сол сәттен бастап сақтандыру қатынастары қалыптасып үздіксіз мемлекетпен бірге дамып, әртүрлі өзгерістерге ұшырап келеді. Сақтандыру қызметі біздің өмірімізде өте маңызды өмірлік рөл атқарады.

Өмірде болған зиянды салдардың түсу қаупі мәселесін шешу мүмкіндігі алғаш рет сақтандырудың экономикалық табиғатында көрініс тапты. Немістің көрнекті экономисті А. Манэс айтқандай, кең ауқымды экономикалық ғылымда «сақтандыруға аса қомақты орын берілуі керек, өйткені ол өзінің барлық түрінде ыңғайлы тәсілмен адамның материалдық жағдайының жақсаруын қамтамасыз етеді» [7, 516].

Азаматтық кодексте сақтандырушыға келтірілген зиянды өтеу түрінде сақтанушыға (пайда алушының) жауапкершілікті мына жағдайларда жүктейді:

- сақтанушының (пайдаалушының) алдау әрекеттері нәтижесінде сақтандыру сомасын көтермелеу себебіне байланысты;
- сақтандыру шартын жарамсыз деп тану (алынған сақтандыру сыйлықақы сомасынан артық мөлшерде Азаматтық кодекстің 843-б);
- шарттың әрекет ету аралығында сақтандыру тәуекелін өсуіне әкелетін мән –жайлар туралы сақтандырушыны кідіртпей ескерту туралы міндеттемені сақтанушыға (пайдаалушының) орындалуына орай сақтандыру шартын бұзу (АК-834б, 3 т. ).

Егер сақтанушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 811 - бабының 1 - тармағында қаралғаннан басқа себептермен шарттан бас тартса, онда сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлық ақылары сақтанушыға қайтарылмайды.

Сақтандыру қатынастарының субъектілері, әсіресе, егер бұл сақтанушы (сақтандырылушы, пайда табушы) тарабы болса, көптеген жағдайларға мүлік пайдасын заңсыз алуға тырысады, кейде олар сомасы бойынша өте елеулі болып келетін сақтандыру төлемдерін талап ету құқығына негізсіз иеленеді. Қосымша ескерілетіні, сақтандыру сыйлық ақысын төлегеннен кейін сақтандыру шарты сақтандырушының елеулі міндеттерін қарастырмайды және осы жағдайда сақтанушы сақтандырушыға қатынасты бір жақты құқыққа иемденген тұлға болып келеді. Сондықтан сақтандыру төлемдерді жасау негіздерінің шынайы өлшемдерін анықтамаса, онда сақтандырушы сақтанушының негізсіз талаптарынан қорғана алмай қалуы мүмкін.

Бұл жағдайлардың барлығы сақтандыруға байланысты мысалдар, және де мұнда арнайы ұйымдар – сақтандырушылар олармен сақтандыру шартын жасасқан азаматтар мен ұйымдардан (сақтанушылар) арнайы төлемдер алады. Осы төлемдер жиынтығынан (сақтандыру сыйақысы) сақтандырушыда сақтандыру қоры құрылады және одан шартта қарастырылған жағдай орын алғанда - сақтандыру жағдайы (қайтыс болуы, еңбек қабілеттілігін жоғалтуы, мүліктің жойылуы, пайданың түспеуі, тағы басқа) сақтандырушы сақтанушыға не өзге тұлғаға келісілген соманы төлейді. Сақтандыру ұйымдары мен сақтанушы арасындағы міндеттемелерін орындауға қатысты мәселелерді шешу Қазақстандағы сақтандыру қатынастарының дамуына көп әсерін тигізеді.

Заңның халыққа тиімді болуы сапалы жұмыстың нәтижесі. Халықты сақтандыруға тарту туралы мәселе күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселе. Заңның болуы әлеуметтік саланың реттеліп отырғанын көрсетеді.

Өйтседе сақтандыру саласында шешімін тауып реттелетін мәселелер де бар. Қазақстан Республикасының сақтандыруды дамытудың ұлттық сақтандыру жүйесін жетілдіру үшін келесі мәселелерді шешуді ұсындық:

- ұзақ мерзімді және жинақтаушы жеке сақтандыру түрлерін дамыту үшін халық арасына тиімді жарнама жұмыстарын көп жүргізу;
- сақтандыру қызметінде автоматтандыру саласында жаңа технологиялар енгізу;
- сақтандыру бойынша халықтың сенімінен шығатын жүйе жасау;
- сақтандыру қызметін қадағалау және реттеу жүйесін ұйымдастыру.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Идельсон В. Договор страхования. – М.,1996. с.2
2. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты ҚР Президентінің Жолдауы, Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар
3. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі № 405-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы //http://adilet.zan.kz
4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылы 4 ақпандағы ҚР Заңы //http://adilet.zan.kz
5. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Кодексі //http://adilet.zan.kz
6. Худяков А.И. Страхование право. Республика Казахстан – Алматы. Жеті жарғы.1997 – 23-24 бб.
7. Манэс А. Основы страхового дела. М.,1992. с.51

#### **ОӘЖ 368.1**

#### **Жаканбаев Манат Сейтжанұлы**

*2 курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.*

#### **МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Бұл мақалада міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды құқықтық реттеу сұрақтары ашылған.*

*Түйін сөздер: сақтандыру, әлеуметтік сақтандыру, медициналық сақтандыру, құқықтық реттеу.*

*В настоящей статье раскрыты вопросы правового регулирования обязательного медицинского социального страхования.*

*Ключевые слова: страхования, социальное страхование, медицинское страхование, правовое регулирование.*

*In this article, the issues of legal regulation of compulsory medical social insurance are disclosed.*

*Keywords: insurance, social insurance, medical insurance, legal regulation.*

2017 жылдың 1 шілдесінен бастап елімізде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» (МӘМС) заң өз күшіне енеді. Парламент палаталарынан бастап қарапайым халық арасында да ұзақ талқыда болған осынау Заң жобасы қабылданбастан бұрын оған қарсы пікір айтқандар да, оны қолдағандар да көп болды.

Әрине, аталған Заңның басты мақсаты – Қазақстан азаматтарына сапалы медициналық қызмет көрсетумен қатар, елдегі денсаулық сақтау саласының әлеуетін арттыру. Сондай-ақ, медициналық препараттарға деген қолжетімділікті арттыру. Дәл қазір осы дәрі-дәрмек тапшылығы қазақстандықтарды әбігерге түсіріп жатқанын көзбен көріп отырмыз. Әсіресе, мемлекет тарапынан тегін берілуі тиіс дәрілер қолжетімсіз болып барады. Ал, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру осы проблеманы шешуге де бағытталған.

Жаңа жүйенің артықшылықтары туралы білу мақсатында «Ұлттық денсаулық сақтау палатасының» басқарма төрағасы Дәулетхан Есімовті сөзге тартып көрдік. Оның айтуынша, бұл жүйе ең алдымен Қазақстандағы денсаулық сақтау саласының сапасын арттырады. Өйткені, сапаны арттыру үшін ең алдымен білікті мамандар қажет. Білікті мамандармен медицинаны қамту үшін ең алдымен үлкен қаражат қажет. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры ең алдымен осы қаржыландыру мәселесін шешумен айналысатын болады.

«Міндетті медициналық сақтандыру әлемдегі ең дамыған 30 елдің бәрінде енгізілген. Медицинасы дамыған үлкен державалардың бәрінде бұл заң ондаған жылдан бері жұмыс істеп келеді. Біздің елдің азаматтары Германияға, Израильге, Оңтүстік Кореяға барып емделгенді жөн көріп жатады ғой. Біз де өз медицинамыз сондай деңгейге шыққанын қалаймыз. Ал, ол үшін ең алдымен білікті мамандармен қамтамасыз етуіміз керек. Тәжірибелі дәрігерлерді 100 мың теңге жалақымен ұстап отыра алмаймыз», - дейді Дәулетхан Есімов [1].

Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің артықшылығы неде? Біріншіден, қазір бүкіл әлемде медициналық препараттар мен қызмет көрсетулердің құны шарықтап барады. Қарапайым анализ тапсырудың өзі қазір аз ақша емес. Дәрігерге қаралу тағы қымбат. Өйткені, біздің медицина көбінесе батыс елдеріне тәуелді. Яғни, препараттардың бәріне жуығын сол дамыған елдерден сатып аламыз.

«Тәуелсіздік алған уақыттан бері азаматтардың медициналық шығындарын түгел мемлекет қамтамасыз етіп келді. Ота жасаудың бәрі мемлекеттік есебімен жүргізіледі. Яғни, порталға кезекке тұрсыз, кезегіңіз келгенде сізге операцияны тегін жасап береді. Медициналық қызметтер тегін болғандықтан оған кезекте тұрғандардың саны да тым артып кетті. ЭКО жасату, жүрекке ота жасатуға кезекте тұрғандардың санын көріп жаға ұстайсыз. Мың адамға дейін кезекте тұр. Оның бәріне қашан операция жасалады? Олардың денсаулықтары соншама уақыт күтуге жарайды ма? Міне, осы проблеманы шешу үшін медицина саласына қазір қосымша қаржыландыру қажет. Мәселен, жүрек түтікшесін ауыстыру ең кем дегенде 1,5 миллион теңгені құрайды. Бұл мемлекет үшін қып-қызыл шығын, ертең мемлекеттің ақшасы да жетпей қалуы мүмкін. Сол кезде жағдай ушығады. Сол ушығуға жеткізбеу үшін қазір осы Заңды қабылдап отырмыз», - дейді «Ұлттық денсаулық сақтау палатасының» басқарма төрағасы.

Яғни, МӘМС осы проблеманы шешуге бағытталған. Кез-келген азамат ауырып қалса емделуге ақшаны қайдан аламын деп қам жемей, міндетті медициналық сақтандыру қорында жиналып тұрған қаражатқа қажетті емін ала алады. Қорға қаражатты жұмыс беруші, жұмысшы, мемлекеттің өзі және өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың бөлігі құяды. Бүкіл қаражаттың 80 пайызын – яғни өте үлкен бөлігін мемлекет бөлген қаржы қалыптастырады. Ал, қалған азаматтардан жинаған ақша тек 20 пайызын ғана құрамақ. Яғни, «мемлекет халықтың қалтасына түсіп жатыр» деген кереғар ұғымнан арылу қажет. Керісінше, мемлекет халыққа көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттырмақшы.

«Қорға аударылатын қаражат халықтың қалтасына салмақ салмайды. Әркім мүмкіндігіне қарай ақша аударады. Бірақ, кімнің еміне қанша ақша керек, соны алады. Аз төлесен емделудің сапасы да төмен болады деп ойлаудың мүлдем қажеті жоқ. Жағдайы барлар да, жағдайы төмендер де бірдей медициналық көмекке қол жеткізе алады. Шектеу жоқ. Міндетті медициналық сақтандыру жоспарланбаған шығындардың да алдын алады. Ауру айтып келмейді ғой. Кенет денсаулық сыр беріп жататын кездер болады. Емделу қазір қып-қызыл ақша. Жұрттың бәрінде ақша бар деп айта алмаймыз. Халықтың көбі айлық-жалақыларын жоспарлап жұмсайды. Денсаулық сыр бергенде осы жоспар бұзылып жатады немесе

қарыз алуға мәжбүр боласың. Ал, сақтандыру жүйесі енгізілгеннен кейін ешнәрсеге алаңдамай, бір тыйын қалтаңыздан жаратпай, қалаған дәрігеріңізге барып емделе бересіз», - дейді Д.Есімов [1].

2017 жылы осы денсаулық сақтау саласына 917 млрд теңге қаражат бөлінді, яғни 1 трлн теңгеге жуық. Бірақ, соның өзі жетпей жатыр. Жетпейді де. Шығын көлемі күн санап артып келеді. Бүкіл әлемде осы үрдіс. Батыс елдері мұны бізден әлдеқашан ерте түсініп, осы міндетті медициналық сақтандыру жүйесін қолға алды.

Жалпы, бұл жүйе қазақтардың денсаулыққа қатысты ұстанымын өзгертуге де септігін тигізеді. Бәріңізге белгілі, біздің қазақтар ауырып тұра алмай қалғанға дейін дәрігерге қаралмай жүре береді емес пе?! Денсаулығын күтпейді. Салдарынан ауруы асқынып, емделуі қымбатқа түсіп жатады. Мұндай денсаулыққа деген салғырттық медицина тегін болғандықтан кейін қалыптасқан деп болжауға болады. Ал, енді ай сайын сақтандыру қорына ақша құйып отырғандықтан «ақшам далаға кетпесін» деген оймен дәрігерге ауырмаса да қарала беретіндер көбейеді. Бұл өте дұрыс. Кез келген жаман ауру асқынғанға дейін белгі бере бермейді.

«Батыс елдерінде алғашқы медициналық көмек түрі жақсы дамыған. Яғни, ауруды пайда бола бастаған кезінен анықтап, оны түп-тамырымен жойып жібере алады. Дамыған елдердегі халықтың өмір сүру жасының ұзақ болуы да содан. Ал, біз денсаулығымызды күтінбегендіктен қазір жаман аурулардың түрі де, онымен ауыратындардың саны да артып кетті. Әсіресе, қатерлі ісікке шалдыққандар, қант диабетімен ауыратындар, ВИЧ жұқтырғандар саны адам шошырлық деңгейге жетіп отыр. Ал, оларды емдеуге тағы сол ақша жетіспейді. Дәрі жетіспегендіктің салдарына қазір азаматтарымыз қайтыс болып жатыр осы ауру түрлерінен. Егер қымбат дәрілерді сатып алуға қаражат болса олардың өмірлерін ұзартуға да болар еді. Демек, бұл жерде проблеманы айналып келгенде тағы сол міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры шешеді. Бұрынғыдай ақшасы барлар ғана шетелге барып емделіп, жағдайы жоқтар назарсыз қалып кетпейді. Енді ірі шенеунік те, кәсіпкер де, еден жуушы да, базардағы саудагер де, тіпті жұмыссыз азаматтар да бірдей сапалы медициналық көмек ала алады.

Айта кетейік, елімізде тағы кепілдендірілген тегін медициналық көмек деген де бар. Енді оған бюджеттен бөлінетін қаражат та осы сақтандыру қорының бақылауында болмақ. Яғни, бұл қор ортақ оператордың міндетін атқарады. Нақтысын айтқанда, қайда қанша ақша жұмсау керектігін реттеп отырады. «Ең алдымен жедел жәрдем қызметі. Бұл дегеніңіз шұғыл медициналық көмек көрсету деген сөз. Екінші кезекте – вакцинация. Ал, үшіншісі – санитарлық авиация, төртіншісі – әлеуметтік маңызды аурулар кезінде көмек көрсету. Яғни, онкология, ВИЧ, қант диабетін бюджет есебінен емдейді.

Сақтандыру қорындағы ақшаға сондай-ақ, өлім аузында жатқан науқастарға ауруын жеңілдету үшін қажетті препараттар сатып алынады, оларға қажетті жағдайлар жасалады. Сонымен қатар, үйден шыға алмайтын мүгедек жандарға, қарттарға күтім жасау үшін арнайы мейірбике үйіне жіберілетін болады. Дамыған елдердің бәрінде мұндай жұмыс жолға қойылған. Тек стоматология, косметология қызметі сақтандыру қорындағы қаражаттың есебінен жүргізілмейді. Бірақ, шұғыл түрде тіс жұлу керек болса ол тегін жүзеге асырылады.

Қызметкерлер төлейтін жарна мөлшерлемесі табыстың 2% құрайды, сонымен қатар, оларды төлеу 2019 жылы 1% басталып, 2020 жылдан – 2% болады. Бұл жарналар жеке бас табыс салығын есептеу кезінде шегеріледі.

Ал, өзін-өзі жұмыспен қамтитын азаматтар (жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, кәсіби медиаторлар, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс табатын жеке тұлғалар) төлейтін жарна мөлшері табысының 7% құрайды. Сонымен қатар, жарна мөлшері 2017 жылы 2% бастап, 2018 жылы 3%, 2019 жылы 5% және 2020 жылдан — 7% болады. Бұл санаттағы азаматтардың саны елімізде шамамен 3 миллиондай адамды құрайды.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна төлеуден азаматтардың 15 санаты (әлеуметтің әлжуаз топтары) босатылады. Олардың саны елімізде шамамен 10 миллион адамды құрап отыр. Оларға балалар, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған және бұрынырақта «Батыр ана» атағына ие болған, сондай-ақ, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар, ҰОС қатысқандар және мүгедектері, мүгедектер, жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалар, интернат ұйымдарында оқитын және тәрбиеленетін тұлғалар, техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беретін ұйымдарда күндізгі оқыту нысаны бойынша, сондай-ақ, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін оқу орындарында резидентура нысаны бойынша оқып жатқан тұлғалар, бала туғанына, бала асырап алғанына байланысты, 3 жасқа толмаған баласының күтіміне байланысты демалыстағы тұлғалар, жұмыс істемейтін жүкті әйелдер, сондай-ақ, баласы 3 жасқа толғанға дейін тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін тұлғалар, зейнеткерлер, әскери қызметкерлер, арнайы мемлекеттік органдар қызметкерлері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, сот үкімі бойынша ең аз қауіпсіздігі бар мекемелерден бөлек ҚАЖ мекемелерінде жазасын өтеп жатқан тұлғалар, уақытша ұстау және тергеу оқшаулағыштарында жатқан тұлғалар жатады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

**ОӘЖ 343.915**

**Жақұпжанов Д.**

*ҚазИГЗУ ЗФ ҚПК «Заңтану» мамандығы бойынша 2 курс магистранты*

## **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ҚЫЛМЫСКЕР ТҮЛҒАСЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

*Мақалада кәметке толмаған қылмыскер тұлғасының криминологиялық сипаттамасы беріледі. Кәметке толмағандардың қылмыстық мінез-құлығының қалыптасуына өтпелі кезеңдегі психологиялық ерекшеліктері анықталады.*

**Түйін сөздер:** *кәметке толмаған қылмыскер тұлғасы, кәметке толмағандар қылмыскер, қылмыстық мінез-құлық.*

*В данной статье рассматривает криминологическую характеристику лиц совершивших уголовное правонарушение в несовершеннолетнем возрасте. Психологические особенности переходного возраста и его влияние на преступное поведение несовершеннолетних.*

**Ключевые слова:** *личность несовершеннолетнего преступника, несовершеннолетний правонарушитель, преступное поведение.*

*This article examines the criminological characteristics of persons who committed a criminal offense at a minor age. Psychological features of the transitional age and its impact on the criminal behavior of minors.*

**Keywords:** *the personality of a minor criminal, a minor offender, criminal behavior.*

Қай ғылыми мектепке жатқанымен бір де бір криминолог қылмыс жасаған адаммен байланысты проблемаларды айналып өте алмайды. Криминологтардың пікірі бойынша, қылмыс – бұл көптеген жағдайлардағы өзара қиын әрекеттерінің қорытындысы, олардың ішінде биологиялық және әлеуметтік факторлармен қатар, тұлғаның өзінде үлкен рөл атқарады.

Қылмыстылықтың әлеуметтік детерминациясының үш қатар тетігі бар: біріншіден, жеке басты белгілі бір әлеуметтік қалыптастыру жолымен; екіншіден, оған құқыққа қарсы не қарама-қайшы сипаттағы міндеттеулер беру арқылы; үшіншіден, жеке басы іс-қимылдың қылмыстық нұсқасын таңдауға мәжбүрлейтін және оны жеңілдететін жағдайларда қалдыру арқылы.

Н.А. Монахов еңбегінде жеткіншектердің өтпелі кезеңдеріне тиісті психологиясындағы әрекеттердің байланыстылығы, сонымен қатар ерлер мен әйел адамдардың психологиясының ерекшеліктері бойынша ұлдар мен қыздар қылмыстарын ажыратуға болады деген қорытынды жасайды. Оның көзқарасы бойынша, «жануарлар мен адамдардың туа біткен ортақ – өзін-өзі бекіту инстинкті (қасындағыларға жеке билік етуге тырысу)» болады. Ол өзінің зерттеулеріне сілтеме жасай отырып, жасөспірімдердің өтпелі кезеңіндегі «тұрақсыз» психологиясын «жануарлардың көктемдегі қозу әрекеттерімен» салыстырады [1, 85 б.].

Біздің автордың барлық ұсыныстарымен келісе бермейміз, мысалы, өзінің беделін көтеруге тырысуы үшін жасөспірімнің қылмыстық әрекетке баруы.

Біздің ойымызша, жасөспірімнің оған ұмтылатыны рас. Басшылыққа ұмтылу ерте балалық шақта байқала бастайды. Мысалы, А.П. Краковский кішкене кездегі қырсықтық, сотқарлық туралы қорытынды жасай келе, олар өзін-өзі бекіту үшін қажетті мотив болып табылатынын атап көрсетті [2, 21-23 б.].

В.П. Емельяновтың кәметке толмағандардың психикалық жағдайына жасаған қылмысы сипаттамасының тәуелділігінің болуы туралы қорытындысымен келісе кету керек [3,47 б.].

А.Х. Миндагулов былай деп жазады: «Қылмыскерлер біздің ортамызда өмір сүргенімен, олардың жасаған қылмысы мен қылмыскерлердің тұлғасы мәңгілік анықталмай қалуы мүмкін» [4,96 б.].

Мұнда А.Х. Миндагулов жасырын немесе жасырылған қылмыстылықтың бар екендігі жөнінде, сондай-ақ тіркелмеген қылмыстарды жасаған қылмыскерлер тұлғасы жөнінде де мәселе қозғау қажеттігін айтып отыр.

Австриялық ғалым-психолог З.Фрейд өткен ғасырдың 20-шы жылдары адамды басқару мүмкін емес, ол өзінің биологиялық инстинкттері мен сексуалді қызығушылықтарына тәуелді болады деген қорытынды жасаған.

Атақты америкалық биолог профессор Э. Майр «адамзаттың құнды гендерінің жоғалып бара жатқанына» алаңдаушылық білдіріп, ауытқушылық әрекеттерден арылтатын адамдарды қолдан селекция жасауды ұсынған. Ондағы мақсаты – ең біріншіден «генетикалық жағынан мықты адамдарды, атакты тұлғаларды көбейту» [5, 12-14б.].

Өзінің монографиясында А.П. Тузов кәметке толмағандардың құқыққа қарсы әрекеттерін зерттей келе, олар тұлғаның биологиялық ерекшеліктеріне және әлеуметтік факторларға тәуелді болатыны туралы

қорытынды жасайды. Оның пікірінше, «рухани және материалдық мәдениеттің барлық жетістіктерін творчестволық қабылдауын дамыту арқылы адамды тәрбиелеу маңызды» болып табылады [6,112-115 б.].

А.И. Кочетов «қиын» жасөспірімдердің әрекетіндегі ерекшеліктерді ішкі жағымсыз жағдайлардың кері әсерлерінен деп түсіндіреді. Сондықтан оның пікірінше, «қиын жасөспірімдердің келбеті оларды тәрбиелеуде жіберілген қателіктерден туындайтынын білдіреді».

А.М. Алемаскин әлеуметтік қол үзу деңгейіне байланысты жасөспірімдердің немесе балалардың төрт тобын бөліп көрсетеді және оларға мінездеме береді: 1) тәрбиесі қиын балалар; 2) педагогикалық бақылаудан қол үзген жасөспірімдер; 3) құқық бұзушы жасөспірімдер; 4) кәмелетке толмаған қылмыскерлер. Оның пікірі бойынша, психикалық жағынан ауытқыған кәмелетке толмағандар жеке топқа жатқызылуы қажет [7, 38б.].

Өз жұмыстарында К.Е. Игошев пен Г.М. Миньковский ұсынған кәмелетке толмаған қылмыскерлердің типологиясы қызығушылық тудырады:

- 1) жалпы тұрақты қылмыстық бағыты. Олар кәмелетке толмаған қылмыскерлердің 10-15% құрайды, бірақ олардың үлесіне ауыр қылмыстардың көп бөлігі жатады;
- 2) тұлғаның жағымсыз әрекетінің көп болуы, қылмыскерлер контингентінің 30-40% құрайды;
- 3) тұлғаның тұрақсыз қылмыстық бағыты, қылмыскерлер контингентінің шамамен 30-35% құрайды;
- 4) тұлғаның жағымды әрекетінің көп болуы, көбінесе қылмысты кездейсоқ жағдайларда жасаған тұлғалар. Олар шамамен 25-30% құрайды [8,42-45 б.].

Кейінгі жылдары Қазақстанда кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың арасында психикалық аномалиясы бар тұлғалардың саны күрт көбейіп отыр. Көптеген ғалымдардың ойынша, бұл құбылыс қылмыстың алдын алудағы үлкен мәселелердің бірі болып отыр деп тұжырымдайды.

Қылмыскер болып ешкім дүниеге келмейді, қылмыскер болып қалыптасады, сөйтіп қылмыскер тұлғасы үш негізгі факторлардың өзара байланысу нәтижесінде қалыптасады: макроорта, микроорта және жеке тұлға [9, 268 б.].

Біздің көзқарасымыз бойынша қылмыскер тұлғасының қылмыскер емес тұлғадан айырмашылығы жасалған құқық бұзушылық белгілерінің болуында. Бірақта оның қылмыстық жолды таңдап алуына әсер етуші субъектінің қылмысты мінез-құлығының қалыптасуын есептеуіміз қажет. Олардың қалыптасуын анықтау біз үшін қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуда маңызы зор.

Бір топ ғалымдар криминогенділікті қылмыскер тұлғасының бір белгісі ретінде қарастырып, «оның қоғамдық қауіптіліктен ерекшелігі қылмыс жасаған кезде пайда болып, қылмыс аяқталған кезде жойылып кетпейді» деп есептейді [10, 542 б.]. Сөйтіп адам тұлғасының криминализациясының нәтижесі болып табылады.

Криминология теориясында тұлғаның құрылымы және субъектінің қоғамдық қатынастары үш негізгі элементтерден тұрады деген көзқарас қалыптасқан:

- 1) әлеуметтік мәртебе, яғни қоғамдық қатынастар жүйесіндегі тұлғаның орынын көрсететін белгілер жиынтығы (жынысы, жасы, білім деңгейі, әлеуметтік жағдайы);
- 2) әлеуметтік функциясы, яғни тұлғаның негізгі қызмет саласындағы көрініс табуы (кәсіби, еңбек, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық);
- 3) адамгершілік-психологиялық ұстанымы, яғни тұлғаның негізгі қызмет түрлеріне деген қарым-қатынасын (мемлекетке, заңға, құқықтық тәртіпке, әлеуметтік құндылықтарға, конституциялық міндеттерге және т.б.) көрсетеді [11, 119 б.].

Жоғарыда көрсетілген белгілерден байқайтынымыз, криминология теориясындағы «қылмыскер тұлғасы» түсінігі жан-жақты қарастырылғанымен осы уақытқа дейін пікір-талас тудыруда.

Кәмелетке толмаған қылмыстық құқық бұзушы тұлғасын сипаттау үшін қосымша пікір-таластар қажет. Қазіргі уақытта жеке криминологиялық ғылым ретінде ювенальды криминологияны аламыз.

Нақты бұл криминологиялық ғылымның пәніне мыналар жатады:

1. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы қиын әлеуметтік құбылыс ретінде.
2. Кәмелетке толмаған қылмыскер тұлғасы. Ұлттық заңнамамыз бойынша 14 жасқа толмаған және 17 жастан асқан тұлға кәмелетке толмаған қылмыскер бола алмайды. Ювенальды криминология пәні болып 18 жастан жас тұлға болып табылады.
3. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының детерминанттары.
4. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының криминологиялық зерттеу әдістері.
5. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығын ескерту.
6. Кәмелетке толмаған жәбірленуші.

Сөйтіп ювенальды криминология – бұл кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы, оның себептілігі, кәмелетке толмаған қылмыскерлер тұлғасы және құрбаны, кәмелетке толмағандардың қылмыстық және девиантты мінез-құлығын ескерту бойынша жалпыәлеуметтік және арнайы шаралар туралы әлеуметтік-құқықтық ғылым.

Ювенальды криминологияның келесідей арнайы белгілері болады:

- криминологиялық зерттеудің ерекше объектісі – ерекше белгілері бар кәмелетке толмаған тұлға: а) адамның физиологиялық және әлеуметтік дамуымен байланысты жылдам қозғалуы; б) осыдан шығатын кәмелетке толмағанның әлеуметтік-құқықтық мәртебесі; в) кәмелетке толмағанның мінез-құлық ерекшелігі;

- кәмелетке толмағанның тұлғасы мен мінез-құлығына әсер етуші ерекше микроорта. Мұнда отбасы, мектеп, бос уақыт өткізуі, жұмысы туралы айтылады. Әсіресе тәрбие мен ересектердің әсер етуі өте маңызды.

- кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтары және девиантты мінез-құлықтарының алдын алу шараларының ғылыми жүйесі [12, 8-10 б.].

Бұл жерде айта кететін жағдай, ол ювенальды криминология қылмыстық жауаптылыққа тартылатын жасқа жетпеген тұлғалар жасаған қоғамға қауіпті әрекетті зерттейді. Кәмелетке толмағанның құқық бұзушылық жасағанға дейінгі мінез-құлығы мен девиантты мінез-құлығына талдау жасау бұл ғылым үшін қызығушылық туғызады.

Көптеген жылдар бойы кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың психикасын зерттеу кезінде мамандар құқық бұзушылардың есі дұрыс болғанымен, негізгі бөлігінің (50% астамы) психикасында нормадан ауытқулары болған.

Емельяновтың психикалық аномалиясы бар кәмелетке толмаған қылмыстардың жағдайы, құрылымы, динамикасы жөніндегі ресми статистикалық есептің жоқтығы туралы пікіріне біз қосыламыз.

Психикалық ауытқулары бар кәмелетке толмағандар арнайы тәрбиелік және дәрігерлік алдын алу режиміне зәру болады.

Кәмелетке толмаған қылмыскерлердің өздерінен үлкен қылмыскерлерден айырмашылығы оларда жағымды және жағымсыз қызығушылықтары болады. Сонымен қатар кәмелетке толмаған қылмыскердің тұлғасы тез тәрбиеге салуға бағынышты болады. Өйткені кәмелетке толмаған қылмыскер (көптеген жағдайларда) әлеуметтік ортамен позитивті байланысын толықтай үзіп үлгермеген және криминалды ортада әлі толық орнығып үлгермеген тұлғалар.

Итак, с чего же начинается производство по уголовному делу? Наблюдая изменения, связанные с принятием Уголовного кодекса от 04 июля 2014 года мы можем с уверенностью сказать, что с момента регистрации в Едином реестре досудебного расследования. Ранее в бытность УК РК от 1997 года уголовное дело считалось возбужденным с момента вынесения следователем постановления о возбуждении уголовного дела и обязательным выставления статистической карточки 1.0, но в основном это был технический момент [2]. В настоящее время процесс регистрации факта об уголовном правонарушении сопровождается персональным внесением информации об уголовном правонарушении самим лицом, принявшим материал для регистрации. Именно с этого момента начинается досудебное производство по уголовному делу, и первоначальные следственные мероприятия связанные с осмотром места происшествия, назначением необходимых экспертиз уже проведены.

В настоящей статье мы не описываем первоначальные следственные действия, а сразу же приступаем к дальнейшему расследованию уголовного дела. Именно в этот момент весь ход расследования уголовного дела зависит от того насколько верно оно будет спланировано. Прежде всего необходимо изучить типичные следственные ситуации, возникающие на первоначальном этапе, именно от этого зависит алгоритм и многоэтапный механизм поиска и сбора доказательств. Любое уголовное дело в момент досудебного расследования должно иметь план расследования, составленный самим следователем. В этот план необходимо включить все мероприятия, направленные на установление объективной истины по уголовному делу. Как и в бизнесе, планированию уголовного дела нужно уделить столько времени, чтобы расследование имело четкие границы с возможностью принятия точного решения по возникающим ситуациям. Существует определенное убеждение, что почти к каждому уголовному делу необходимо применить так скажем «шаблон» расследования уголовного дела, но учитывая, что правовой прецедент в нашей правовой системе не применим, то каждое расследования носит свой индивидуальный характер. Молодой специалист (следователь, дознаватель) получивший уголовное дело для расследования должен тщательным образом изучить его до мельчайших деталей. После изучения необходимо составить таблицу, в которой у нас будет указаны факты и обстоятельства, которые уже установлены. Таблицу можно выполнить на листе формата А4, при необходимости формат листа может быть выбран и больше. Уже при получении визуальной информации об имеющихся обстоятельствах и фактах можно образно представить, сколько работы предстоит, поскольку в конечном итоге должно быть известно лицо, совершившее преступление, и установлена его вина. Все пустое пространство между имеющимися фактами и лицом, совершившим преступления – это поле деятельности следователя. Таким образом, весь процесс расследования уголовного дела похож на пазл, который необходимо собрать, получив одну цельную и понятную картину. Самое первое следственное действие, которое необходимо провести – это допрос потерпевшего, в случае если оно установлено. По делам о хищениях необходимо установить обстоятельства, условия, время, способ, механизм совершенного преступления, размер ущерба путем проведения допроса потерпевшего. Описание каждого похищенного предмета необходимо начинать с его

правильного названия, указания его физических свойств (размер, цвета, форма, вес, материал из которого выполнен и т.п.). Это описание должно быть максимально точным, при необходимости нужно использовать имеющиеся документы (технический паспорт, инструкцию по использованию, бирки заводов изготовителей, фотографии), а также словари терминов, это описание в дальнейшем необходимо для идентификации при опознании предметов самим потерпевшим. После проведенного допроса следователь может приступить к осмотру и исследованию предметов, изъятых в ходе проведенных следственных действий (в том числе и осмотра места происшествия). В зависимости от того, какие предметы были изъяты, после их осмотра необходимо принять решение об их судьбе, то есть что-то необходимо отправить на экспертизу, что-то приобщить к материалам уголовного в качестве вещественных доказательств, а что-то исключить из числа вещественных доказательств, как предметы, не относящиеся к совершенному преступлению или не несущее в себе какого-либо доказательства, а это значит необходимо произвести их оценку на предмет относимости. Если какие-то предметы были отправлены на экспертизу, то решение о приобщении их к материалам уголовного дела или исключении из числа вещественных доказательств необходимо принять после получения заключения экспертизы. И необходимо помнить, что ответственность за сохранность вещественных доказательств несет лицо, осуществляющее уголовное преследование, таким образом необходимо принять достаточные меры для сохранения вещественных доказательств, в ином случае лицо осуществляющее уголовное преследование может понести ответственность вплоть до уголовной. После принятия решения о судьбе вещественных доказательств остается еще очень много работы, но тем временем наш пазл уже немного приобретает более конкретный вид. В зависимости от того насколько сложно уголовное дело зависит и объем проводимой работы, это прежде всего сказывается на количестве производимых допросов свидетелей, возможных очевидцев, лиц, которые могли оказаться звеном логической цепи. Все допросы требуют предварительной подготовки с постановкой и формулировкой заранее подготовленных вопросов. Вопросы должны быть четкими и правильно поставленными, использование наводящих вопросов запрещено. Все допросы проведенные профессионально, в которых выяснены все обстоятельства имеют юридическую силу и не порождают каких-либо сомнений. И конечно же, на этап расследование уголовного дела не заканчивается, поскольку процесс сбора доказательства и квалификации преступления это творческий процесс, требующий много энергии, фантазии, смекалки и опыта. Одно из неписанных правил расследования – это то, что организация досудебного производства по уголовному делу полностью возлагается на лицо, его осуществляющее. Именно творческий подход, нестандартное мышление, моделирование преступного поведения, планирование досудебного расследования дает результаты, которые помогают установить объективную истину по уголовному делу и принять законное решение, отвечающие таким принципам, как законность, объективность, полнота и всесторонность [3].

#### **Список использованной литературы:**

1. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.03.2018 г.), ст.60;
2. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 13 декабря 1997 года №206-I, раздел 6;
3. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.03.2018 г.), ст.24;

**УДК 343.9:343.102 (574)**

**Капезов Д.С.**

*магистрант 1 курса кафедры УПД ЮФ, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет*

Научный руководитель: **Утебаев Э.К.**

*к.ю.н., профессор кафедры УПД ЮФ, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет*

### **РЕАЛИЗАЦИЯ МАТЕРИАЛОВ ОПЕРАТИВНО-РОЗЫСКНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ХОДЕ ДОСУДЕБНОГО РАССЛЕДОВАНИЯ ОРГАНИЗОВАННЫХ ФОРМ ОБЩЕУГОЛОВНОЙ И МЕЖДУНАРОДНОЙ ПРЕСТУПНОСТИ**

*Мақалада Қазақстан Республикасында жалтықылмыстық және халықаралық қылмыстылық ұйымдасқан топтарымен жасалған сотқа дейінгі тергеп-тексеруде жедел-ізвестіру қызметінің материалдарын жүзеге асыру ерекшеліктерін сипаттау мүмкіндігі жасалды.*

**Түйін сөздер:** *қылмыстық құқық бұзушылық, қылмыстарға қатысушылық, ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым.*

*В статье предпринимается попытка охарактеризовать особенности реализации материалов оперативно-розыскной деятельности в ходе досудебного расследования организованных форм общеуголовной и международной преступности в Республике Казахстан.*

**Ключевые слова:** уголовное правонарушение, соучастие в уголовном преступлении, организованная группа, преступная организация.

*In the article, an attempt is made to characterize the specifics of the implementation of operational search materials during the pre-trial investigation of organized forms of common and international crime in the Republic of Kazakhstan.*

**Keywords:** criminal offense, complicity in a criminal offense, organized group, criminal organization.

Своеобразие методики досудебного расследования преступлений, совершенных членами организованных преступных групп, заключается в том, что она имеет несколько видов и уровней. Так, в ней можно выделить: методику последовательного оперативно-розыскного собирания и накопления разведывательной информации о преступной деятельности организованных преступных групп, позволяющую начать расследование; методику расследования криминальной деятельности организованных преступных групп. Обе эти методики могут быть общими для досудебного раскрытия и расследования любого вида организованной преступной деятельности, т.е. высший их уровень. Частные методики досудебного раскрытия и расследования – нацелены на досудебное раскрытие и расследование отдельных видов преступлений, совершенных организованными группами. Это низший уровень этих методик.

Началу досудебного расследования анализируемой преступной деятельности в одних случаях предшествует разная по продолжительности, чаще всего длительная, оперативно-розыскная проверка. В юридической литературе её называют оперативная разработка преступной деятельности организованной преступной группы или сообщества, заканчивающаяся передачей собранной розыскной информации в следственные органы либо операцией по задержанию отдельных ее членов – участников каких-то ранее совершенных и не раскрытых преступлений, в ходе, например, сходки преступных авторитетов и других криминальных акций.

Типичная криминалистическая ситуация, складывающаяся на данном этапе раскрытия указанной преступной деятельности, формируется оперативно-розыскной информацией, требующей надлежащего процессуального оформления. Эта ситуация в свою очередь имеет несколько разновидностей, обусловленных временем передачи следователю разведывательных материалов; длительностью нахождения разрабатываемой преступной организации под контролем оперативно-розыскных органов; характером проведенных операций по задержанию подозреваемых и т.д.

Каждая из таких ситуационных разновидностей характеризуется различным объемом надлежаще оформленной оперативно-розыскной информации, разной результативностью проведенных оперативных операций, а главное степенью значимости собранной информации для начала расследования. Однако при должном совместном анализе подобной розыскной информации, осуществленном следователем и оперативно-розыскными работниками, из нее чаще всего удается извлечь данные, необходимые для начала развертывания досудебного расследования. Поскольку же такие ситуации чаще всего возникают по результатам оперативно-розыскной деятельности, правильная их следственная оценка и умелое использование собранных данных, имеет важное значение для расследования.

Подобная значимость оперативно-розыскных материалов объясняется тем, что преступная деятельность организованных форм общеуголовной и международной преступности самой различной криминальной направленности чаще всего тщательно готовится, маскируется и сопровождается умелым сокрытием или уничтожением следов-последствий. Указанные группы обычно имеют хорошо налаженную систему внутренней и внешней защиты с помощью коррумпированных и иных связей. Поэтому выявить, а еще в большей степени создать надлежащую доказательственную базу для начала досудебного расследования, очень сложно. Во всяком случае уголовно-процессуальные методы, как показывает следственная практика, для выявления таких преступлений обычно являются малоэффективными.

Однако и оперативно-розыскное собирание и накопление разведывательной информации о преступной деятельности организованных криминальных групп может быть результативным при должном методическом подходе к ее проведению. В частности, эта работа во многом должна носить не только поисково-разведывательный, но и аналитический характер. Оперативно-розыскные работники должны уметь правильно выбирать момент для передачи следователям части сыскной информации, «созревшей» для реализации следственным путем. Это позволит своевременно начать досудебное расследование по еще сравнительно свежей оперативно-розыскной информации и не потерять части добытой информации. Например, при необоснованной затяжке с передачей этих материалов органу досудебного расследования в последующем теряется перспектива направить уголовное дело в суд.

В правильном выборе такого момента оперативно-розыскным работникам может помочь совместная следственная и оперативная оценка собранной сыскной информации. Вместе с тем передача части оперативно-розыскной информации следственным органам не должна приостанавливать разведывательную работу или снижать ее темпы. Она должна постоянно поступать к следователю, а

последний должен постоянно отслеживать вновь поступающую информацию. Более того, это собирание должно продолжаться до самого конца следствия, а иногда целесообразно продолжать собирание сведений и в ходе судебного следствия. Например, особенно когда преступная группа еще продолжает функционировать, несмотря на понесенные «потери», т.е. задержание в качестве подозреваемых активных членов организованных преступных групп или сообществ. Опытные сотрудники оперативных подразделений считают, что сведения о преступных организациях и их лидерах должны накапливаться постоянно, чтобы даже годы спустя они могли быть востребованы в процессе нового досудебного расследования.

Практическая ценность и важность разведывательной работы и возможность ее использования для начала досудебного расследования уголовного дела во многом зависит от качества ее документирования. Она должна быть основана на требованиях закона об ОРД и методических рекомендациях дисциплины ОРД.

В процессе оперативно-розыскной деятельности должно быть налажено в необходимых случаях взаимодействие между оперативно-розыскными службами разных ведомств. Например, подразделениями МВД, КНБ, государственной службы по противодействию коррупции, расследование экономических преступлений, таможенных органов и т.д. Такое взаимодействие целесообразно налаживать и со службами экономической безопасности коммерческих банков и частными детективными службами.

Досудебное расследование преступлений, совершенных организованными преступными группами осуществляется следователями прокуратуры МВД и КНБ и чаще всего в составе следственно-оперативной группы, включающей несколько следователей и оперативных работников, действующих вместе до конца расследования в составе этой группы.

Уголовные дела о преступлениях, совершенных организованными преступными группами обычно начинаются следующим образом:

1) по результатам оперативно-розыскной разведывательной деятельности, в предварительной оценке результатов которой, принимал участие следователь или прокурор, осуществляющий надзор за исполнением законов в данной деятельности;

2) после соответствующей проверки оперативной информации и данных из других источников о преступной деятельности организованной преступной группы, которая не разведывалась оперативно-розыскным путем, реализуется в порядке ст. 239 УПК РК.

Вместе с тем почерк деятельности организованных форм общеуголовной и международной преступности может быть выявлен в процессе досудебного расследования обычного по первоначальным данным преступления. Например, в ходе досудебного расследования экономической контрабанды ювелирных изделий или алкогольной продукции. Другой задачей следователя является быстрое процессуальное закрепление ранее полученной оперативно-розыскной информации. Учитывая особенности ее добывания и возможность получения вполне достоверной информации, необходимо тщательно перепроверять указанную информацию, используя иные источники оперативно-розыскных данных, а также сведения, добытые следственным путем. Только после такой проверки эту информацию можно использовать при расследовании.

Если же досудебное расследование начинается с выявления преступления, в котором обнаруживаются признаки организованной преступной деятельности неизвестной правоохранительным органам криминальной организации, то в этих случаях, наряду с досудебным расследованием данного деяния целесообразно провести и оперативно-розыскную работу по установлению реальности существования данной группы и проверку ее деятельности с целью получения общего представления о ней.

После получения общего представления о ее преступной деятельности следственные и оперативно-розыскные органы должны постараться за счет дополнительных оперативно-розыскных мероприятий и следственных действий развить систему получения данных для выявления всех преступных акций, совершенных ее членами. В то же время при досудебном расследовании таких преступлений можно использовать многие тактические приемы проведения отдельных следственных действий, разработанные криминалистикой применительно к досудебному расследованию преступлений, совершенных группой лиц, с учетом особенностей каждого подобного преступления и складывающихся следственных ситуаций.

Специфика досудебного раскрытия и расследования организованной преступной деятельности позволяет изменить устоявшиеся воззрения и назвать возникающие ситуации оперативно-тактическими ситуациями, выделяя компоненты информационного характера, характеризующие состояние и обстановку, в которой надлежит действовать оперативному работнику и следователю, а чаще – созданной бригаде. На формирование исходной информации содержания следственной ситуации влияют объективные и субъективные факторы. Для разрешения исходных и последующих ситуаций принимаются решения соответствующими аппаратами оперативно-розыскных и процессуальных мер, а также с учетом противодействия организаторов и активных исполнителей преступных структур.

Материалы оперативно-розыскной деятельности реализуются посредством выполнения требований и рекомендаций ст.239 УПК. В ее реализации принимают участие большое количество следователей и работников органов дознания. Этому предшествует обсуждение плана совместных действий с участием руководителей оперативного и следственного подразделения. Предложения докладываются инициатором оперативной разработки и следователем, ответственным за реализацию материалов. Ими предлагаются расчеты сил и средств, необходимых для успешного проведения реализации криминалистической тактической операции. В результате такого обсуждения составляется план реализации следственных действий и оперативно-розыскных мероприятий. Кроме того, в плане указывается – состав следователей и оперативных сотрудников, привлекаемых к проведению реализации тактической операции; обеспечение работы следственно-оперативной группы силами подразделений наружного наблюдения, группы захвата из числа сотрудников подразделений специального назначения; расчет необходимых технических средств (средства связи, видеозаписи, автотранспорт); участие специалистов-криминалистов по профилю; постановка перед каждой группой конкретных задач.

Мы предполагаем такой алгоритм следственных действий, негласных следственных действий и оперативно-розыскных мероприятий, который может принести определенный, положительный результат – задержание с поличным, групповые обыски, выемки, допросы и т.д. При этом действия следственно-оперативной группы может координироваться штабом по проведению данной операции, принимает тактические решения в зависимости от изменений следственной ситуации.

Таким образом, мы считаем, что оперативно-тактическим средством, позволяющим в максимальной степени реализовать оперативным путем полученные сведения о деятельности организованных преступных структур, являются тактические операции. Залогом успеха реализации поставленных криминалистических задач может быть приглашение следственно-оперативной бригады или группы из других территориальных регионов.

#### Список использованной литературы

1. Уголовный кодекс Республики Казахстан: Практическое пособие. – Алматы: «Издательство «Норма-К», 2017. – 240 с.
2. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан: Практическое пособие. – Алматы: «Издательство «Норма-К», 2017. – 368 с.

**ОӘЖ 343.121**

**Карпиков Н.М.**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ., 1 курс, мамандығы «БМ030100-Құқықтану»*

### **ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША КӘСІБИ ҚОРҒАУШЫНЫҢ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ТАКТИКАНЫ ҚОЛДАНУЫ**

*Мақалада автор қорғаушының күдіктіні қорғауда криминалистикалық тактиkanı қолданудың мәселелерін қозғаған. Сонымен қатар, қорғау болжамы ұғымына талдау жасаған.*

**Түйін сөдер:** қорғау болжамы; криминалистикалық болжам; қорғаушы; күдікті; қылмыстық іс жүргізу; криминалистика.

*В статье автор затрагивает проблемы использования криминалистических тактических приемов защитником при защите прав и интересов подозреваемого. Кроме того, также проанализированы концепции защиты участников уголовного процесса.*

**Ключевые слова:** прогноз защиты; криминалистический прогноз; защитник; подозрительный; уголовный процесс; криминалистика.

*In the article, the author catches the problem of using criminalistic tactics while defending a subordinate lawyer. Also, the concept examined the concept.*

**Keywords:** prognosis protection; criminalistic prediction; defender; submissive; crushing process; criminology.

Адвокат-қорғаушының мақсаттар мен міндеттерді дұрыс айқындауы қорғау жағдайын туғызатын субъективті және объективті факторларды бағалауға себепші болады. Адвокат-қорғаушы қорғау болжамы деп аталуы мүмкін өз болжамын ұсынатынын толық сеніммен айтуға тиіспіз. Қорғаушы соттағы сөзінде сот тергеуінде мәлім болған деректерді келтіреді, бұларға баға береді, бір дәлелдемелерді сынаса, екіншілерінің сенімділігін дәлелдейді, фактілерді түсінуі негізінде сұлбалар салады, өз болжамын ұсынып, көбінесе айыптау нәтижесімен келіспейтін қорытындылар жасайды. Біздің түсінігімізше, қорғау болжамы кәсіби қорғау тактикасымен бірге криминалистика жүйесіне кіреді. Криминалистік болжам туралы ілім жеткілікті түрде зерттелгеніне қарамастан, қазіргі уақытқа дейін ғылымда кейбір айқындамалар бойынша

ортақ пікірге келушілік жоқтың қасы. Сондықтан қорғау болжамына қатысты көзқарасымызды негіздеу алдында криминалистік болжамдар жөніндегі проблемаларды талдау және айқындау қажет деп білеміз.

Криминалистік болжам туралы ілім — криминалистиканың жеке теориясы. Латынша «болжам» қандай да бір деректі, оқиғаның бірінен бірінің айырмашылығын баяндайтын немесе түсіндіретін ұғым. Болжамның сыныпталуын тұңғыш ұсынған П.И.Тарасов. Ол оны қылмыстық оқиғаның мәнісі және қылмыс сипаты, қылмыс жасаудың тәсілі мен амалы, қылмыс жасаған адам, кінәнің сипаты және қылмыс жасаудың себеп-салдары деп бөлуді негізге алды. Бұдан әрі криминалистік болжам мен жоспарлау туралы ғылым түрін өзгертіп, мазмұнмен толықты. Криминалистік болжам ұғымын логикалық, мазмұндық және қызметтік аспектілерге бөлуге болады. Соның ішінде логикалық аспект ойлау жемісі болжамының мәнін айқындап, оның табиғатын белгілейді [1].

Қорғау болжамы криминалистік болжамның бір түрі болумен байланысты соның барлық белгілерін бойына жинақтаған. Қорғау болжамы қорғау тактикасының міндетті элементін көрсете отырып, криминалистік болжамның жалпы қызметін атқарумен бірге мынадай ерекше қасиеттерге ие:

- ұсыну және тексеру субъектісі — қорғау тарабының өкілі;
- қорғау болжамының ұсыну объектісі — айыптауды жұмсартатын немесе жоққа шығаратын жағдайлар;
- болжам — қорғау ұсынылатын және тексерілетін қызмет түрі;
- болжамды ұсыну және тексеру мақсаты — айыптау болжамын жоққа шығару немесе өзгерту;
- ұсыну негіздемесі — іс жүргізу және іс жүргізбеу жолымен алынған нақты деректер, негіздемеде шектеудің болмауы;
- ұсыну мен тексеру нысандары және тәсілдері — заңмен рұқсат етілген іс-қимылдар және болжамды ұсыну тәсілдері (қалау тілек өтініші), адвокат-қорғаушы өкілеттігімен шектелуі [3].

Ұсыну және тексеру болжамының шынайы субъектісі кәсіби қорғаушы болып табылады, ол болжамды ұсынуға және тексеруге міндетті. Мұның соңғысы оның қызметіне және кәсіби міндетіне кіреді. Сауал алынған адвокаттардың 73 пайызы қылмыстық іс бойынша болжамдарын ұсынатынын айтқан. Айыпталушы ұсыным жасау және оларды тексеруге міндетті емес.

Сайып келгенде, қорғау болжамы — бұл қорғау тарабы өкілінің ғылыми болжам түріндегі нақты деректерге негізделген, қылмыстық іс бойынша қорғау барысында ұсынған және тексерілген ой тұжырымы.

Адвокат-қорғаушының түрлі жағдайларда шешім қабылдау және іске асыру үдерісі.

Кәсіби қорғау тактикасын жүзеге асырудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- заңдылық;
- жағдайлылық;
- болжамдау ұстыны;
- жоспарлылық;
- өсіңкілік;
- эпикалық.

Бұл ұстындар бір-бірімен өзара байланысты және өзара келісімді. Олардың әрқайсысы алдымен басшылық идеяны, тәртіптің негізгі ережесін алға тартады, сондықтан да қағидаттың барлық талабына жауап береді.

Кәсіби қорғау тактикасын жүзеге асырудың негізгі ұстындарына біршама толығырақ тоқталалық.

Заңдылық қорғау тактикасын жүзеге асыру ұстыны ретінде адвокат-қорғаушының бүкіл қызметінің бірыңғай қағидаты болып табылады. Ол барлық ұстыннан өтуі тиіс. Бұл ұстын мақсат пен міндетті таңдауда, қорғау құралдары мен тәсілдерін таңдауда әрекет етеді. Ұстынның көптеген ережелері қылмыстық іс жүргізу және жалпы заңнамада заңды түрде бекітілген [3].

Жағдайлылық. Адвокат мақсат пен міндетті қоярда, тәсілдерді таңдау және оларды шешуде, жүзеге асыруда қызмет жағдайын есепке алып отыруы тиіс. Бұл ұстынға нұқсан келтіру тиімділікті кемітіп қана қоймай, келеңсіз жағдайға ұрындыруы мүмкін. Адвокат қорғаудың ағымдағы жағдайы туралы ақпаратқа тұрақты түрде назар аударуы қажет. Түскен барлық ақпараттың қорғау үшін маңызды дегенін талдап, таңдайды. Бұл ақпарат психологияда «шынайы картина», ал инженерлік психологияда «концептуальдық үлгі» деп аталады. Осы үлгі болжамдау (ғылыми болжам, болжамды ұсыну), оларды тексеру және бағалау үшін негіз ретінде қызмет етеді. Үлгіні ұсыну шығармашылық сипат алып, шешім қабылдау теориясында атап көрсетіледі.

Болжамдау ұстыны іс-қимылдың мүмкін болатын салдарын алдын ала білу қажеттілігін және дамудың кез келген жағдайында соңғы нәтижесін көрсетеді. Болжамдау мәселелері қылмыснама мен криминалистикада қаралған. Болжамдау іс бойынша қорғау болжамын ұсыну нысанында, ғылыми болжам іс-қимыл барысы мен нәтижесінде пайда болады. Адвокат қорғаудың басынан бастап іс бойынша барлық ақпаратты дұрыс талдауы, жағдайдың өріс алуы жөнінде мүмкін болатынды алдын ала білгені жөн. Болжам мен ғылыми болжамды ұсыну үдерісінде оларға бақылау жасау мен тексеру қажеттілігі туындайды.

Жоспарлылық ұстыны. Қорғаушы неге қол жеткізуі тиіс екенін анықтап алуы тиіс. Мақсат жағдайға негізделуі тиіс. Заңмен бекітілген дерексіз мақсатпен қатар адвокат осы айыптау, сезіктену бойынша іске қатысу мақсатын нақтылауы керек. Сөйтіп, жағдайды талдауда стратегиялық міндеттерді, тактикалық міндеттерді белгілейді. Алайда, осының бәрін адвокат-қорғаушы қызметінің жоспарлауынсыз жүзеге асыру мүмкін емес.

Қорғаушы қызмет жоспары нәтижесінде барлық іс-қимыл мен құралды бір мақсатқа бағындырады. Жоспар іске кірісу басталар алдында жасалады. Егер мақсатта тек қызмет нәтижесі көрініс тапса, жоспарда атқарылатын қызметтің объективтік және субъективтік жағдайлары негізге алына отырып, іске асыру стратегиясы мен тактикасы баяндалады. Жоспарлаудың көптеген тәсілдері бар, соның ең қолайлысы — бағдар бойынша жұмыс. Жоспарлаудың бұл деңгейі қылмыстық іс бойынша теория мен тәжірибені әлі меңгере қоймаған жас адвокаттарға тән. Жоспарлаудың жоғары дәрежесі — бұл үлгі бойынша жұмыс.

Өсіңкілік ұстыны. Қорғаушы қызметі қорғау жағдайымен байланысты үнемі қозғалыста болады. Стратегия қорғауға тән, бірақ тек бастапқы кезеңде қолданылады. Адвокат-қорғаушы қызметінде қорғаудың аяқ астынан өзгеруіне орай стратегия мен тактика толықтай өзгеріске ұшырауы мүмкін, ал мұның өзі адвокат назарын шоғырландыруды, оңтайлы ілтипатқа алуды қажет етеді. Демек, өсіңкілік (қозғалыс) тиімділіктің аса маңызды шарты болып табылады.

Этикалық ұстын. Адвокат-қорғаушы қызметіндегі этика проблемасы іс жүргізу аспектімен тығыз байланысты. Адвокат әрдайым этикалық қалыпты қолданады. Этикалық ұстын туралы ауызға алғанда, адвокаттың тактиканы қолдану барысында рухани (адамгершілік) және этикалық қалыпты бұзбауға тырысуы қажет екенін еске салмақпыз. Бұл ұстын «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР заңының 3-бабының 4-тармағында бекітілген адвокат қызметі қағидатының құрамдас бөлігі болып табылады.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Аубакиров А.Ф. Криминалистика: Криминалистическая техника // Алматы, 2002
2. Закон Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности» от 5 декабря 1997 года N 195 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 17.01.2014 г.)
3. Канафин Д. К. Совершенствование правового статуса адвоката в свете разработки нового уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан // Юрист. - 2012. № 12. С. 47-55.

#### ОӘЖ 343.14

Кемельжанов Дидар

2 курс магистранты Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

#### ТАНЫМ ТЕОРИЯСЫ МЕН АҚИҚАТ ҰҒЫМЫ

*Осы мақалада қылмыстық іс жүргізу құқығындағы таным теориясы мен ақиқат ұғымы берілген.*

*Түйін сөздер:* сот дәлелдемелер теориясы, таным теориясы, ақиқат.

*В настоящей статье даны понятия теории познания и истины в уголовном процессе.*

*Ключевые слова:* теория судебных доказательств, теория познания, истина.

*In this article, the concepts of the theory of knowledge and truth in the criminal process are given.*

*Keywords:* theory of judicial evidence, theory of knowledge, truth.

Ақиқат (шындық) – таным теориясының негізгі категориясы, адам ойының өмір шындығымен сәйкестілігі. Ақиқат — танушы кісінің объектіні дұрыс, дәл бейнелеуі, адам санасынан тыс және тәуелсіз күйінде, өмір сүрген қалпында көрсетуі.

Қылмыстық іс жүргізу дәлелдеудің мақсаты іс бойынша ақиқатты айқындау болып табылады. Профессор Б.Қ. Төлеубекованың пікірі бойынша: «Қылмыстық сот өндірісіндегі ақиқат өткен оқиғаны дәлелдеу процесінде материалдандырып, дәлелдемелердің күшімен ойша қалпына келтіру арқылы қол жеткізу табылады» [1,б.11].

Ақиқат категориясы білімнің затқа сәйкес келуін ғана емес, танымдық қызмет тәсілін де сипаттайды. Объективті ақиқат - білімінің адамға да, адамзатқа да тәуелсіз мазмұны. Ақиқат - салыстырмалы, себебі ол ішкі қайшылықта үнемі дамып, толықтырылып, тереңдетіліп, түзетіліп отыратын процесс. Абсолюттік ақиқат - затты толық сипаттайтын, таным дамуында теріске шығарылуы мүмкін емес мызғымас ілім. Салыстырмалы ақиқат пен абсолюттік ақиқат диалектикалық байланыста. Салыстырмалы ақиқатта абсолюттік ақиқаттың ұшқыны бар, ал абсолюттік ақиқат салыстырмалы ақиқаттың жиынтығы негізінде құралады.

Таным процесінде ақиқатқа жету өте қиын іс. Ежелгі грек өкілі Гераклит табиғат өз сырын жасыруды жақсы көреді деген еді. Демокрит ақиқатты тану жолындағы сезімдік тану ақпарат беру



қызметін ғана атқарады, тек ақыл-ой араласқанда ғана ол өз дәрежесіне көтеріледі, - деп білді. Пайымдаудың ақиқаттығы не жалғандығы туралы мәселе өмір тәжірибесінде шешіледі. Практика - ақиқаттың өлшеуіші, яғни ол дүние туралы біздің таным-білімдеріміздің ақиқаттығын дәлелдейді. Ақиқатты таным-білім мен өмір шындығының сәйкестілігі ретінде түсіну (корреспонденциялық принцип) ерте заман өкілдерінен, мысалы, Аристотельден басталады да, Жаңа дәуір философиясында, Бэкон, Спиноза, Дидро, Гольбахтардың ілімдерінде одан әрі өз жалғасын табады. Платонның ұғынуында ақиқат - идеялардың өзгермейтін абсолюттік қасиеті болып табылады.

Ақиқат дінде құдаймен (хақ тағаламен) байланыстырылады. Бұл сөздің өзі де (арабша «һәққ» — шындық; әділдік; парыз; міндет); құдай мәнін білдіретін түбір сөзден туындаған («һәқиқат»). Йасауи мазһабы (жолы) өзі «қал» және «хал» деп атаған екі ілімнің тұтастығын белгіледі. «Қал» ілімі тек сана-сезіммен танылатын Йасауи мазһабының теориялық білім жүйесін қамтыды. Бұл ілім бойынша адам жаратушы хақ тағаланың тұтастық ұғымындағы бір бөлшегі ретінде қарастырылады. Осы тұтастыққа жету, сіңу (фәнә), бірігу (таухид) мақсатында адамның өмір мәні белгіленді. Адам хақтың бір бөлшегі ретінде рухани және өтпелі кезеңге тән нәпсілік қасиеттердің басын біріктіргендіктен, азапты сынақтан өтіп, абсолютті кемелдікке жетуі қажет. Сонда адам жан, тән азабын кешу арқылы нәпсілік қасиетін жеңіп, рухани пәктігін сақтап қалса ғана хақпен бірігіп (таухид), хақ дидарын көріп, ақиқат мәнін түсіне алады. Йасауи мазһабының «хал» ілімі хақ жолындағы белгі, нышандарды танытатын амал-әрекеттер жиынтығын қамтиды. Бұл ілімде хақ жолындағы 40 мақамның 10-ы — шариғатта, 10-ы — тарихатта, 10-ы — мағрифатта, 10-ы — ақиқатта деп белгіленіп, әр кезеңнің мағынасын құдайға деген махаббат арқылы сезінуге көңіл бөлінді. Хақ жолындағы адам белгіленген тәртіппен шариғат — жабарут, тарихат — малакут, мағрифат — лахут, хақиқат — насут шеңберін айналып өткенде хақпен рухани қатынас туады. Хақпен бірігуде адам өзінің адамдық қасиетін белгілейді, бұл лахут-насут арақатынасын теңестіруден көрінеді. Йасауи мектебі дәстүрінен тамыр алған нақшбандийа, иканийа, бекташийа секілді сопылық ағымдар да ақиқатты танып білуде хақпен бірігу (таухид) жолын ұстанды.

Неміс классик философтары (Фихте, Гегель) Ақиқатты білімнің дамуы тұрғысынан қарастырды. Ал қазіргі батыс философтарының бір ағымы — экзистенциализм өкілдері ақиқатты даралықтың психологиялық ахуалы деп талқылайды.

Ақиқатты танып-білу процесі — тарихи, қарама-қайшылықты, шексіз процесс. Ақиқат тереңде жатады. Оны ұғынудың қиындығы да сонда. Қазақтың ғылым туралы «инемен құдық қазғандай» деген мақалы ақиқатқа жетудің мәнін де жақсы ашып береді.

Таным дегеніміз - сыртқы заттар мен құбылыстардың, олардың қатынастарының адам санасында идеалды образдар жүйесі ретінде бейнелеуінің қайшылыққа толы күрделі процесі.

Субъект ұғымы адамның биологиялық емес, әлеуметтік мәнін білдіреді. Қоғамнан тысқары адам жоқ, олай болса, таным субъектісі де болмайды. Танымның субъектісі деп жеке адамдарды, таптар мен әлеуметтік топтарды, тұтас тарихи нақтылы қоғамды айтуға болады. Таным объектісі деп – материалдық және рухани дүниенің қоғаммен практикалық және теориялық тұрғыдан қарым-қатынасқа түсетін, нақты тарихи іс-әрекет барысында субъекті игерген бөлігі. Практика дегеніміз – адамдардың табиғаттағы және қоғамдық құбылыстарды нысаналы түрде өзгертуге бағытталған қоғамдық және материалдық қызметі.

Сезімдік таным дегеніміз: көру, есту, сезіну, арқылы жүзеге асыратын танып-білу. Таным процесінің қандай да болсын материалдық заттардың сезім мүшелеріне ықпал етуі нәтижесінде туатын негізгі үш формада: түйсік, қабылдау және елестету арқылы жүзеге асырылады. Елестету дегеніміз – қазіргі сәтте сезім мүшелеріне тікелей әсер етпейтін, бірақ бұрын олар белгілі бір формада қабылданған заттың сезімдік бейнесі. Ойлау – адам миының ең жоғары қызметі, сыртқы дүние заттарын, олардың маңызды жақтарын, байланыстары мен қатынастарын аралық, дерексіз және жалпылама түрде бейнелейтін қызмет. Ұғым дегеніміз – логикалық ойлаудың аса маңызды элементі. Ұғым заттар мен құбылыстарды олардың жалпы және маңызды белгілері түрінде бейнелеу болып табылады. Ұғым сияқты, пікірде заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстар мен қатынастар бөлшектенген және кеңінен жинақталған түрде бейнеленеді. Пікір дегеніміз-қандай да болсын бір зат жайында бірнәрсе мақұлданылатын немесе теріске шығарылатын ой.

Ақиқат дегеніміз - біліміздің бізден тысқары тұрған объектіге сәйкес келуі, оның санамызда дәл көрініс тауып, бейнеленуі. Зерттеліп отырған объект жөніндегі толық емес білімді – салыстырмалы ақиқат, ал толық және дәл білімді – абсолюттік ақиқат деп атайды. Ақиқаттың өлшемдері. Ақиқат дәлелдеуді қажет етеді. Олар үшеу: сезімдік, рационалдық және практикалық.

Ғылыми танымның әдістері мен формалары. Ғылыми танымның барлық әдістерін үш түрге бөлуге болады: 1) жалпылама диалектикалық әдіс. Ол болмыстың барлық жақтарын зерттеуге және таным процесінің барлық кезеңдерінде қолданылады; 2) жалпы ғылыми әдістер. Олар барлық ғылымның саласында пайдаланғанмен, таным процесінің барлық кезеңінде қолданыла бермейді; 3) жеке әдістер. Ғылыми танымның жалпы әдістері мен түрлерін қарастыру үшін эмпириялық және теориялық деңгейдің өзіндік ерешеліктері мен әдістері бар. Эмпириялық деңгейде таным объектісінің қасиеттері мен қырлары

сезімдік қабілет тұрғысынан қабылданады. Теориялық деңгейде таным объектісінің маңызды байланыстары мен заңдылықтары тәжірибе негізінде алынған біліммен қоса абстрактілі ойлау нәтижесінде тұжырымдалады. Ғылыми танымның эмпириялық деңгейінде кең қолданылатын ең қарапайым әдіс бақылау деп аталады.

Эксперимент және бақылау. Ежелгі Шығыс елдері мен Ертедегі Грекияда жаратылыстанымның қалыптасу дәуіріндегі ерекшелігі пассивті бақылаумен, пайымдаумен сипатталады. Эксперимент – ғылыми тәжірибе деп аталады. Модельдеу дегеніміз – эксперименттің бір түрі бірақ мұнда объектінің өзі емес, оның орнын басатын модель зерттеледі. жүйе, яғни құбылыс.

Ғылыми таным процесінде анализ (талдау, саралау) және синтез (қиыстыру, біріктіру) әдістері үлкен рөл атқарады. Зерттелуге тиіс объектіні ойша түрлі құрамдас бөліктер мен жақтарға бөліп қарастыруды, сол негізде оның түрлі қасиеттерін, ішкі байланыстарын анықтау әдісін анализ деп атайды. Жекеленген тұжырымдар негізінде жалпы қорытынды жасауды индукция әдісі деп аталады. Бұған керісінше, нәтижеден кері қарай жүріп жеке-жеке тұжырымға келу дедукция деп атайды. Зерттеліп отырған объектіні жан-жақты даму үстінде қарастыру үшін тарихи және логикалық әдістер қолданылады. Тарихи әдістің мәні объектінің пайда болу, қалыптасу және даму жолын тарихи тұрғыдан барлық бұрылыстары мен кездейсоқтықтарын ескере отырып, даму кезеңдерін хроникалық ретпен зерттеп шығуға келеді. Логикалық әдіс тарихи процестің басты мазмұнын, өзегін қамтиды. Осы заманғы ғылыми танымда жүйелік-құрылымдық әдіс кең қолданылады. Бұл әдіс зерттелетін объектіні өте күрделі, өзіне тән құрылымы, құрамындағы элементтердің жүйелі байланысы бар құбылыс ретінде қарастырылады. Үлгілеу әдісі мен жүйелілік принципі. Танымдық әрекетте және әсіресе ғылыми зерттеуде ең кеңінен таралған тәсілдің бірі гносеологиялық алмастыру болып табылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть общая: Академический курс. /Под ред. д.ю.н., профессора Б.Х. Толеубековой. Книга вторая. – Алматы: ТОО Издательская компания «НАС», 2004. – 428 с.

УДК 347

Көбенов М.А.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің, Заң факультеті, 6М030100-Құқықтану мамандығының 1 курс магистранты

### ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІНДЕ ЖӘБІРЛЕНУШІГЕ ЗИЯНДЫ ӨТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада қылмыстық сот өндірісінде жәбірленушіге келтірілген зиянды өтеудің өзекті мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, автор жәбірленушіге зиянды өтеу қорында өтемақының мөлшеріне талдау жасаған.

**Түйін сөздер:** жәбірленуші; қылмыстық сот өндірісі; зиянды өтеу қоры; қылмыстық процестегі азаматтық талап.

*В данной статье автор рассматривал вопросы возмещения вреда потерпевшему в уголовном судопроизводстве. А так же автором были затронуты проблемные вопросы создания фонда возмещения вреда.*

**Ключевые слова:** потерпевший; уголовное судопроизводство; фонд возмещения вреда; гражданский иск в уголовном процессе.

*In this article, the author considered issues of compensation for harm to the victim in criminal proceedings. And the author also touched upon the problematic issues of the fund for compensation of harm.*

**Keywords:** victim; criminal proceedings; a compensation fund for harm; civil suit in criminal proceedings.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа жаңа заң – Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік Кодексі енгізілді. Азаматтық талапты қылмыстық процесте қарау тәртібі аталған Кодекстің 20-тарауында, дәлірек айтсақ оның 166-173 баптарымен қарастырылған.

Қылмыстық процестегі азаматтық талап - ол жеке және заңды тұлғаның қылмыстан келген мүліктік залал мен моральдық шығынды өндіру туралы айыпталушы немесе оның әрекеті үшін жауап беретін адамға қылмыстық іс өндірісі барысында қоятын талабы.

Азаматтық талапты қылмыстық іспен бірге қарау, қылмыспен немесе есі кіресілі-шығасылы жағдайдағы адамдардың қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетімен өздеріне моральдық, күш қолдану арқылы немесе мүліктік зиян келтірген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін дер кезінде қорғаудың кепілі болып табылады [1].

Айыпталушы ретінде жауапқа тартылатын адамның анықталмауы қылмыстық істе азаматтық талап қоюға бөгет бола алмайды. Азаматтық талап тек жазбаша түрде, яғни талап арызды беру арқылы ғана

қойылуы мүмкін. Азаматтық талапты қарау туралы өтініш сондай-ақ жеке айыптау ісін қозғау туралы шағымда да көрсетілуі мүмкін.

Қылмыстық істе қойылған азаматтық талапты қарау кезінде зиянды өтеу негіздемелері, шарттары, көлемі және әдісі азаматтық, еңбек және басқа да заңдардың нормаларына сәйкес белгіленеді. Азаматтық талап қойғаннан соң ол адам талапкер деп танылады.

Азаматтық талап қылмыстық процесті жүргізіп отырған органның қаулысымен азаматтық талапкерлер деп танылуға тиіс айыпталушыға (сотталушыға) немесе есі кіресілі-шығасылы жағдайдағы адамның қоғамға қауіпті әрекетімен оларға келтірілген зиян үшін жауапкершілік көтеретін адамдарға қойылады.

Егер алдын ала тергеу кезінде адамдар негізсіз азаматтық талапкер немесе азаматтық жауапкер болып танылғаны анықталса онда сот басты сот талқылауын тағайындау барысында өз бастамасымен немесе тараптардың өтініші бойынша ол адамдардың азаматтық талапкер немесе азаматтық жауапкердің процессуалдық жағдайында болуын тоқтату туралы тиісті қаулы қабылдауы тиіс.

Алдын ала тергеу органдарымен азаматтық талапты қамтамасыз ету шаралары қолданылмаған жағдайда сот тиісті қаулы қабылдап, тыйым салынған мүлікті сақтау жөнінде шара қолдануды қылмыстық ізге түсу органдарына міндеттей алады [3].

Қылмыстық іс бойынша анықталған мән-жайлардан туындайтын басқа да азаматтық талаптар, мысалы: жерлеуге, зардап шеккен адамды емдеуге кеткен шығындар қылмыстық іспен қоса бір өндірісте қаралуға жатады. Жерлеуге қатысты шығыстарды өндіргенде соттар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі №9 «Соттардың денсаулыққа келтірген зиянды өтеу жөніндегі Республика заңдарын қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 12-тармағын басшылыққа алулары керек, өйткені онда соттар өтелуге тиіс жерлеу шығындарына жерлеуге тікелей қатысы бар қажетті шығындар (табыт жасауға, өлген адам үшін киім, венка сатып алуға, зират қазуға, марқұмды жерлеу орнына жеткізу және т.б. арналған шығындар) ғана жататынын ескеруі қажет, ескерткіш пен қоршау орнатуға арналған шығындар да өтелуге тиіс, бұл орайда оларды әзірлеудің нақты сомасы алынады, бірақ ол сол жерде орнатылған стандартты ескерткіштер мен қоршаулардың шекті бағасынан аспауға тиіс, ас беруге байланысты шығындарды өтеу кезінде спирт ішімдіктерін сатып алу үшін жұмсалған шығындар өтелуге жатпайды деп көрсетілген.

Азаматтық талаптан бас тарту туралы арыз жазбаша түрде беріледі, ал ондай талап сот отырысында ауызша берілсе онда ол сот отырысының хаттамасына түсірілуі тиіс. Талапкер азаматтық талаптан бас тартқан жағдайда қылмыстық процесті жүргізіп отырған орган оған азаматтық талаптан бас тарту салдарын түсіндіруге міндетті және талаптан бас тартуды қабылдау немесе қабылдамау мәселесі бойынша дәлелді қаулы шығарады.

Азаматтық талап бойынша жан-жақты есепті қылмыстық істі тергеуді кейінге қалдырмай жүргізу мүмкін болмаған кезде сот азаматтық талапкердің талабын қанағаттандыру құқығын танып, оның мөлшері туралы мәселені азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен соттың қарауына бере алады.

Мұндай жағдайда азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарау кезінде талапты қанағаттандырудан бас тартуға немесе талапты қараусыз қалдыруға құқылы емес, себебі соттың талапты қанағаттандыруға құқықты танытын заңды күшіне енген үкімі азаматтық істі қарауы кезінде осы бөлігінде міндетті болып табылады.

Қылмыс оқиғасы анықталмаса не сотталушы адамның қылмысы дәлелденбесе азаматтық талапты қанағаттандырудан бас тартылады, ал сотталушы қылмыс құрамының болмауына байланысты ақталған жағдайда талап қаралмайды. Азаматтық талап сонымен қатар қылмыстық іс рақымшылық актісі бойынша қысқартылғанда, қылмыстық жауапкершілікке тартудың мерзімі өткенде қараусыз қалдырылуы мүмкін [4].

Еліміздің тәуелсіздік алғанға дейінгі қолданыста болған Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысында егер сотталушы материалдық залалды ісі жеке өндіріске бөлінген басқа адаммен бірігіп жасаса, сот залалды қайтару міндетін толығымен сотталушыға жүктейді, ал кейіннен ісі жеке өндіріске бөлінген адамға қатысты айыптау үкімі шығарылған кезде, сот оған залалды бұрынғы сотталғанмен ортақтасып қайтаруды міндеттеуге құқылы екендігі көрсетілген, ал қазіргі қолданыстағы нормативтік қаулыда бұл мән-жай мүлде ескерілмеген. Бірақ, сот тәжірибесі көрсеткендей осындай мәселелер туындағанда соттар жоғарыдағы тәртіпті ұстанады, онымен келіспеуге негіз жоқ.

Ендеше, осы олқылықтың орнын толтыру үшін аталған нормативтік қаулыға толықтыру енгізіліп, онда жоғарыдағыдай жағдайда қаралатын істер бойынша азаматтық талаптың өндірілу жолы нақты көрсетілгені дұрыс сияқты, себебі мұндай жайттар сот практикасында көптеп кездеседі.

Қолданысқа енгізілген заңды бұрынғы заңмен салыстырсақ онда айтарлықтай өзгерістер байқалмайды, тек заңның 169-бабында талап арызды қайтару туралы бұрынғы заңда көзделмеген мән-жай қарастырылған. Атап айтсақ заңның 169-бабына сәйкес азаматтық талапкер қылмыстық процестің кез келген сатысында талап арызды қайтарып алу туралы мәлімдеуге құқылы [5]. Талап арызды қайтарып алу

туралы мәлімдеме жазбаша түрде беріледі және қылмыстық іске қоса тігіледі. Егер талап арызды қайтарып алу туралы мәлімдеме сот отырысында мәлімделсе, онда ол сот отырысының хаттамасына енгізіледі.

Жаңа заңның айтулы өзгешелігінің бірі, онда жәбірленушілерге зиянды өтеу қорының қарастырылуы, ол заңның 173-бабында көзделген. Мұндай қор бұрынғы қолданыстағы заңда болмаған. Заңға сәйкес, қылмыстық қудалау органының қаулысымен жәбірленушілер болып танылған тұлғалардың жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы заңнамалық актіде көзделген жағдайларда, тәртіппен, мөлшерлерде және мерзімдерде осы қордан мемлекеттік ақшалай өтемақыны кейінге қалдырмай толық не ішінара алуға құқығы бар.

Мемлекеттік өтемақыны кейінге қалдырмай алуға құқығы бар жәбірленушілердің санаты жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы анықтамалық актіде айқындалады.

Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы заңнамалық актіде айқындалған төлем мөлшерінде жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры төлеген ақшаның орнын толтыру міндетін сот үкіммен: 1) кінәлі адамға; 2) кінәлі деп танылған кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдеріне; 3) жеке тұлғаның қылмыстық жазаланатын іс-әрекеті мен келтірілген зиян үшін заңға сәйкес материалдық жауаптылықта болатын заңды тұлғаға жүктейді.

Егер адам бір мезгілде бірнеше қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттерді жасауда кінәлі болып танылса, төлем олардың неғұрлым ауыры негізге алына отырып есептеледі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Загидулин М.Р., Хадиева Г.Н., Хрунова И.В. Гражданский иск в уголовном процессе – средство защиты прав потерпевших. Научно-практическое пособие / Отв. Ред. Р.Г. Вагизов. – Казань, 2003; Уголовный процесс России: Учебник / А.С. Александров, Н.Н. Ковтун, М.П. Поляков, С.П. Сереброва; Науч. ред. В.Т. Томин. – М., 2003. С.130-131.

2. Рудинский Ф.М. О праве жертв преступлений и злоупотребления властью на защиту // Проблемы обеспечения прав личности в современных условиях. Волгоград: ВСШ МВД РФ, 1992. С. 5–6; Смирнов С.В. Проблемы реализации в уголовном процессе права на возмещение ущерба, причиненного преступлением, в условиях перехода государства к рыночной экономике. Дис... канд. юрид. наук. Нижний Новгород, 994. С.21-23.

3. Мазалов А.Г., Савицкий В.М. Нерешенная проблема возмещения вреда потерпевшему от преступления // Правоведение. 1977. №3. С. 47; Вавилова Л.В. Организационно–правовые проблемы защиты жертв преступлений (по материалам зарубежной практики). Дисс. ... канд. юрид. наук. - М., 1995; Багаутдинов Ф.Н. Обеспечение имущественных прав личности при расследовании преступлений. - М.: Юрлитинформ. 2002. С.113.

4. Понарин В.Я. Производство по гражданскому иску при расследовании уголовного дела. Дисс... канд. юрид. наук. - Воронеж 1975. С.68.

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.

**ОӘЖ 343.9.01.**

**Кусаев Р.**

*ҚазИГЗУ ЗФ ҚПК «Заңтану» мамандығы бойынша 2 курс магистранты*

### КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҒЫНЫҢ ДЕТЕРМИНАНТТАРЫ

*Мақалада қазіргі замандағы кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының алдын алу мәселелері қарастырылады. Автор кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының детерминанттарын анықтап, бала құқықтарының қорғалуының жолдарын ұсынады.*

**Түйін сөздер:** кәмелетке толмағандар, құқық бұзушылық, бала құқығы.

*В данной статье автор рассматривает профилактику уголовных правонарушений среди несовершеннолетних, а также устанавливает детерминацию преступности несовершеннолетних и пути защиты прав лиц не достигших совершеннолетия.*

**Ключевые слова:** несовершеннолетний, уголовное правонарушение, права ребенка.

*In this article, the author considers the prevention of criminal offenses among minors, as well as the regulation of juvenile delinquency and ways to protect the rights of persons underage.*

**Keywords:** minor, criminal offense, child's rights.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің халыққа жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясын ұсынған болатын [1]. Ал «Мәңгілік Ел» идеясының жүзеге асуы өсіп келе жатқан жастармен тікелей байланысты. Сондықтан мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі - өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін, дінін қастерлейтін және оны жалпы адамзаттық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін елжанды тұлға тәрбиелеу.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстармен кәмелетке толмағандардың өздері жасаған қылмыстар арасында өзара жоғары байланыстылықтың (корреляция) бар екендігі криминологтармен дәлелденген.

Көпшілікке мәлім болғандай кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы үлкендер қылмыстылығының резерві болып табылады. Ол болашақ рецидив пен кәсіби қылмыстың негізгі сипаттамасын және динамикасын анықтайды.

Е.І. Қайыржановтың көзқарасы бойынша, егер қылмыстылық – зұлымдық болса, онда кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы – он есе ұлғайтылған зұлымдық [2, б б.]

Зерттеушілердің дәлелдеуі бойынша, жасөспірім тым ерте жастан бастап қоғамға қарсы теріс қылықтар мен қылмыстар жасай бастаса, олар соғұрлым аса қауіпті қылмыскер болу мүмкіндігі жоғары болады.

14-29 жас аралығындағы қазақстандықтардың қылмысы еліміздегі қылмыстардың 59% құрайды [3, 126 б.].

«Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы және міндеті», - деп Қазақстан Республикасының 27 бабында белгіленген [4]. Ал жанұядағы ауыр психологиялық жағдай жасөспірімді көшеге қаратып, қылмыс жасау жолына итереді. Басқа да жанұялар, ата-аналары бар уақыт пен күштерін мансапқа жетуіне жұмсап, балалары ештеңеден тапшылық көрмей, ішіп-жеп өссе, сол оған жеткілікті деп ойлайтындар кездеседі. Бала бос уақытын қалай өткізеді, оның қандай қызығушылығы бар, кіммен достасып жүргеніне бақылау жасауға қолдары тимей, баласына көшеден үлкен аға-тәтелер «қамқоршы» болғандарын байқамай қалады.

Кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстардың 80%-ын пайдақорлық және пайдақорлық-зорлық ауыр қылмыстар құрайды. Сондай-ақ оған кейбір жағдайларда тағылық, шектен тыс қатыгездік белгілері де тән. Бұл қылмыстардың көпшілігі бірге қатысу (көбіне қоса орындау түрінде) арқылы, әсіресе, топ болып жасалады (жартысына жуығы), бұл жеткіншектердің психикалық ерекшеліктерін көрсетеді. Олардың тарапынан жасалатын қылмыстардың шамамен әрбір үшіншісі үлкендермен бірлесіп жасалады.

Сонымен қатар жасөспірімдер тоталитарлы секталар мен экстремистік топтарға көптеп тартылуда. Кәмелетке толмағандардың қылмысының 70%-ға жуығы топ болып бірігу арқылы жасалады да, 16-17 жастағылардың қылмысқа қатысуы жоғары деңгейде болуда.

Ал жасалған қылмыстың шамамен 90%-ы ұлдардың үлесіне тисе, 10%-ын қыздар құрайды.

Кәмелетке толмағандардың қылмысының негізгі ерекшелігі оның жоғары латентті болып табылуында.

Кәмелетке толмағандардың қылмысының кешенді себептерін экономикалық, әлеуметтік-психологиялық және мәдени-рухани құбылыстар мен жағымсыз процестер құрайды. Олар ең алдымен жанұядағы, мектептегі және бос уақытын өткізудегі кемшіліктермен тығыз байланысты болып келеді.

Қазіргі кезде қылмыстық құқық бұзушылық адамзаттың ең басты қазынасының бірі – біздің өсіп келе жатқан жасөспірімдеріміздің қалыптасып келе жатқан сана-сезіміне де араласа бастады. Көпшілікке белгілі болғандай жағымсыз әрекеттер көбінесе адамның санасына таным арқылы енгізіледі.

Санаға енгізілген ақпаратты адамның анықтауы және бағалауы көп жағдайларда мүмкін болмайды:

- кішкентай бүлдіршіндерге олардың танымына әсер ететін мультфильмдер арқылы;
- қыздарға әдемі өмірге жетуді насихаттайтын журналдар арқылы;
- ұл балаларға табысқа күш қолдану пен криминал арқылы жетуге болатынын насихаттайтын детективтер және атыс-шабыс кинолар арқылы насихатталады.

Отбасында балаға деген көңілдің дұрыс аударылмауы себебінен мектептегі жағдайыда нашарлай түседі, бірақ олар өздері сияқты құрдастарының ортасында өздерін жақсы сезінеді.

Балалар адам кейпінен кеткен үлкендер тарапынан жасалатын қорлыққа төзе алмағандықтан үйлерінен қашады. Осындай адам төзгісіз қорлықты көбінесе ата-аналары жасайды екен.

Кейінгі кездері жағдайы нашар балалардың мәселесіне баспасөз ақпарат құралдары мен жергілікті басқару органдары көңіл бөле бастады.

2015 жылы кәмелетке толмағандардың девиантты мінез-құлқына және оның қылмыстық құқық бұзушылықпен байланыстылығына зерттеу жұмыстары жүргізілді. Әртүрлі сауалнамалар мен сұрақ парақтары арқылы жабық түрдегі арнайы мектепте оқитын тұлғалардан, КДЖ есепте тұрған кәмелетке толмағандардан, орта мектепте оқитын оқушылардан, тәрбиешілерден, психологтардан, студенттерден, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі полиция инспекторларынан жауап алынды және зерттелді.

Балалармен әңгімелесу арқылы балалардың  $\frac{3}{4}$  бөлігі ерте жастан бастап үлкендер тарапынан (ата-аналары, қамқоршылары, интернат пен балалар үйінің тәрбиешілері мен педагогтары) зорлық-зомбылық көрген.

Осындай үлкендер тарапынан жасалған зорлық-зомбылықты көрген балалар кейін есейе келе, өзінен әлсіздерге және ешқандай қорғанышы жоқтарға қарсы зорлық-зомбылық көрсететін тұлғаға айналады.

Соңғы кездері Интернет, теледидар және баспасөз беттерінде кәмелетке толмағандардың шектен шыққан қаталдығы туралы ақпараттар көбейіп кетті. Кейінгі кезде «әлеуметтік маугли» терминін енгізу қажет. Ғылымда егер жабайы жануарлар 3-4 жылдардың ішінде баланы тәрбиелесе, онда ол өмір бақи адам кейпіндегі жануарға айналу фактілері кездескен. Ал қазіргі кездегі балалар компьютерге телміріп, тіпті аулаға шығудан қалып барады.

Кәмелетке толмағандардың өз құрбыларына және үлкендерге (ауру, жарым-жан адамдарға, қарт адамдарға, белгілі мекен-жайы жоқ адамдарға «бомждарға») қатысты қатал қылмыстары көп болып тұр.

«Оларды осындай қатал болуына не себеп?» деген сұрақ туады.

Кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстардың жиынтығын криминологияда жасөспірімдерге қарсы қылмыстар деп атайды.

Кәмелетке толмағандарды қылмыскерлер қылмыстық мақсатта пайдалану фактілері көптеп кездеседі. Әдебиеттерде кәмелетке толмағандарды қылмыстық мақсатта пайдаланудың бірнеше түрі бар.

*Экономикалық мақсатта пайдалануға:*

- балаларды құлдықта ұстау;
- балалардың еңбегін заңсыз қолдану;
- балалар саудасы жатады.

Мұндай қылмыстық мақсатта пайдалануда балалардың еңбегі мен мәртебесі пайда табудың қайнар көзіне айналады.

*Сексуальді мақсатта пайдалануға:*

- балаларды жезөкшелікпен айналысуға тарту;
- кәмелетке толмағандарды азғындық жолға түсіру;
- балаларды порнографиялық басылымдарда қолдану жатады.

*Діни мақсаттар пайдалануға:*

- балаларды тоталитарлы секталарға тарту;
- балаларды діни ритуалдарда қолдану. Әсіресе сатанистердің құрбандыққа шалу түріндегі қатал ритуалдары.

Осындай қылмыстық мақсатта пайдалануда кәмелетке толмағандардың рухани дамуына, оның денсаулығына және өміріне қауіп төнеді.

*Психологиялық мақсатта пайдалануға:*

- балаларға заңсыз психологиялық тәжірибелер өткізу;
- балаларға қарсы зорлық-зомбылық көрсету жатады.

Мұндай қылмыстық мақсатта пайдалануда кәмелетке толмаған тұлғаның дұрыс психологиялық дамуына қауіп қатер келеді.

Қорыта келгенде балаларды қылмыстық мақсатта пайдалану дегеніміз – өздерінің мақсаттарына жету үшін балалардың тұлға ретінде дұрыс дамуына қауіп төндіретін құбылысты айтамыз.

Қылмыстық мақсатта пайдалану процесі бірнеше кезеңдерден тұрады:

- 1 кезең – таңдау, арбау, қызықтыру;
- 2 кезең – кәмелетке толмаған тұлғаны тәуелді қылу;
- 3 кезең – кәмелетке толмаған тұлғаны пайдалану;
- 4 кезең – «қолданылған зат» ретінде әртүрлі әрекет жасау (бас тарту, шеттету, көзін жою).

Кәмелетке толмағандардың қылмысымен және оған кері әсер ететін жағдайлар арасындағы өзара байланыс төмендегі жағдайларда көрініс табады:

- кәмелетке толмаған қылмыскерлерге қарсы бұрын ар-намысына тию, қорқыту, қаталдық және ұрып-соғу болған – 100%;
- кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауына үлкендердің арақ ішкізуі немесе есірткі заттарды қолдануы себепші болған – 60%;
- кәмелетке толмаған қылмыскерлер алғашқы қылмыстарын үлкендермен бірігіп жасаған – 70%.

Жоғарыда айтылған жағдайларды ескере отырып, жұмысты ең алдымен жағдайы нашар отбасыларды анықтаудан және үлкендердің балаларға зорлық-зомбылық көрсетуінен қорғаудан бастау қажет. Кішкентай кезінен зорлық-зомбылық көрмей өскен жас ұрпақ, болашақта да қатал болып өспейді. Яғни қылмыскерлер де біздің ортамызда аз болады деген сөз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», атты халыққа арнаған жолдауы. // «Егемен Қазақстан» газеті. – 2014. - 17 қаңтар.
2. Каиржанов Е.И. Профилактика преступлений несовершеннолетних органами внутренних дел. Учебное пособие. – Караганда: КВШ МВД СССР, 1983. – 95 с.
3. А.А. Ескендилов Ювенальная юстиция в Республике Казахстан. Учебник. – Алматы: ООНИ и РИР Алматинской академии МВД Республики Казахстан, 2011. – 272 с.
4. Конституция Республики Казахстан. – Алматы: Казахстан, 2010. [Электронды ресурсы] // <http://adilet.zan.kz>

## КРИМИНАЛИСТИЧЕСКИЕ ТАКТИЧЕСКИЕ КОМБИНАЦИИ, ПРИМЕНЯЕМЫЕ В ХОДЕ ДОСУДЕБНОГО РАССЛЕДОВАНИЯ ГРАБЕЖЕЙ И РАЗБОЙНЫХ НАПАДЕНИЙ НА ОХРАНЯЕМЫЕ ОБЪЕКТЫ

Мақалада тонау мен қарақшылықты сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында қолданылатын криминалистік тактикалық комбинацияларды жүзеге асыру ерекшеліктерін сипаттау мүмкіндігі жасалады. Жеке тергеу әрекеттері: оқиға болған жерді қарау, жауап алу, тінту барысында қолданылатын криминалистік тактикалық тәсілдер қаралады.

**Түйін сөздер:** тонау, қарақшылық, қылмыстық топ, жедел-іздістіру қызметі, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, тергеу және жасырын тергеу әрекеттері, криминалистік тактикалық әдістер, криминалистік тактикалық операция.

В статье предпринимается попытка охарактеризовать особенности реализации криминалистических тактических комбинаций, применяемые в ходе досудебного расследования грабежей и разбойных нападений на охраняемые объекты. Рассматриваются криминалистические тактические приемы, применяемые в ходе производства отдельных следственных действий: осмотр места происшествия, допросы, обыски.

**Ключевые слова:** грабеж, разбой, преступная группа, оперативно-розыскная деятельность, досудебное расследование, следственные и негласные следственные действия, криминалистические тактические приемы, криминалистическая тактическая операция.

The article attempts to characterize the peculiarities of the implementation of criminalistic tactical combinations used during the pre-trial investigation of robberies and robberies against protected objects. Criminalistic tactics used in the course of the production of separate investigative actions are examined: examination of the scene of the incident, interrogations, searches.

**Keywords:** robbery, robbery, criminal group, operational-search activity, pre-trial investigation, investigative and secret investigative actions, forensic tactical methods, forensic tactical operation.

Общеизвестно, составы грабежа и разбоя с криминалистической точки зрения имеют много общего, что позволяет дать их обобщенную криминалистическую характеристику. Их объединяет открытый способ похищения имущества, применение насилия или угрозы насилием, например, разной степени опасности для грабежа и разбоя. В том числе и также ряд других отягчающих ответственность обстоятельств. Например, с незаконным проникновением в жилище или иное хранилище, неоднократно, совершение группой лиц по предварительному сговору и др. Отличным от грабежа служит такое отягчающее обстоятельство, как применение при разбое оружия или предметов, используемых в качестве оружия (п. «4» ч. 2 ст. 192 УК) [1].

Открытый характер и дерзость совершения этих преступлений, то впечатление, которое они производят на потерпевших и очевидцев, обуславливают значительный общественный резонанс, чему способствует и относительно низкая раскрываемость грабежей и разбоев, подчас групповой характер этих преступлений.

Особую опасность представляют разбойные нападения на банки, например, пункты обмена валюты, отделения и филиалы сбербанков и др., кассиров, инкассаторов и т. п. К совершению таких посягательств преступники тщательно готовятся, то есть проводят «воровскую разведку»: уточняют время работы, инкассации, получения денег предприятиями и организациями, маршруты следования кассиров и т. п., обеспечивают себя транспортными средствами, вооружаются, иногда запасаются авиа- или железнодорожными билетами, чтобы сразу покинуть город, изменяют внешность и одежду. Участники преступной группы стремятся действовать быстро и решительно, в состоянии нервного напряжения могут применить оружие при малейшем подозрительном действии сотрудников объекта нападения.

При разбойном нападении на квартиры граждан преступники пользуются фальшивыми документами, выдавая себя за сотрудников полиции, иных работников правоохранительных органов, работников почты или коммунальных органов и т. п. В квартире действуют жестко: связывают потерпевших, оставляя лежать с кляпом во рту, или сгоняют всех в одно помещение, например, ванную, кухню, комнату, угрожают расправой в случае заявления в полицию или вообще кому бы то ни было. При сопротивлении или попытках звать на помощь не останавливаются перед насилием, вплоть до причинения тяжкого вреда здоровью потерпевшего.

Криминалистическая характеристика грабежей и разбоев предполагает выяснение и доказывание следующих обстоятельств:

а) по субъекту преступления — кто совершил нападение, сколько было нападавших и каковы отношения между ними, не принадлежат ли они к организованной преступной группе, не совершались ли ими ранее аналогичные преступления или хищения, вымогательство;

б) по субъективной стороне — мотивы и цели преступления, на что был направлен

предварительный сговор, как и в каких целях сформировалась преступная группа;

в) по объекту преступления — кто является потерпевшим, какой физический, моральный и материальный ущерб ему причинен, каковы последствия преступления; если объектом нападения служит предприятие, организация, каков размер материального ущерба, например, включая предусмотренные на этот случай компенсации пострадавшим сотрудникам, наличие или отсутствие средств охранной сигнализации, была ли она в рабочем состоянии, использовалась ли, если да, то время и состав прибывшей по тревоге охранной структуры, действия ее сотрудников;

г) по объективной стороне — обстоятельства нападения, действия нападавших, их состав, способы нейтрализации оказанного или возможного сопротивления нападавшим, формы примененного насилия, использования оружия или иных средств нападения; как проникли на место нападения преступники и каким путем скрылись, имели ли они транспортные средства, какие именно, где они находились в момент нападения; просматриваются ли в действиях преступников четкая организация, спланированность.

Обычно досудебное расследование по уголовному делу начинается по заявлению пострадавшего частного лица или его родственников, знакомых; сообщению сотрудников или администрации; инициативе органов досудебного расследования, что характерно для начала досудебного расследования уголовных дел по оперативным данным при совершении посягательств организованными преступными сообществами.

В первых двух случаях план досудебного расследования должен предусматривать оперативное производство неотложных следственных действий для раскрытия преступления «по горячим следам», тесно увязанный и согласованный с планом первоначальных негласных следственных действий и оперативно-розыскных мероприятий. Планируются допросы потерпевших и свидетелей-очевидцев, осмотр места происшествия, оставленных орудий преступления. По показаниям названных лиц составляются синтетические портреты преступников, используемые для их поиска и задержания.

В оперативном плане значится преследование «по горячим следам», прочесывание местности, организация наблюдения за местами, где могут появиться преступники, местами сбыта похищенного. В то же время при нападении на граждан следует иметь в виду и версию об инсценировке с целью сокрытия иного преступления или проступка по мотивам, аналогичным мотивам инсценировки кражи.

Первоначальные следственные и негласные следственные действия по делам как о грабеже, так и о разбое — в том числе допрос потерпевших и свидетелей-очевидцев проводятся в соответствии со статьями глав 26 и 30 УПК РК [2].

При допросе потерпевших выясняются: где, когда, при каких обстоятельствах и с кем потерпевший оказался на месте нападения, что этому предшествовало; сколько человек участвовало в нападении, их приметы, как они называли друг друга; обстоятельства нападения, каковы были действия нападавших и потерпевшего, был ли преступник (преступники) вооружен, чем именно, угрожал ли, применял или пытался применить оружие и иные средства нападения; что именно похищено, что осталось у потерпевшего; какие следы остались на теле и одежде потерпевшего, преступника; кто был или мог быть свидетелем нападения; что оставил преступник на месте нападения; каковы последствия нападения для потерпевшего, состояние его здоровья.

Свидетели-очевидцы допрашиваются по аналогичному кругу вопросов. Кроме того, всем задаются вопросы об их подозрениях относительно личности нападавших и о том, на чем могут основываться эти подозрения. Проверяется версия о нападении, организованном конкурентами потерпевшего с целью устрашения, получения тех или иных документов и т. п.

Располагая исходными данными о событии преступления, следователь производит осмотр места происшествия с целью обнаружить материальные следы преступления и преступника и сопоставить показания потерпевшего с обстановкой события. При нападении с проникновением в жилище особую роль играет поиск следов рук преступников, оброненных ими предметов, микрообъектов — волокон одежды, частиц почвы с обуви и др. Исходя из особенностей места происшествия, надлежит установить, какие следы могли остаться на одежде и обуви нападавших, на транспортных средствах, орудиях преступления. При осмотре, как и при допросе потерпевших, проверяется версия об инсценировке нападения.

Судебно-медицинским освидетельствованием потерпевшего должно быть установлено, какие повреждения имеются на его теле, степень их тяжести, давность; каким оружием или предметом они нанесены. Анализ повреждений на теле и одежде потерпевшего может дать ответ на вопрос, в каком взаимоположении находились потерпевший и нападавший, наносивший ему повреждения. В этих случаях может быть проведена комплексная трасолого-судебно-медицинская экспертиза. Перед судебным медиком нередко ставится вопрос, могли ли быть причинены повреждения рукой самого потерпевшего. Иногда требуется проведение судебно-психиатрической экспертизы пострадавшего, если следствием нападения стала его психическая травма.

При задержании подозреваемого к числу первоначальных следственных действий относятся его



личный обыск, допрос и обыск жилища.

Допрос подозреваемого следует начинать с детального выяснения его местонахождения и действий в то время, когда было совершено нападение. Если есть основания полагать, что на теле и одежде подозреваемого могут быть следы посягательства, в том числе следы оказанного ему сопротивления, проводится его освидетельствование и осмотр одежды. Одежда может быть обнаружена и при обыске жилища подозреваемого, основная цель которого — поиск похищенных вещей и орудий преступления. При этом следует учитывать, что похищенные вещи могут быть перекрашены, переделаны и даже разобраны на части.

При обыске подлежат изъятию любые предметы, напоминающие по виду оружие, например, зажигалки, игрушечное оружие и др., или служившие орудиями преступления: кастеты, наладонники и др. В доме обыскиваемого могут быть обнаружены вещи, похищенные при совершении иных преступлений, поэтому необходимо внимательно осматривать все предметы, принадлежность которых обыскиваемому вызывает сомнения, проверять их происхождение и при необходимости изымать.

Основные действия, осуществляемые на последующем этапе досудебного расследования, — предъявление подозреваемого для опознания потерпевшим и свидетелям-очевидцам; предъявление для опознания потерпевшим вещей, изъятых у подозреваемого; допрос подозреваемого; назначение и производство судебных экспертиз: криминалистических, почвоведческих, товароведческих и других.

Не следует предъявлять для опознания сразу все вещи, изъятые у подозреваемого, что нередко делается на практике. Необходимо строго соблюдать существующие для этого следственного действия предписания и предъявлять вещи порознь среди аналогичных предметов.

Предмет допроса подозреваемого составляют все обстоятельства преступления и подготовки к нему, а также сокрытия его следов. Если совершено групповое преступление, то при допросе уделяется внимание установке личности организатора нападения, всех соучастников, роли и степени ответственности каждого из них. Особо исследуется вопрос о заранее обещанном укрывательстве преступников, орудий преступления, похищенных вещей и об иных формах пособничества. При нападениях на кассиров, инкассаторов, банковские учреждения очень важно установить источник информации о благоприятных для преступников условиях.

#### Список использованной литературы

1. Уголовный кодекс Республики Казахстан: Практическое пособие. – Алматы: «Издательство «Норма-К», 2016. – 240 с.
2. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан: Практическое пособие. – Алматы: «Издательство «Норма-К», 2016. – 368 с.

#### ОӘЖ 343.140.02

#### Қажигалиев Серик

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің, Заң факультеті, 6М030100-Құқықтану мамандығының 2 курс магистранты*

#### ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІНДЕГІ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ БАҒАЛАУ

*Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы қылмыстық сот өндірісіндегі дәлелдемелерді бағалаудың мазмұны, құрамы және дәлелдемелерді бағалаудың негізгі субъектілері жөнінде мәселелер қарастырылған.*

**Түйін сөздер:** *қылмыстық процесс; сот өндірісі; дәлелдеу; дәлелдеме; дәлелдемелерді бағалау.*

*В данной статье раскрываются проблемы, связанные с процессом доказывания, а также собрании, исследовании, оценке, использовании доказательств в целях установления обстоятельств, имеющих значение для законного, обоснованного и справедливого разрешения дела.*

**Ключевые слова:** *уголовный процесс; судебное производство; доказывания, доказательство, оценка доказательств.*

*This article discloses problems relating to the proof, which consists in the collection, investigation, evaluation and use of evidence in order to establish circumstances that are relevant to the legitimate, justified and fair resolution of the case.*

**Keywords:** *criminal process; judicial proceedings; proof, proof of evidence.*

Іс жүргізу форма дәлелдемелерді жинауда, зерттеуде, бағалауда және пайдалануда ғана емес, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында тәртіп ережелерін анықтайтын немесе міндеттер мен талаптарды белгілейтін құқықтық ұйғарымдарды сақтауда да ықпал ететін әртүрлі дәрежелі азаматтардың факультативтік қатысуымен қатар міндетті қатысуын да қарастырады.

Осыған байланысты қандай да бір іс жүргізу әрекеттің ісін дұрыс және тиімді жүргізуге қажетті тұлғаларды қылмыстық іске қатысу үшін таңдау мен тартуда қиындықтар жиі кездесіп отырады. Заңда бекітілген іс жүргізу қызметті жүзеге асырудың ережелері қаншама жетілдірілсе де олар процессуалдық

іс-әрекеттердің тиісті түрде өтуімен қамтамасыз ететін тұлғалардың қылмыстық сот ісіне қатысуына байланысты барлық мәселелерді толығымен реттей алмайды.

Бұл мәселені қалыптасқан соттық-тергеу тәжірибесін талдау және заңнамаларды жетілдіруге ғана емес, сонымен қатар қылмыстық іс жүргізу қызметті дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз ететін ғылыми жетістіктерді пайдалануға бағытталған ғылыми негізделген ұсынымдарды әзірлеу жағдайында шешуге болады.

Қылмыстық сот өндірісінде ақиқатқа жету дәлелдеу арқылы жүзеге асырылады. С.С. Алексеев пікірі бойынша «дәлелдеу (кең мағынасында) – дәлелдемелердің көмегімен істің мән – жайларының ақиқаттылығын анықтауға бағытталған субъектілердің қызметі. Тар мағынасында дәлелдеу ұғымы ұсынылатын тұжырымдар мен қарсылықтарды негіздеуге, олардың ақиқаттылығы жөнінде қандай да бір тұлғаларды сендіруге байланысты қызмет болып табылады» [1, 247-248 бб.].

Дәлелдеу - тергеуші мен соттың нақтылықпен толық сәйкестендіре отырып істің заңды мәні бар барлық мән-жайларды анықтауы тиіс процесс. Дәлелдеу дегеніміз қылмыстық процесс субъектілерінің істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатымен заңмен белгіленген тәртіпті сақтай отырып атқаратын дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалап қолдану қызметі болып табылады [2, 155-156 бб.]. Бір топ авторлар, оның ішінде Шейфер С.А. дәлелдеу процесін – қылмыс туралы ақпаратты қабылдауға бағытталған, мемлекеттік органдармен жүзеге асатын іздену, тану, куәландыру, құқықтық қамтамасыз ету әрекеттері деп түсінеді [3, 42 б.].

Кез – келген саладағы таным процесі сияқты дәлелдеу де оны анықтау мақсаты болып табылатын объективтік ақиқатқа қол жеткізуге ұмтылады. Гносеологияда объективті ақиқатты объектінің қасиеттері мен ерекшеліктері туралы оларды танып – білуші субъектінің санасында шынайылықтағы кейіпімен жаңғыртатын білім ретінде түсінеді. Осылайша, объективтік ақиқат дегеніміз мазмұны объективті, адамның санасына және еркіне тәуелсіз білім деп түсінуіміз керек.

Қылмыстық іс жүргізуде ақиқатты анықтау шынайылықта қандай орын алғанына және нақты фактілерге сәйкес болған оқиғаны және қылмыстық іс бойынша анықтауға және дәлелдеуге жататын барлық мән – жайларды тану дегенді білдіреді.

Бірақ дәлелдеуді тек ақиқатты білім алуға бағытталған процесс ретінде ғана қарастыру жеткіліксіз.

Ғылым мен қоғамдық тәжірибе оның барлық салаларында тек ақиқатты емес сонымен қатар шын мәніндегі дұрыс, негізді, тексерілген, оның ақиқаттығына кепіл беретін және соңғысын тексеруге мүмкіндік беретін жолмен алынған білімді талап етеді. Тергеуші және сотпен анықталған нақты мән-жайлар адамдардың тағдырын қозғайтын жауапты шешім қабылдау үшін негіз болатын қылмыстық сот өндірісінде қолданылатын білімнің анықтылығын талап ету аса маңызды. Осы мақсатта заң дәлелдеудің әдістері мен тәсілдерін нақты көрсетеді, бұл сот өндірісі тұрғысынан қарағанда білімдерді алудың, тексеру мен куәландырудың неғұрлым тиімді тәртібін қамтамасыз етеді. Процессуалдық жолмен алынбаған мәліметтер (мысалы, жедел іздестіру қызметі нәтижесінде, баспа хабарламаларынан және т.б.) ақиқаттылығына кепіл берілмейтін мәліметтер ретінде тек көмекші мәнге ие болады және іс бойынша тұжырым жасауға негіз бола алмайды.

Осылайша қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдеу екі мәселені шешеді: бір жағынан – тергелетін қылмыстың мән – жайлары бойынша ақиқатты анықтау; екінші жағынан – алынған білімді негіздеу.

А.Я. Вышинский: «сот дәлелдемелері – кәдімгі фактілер, күнделікті өмірде болып жатқан құбылыстар, сол заттар, сол адамдар, адамдардың сол іс-әрекеттері. Олар сот процесі аясына түскендіктен, сот пен тергеуді қызықтыратын мән – жайларды анықтау құралына айналатындықтан ғана сот дәлелдемелері болып шыға келеді», - деген пікір айтқан [4, 146-147 бб.].

Осы кезеңде дәлелдемелердің түсінігі жөнінде бірнеше бағыттар дами бастады. М.С. Строгович дәлелдеменің екі жақты мәні бар деп есептеді. Біріншіден, дәлелдеме – бұл анықталуы тиіс факт жөніндегі дерек көзі дегенді білдірсе, екіншіден, дәлелдеме дегеніміз – басқа факт жөнінде тұжырым жасауға мүмкіндік беретін факт [5, 237 б.].

Екінші бір көзқарас иелері дәлелдемелерді тек фактілік деректер ретінде қарастырып, ал оларды анықтаудың көздерін бұл ұғымнан тыс қалдырды.

С.Ф. Бычкова пікіріне сүйенсек, «фактілік деректер ретіндегі дәлелдемелер ұғымы олардың әрекет ету нысанымен тығыз байланысты. Заң шығарушы дәлелдемелердің фактілер мен олар жөніндегі деректердің бірлігі ретіндегі анықтамасын негізге алады».

Қылмыс арқылы өзгеріске ұшыраған қоршаған орта объектілері (қылмыс іздері) бірден дәлелдеме бола алмайды – олар тек дәлелдемелердің гносеологиялық алғышарты ғана болып табылады. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеме болып табылу үшін олар дәлелдеу субъектілері – сотпен, прокурормен, тергеушімен және алдын ала тергеу жүргізуші тұлғамен тиісті дәрежеде танылып, толық көлемде тексерілуі тиіс. Нақты мәліметтерді тану мен куәландыру қылмыстық іс жүргізу құқығы нормаларымен қатаң түрде белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Басқа ғалымдар дәлелдемелерді бағалау деп ақиқатты анықтауда жиналған дәлелдемелердің рөлін анықтаудың логикалық, ойлау үрдісін түсінеді. «Дәлелдемелерді бағалау, - деп жазды Г.М. Миньковский, - іс жүзіндегі деректердің іске жататындығы мен қатыстылығы, содан кейін дұрыстығы, сол деректермен анықталатын мән-жайлардың бар болуы, олардың іс үшін мәні туралы біржақты негізделген қорытындыға келуді білдіреді. Жеке дәлелдеме де, сонымен қатар барлық жиналған жалпы дәлелдемелер де (олардың жиынтығы) бағалауға жатады» [6, с. 98].

Философия бағалауды адамгершілікті мәніне қарай әлеуметтік шындықтың түрлі құбылыстары мен адамдардың іс-әрекеттерін мақұлдау немесе мінеу ретінде, іс-әрекеттердің адамгершілік талаптарына сәйкестігін немесе сәйкессіздігін анықтау ретінде анықтайды [7, с. 301]. Басқаша айтқанда, бағалау таным нысанына қатысты субъективті қатынас болып табылады [8, с. 105].

Кеңестік қылмыстық іс жүргізуде дәлелдемелерді бағалау тергеушінің, прокурордың, судьяның дәлелдемелерді жан-жақты, толық және объективті қарауға негізделген ішкі сенімі бойынша жасалды, бұл ретте заңда әрбір дәлелдеменің жеке немесе олардың жиынтығының құндылығы мен мәнін алдын ала анықтайтын ресми шарттар [9, с. 63] көрсетілмеген. Дәлелдемелерді бағалау кезінде тергеуші, прокурор, судья жалпы сипатты шарттарды қоятын (яғни дәлелдемелерді жиынтық түрінде, жан-жақты, толық, объективті бағалау және т.б.), дәлелдемелердің жол берілушілігі мен қатыстылығының ережелерін белгілейтін заң талаптарын басшылық етеді.

XXI ғасырдың заң әдебиеттерінде авторлардың көпшілігі дәлелдемелерді бағалау анықтаушының, тергеушінің, прокурордың, соттың (судьяның) логикалық түрде жүзеге асырылатын ойлау қызметі болып табылады деп есептеген. Ол жеке алынған әр дәлелдеменің, сондай-ақ іс бойынша жиналған олардың жиынтығының мәліметтерінің қатыстылығы мен жол берілушілігін, дұрыстығын, жеткіліктілігін және маңыздылығын өзінің ішкі сенімі бойынша анықтау мақсатында іске асырылады [10, с. 165].

М.Ч. Когамовтың пайымдауынша, дәлелдемелерді бағалау қылмыстық іс жүргізудің дәстүрлі қағидаларының бірі және ол басқаларымен, әсіресе кінәсіздік презумпциясымен тығыз байланысты. Оның міндеті шартты үшінші элемент, дәлелдеу процессінің сатысындағыдай алынған дәлелдемелердің қатыстылығы (іс бойынша дәлелдеу пәніне), жол берілушілігі (ҚПК-нде көзделген нормалар мен тәртіптерге сәйкес алынуы), дұрыстығы (қалыпты жағдайлар сәйкестігі) және барлық жиынтығында олардың жеткіліктілігі (іс бойынша өндірістің қажеттіліктері) тұрғысынан сапасын анықтау болып табылады [11].

Шыныда да, дәлелдемелерді бағалай отырып, бағалау субъектілері бастапқыда құрылған нұсқаларды шығару, тексеру немесе жоққа шығару туралы, қолда бар мәліметтердің бірігуі туралы, дәлелдемелердің бірыңғай жүйесіне кіретін фактілер туралы логикалық түрде пайымдайды; дәлелдемелерді «өлшейді», дәлелдемелерді, олардың іске қатыстылығы талдау бойынша логикалық операцияларды жүргізеді және т.б.

Дәлелдемелерді бағалау – бұл қылмыстық іс жүргізу дәлелдеуінің дербес құрамдас және де бұл элемент қылмыстық іс жүргізу құқығының бірқатар нормаларымен біршама нақты реттелген. Дәлелдемелерді жинау және тексеру, қорытындыларды қалыптастыру және іс жүргізу шешімдерін қабылдау үрдісі дәлелдемелерді бағалаусыз мүмкін емес.

Бұл ретте дәлелдемелерді бағалау оның негізінде қалыптасқан қорытындылардың негізінде жасалған іс жүргізу шешімдеріндегі баяндаудың жалпыланған түріне, не болмаса заңмен белгіленген жағдайларда, сол қорытындыларды негіздеу үрдісінің түріне енген іс жүргізу нысанына ие болады, сонда бағалау уәжделген іс жүргізу шешімінің түрін қабылдайды. Заң іс жүргізу шешімдерін мотивациялауға толықтық және қарама-қайшылықсыз талаптарын қояды.

Қатыстылық тұрғысында дәлелдемелерді бағалау дәлелдемелерді нақты қылмыстық іс бойынша дәлелдеу пәніне кіретін мән-жайлармен салыстыруды көздейді. Дәлелдеу пәніне кіретін мән-жайлардың жоқтығын анықтайтын дәлелдемелер де қатысты болып табылады. Анықтаушы да, тергеуші де, прокурор да, сот та оларды назарларына алып, іс жүргізу шешімін шығарған кезде дұрыс бағалап, ескеруі керек.

Дәлелдемелердің қатыстылығын анықтау іс бойынша дәлелдеу үрдісінде, қандай тергеу әрекеттерін жасау қажет және істің мән-жайларының тұрғысында олардан қандай нәтижелерді күтуге болатындығы туралы мәселе шешілгенде, оларды жинаудан бастап орын алады. Тергеуді жоспарлау, тергеу нұсқаларын жоспарлау тәртібі, дәлелдемелерді жинау және оларды іске қосу туралы үрдіс қатысушыларының өтініштерін шешу дәлелдемелердің қатыстылығын бағалауға байланысты.

Дәлелдеу қызметі, әсіресе сотқа дейінгі өндіріс аясында, қатыстылық қасиетіне ие емес мәліметтерді алу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Мұндай деректер, егер олар қылмыстық іс бойынша қаралатын әрекетпен байланыссыз басқа қоғамға тигізер қауіп бар әрекет туралы куәлік етсе, бөліп көрсетілуі тиіс, ал егер ешқандай мәліметтерге ие болмаса, іс деректерінде қозғалыссыз қалады.

Дәлелдемелерді қатыстылық тұрғысынан бағалау оның істің мән-жайларымен және басқа мәліметтермен байланысын анықтауда болып табылады. Дәлелдеме өз бетінше немесе басқа дәлелдемелермен жиынтықта дәлелдеу пәнін құрайтын мән-жайлардың болуы туралы қорытындыны

растаса, жоққа шығарса немесе күдік астына алса, іске қатысты болып танылады. Тікелей дәлелдемелердің іске қатыстылығы туралы мәселе қарапайым түрде шешіледі.

Анықтамасы бойынша бұл дәлелдемелер – дәлелдеу пәні туралы мәліметтер және, тиісінше, іске қатыссыз бола алмайды. Дәлелдеуші фактілерді анықтайтын жанама дәлелдемелер - басқа мәселе. Осы фактілердің дәлелдеу пәнімен байланыстары әрқашан айқын емес. Кейбір жағдайларда, мұндай байланыс туралы болжамды растау немесе жоққа шығару үшін, себеп-салдарлы байланыстың аралық буындарының болуын немесе жоқтығын анықтап алу қажет.

Дәлелдеу пәніне кіретін мән-жайларды анықтау үшін, әр дәлелдеменің жол берілушілігін, қатыстылығын, дұрыстығын, мәнін (күшін) және олардың жиынтығының жеткіліктілігін анықтау анықтаушының, тергеушінің дәлелдемелерді оларды зерттеу бойынша қисынды операциялардың жүйесі ретінде бағалауының мақсаты болып табылады.

Судья, алқабилер, сонымен қатар прокурор, тергеуші, анықтаушы заңды және құқықтық санасын басшылыққа ала отырып, істегі дәлелдемелерді жан-жақты, толық, объективті және тікелей зерттеуге негізделген өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалайды.

Судья, алқабилер, сонымен қатар прокурор, тергеуші, анықтаушы әрбір дәлелдеменің қатыстылығын, жол берілушілігін, дұрыстығын, сонымен қатар дәлелдемелердің жиынтығының жеткіліктілігін және өзара байланысын бағалайды.

Дәлелдемелерді бағалау нәтижелерін судья, алқабилер, сонымен қатар прокурор, тергеуші, анықтаушы қылмыстық іс бойынша іс жүргізу шешімдерінде бір дәлелдемелердің судьяның, алқабилердің, сонымен қатар прокурордың, тергеушінің, анықтаушының қорытындыларын дәлелдеу құралдары ретінде қабылданып, басқалары – олармен жоққа шығарылғандығының себептерін, сонымен қатар бір дәлелдемелерге басқаларына қарағанда басымдық берілгендігінің негіздерін көрсетуге міндетті.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Алексеев С.С. Проблемы теории права: Курс лекций. – Свердловск: СЮИ, 1973. Т.2. – 235 с.
2. Ерешев Е.Е. Қылмыстық іс жүргізу. Жалпы бөлім: оқулық. – Алматы: Өлке баспасы, 2006. – 216 б. 3
3. Шейфер С.А. Собрание доказательств в советском уголовном процессе. – Саратов: СГУ, 1986. – 215 с.
4. Вышинский А.Я. Теория судебных доказательств в советском праве. - М.: 1941. – 119 с.
5. Строгович М. С. Материальная истина и судебные доказательства в советском уголовном процессе. — М.: Изд-во АН СССР, 1955— 384 с.
6. Г.М. Оценка доказательств // Научно-практический комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу РК / под ред. В.П. Божьева. - М., 1997. – 145 с.
7. Философский словарь. - М., 1991. – 329 с.
8. Джагиев В. С. Доказывание и оценка обстоятельств преступления. - Ростов-па- Дону, 1991. – 123 с.
9. Петрухин И.Л. Внутреннее убеждение суда и правовые презумпции // Советское государство и право. - 1964. - № 3. - С. 63-65.
10. Михайловская К.Б. Оценка доказательств // Уголовный процесс: Учебник / под ред. И. Л. Петрухина. - М., 2001. – 310 с.
11. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. Общая и особенная части / под. ред. М.Ж. Когамова. – Алматы:Жеті жарғы, 2008.-888с.

#### ОӘЖ 341.44

#### Қалибеков Кеңесары Бауыржанұлы

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, заң факультеті, қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының 2 курс магистранты*

### АДАМДЫ ҰСТАП БЕРУ – ЭКСТРАДИЦИЯ ТАРИХЫНЫҢ ГНОСЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

*Мақалада экстрадиция институтының дамуының тарихи аспектісі қарастырылған. Соңғы уақытта ғылыми қоғамдастықта қылмыскерді ұстап беру институтына аса көп назар аударылуда. Осыған себеп ретінде халықаралық сахнадағы жаһандану үрдісімен тығыз байланыста болып жатқан түрлі әлеуметтік, экономикалық және басқа да процестерді қарастыруға болады. Атап айтқанда, зерттеушілер аталмыш институтты күрделі зерттеу және оның қазіргі жағдайымен келешекте даму тенденциясын анықтау мақсатында, көп жағдайда өзінің зерттеулерінде экстрадиция тарихына негізделеді.*

**Түйін сөздер:** *экстрадиция, қылмыскерді ұстап беру, халықаралық ынтымақтастық, экстрадиция туралы арнайы заң, конвенция, халықаралық шарт, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек.*

*Одним из важных факторов глобализации является углубление и расширение международных связей в борьбе с международной преступностью. В настоящее время, в сфере борьбы с преступностью приобретает актуальность такой институт, как «экстрадиция», которая обусловлена прежде всего, тем, что уже существует множество определений понятия выдачи преступников. Но прежде всего хотелось бы уделить внимание на исторический аспект развития данного института. В данной статье рассматривается исторический путь развития экстрадиции.*

**Ключевые слова:** экстрадиция, выдача преступников, правовая помощь по уголовным делам, конвенция, международный договор, национальное законодательство, международное сотрудничество.

*Current trends characteristic of crime clearly show that the efforts of one or several states are not sufficient to seriously counteract criminal manifestations. Only effective international cooperation and uniting of joint potential can provide tangible progress in combating crime. However, international practice shows that The effective legal instrument used in the fight against crime is the institution of extradition, Chiva inevitability of punishment and punishing offenders. Extradition is an important means of combating international crime. It ensures the inevitability of punishment and allows it to be conducted at the international level, despite the territorial delimitation of the jurisdiction of different countries.*

**Keywords:** extradition, extradition of criminals, legal assistance in criminal cases, convention, international treaty, national legislation, the international cooperation.

Экстрадиция институты өзінің ұзақ тарихи даму процесімен ерекшеленеді. Бастапқыда адамды ұстап беру жеке құқықтық институт ретінде қаралмай ғана қоймай, тіпті қылмыстылықпен күресудегі халықаралық ынтымақтастықтың бағыты ретінде де қарастырылмады. Дегенімен, халықаралық қарым-қатынастар процесіндегі тарихтағы елеулі оқиғаларға байланысты болған өзгерістер аталған институттың дамуына үлкен ықпал жасады.

Зерттеушілердің пікірлеріне сүйенсек, қылмыскерді ұстап беру тарихы сонау б.з.д. IV-II мыңжылдықта басталды. Осы ретте дәстүрлі мағұлмат ретінде отыз үш ғасыр бұрын мысыр перғауыны II Рамзеспен Хетт тайпалары арасында экстрадиция туралы ең алғашқы екі жақты шарт шамамен б.з.д 1259 жылы бекітілді. Тарихшылар бұл шартты «Кадештік шарт» деп те атайды. Аталмыш шартты басты мәселесі екі мемлекеттің бір-біріне қашқын қылмыскерлерді ғана емес, сонымен қатар билікке қарсы шыққан тұлғаларды ұстап беру болды. Аталған шарттың түпнегізі Карнакта орналасқан, ал Хеттік түпнегізі 1916 жылы Хаттустағы хетт патшаларының сарайында жүргізілген археологиялық қазбалар кезінде табылды. Қазіргі уақытта оның түпнұсқасы Нью-Йорк қаласындағы БҰҰ штаб-пәтерінде орналасқан [1].

Адамды ұстап беру әрекеттерін Ежелгі Грециямен Ежелгі Рим тарихынан да байқауға болады. Ежелгі грек тайпаларының бірі ахеялықтар өздерінің ауылдарына шабуыл жасаған қылмыскерлерді қайтармау себебімен Спарталықтармен жасасқан әскери одақты бұзуын уәде еткен. Ал Ежелгі Римдіктер болса Ганнибалды ұстауды талап еткен. Атап айтқанда осы жерде адамды ұстап беру механизмі саяси қарсыластармен күресуде және қашқын құлдарды қайтару мақсатында қолданған. Жәнеде Ежелгі Римде қылмыскерді ұстап беруді жүзеге асырған арнайы процедуралады қамтитын «recuperatores» атты соттың болған туралы факті байқалды [2].

Дегенімен, аталмыш дәуірде болған экстрадициялау процестері өзінің дамылмағандығымен және көп жағдайда саясатпен тығыз байланыстылығымен ерекшеленеді. Тағы айтылатын бір нәрсе, экстрадицияға қатысты жасалған әрекеттердің тарихының сонау үш мың жыл ұзақтығына қарамастан қылмыскерлер саны қатты артпады. Өйткені бұрындары аталмыш екі жақты шартта қылмыскермен жасалған бүкіл қылмыстары көрсетілсе, ал кейірек бұл ақпаратты тек белгілі бір жазаны өтеу мерзімінің өтуінен кейін ғана көрсетіледі. Тағыда бір үлкен мәселе ол саяси қылмыскерлердің экстрадициялануға жатпауы. Осы мәселе экстрадиция институтының дамуына үлкен кедергісін тигізеді.

Ал Ортағасырлар дәуірінде адамды ұстап беру саласындағы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық айтарлықтай дәрежеде кеңейді. Қылмыскерді ұстап беру әлі де саяси жаулармен күрестегі тиімді құрал ретінде мемлекетпен ғана қолданбай, сонымен қатар шіркеумен жиі қолданды. Осы кезеңде саяси баспана құқығы әлі де кең таралған. Сонымен қатар, шіркеу христиан моральына негізделген баспана құқығын кеңейтеді, ол осы саладағы қатынастарды дамытуды әжептәуір қиындатты. Бірақ орталықтанған билік орындарының мәртебесі нығайғандықтан, шіркеудің баспана құқығына қатысты артықшылығы шектеліп және кейіннен мүлдем жойылды. Бұл уақыттағы ерекшелік ретінде қылмыскерді ұстап беру әрекеттері көп жағдайда шарт ретінде жасасқандығын байқауға болады. 1242 жылы голланд князі Вильгельм II мен граф Брабант Генри II арасындағы, 1376 жылы жасалған король Карл V мен граф Савуа арасындағы шарт, 1303 жылы Англия королі Эдуард III мен Франция королі Филип арасындағы жасасқан шарттар жоғарыда айтылған мәліметке дәлел болып табылады [3].

Көрші Ресейдің экстрадициялық тарихын қысқа түрде 911 жылы Киев князі Олегпен Византия арасындағы шартты, 945 жылы князь Игорьдың Гректермен жасасқан шартын және XVII ғасырдағы Ресеймен Швеция арасындағы 1649 жылы жасалған арнайы шартты және Ресеймен Қытай арасындағы 1689 жылы жасалған арнайы шартты атап көрсетуге болады.

XVIII ғасырда аталмыш салада мемлекеттер арасындағы өзара әрекеттестік интенсификациясы басталды. Дезертирлермен әскери қылмыс субъектілерін ұстап беруге байланысты көп жағдайда көрші мемлекеттер арасындағы екіжақты шарттар жасалынды. Ал жалпықылмыстық әрекеттер субъектілеріне байланысты экстрадициялық әрекеттер мөлшері әлі де аз болды. Дегенімен, сол уақыттары қылмыстылықпен күрестегі халықаралық ынтымақтастықтың қажеттілігі мен маңыздылығы енді енді

айқындалған кезекте болды. XIX ғасырдың басына таман жалпықылмыстық қылмыстылықпен күреске айтарлықтай көңіл бөлініп түпнегізі қаланды.

Адамды ұстап беру институтының дамуына айтарлықтай үлесті Франция мемлекеті қосты. Дәл сол Францияда қылмыскерді ұстап беру ұғымын белгілеу мақсатында “extradition” термині қолданды. 1789 жылы ұлы француз революциясы адам және азамат құқықтарының концепциясын қабылдап, саяси қашқындардың құқықтарын реттейтін институтты ретке келтірді.

XIX ғасыр экстрадицияның жеке институт ретінде және субъект ретінде жалпықылмыстық қылмыстарды жасаған тұлғалардың әбден қалыптасқанының бекітілуімен байланысты. Адамды ұстап беру саласындағы ынтымақтастық үшін халықаралық-құқықтық базаның кеңеюі ғана емес, сондай-ақ тиісті келісімшарттық қатынастарды әмбебаптау, реттеу және тұрақтандыру қажеттілігіне байланысты көпжақты экстрадициялау туралы келісімдерді жасау практикасының пайда болуына байланысты оның құрамындағы сапалы өзгерістер байқалды. Экстрадициялау туралы арнайы ұлттық заңнама қалыптастырылды және, ең бастысы, қылмыс жасағандарды экстрадициялау мәселелері ғылыми зерттеулердің толыққанды нысанына айналды. Сол уақытта көпжақты шарттарды жасау мүмкіндігі аталмыш процесстің халықаралық-құқықтық базасының кеңеюіне ғана емес, сонымен қатар оның құрамының сапалық өзгеруіне айтарлықтай септігін тигізді. Маңызды оқиға ретінде 1833 жылы Бельгияда алғаш рет экстрадиция туралы заңның пайда болуы қарастырылған. XIX ғасырды экстрадициялау туралы халықаралық келісімдер мен ұлттық заңдар құқықтық техниканың жоғары деңгейімен ерекшеленеді [4]

Келесі кезекте экстрадиция институтының сапалық және гумандық дамуына Ұлттар Лигасы және оның орнына құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің көп үлесін қосты. Ф.Ф. Мартенс «қылмыскерлерді экстрадициялау туралы доктринада – халықаралық қылмыстық құқықтың барлық мүдделері шоғырланған» деп өз кезегінде айтып кеткен [5].

Халықаралық қылмыстық құқықтың заманауи ғылымының негізін қалаушы, американдық профессор Шериф М.Бассиуни экстрадициялау заңын даму тарихында төрт кезеңді анықтайды:

1) ежелгі дәуірден бастап 17-ші ғасырдың аяғына дейін. Бұл уақыттары қылмыскерді ұстап беру тек саяси оппоненттердің, еретиктер мен қашқындардың экстрадицияланғанымен шектеледі;

2) XVIII ғасырдың басынан бастап XIX ғасырдың ортасына дейін. Бұл жерде жасалған келісімшарттардың саны көтерілісшілерге, қашқындарға ғана қатысты емес, сонымен қатар қарапайым қылмыстарды жасаған тұлғаларға қатысты артты;

3) 1833 жылдан 1948 жылға дейін. Мемлекеттер өзара әрекеттестік нәтижесінде саяси мақсаттарды көздемеген қарапайым қашқын қылмыскерлерді қылмыстық заңдармен жазаланатын тұлғаларды қайтару процесі жиленді;

4) 1948 жылдан бастап осы уақытқа дейін. Халықаралық қауіпсіздіктің жүйесін құру және адамзаттың бейбітшілік пен қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың алдын алу қажеттілігі бірінші кезекке шықты және адам құқықтарын экстрадициялау процесінде қорғау тереңдеп қарастырылды [6].

КСРО ыдырағаннан кейін әрбір тәуелсіз мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және мемлекеттік-құқықтық тұрғыда көптеген мәселелер пайда болды. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары криминалды топтардың әсері күшейе бастады. Бұл жағдай трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың белсенді әрекеттеріне жол ашты. Қылмыстық топтар қаржы-банктік салаға жағымсыз әсерін тигізе бастады, көлеңкелі капиталдардың құрылуын қадағалады, кейбір топтар мемлекеттік органдардың қызметіне араласып өз мүдделерін орнатты. Глобализациялану мақсатында халықаралық тұрғыда халықаралық қылмыстылықпен күресу басты жарамды идея болып табылды. Осыған байланысты экстрадиция институты туралы келесідей кішігірім ақпарат анықталды. Басқа мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған Қазақстан Республикасының азаматтарын, егер халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, сол мемлекетке ұстап беруге болмайды. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес қылмыстық жауапқа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке ұстап берілуі мүмкін.

Қылмыс жасаған адамды ұстап беру немесе қылмыстық құдалауды жүргізу 1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және құқықтық қатынастар туралы Минск Конвенциясымен реттеледі. Осы Конвенцияның 56-бабына сәйкес, қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе үкімді орындауды іске асыру үшін Конвенцияға қатысушы мемлекеттер өзара сұрау салулар бойынша бір-біріне өздерінің аумағындағы қылмыс жасаған адамдарды ұстап беруге міндеттеніп, келісімге келді.

Экстрадиция институты ежелден пайда боған және өзінің мыңжылдықтар бойы өткен ерекше эволюциялық даму үрдісімен ерекшеленетін халықаралық құқықпен ұлттық заңнама тоғысында өзінің лайықты орнын тапты. Дегенмен, қазіргі таңда халықаралық қатынастар мен ғылыми техникалық прогрестің даму жағдайында қылмыскер қылмысты бір мемлекеттің аумағында жасап, басқа мемлекет аумағына қашуының қолжетімді болуына байланысты сол мемлекетте өзінің қылмыстық қызметін ары

қарай жалғастыруына жол ашылды. Бірақ бүкіл әлемде болып жатқан экономикалық, қоғамдық өзгерісі жағдайындағы экстрадиция институтының жаңаша аспектілері пайда болды. Осыған қарамастан, экстрадиция өз кезегінде қылмыстық істер бойынша халықаралық құқықтық жәрдемнің бір түрі болып табылады және ол қылмыстылықпен күресудегі халықаралық ынтымақтастықтың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. История дипломатии. Т. 1 / Бахрушин С.В., Ефимов А.В., Косминский Е.А., Нарочницкий А.Л., и др.; Под ред.: Зорин В.А., Семенов В.С., Сказкин С.Д., Хвостов В.М.. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Госполитиздат, 1959. - 896 с.
2. Кашеев В.И. Война и понятие справедливости у греков в эпоху эллинизма // Античный мир и археология. № 9. — Саратов, 1993.
3. Eagleton C. The Responsibility of States in International Law. — N.Y., 1928.
4. Сафаров Н.А. Экстрадиция в международном уголовном праве. Проблемы теории и практики. — М.: Волтерс Клувер, 2005. - 416 с.
5. Мартенс Ф.Ф. Современное международное право цивилизованных народов. В 2-х томах. Том 2 // под редакцией и с биографическим очерком доктора юридических наук, профессора В.А. Томсинова - "Зерцало", 2008 г. – 251 с.
6. Bassiouni Ch.M. International Extradition and World Public Order. — N.Y., 1974.

**ОӘЖ 343.9**

#### Нұрғалиева Динара Талғатбекқызы

2 курс магистранты Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

#### БӨТЕННІҢ МҮЛКІН КРИМИНАЛДЫ БАСЫП АЛУДЫҢ (РЕЙДЕРЛІКТІҢ) КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

*Бұл мақалада бөтеннің мүлкін криминалды басып алуға (рейдерліктің) криминологиялық сипаттамасы ашылған. Рейдерлікке қарсы іс-қимылдың шаралары ұсынылған.*

**Түйін сөздер:** рейдерлік, рейдерлікке қарсы іс-қимыл, рейдерліктің криминологиялық сипаттамасы.

*В настоящей статье дана криминологическая характеристика криминального захвата чужого имущества (рейдерства). Предложены меры противодействия рейдерству.*

**Ключевые слова:** рейдерство, противодействие рейдерству, криминологическая характеристика рейдерства.

*In this article we give a criminological description of the criminal seizure of someone else's property (raiding). Measures to counter raiders are proposed.*

**Keywords:** raiding, counteraction to raiding, criminological characteristics of raiding.

Бөтеннің мүлкін криминалды басып алуға (рейдерлікке) қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық тетігінің болашағы туралы сұраққа келгенде экономикалық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты қылмыстық саясаттың кейбір үрдістеріне тоқтап кету қажет.

Ғалымдардың айтуынша, «XX ғасырдың аяғында экономика саласындағы қылмыстық саясат, мүлктік және шаруашылық қатынастарды, қылмыстық-құқықтық қорғау, босаңсу бағытын алды. Аталған саладан қылмыстық заңды шығару, алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен жасалатын, сол экономикалық қылмыстарды толық және (немесе) ішінара қылмыссыздандыру және депенализациялау жолы арқылы болды. Заң шығарушы бізді, алаяқтық – бұл кәсіпкерлік жүйенің, ажырамас бөлігі екенін сендіргісі келеді, өндірістегі нарықтық ұйымдастырушылық үшін төлемақы және оған шыдамды, мейірбандықпен қарау керек» [1,44б.].

Бұл жағдайды талдай отырып, біздің ойымызша, экономиканы қылмыстық-құқықтық қорғаудың босаңсуы қабылданбайтын жағдай және мемлекеттік биліктің криминалмен күресуде еш қатыспауы табылады. Капиталистік қоғамда мүлктік және шаруашылық алаяқтыққа қарсы құқықтық іс-қимылда акцент қойылуы тиіс.

Алаяқтық және онымен бірге сыбайлас деликтік тек қана экономика саласында сенім деңгейін төмендетіп қоймайды (мысалы айтсақ, сенімнің төмен деңгейі - заңдық тәртіптің бір белгісі), шаруашылық қатынастарды бұзады, өркениетті кәсіпкерлікті құруға, бөгет болады, сонымен қатар қоғамда агрессияның өсуін тудырады, олардың арандатушылығы алаяқтық қулықтарды, зомбылық қылмыстармен араларын жақындатады жайылуына әкеп соғады.

Демек, сол немесе өзге де экономикалық өтірік пен алдауың, жазаланушылығын жеңілдету, тек қана осы қулықтардың қауіптілігінің төмендеуі туралы елес жасайды. Негізінде осындай қылмыстық-саяси есеп, гиперлатенттілікке тиімді болып табылады.

Рейдерлікке қарсы қылмыстық-құқықтық іс-қимылдың даму бағыттары туралы сұрақ бойынша ғалымдардың ойларын, түсіндіріп кеткім келеді.

Ғылымда рейдерлікке қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық тетігіне байланысты үш тұжырымдамалық тұрғы бөлініп шығады:

Бірінші тұрғыны қолдаушылар, рейдерлікке қарсы іс-қимылдың нәтижелі болуы үшін қолданыстағы қылмыстық-құқықтық нормалардың жеткілікті екендігін айтады және осыған байланысты осы әрекет үшін жауаптылық белгілейтін қылмыстық заңнамасына толықтырулар енгізуді негізсіз деп есептейді.

Екінші тұрғыны ұстанушылар, рейдерлік басып алуға жағдай жасайтын жеке әрекеттерді криминализациялау керек деп есептейді ҚР ҚК-не корпоративтік қатынастар жүйесін қорғауға бағытталған кешенді баптарды енгізуді көздейді.

Үшінші тұрғыны қолдайтын ғалымдар, рейдерлік үшін қылмыстық жауаптылық белгілеу керек деп есептейді, бұл ҚР ҚК-не арнайы баппен толықтырылуын көздейді. Бұл тұрғының негізделуі, ҚР ҚК рейдерлік үшін жауаптылық көздейтін ҚК нормасымен толықтырылуы рейдерлікке қарсы іс-қимылда оның айрықша белгісін бөлуге мүмкіндік береді.

Осы нұсқада жауаптар берілген, сұрақтың мәнінің негізі мақсаты ҚР ҚК Ерекше бөлігіне рейдерлікке арналған нормалар тобы керек пе? Қойылған сұрақтың өзі тар болып келеді.

ҚР ҚК Ерекше бөлігінің нормаларын шығару барысында ақырғы мақсаттарына жеткендігін көріп тұр. Көрсетілген әрбір тұрғылар, сөзсіз өзінің рационалды түйірі бар, өкінішке орай жоғарыда көрсетілген тұрғылар бір-бірін жояды.

Заңды тұлғаларды рейдерлік басып алуға қарсы қылмыстық-құқықтық іс-қимылдың нәтижелі тәсілдерін ойластыра келе, рейдерлікті қылмыстандыру сұрағынан бастау керек.

Рейдерлікті қылмыстандыру қажет пе деген сұраққа, жауап жақында атап өткен көзқарастарға сәйкес келмейді. Бір жағынан рейдерлікті қылмыстандыру қажеттілігі, екінші және үшінші көзқарастардан қолдау табады, бірақ бір уақытта біріншіге қарсы болады [2,586].

Рейдерлікке қарсы іс-қимылдың нәтижелі қылмыстық-құқықтық тетігін, шығару жұмыстары бойынша, рейдерлікті қылмыстандыру қажеттілігін бағалаудан тұрады.

I. Криминализацияның заңдық-криминологиялық негіздері:

1. Әрекеттің қоғамға қауіптілік деңгейі;

Рейдерлік бірнеше себептермен қоғамға қауіпті болып табылады, өйткені ол:

- қылмыстық тәсіл арқылы мүлікті қатынастарға қол сұғады;
- өндірістің тоқтауына әкеп соғады, бұл өзімен бірге жұмыс орындарының қысқаруына, жалақының төлемеуіне, салықтық және өзге де алымдардың сәйкес бюджет пен қорларға түсуін тоқтатады;
- сыбайлас жемқорлықтың өсуін араңдатады;
- қоғамда біреудің мүлкіне дөрекі қарым-қатынасты қалыптастырады және қоршаған ортадағылардың ойына жымқыруды тудырады, әсіресе қазіргі ұрпаққа;
- мемлекеттік биліктің беделін төмендетеді, рейдерлікке қарсы іс-қимылдың нәтижелі мемлекеттік тетіктің жоқтығы, оған сенімнің болмауына әкеп соғады;

Рейдерлікпен мемлекеттік биліктің беделін түсіру, ғалымдардың рейдерлікке қарсы іс-қимылда саяси мағына бар екендігі туралы ойдың болуына негіз болады [1,526.];

- даму мен өздігінен жетілуге бейім.

Ғалымдардың айтуынша «шаруашылық субъектілердің жүріс-тұрыстары және (немесе) олардың өкілдері, рейдерлік шеңберінде қоғамға қауіптілігі соншама, олар қылмыстық жауаптылық сияқты қатаң шараларды қолдануды сұрайды» [3,146.].

2. Әрекеттердің біркелкі таралуының және олардың типтілігі;

Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді зерттеп, рейдерлік басып алулар бойынша жүргізілетін статистикалық деректерге, рейдерлік оқиғалар бойынша басталған қылмыстық істер айыптау үкімдерінің сандары, олардың динамикасының талдауына және т.б назар аударды.

Осы мәліметтер, бойынша рейдерлік бойынша қылмыстық істер ондап саналды. Оны Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметтерінен көруге болады.

Кесте 1. - 2014-2017 жылдар аралығындағы рейдерлік бойынша тіркелген қылмыстық істер саны

жылдар	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Тіркелген істер	3	9	5	2

Осындай қылмыстарды жасау, заңды тұлғаны басып алу қажеттілігімен түсінілмейді. Осылайша сол немесе өзге де қылмыстарды рейдерлік бағыттағы қылмыстар тобына жатқызу ғылыммен де тәжірибемен де қалыптаспаған. Алдыңғы көрсетілген мысалдар бойынша, заңды тұлғаларды заңсыз басып алу ҚР ҚК-нің 249-бабымен сараланған. Бірақ алаяқтық пен өзінше билік ету оқиғалары рейдерлік болып табылмайды. Сол немесе өзге де қылмыс, рейдерлік бағыттағы екендігі түсіну үшін, тек қана нақты



қылмыстық істі зерттеген соң білуге болады, ал қылмыстарды осылай есепке алу біздің мемлекетте жүргізілмейді.

Жоғарыдағы айтылғаннан, осы оқиға бойынша біз сапалы жаңа құбылыспен кездесіп қалдық, оны қолда бар үлгілер бойынша өлшеу мүмкін емес, бірақ рейдерлікті осы критерий бойынша бағалау үшін, бар эмпирикалық материалдарға сүйенеміз. Рейдерлік кең таралған ба? Иә. Рейдерліктің мысалдары біздің мемлекетіміздің барлық жерлерінде ондаған жылдар аралығында кездескен.

Ғалымдардың ойынша, сол немесе өзге де қоғамға қарсы бағытталған жүріс-тұрыстың кең жайылуы және олардың қолайсыз динамикасы оларды қылмыстық-құқықтық тыйым салу орнатылуының белгісі емес, қылмыстандыруға кедергі жасайды. Осындай әрекеттердің кең таралуының себептерін зерттеу, оларды қылмыстылық және қылмыстық жазаланушылығы мақсатты орындалмауы туралы қорытындыға әкеп соғуы мүмкін. Анық қоғамға қауіпті кері жағдай (құмар ойындар, жезөкшелік, балағаттаушылық) және олардың таралуы, көрсетілген әрекеттерді қылмыстандыру жағынан бағалау абай болу керек, себебі осындай әрекеттерді қылмыстандыру жағдайында жазаның қолданылмай қалмайтындығын, принципін толық көлемде жүзеге асыру мүмкін емес.

3. Қоғамға қауіпті әрекеттерді туғызатын себептер мен жағдайларды есепке алумен олардың динамикасы. Ғалымдардың айтуынша «сол немесе өзге де қоғамға қауіпті әрекеттердің жоғарғы өсу динамикасын, оны жасағаны үшін, қылмыстық жауаптылық көздейтін заңнамалық нормаларды бекіту жолымен оларды ұстап тұру әрқашан қолдан келмейді» [4,62б.].

Норма экономикалық, идеологиялық және басқа да факторлармен қосылып әрекет еткенде, қылмыстардың пайда болу себептеріне нәтижелі әсер етеді, ал олармен қарама-қарсы болса оның тиімділігі аз болады.

4. Қоғамдық қауіпті әрекеттерге қылмыстық-құқықтық шаралар арқылы әсер ету мүмкіндігі.

Ғалымдардың айтуынша қылмыстық жазалаушылық – бұл девиантты қылықпен күресудегі шеткі, экстрималды шара және ол нақты антиқоғамдық қылықтармен күресте қойылған мақсатқа жету үшін барлық мүмкіндіктер таусылған жағдайда қолданылуы керек. Мұнда керекті нәтижелер осындай репрессивтік шараларды (әкімшілік-құқықтық, тәртіптік, азаматтық-құқықтық және басқа да) қолдану арқылы мақсатқа жетеді. Қылмыстандыру барысында есепке алу, қаралатын негіз бойынша екі өзара байланысты сұрақтарды анықтауды шамалайды, қоғамдық қауіпті әрекеттермен күрес қылмыстық-құқықтық тәсілдерсіз тиімді бола ма, жоқ болса қылмыстық-құқықтық ықпал ету тәсілдері оған тиімді ме?

Рейдерлердің арсыздық әрекеттерін ескере отырып, рейдерлік басып алу нәтижесінде үлкен материалдық залал келтіріледі, оны жүзеге асыру барысында адамдардың өмірі же денсаулығына қауіп төндіру, рейдерлердің заңнаманың кез-келген нормаларын бұзуға дайындығы, осы құбылыспен қылмыстық-құқықтық тәсілден басқа өзге де тәсілдер арқылы күрес тиімсіз болып табылады.

5. Қылмыстық юстиция жүйесінің мүмкіндіктері.

Антиқоғамдық қылықтардың сол немесе өзге де формаларымен күресте, қылмыстандыру қылмыстық юстиция жүйесінің мүмкіндіктерін есепке алмай жүзеге асырылмайды. Осындай есепке алу қылмыстық сот өндірісінің барлық кезеңдерінен өту қажет және де қылмыскерлерді түзету мен тәрбиелеу процесі. Тек қана оларды жасаған тұлғалар анықталған, ашылуға және тіркеуге жататын әрекеттерді қылмыстандыруға болады. Өзге де сөздермен өзінің сипаты бойынша сыртқы бақылау бойынша қол жетімді және осыған байланысты дәлелденуге жататын қылықтар қылмыстық-құқықтық реттеуге жатады. Олай болмаған жағдайда қылмыстық-құқықтық тыйым салудың бұзылуы анықталмайды және қылмыстық-құқықтық санкция жүзеге асырылмайды.

Әрине рейдерлік шабуылдарды жүз пайызды ашу туралы сөз болып жатқан жоқ, себебі қылмыстың латенттілігі бүкіл уақыт аралығында болған және рейдерлікке ғана қатысты емес. Бірақ рейдерлікті қылмыстандыру көрсетілген талапқа сай. Себебі бұл экономикалық қылмысқа жатқызылғандықтан және жоғары интеллектуалды болғандықтан рейдерлікке қарсы қылмыстық-құқықтық іс-қимыл ету оңай болмайды.

Рейдерлік басып алулардан ескертудің, экономикалық нәтижелері, өзімен-өзі сезінбеуі де мүмкін, бірақ рейдерлікпен келтірілген материалдық зияннан, заңды тұлғаларды заңсыз басып алуды жасау, қылмыстық-құқықтық тыйым салуды жүзеге асыру үшін кеткен шығандар асып кетеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Безверхов А.Г. Современная уголовная политика в сфере экономики: в поисках адекватной модели // Российская юстиция. 2012. - № 10. – С.44-50.
2. Википедия. Свободная энциклопедия. URL: <http://ru.wikipedia.org> (дата обращения: 17.02.2017).
3. Лопашенко Н.А. Основы уголовно-правового воздействия: уголовное право, уголовный закон, уголовно-правовая политика Спб., 2004. – 360 с.
4. Филимонов В.Д. Норма уголовного права. Спб., 2004. – 220 с.

Нургожин Айбек Нурланович

2 курс магистранты Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ***Осы мақалада сыбайлас жемқорлық ұғымының қалыптасу тарихы ашылған.**Түйін сөздер:* сыбайлас жемқорлық, тарихи аспектілері, тарихи қалыптасуы.*В настоящей статье даны исторические аспекты понятия коррупция.**Ключевые слова:* коррупция, исторические аспекты, историческое становление.*In this article, historical aspects of the concept of corruption are given.**Keywords:* corruption, historical aspects, historical formation.

Көне заман тарихына көз жүгіртетін болсақ, алғашқы және ерте таптық қоғамдарда абыздарға, көсемдерге, әскербасыларына олардың көрсеткен көмегі, қызметі үшін төлемақы беру әдеттегідей норма болып қабылданғаны мәлім. Жоғары шенде тұрған басшылар қарамағындағы төменгі шендегі қызметкерлердің белгіленген бір төлемақыға риза болғанын талап ете бастады, яғни олар белгілі бір көлемде жалақы алатын болды. Ал төменгі шендегі қызметкерлер лауазымдық міндеттерін орындау барысында көрсеткен қызметі үшін жасырын түрде қосымша төлем талап еткен. Біздіңше осы құбылысты сыбайлас жемқорлықтың алғашқы белгілері деп қарастыруға болады [1,б.24].

Антик қоғамы (көне грек қала-мемлекеттер, республикалық Рим) тарихының ерте заманында кәсіби мемлекеттік шенеуніктер болмаған, сондықтан сыбайлас жемқорлық құбылысы да жоқтың қасы еді. Бұл құбылыс антик қоғамы құлдыраған дәуірде кең өріс ала бастады. Осы кезде рим құқығында «согуприге» деген термин пайда болып, «бүлдіру», «біреуді сатып алу» деген мағынаны білдіріп, билікті асыра пайдаланушылық жағдайы болған кезде қолданылған. Мемлекет неғұрлым орталықтандырылған болса, соғұрлым азаматтардың мемлекеттік деңгейдегі істі өз бетінше шешуі шектеулі болады, осыған орай төмендегі және жоғарыдағы шенеуніктер қатаң қадағалаудан босағысы келген адамдардан жасырын түрде пара алып, сөйтіп заңды бұзушылыққа жол беріледі. Сыбайлас жемқорлықтың осындай «төзімді нормасы» әсіресе өндірістің азиялық тәсілінде байқалады. Сөйтіп, Артхашастраның авторы сараң шенеуніктердің мемлекеттік мүлікті талан-таражға салудың 40 тәсілін көрсеткен [2,б.21].

Сыбайлас жемқорлықтың жаңа қарқынмен кең өріс алуы ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басына келеді. Бір жағынан, іс-шараларды мемлекеттік реттеу дәрежесі көтеріліп, осыған орай шенеуніктердің билігі күшейе түсті. Екінші жағынан, ірі кәсіпкерлік пайда болып, олар өз мақсатына жету үшін «мемлекетті сатып алуға» кірісті.

Дамыған елдерде (Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс Еуропа елдерінде) саяси партиялардың маңызы өскен сайын партиялық сыбайлас жемқорлық кең етек ала бастады. ХХ ғасырдың екінші жартысында «үшінші әлем» елдері саяси дербес ел болып дамыған кезде, олардың мемлекеттік аппараты алғашқы кезден бастап сыбайлас жемқорлық жолына түскен еді. «Үшінші әлем» елдерінде «төменнен жоғары жаққа қарай» сыбайлас жемқорлық түрі кездеседі, бұндай жағдайда парақор басшы өз кінәсін мойындамай, қарамағындағы қызметкерлерді жазаға тартады. Сондай-ақ «жоғарыдан төменге қарай» сыбайлас жемқорлық түрі де болған, бұндай жағдайда жоғары қызметте тұрған шенеуніктер ашық түрде пара алып, алған парасымен қарамағындағы қызметкерлермен жартылай бөліскен (сыбайлас жемқорлықтың осындай жүйесі Оңтүстік Кореяда байқалады). «Үшінші әлем» елдерінде (Филлипинде, Парагвайда, Гаитиде, Африканың кейбір елдерінде) клептократиялық тәртіп орнаған, бұл елдерде сыбайлас жемқорлық барлық әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынасты қамтыған және пара бермесе ешбір іс орындалмайды. 1990 жылдары сыбайлас жемқорлық мәселесі аса өзекті мәселеге айналды. Осы кезде бұрынғы социалистік елдерде сыбайлас жемқорлық аса үлкен қарқынмен дамыды.

Қорыта келе айтатынымыз, ХХ ғасырда сыбайлас жемқорлықтың қарым-қатынастың даму үдерісі мынадай: сыбайлас жемқорлықтың түрі мен формасы көбее түсті; ауық-ауық түрдегі сыбайлас жемқорлық жүйелі түрдегі сыбайлас жемқорлыққа айналды; биліктің төменгі сатысында орын алған сыбайлас жемқорлық биліктің жоғарғы сатысында кездесетін, одан әрі халықаралық сыбайлас жемқорлық сипатына ие болды; квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық үлкен орын алууда.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Нукенов М.О. Коррупционные преступления: криминологический и уголовно-правовой анализ. - Монография. - Алматы: МАПР, 1999. - 152 с.

УДК 343

Орманұлы А.

ҚазИГЗУ ЗФ ҚПК «Заңтану» мамандығы бойынша 2 курс магистранты

## ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ СОГЛАСИТЕЛЬНОГО ПРОИЗВОДСТВА В УГОЛОВНОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

*Бұл мақалада жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында процесстік келісімге келу бойынша қылмыстық істерді жүргізумен байланысты мәселелік сұрақтары қарастырылады.*

**Түйін сөздер:** процесстік келісім, келісімдік өндіріс, сотқа дейінгі тергеп-тексеру

*Данная статья освещает проблемные вопросы, связанные с производством по делам, по которым заключено процессуальное соглашение, в целях защиты законных прав и интересов физических и юридических лиц.*

**Ключевые слова:** процессуальное соглашение, согласительное производство, досудебное расследование.

*This article highlights problematic issues related to the production of cases on which a procedural agreement is concluded, in order to protect legitimate rights and interests of individuals and legal entities.*

**Keywords:** procedural agreement, conciliation proceedings, pre-trial investigation.

Становление современного правового государства с его изменениями в экономике и социальной сфере влечет за собой рост преступности, характеризующейся порой изоциренностью и жестокостью совершаемых преступных деяний, что потребовало переосмысления и реформирования отдельных институтов уголовного и уголовно-процессуального права.

Одним из приоритетов реформирование уголовного судопроизводства является введение института упрощенного производства по уголовным делам с учетом общепризнанных международных норм по охране и защите прав человека и гражданина в национальном законодательстве.

Вопросы упрощения судопроизводства рассмотрены в программных документах, определяющих государственную политику в сфере права. В Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года, утвержденной Указом Главы государства от 24 августа 2009 года, подчеркнута, что одним из основных направлений развития уголовно-процессуального права является дальнейшее законодательное развитие института процессуального соглашения [1].

Государство должно стремиться к созданию оптимальных условий для стабильного и эффективного функционирования системы уголовного судопроизводства. Между тем на практике не всегда удается обеспечить в полном объеме данные условия. В связи с этим важно учитывать то обстоятельство, что в современных условиях глобализации и интеграции многими странами ближнего и дальнего зарубежья практикуется принятие законов, направленных на упрощение, сокращение и ускорение уголовного процесса.

Современными уголовно-процессуальными доктринами многих стран с различными системами права признаны и на практике применяются так называемые сделки с правосудием. На постсоветском пространстве они узаконены в Российской Федерации, на Украине, а также в Грузии, Латвии, Литве, Эстонии, Азербайджане и Молдове.

Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан, воплотил в жизнь много новых идей по повышению эффективности судопроизводства. Новый УПК РК содержит отдельные, в некотором смысле революционные для отечественного судопроизводства, процедуры, о целесообразности применения которых в специальной литературе идут достаточно острые дискуссии. Одним из этих институтов является «процессуальное соглашение» [2].

Введённые новеллы, прежде всего, направлены на повышение эффективности при отправлении правосудия в уголовном процессе. Следовательно, законодатель тем самым воплощает в жизнь положения из «Стратегию «Казахстана- 2050»: новый политический курс состоявшегося государства», озвученного 17 января 2014 года, о поднятии качества работы всей правоохранительной системы, о высоком профессионализме сотрудников правоохранительных органов [3].

Проведенная в 2015 году реформа судебной системы Казахстана также основывается на приоритетных направлениях развития государства и общества, обозначенных в стратегии Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева — «100 шагов», в которой особое внимание придается вопросам законности и правопорядка [4].

По официальным сведениям Комитета по правовой статистике и специальным учетам при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан в последние годы растет количество зарегистрированных преступлений. Например, по итогам 12 месяцев 2012 года уровень преступности на территории

республики вырос на 39,1 %, т.е., в 2011 году с 206.801 на 287.681 преступление. В большинстве случаев рост преступности произошел за счет краж 46,7 %, мошенничеств 50,3 %, грабежей 11,8% и хулиганств 63,1%. Тогда как за 12 месяцев 2013 года было зарегистрировано уже 359.844 преступлений [5].

За 2012–2016 гг. в Казахстане уровень преступности возрос в 2,6 раза при практически неизменившейся численности следственных подразделений и аппаратов дознания, ужесточении учетно-регистрационной дисциплины и установлении строгой уголовной ответственности за сокрытие преступлений.

Уже за первый квартал 2017 г. в Республике Казахстан между прокурорами и подозреваемыми (обвиняемыми) заключено 409 процессуальных соглашений о признании вины, в том числе по преступлениям небольшой тяжести - 66, средней тяжести - 151, тяжким преступлениям - 187, а также по уголовным проступкам - 5 [5]. Количество заключенных процессуальных соглашений растёт с каждым годом. Так, в г. Семей за 2016 г. было заключено 22 процессуальных соглашений по 17 делам (Приложение №1), что превышает показатель 2015 г. В текущем, 2017 г., заключено уже более 20 процессуальных соглашений.

С учетом роста преступности при возможности упрощения, сокращения и ускорения следует пересмотреть деятельность отечественных следственных и судебных органов и сформировать модель уголовного судопроизводства с максимальным обеспечением прав и свобод личности, а также адаптировать положительный опыт уголовно-процессуального законодательства некоторых стран англосаксонской и континентальной системы права.

Изначально согласительное производство в уголовном процессе теоретиками и практиками Казахстана воспринималось как чужеродный элемент, противоречащий принципам, целям и задачам уголовного судопроизводства. Ранее, в УПК РК 1997 г. [6], имело место право лица на снижение меры наказания при условии его деятельного раскаяния, что и составило правовую основу для такой формы согласительного производства, как соглашение о сотрудничестве, включенной во вновь принятый в 2014 г. УПК РК. Исследование зарубежного правового опыта применения согласительных процедур показало, что уголовно-правовая политика достижения компромисса в определенных условиях предпочтительнее политики давления и репрессий.

Процессуальное соглашение — достаточно новое явление в уголовно-процессуальном праве Республики Казахстан. Исследование зарубежного опыта привнесло свои результаты в деле восприятия национальным правом Казахстана одноименного института. Однако путь его внедрения в Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан был довольно сложным и сопровождался бурными обсуждениями, в ходе которых изначально аргументов против процессуального соглашения выдвигалось гораздо больше, чем в его пользу. Так, в 2005 г. в Парламенте РК обсуждался проект Закона РК «О внесении изменений и дополнений в Уголовный, Уголовно-процессуальный, Уголовно-исполнительный кодексы Республики Казахстан и Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам упрощения процедур расследования уголовных дел и декриминализации некоторых составов преступлений». В законопроекте содержались положения об институте сделки о признании вины. На момент обсуждения в нем имели место положения, противоречащие Конституции РК. В результате Сенат Парламента отклонил законопроект в рассматриваемой части как требующий доработки. Вместе с тем председатель Комитета по законодательству и правовой реформе Сената Парламента РК Е. Ж. Жумабаев отмечал, что вопрос об институте сделки о согласии с объемом предъявленного обвинения не теряет своей актуальности, поскольку институт сделки о признании вины не только позволяет учесть права и интересы личности в уголовном судопроизводстве, но и может оказаться эффективным методом борьбы с преступностью в целом [7, с. 20-26].

Как свидетельствуют зарубежные исследователи, аналогичные ситуации имели место в ходе обсуждения вопросов о целесообразности законодательного восприятия процессуального соглашения в ряде иных стран постсоветского пространства — например, в Республике Беларусь, Российской Федерации, Грузии. Так, по свидетельству В. И. Самарина и А. Ю. Орехова, процессу рассмотрение соответствующего законопроекта в Палате представителей Национального собрания Республики Беларусь в 2014 г. предшествовало «множество споров и дискуссий среди отечественных ученых-процессуалистов и практических работников в области уголовного процесса» [8, с. 321-327].

Аргументы противников процессуального соглашения нередко больше напоминали «выброс эмоций», чем действительно содержали обоснованные возражения. Так, известный российский процессуалист А. В. Смирнов в свое время полагал, что сделки «о признании вины есть проявление частно-искового правосознания, главная их цель утилитарна — это быстрее «снятие» конфликта ради процессуальной экономии, а также (со стороны обвиняемого) смягчение наказания» [9, с. 320]. И далее он сделал вывод о том, что сделка о признании вины далека от интересов достижения истины по уголовному делу. Однако позднее ученый пересмотрел свою позицию, что в дальнейшем проявилось в его активном участии в деятельности по усовершенствованию правового регулирования отношений, складывающихся в

рамках процессуального соглашения, введенного в 2009 г. в Уголовно - процессуальном кодексе Российской Федерации [10]. Еще более резкие суждения высказывались И. Л. Петрухиным. Он полагал, что рассматриваемое понятие чуждо российскому менталитету, что это явление аморальное, порочное, бесчестное; торг, компрометирующий власть, свидетельствующий о ее бессилии, неспособности раскрывать преступления [11, с. 35-37].

В результате длительных споров аргументы в пользу не только практической целесообразности, но и теоретической обоснованности внедрения в уголовный процесс сделки о признании вины были положены в основу законодательных новелл. О практической целесообразности достаточно весомые суждения высказаны рядом современных исследователей. Так, В. И. Самарин и А. Ю. Орехов пишут: «Анализ практики правоприменения свидетельствует, что сегодня государству сложно эффективно противодействовать большому количеству преступных проявлений, полагаясь исключительно на деятельность правоохранительных органов. В частности, остаются нераскрытыми ряд тяжких и особо тяжких преступлений, в том числе преступления против человека, в сфере коррупции, преступления, совершаемые организованными преступными группами».

Как нам представляется, в России именно практическая целесообразность применения процессуального соглашения в уголовном судопроизводстве была положена в основу Федерального закона от 29.06.2009 № 141-ФЗ «О внесении изменений в Уголовный кодекс (далее – УК) РФ и Уголовно-процессуальный кодекс РФ» [12]. При обсуждении проекта названного закона в пояснительной записке к нему указывалось, что предлагаемые новеллы о процессуальном соглашении о сотрудничестве имеют целью повышение результативности в раскрытии и расследовании «заказных» убийств, фактов бандитизма, наркопреступлений и что данный правовой институт вводится для борьбы с организованной преступностью, коррупцией. Анализируя пятилетнюю практику применения в России процессуального соглашения о сотрудничестве, Н. А. Дудина отмечает, что таким образом урегулирована возможность привлечения правоохранительными органами к сотрудничеству лиц, состоящих в организованных группировках и преступных сообществах, при условии значительного сокращения таким лицам уголовного наказания и распространения на них мер государственной защиты [13, с. 8-10].

Не меньший интерес представляет теоретическое обоснование целесообразности применения в уголовном судопроизводстве согласительных процедур. Так, казахстанский исследователь У. С. Джекебаев, ссылаясь на мнения С. Теймана, Р. З. Лившица, В. А. Лазарева, пишет о том, что в современных условиях новое мышление настоятельно требует перехода от конфронтации к поиску согласия, от подавления к плюрализму, от насилия к консенсусу. Государство и право должны выступать как орудие и средство согласия, компромисса, уступок, орудием снятия общественных противоречий, но не как средство насилия, слома и уничтожения. Признание в современном цивилизованном государстве и праве орудий социального компромисса не означает, что в нынешнем обществе отсутствуют социальные противоречия. Будучи орудием социального компромисса, государство тем не менее не может отказаться от использования принуждения. Не отрицая присущей государству такой функции, как подавление, все же на первый план должны выдвигаться задачи достижения согласия, общественного компромисса [14, с. 15].

Помимо изложенных выше обстоятельств, определяющих правомерность применения в уголовном судопроизводстве согласительных процедур, имеют значение общемировые тенденции и международные стандарты в сфере уголовной юстиции. Стремление Казахстана создать такую систему национального права, которая заняла бы достойное место в общемировом правовом пространстве, объективно предполагает изучение международного опыта с последующей имплементацией наиболее приемлемых моделей в отечественное законодательство. Как утверждает С. Д. Князев, уголовно-процессуальное законодательство и практика его применения не могут не испытывать на себе совокупного воздействия конституционных принципов и требований международных стандартов уголовного правосудия, адекватное и согласованное восприятие которых и должно определять состояние и развитие уголовного судопроизводства [15, с. 56-61]

На основе исследования данного раздела мы пришли к следующим выводам:

1. Путь внедрения института процессуального соглашения в Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан был довольно сложным и сопровождался бурными обсуждениями, в ходе которых изначально аргументов против процессуального соглашения выдвигалось гораздо больше, чем в его пользу. Положительные аспекты заключались в том, что новые для РК институты призваны стать правовыми стимулами процессуальной экономии, снижения индекса тюремного населения и гуманизации уголовной репрессии, а также раскрытия, расследования и судебного рассмотрения уголовных дел по наиболее опасным категориям преступлений. Следует также выделить отрицательные аспекты, которыми являются возможное злоупотребление институтом процессуальной сделки органами уголовного преследования; риск девальвации профессиональных навыков следователей, дознавателей, прокуроров и судей; возможность оговора лица, сотрудничающего с органом следствия, в отношении других лиц заведомо невиновных.

2. Таким образом, процессуальное соглашение — достаточно новое явление в уголовно-процессуальном праве Республики Казахстан. Процессуальное соглашение - это соглашение, заключаемое между прокурором и подозреваемым, обвиняемым или подсудимым на любой стадии уголовного процесса или осужденным в порядке и по основаниям, предусмотренным УПК.

3. С момента введения института процессуального соглашения в новой редакции УПК РК данный правовой институт успел доказать свою актуальность и значимость. За это время на следственно-судебной практике удалось приобрести необходимый положительный опыт использования новой нормы. Институт процессуального соглашения делает первые шаги в системе уголовного судопроизводства, и это важное движение вперед для совершенствования судебно-следственной практики.

#### Список использованной литературы:

1 Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858 «О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года» [Электронный ресурс]. - Режим доступа: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30463139](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30463139)

2 Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 04.07.2014 № 231-V с изм. и доп. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31575852#pos=1;-307](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575852#pos=1;-307)

3 Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 17 января 2014 г. «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее».

4. Статья Главы государства «План нации – Путь к казахстанской мечте; «100 конкретных шагов по реализации 5 институциональных реформ», 6 января 2016 года [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http://www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/press\\_conferences/statya-glavy-gosudarstva-plan-nacii-put-k-kazahstanskoi-mechte](http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-plan-nacii-put-k-kazahstanskoi-mechte)

5. Данные Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://service.pravstat.kz>

6. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 13 декабря 1997 года № 206-I. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1008442](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1008442)

7. Жумабаев Е. Ж. Законодательное обеспечение прав граждан в досудебном производстве / Е. Ж. Жумабаев // Обеспечение конституционных прав граждан в досудебных стадиях уголовного процесса: материалы международной научно-практической конф., Астана, 26-27 авг. 2005 год / Сенат Парламента РК; редкол.: Р. Т. Тусупбеков [и др.]. - Алматы: ДП «Эдельвейс», 2006 год. - С. 20-26

8. Самарин В. И. Теоретико-прикладной аспект проблематики введения досудебного соглашения о сотрудничестве в уголовно-процессуальное законодательство Республики Беларусь / В. И. Самарин, А. Ю. Орехов // Унив. наук. зап. - 2014 год. - № 2. - С. 321-327

9. Смирнов, А. В. Особый порядок принятия судебного решения при заключении досудебного соглашения о сотрудничестве / А. В. Смирнов // Уголов. процесс. - 2009 год. - № 10. - С. 5-14. Смирнов, А. В. Состязательный процесс: моногр. / А. В. Смирнов. - СПб: Альфа, 2001 год. – С. 320

10. "Уголовно-процессуальный кодекс Российской Федерации" от 18.12.2001 N 174-ФЗ (ред. от 03.04.2017). [Электронный ресурс]. - Режим доступа: [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_34481/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34481/)

11. Петрухин И. Л. Сделки о признании вины чужды российскому менталитету / И. Л. Петрухин // Рос. юстиция. - 2001 год. - № 5. - С. 35-37

12. О внесении изменений в Уголовный кодекс РФ и Уголовно-процессуальный кодекс РФ: Федер. закон от 29.06.2009 № 141-ФЗ // Консультант-Плюс [Электронный ресурс] / ООО «Юрспектр». - М., 2016 год - Режим доступа: [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_88930/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_88930/)

13. Дудина Н. А. К вопросу о предназначении института досудебного соглашения о сотрудничестве / Н. А. Дудина // Рос. судья. - 2014 год. - № 4. - С. 8-10

14. Джекебаев У. С. Уголовно-правовые и криминологические проблемы легализации сделок о признании вины / У. С. Джекебаев // Постоянно действующий теорет. семинар «Юрид. наука и практика». - Алматы, 2002 год. - С. 15

15. Князев С. Д. Российское уголовное судопроизводство: конституционные принципы и международные стандарты / С. Д. Князев // Государство и право. - 2016 год. - № 5. - С. 56-61

## ОӘЖ 343.195

### Оспанова Асель Бауырбекқызы

*1 курс магистранты Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.*

### СОТ АЛҚАБИЛЕР ИНСТИТУТЫН ЖЕТІЛДІРУ

*Бұл мақалада сот алқабилер институтын жетілдіру сұрақтары қаралған. Автор сот алқабилер институтының тиімділігін жоғарлату мақсатында ұсыныстар жасаған.*

**Түйін сөздер:** алқабилер институты, алқаби, жетілдіру, кәсіби судья.

*В настоящей статье рассмотрены вопросы совершенствования суда присяжных заседателей. Автор в целях повышения эффективности института присяжных заседателей предлагает внести рекомендации.*

**Ключевые слова:** несовершеннолетние, наказание, назначение наказания.

*The present article reviews the questions of supervision in the water of the jury. The author of the articles on the effectiveness of the Institute of Jurisprudential Institutes recommends that the Commission recommends.*

**Keywords:** *institute of jurors, jurymen, perfection, professional judge.*

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері сот жүйесін құру мен басқару саласында сот реформасы жедел қарқынмен жүргізіліп келеді. Соның бір дәлеліндей алқабилер институтының енуі сот билігінде демократиялық қадам жасаудың негізі болып табылады. Алқабилер соты - отандық әділсот тарихындағы елеулі жаңалық. Бұл - халықтың сот билігіне араласуының бірден бір мүмкіндігі. Сондықтан бұған ерекше көңіл бөлініп, конституциялық норманы іске асыру барысында біраз жұмыстар атқарылды. Оның үстіне сот ісіне халық өкілдерін қатыстыру және оған көпшіліктің бақылауын ұйымдастыру демократиялық қоғамның бір көрінісі. Алқабилер жүйесі жаңа әрі күрделі нысандағы институт. Мұндай институт сыртқы әсерлерден тәуелсіз болуы шарт. Ол мемлекет пен халық ортасындағы көпір, сондықтан елімізде билікті жүзеге асыруға азаматтарды тарту қоғамды демократияландыру тәсілдерінің бірі. Осы институт субъектісі болып табылатын алқабилер істерге қатысу кезінде судьямен бірдей тең құқықтарға ие болады. Тарихтан бастау алатын билер соты көне заманнан жалғасын тауып келеді. Онда адамның құқықтарын қорғайтын билер сотынан басқа, бізге тағы да екі түрі жеткенін байқаймыз. Бірі - алқа заседательдерінің ағылшын-саксондық, яғни классикалық түрі болса, екіншісі - алқа заседательдерінің кеңейтілген түрде сот ісін жүргізуге араласуы болып отыр.

Осы мәселе тірегінде қоғамда көптеген пікірталас туындады. Бұл институтты жақтаушылар сот төрелігін жүзеге асыру кезінде кездесетін заңсыздықтар мен әділетсіздіктерге қарсы тұра алатын шара ретінде алқабилер институтын қажет деп таныды. қарсы бағытты қолдаушылар сот ісін жүргізуде бұл институтты енгізу күрделі әлеуметтік және экономикалық салдарларға әкеледі деген пікірлер білдірді. Мәселе, аталған институттың мазмұны мен сипаты франко-германдық немесе англо-саксондық үлгімен құрылу қажет пе, әлде, Ресейдің тәжірибесін пайдаланған орынды ма, деген сан алуан пікірлерді талдауда болды. Алайда, алқабилер институтының әлемдік деңгейде қалыптасып, орнығып қалған ортақ формасы жоқ. Соған орай аса ауыр және ауыр істерді қарау үшін классикалық алқабилер үлгісі және орташа ауырлықтағы істер бойынша үкім шығару үшін аралас нысандағы сот үлгісін енгізуді ұсынған халық өкілдерінің қатысуымен сот ісін жүргізу жөніндегі ғылыми құқықтанушылардың да пікірі талқыланды. әрине, алқабилерді қатыстырып сот ісін қарау жүйесін айтқанда, зерттеушілер оларды англо-саксондық (классикалық) және франко-германдық (құрлықтық, яғни шеффендер соты) жүйелер тұрғысынан қарастырды.

Ағылшын-саксондық үлгіде кәсіби судья алқабилердің қатысуымен (12 адам) бірігіп істі қарайды, ал сотталушының кінәлі және кінәсіздігі туралы шешімді (кесім) кәсіби судьяның қатысуынсыз алқабилер шығарады. Мәні бойынша шағымдануға жатпайтын шешім негізінде процессуалдық негіздермен кәсіби судья үкім шығарады. Бірақ, мұндай шешім барысына, Ұлыбритания мен АҚШ мемлекеттерінде біраз жыл бойы жүзеге асырылып жатса да, күдік те жоқ емес. Сонымен қатар, қолданыстағы заңдарды пайдаланып, соның негізінде өздерінің сот жүйесін құрған Англия, Америка, Канада және басқа да елдер сот жүйесінің классикалық үлгісін пайдаланады. Бұл жүйедегі мемлекеттерде алқабилер институты кеңесу бөлмесінде өздері ғана қалып шешім шығарады. Ал көптеген Еуропа елдерінде қабылданған 3 кәсіби судья, 3-7 алқабилердің қатысуымен заңдылық мәселелерін бірлесіп шешетін және кінәлілігін анықтап қана қоймай, сотталушыға жаза шарасын бірігіп тағайындайтын үлгі құрлықтық деп аталады. Қай жүйе-де болсын бұлар, негізінен, төрт сұраққа жауап береді. Біріншіден, қылмыстық оқиға орын алды ма, екіншіден, егер қылмыстық оқиға орын алса, онда жаңағы айыпталып отырған адамның қатысуымен өтті ме, үшіншіден, ол қылмысты жасады ма, төртіншіден, осы айыпталып отырған адам жасаған қылмысына кінәлі ме, деген мәселелер көтеріледі. Жалпы, алқабилердің іс жүргізуге қатысуы бүгінгі күнге дейін АҚШ, Франция, Канада, Австрия, Австралия, Бельгия, Дания, Ресей тағы да басқа елдердің сот тәжірибелерінде кең тараған.

Саяси-әлеуметтік ортаның өзгеруі, мемлекетіміздің демократия жолындағы қол жеткізген жетістіктері мен бүгінгі заман талабы алқабилер сотының жұмыс істеуін яғни, сот төрелігін алқабилердің қатысуымен іс жүргізу арқылы дамытуды қажет етеді. Алқабилер соты - бүгінгі соттың ең озық қағидаттары мен дәстүрлері ескерілген қазақстандық нұсқа деген ойды құқықтанушылар дөп басып айтты. Яғни, бұл халық өкілдерінің бұқара тарапынан сот билігін жүзеге асыруға және әділ шешім шығаруға қатысуы деген сөз. Алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізудің мақсаты - қоғамдағы азаматтардың құқықтарын қорғау ісіне қатысу, шешім шығаруда ұтымды да, тиімді

жолдарын қарастыру және пайдалану, сот төрелігінде әділ үкім шығаруға атсалысу, азаматтардың мүдделерін заңсыз әрекеттерден қорғау болып табылады. Халық өкілдері атынан қатысатын алқабилер институты адамдардың құқығы мен бостандығын және заңды мүдделерін заңсыз әрекеттерден қорғайды. Сонымен қатар қоғамдағы құқық қорғау қатынастарын реттеу, осы институтты тиімді пайдалану жолдарын қарастыру, сот билігінде әділ шешім шығаруға атсалысу мәселелерін көздейді.

Алқабилер институтының маңыздылығы, ең алдымен, оның өлім жазасы көзделген қылмыстық істерге қатысуында. Ал олардың қатысуын сотталушы мен қорғаушы талап ете алады. Бұл жағдай қалыпты құбылыс болуы тиіс. Өйткені, алқабилер институтын құрудағы қажеттіліктің бірі осы өлім жазасы көзделген қылмыстық істерді қарау болып табылды. Кеңес өкіметі кезінде халық заседательдері қызметін жүзеге асырғанмен оның айтарлықтай сапасы да үлгі аларлықтай нәтижесі де болмады. Жалпы қазақ жұрты үшін халық өкілдерінің сот билігін жүзеге асыруға қатысуы жат құбылыс емес. Өйткені қазақ елінің салт-дәстүр, ғұрыптық ережелер жолымен құқықтық жүйені енгізген билер сотының жалғасын табуы осы мәселенің бастауы болып табылады. Алқабилер институтының мәні қарапайым халыққа билік айтқыза отырып, оны билікке жақындатады. Сондай-ақ кәсіби емес судьялар болып табылатын адамдардың сот төрелігін жүзеге асыруға қатысуы оның сапасын жақсартуға ықпал етеді [1,б.4].

Алқабилер дербес тұрақты қолданылып жүрген сот мекемесі емес, өзінің өмірлік тәжірибесі және ішкі адал сезімі негізінде айыпталушының кінәлі немесе кінәсіздігі туралы мәселені айқындайтын, оны шешу үшін сотқа уақытша шақырылатын, 1 кәсіби судья, 10 алқабиден тұратын алқалық құраммен қатысатын соттың ерекше нысандағы институты. Республикамызда болашақта алқабилердің қылмыстық әрекеттердің басқа да санаттары кіретін сот үрдістеріне қатысуы мәселесінің қарастырылуы да мүмкін. Олардың қатысуымен жүргізілетін сот үрдісі қорғаушылар қылмыстық сот ісін жүргізуде бәсекелестікке ынталандырады, судьялардың, прокурорлардың кәсіптік дағдыларын арттыруға қол жеткізеді. Алқабилердің қатысуымен болған іс жүргізу кезінде сотталушыны кінәлі емес деп таныған жағдайда айыпталушы сот залынан тікелей босатылуы тиіс.

Ресей ғалымы С.В. Спирин ғалымының пікірінше, айыпталушы алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізу құқығына ие болған соң шешім тек заң нормасы мен жинақталған сот тәжірибелері негізінде ғана шығарылмайды, сондай-ақ нақты қылмыс туралы және барлық жағдайлар бойынша тәуелсіз өзі талқылайтын адамдар тарапынан айыпталушының кінәлілік мәселесін қарайтын қоғам пікірімен де шешіледі. Осылайша, айыпталушының кінәлі немесе кінәсіздігі жөніндегі қылмыстық тергеудің негізділігі туралы мәселені шешуді халық өкілдері жүзеге асырады [2,б.71].

Халық өкілдерінің алқабилер қызметіне қатысу жағдайын сот билігі жүйесімен алғаш танысу кезеңі деп те айтуға болады. Сондықтан соттар алқабилерді, олардың қызметіндегі заңмен белгіленген талаптармен және тәжірибелік жұмыстардағы нұсқаулықтарымен таныстыруға міндетті.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 2-тармағы мен «Қазақстан Республикасы Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» заңның 1-бабының 1-тармақшасына сәйкес алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізуге, алқабилер институтын енгізуге байланысты «Алқабилер туралы» Заң қабылданып, «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заңға және басқа да заңдық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

«Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 3-бабында «Қазақстан Республикасында басқа соттар, оның ішінде мамандандырылған (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және басқа) соттар құрылуы мүмкін», - деп нақты сот алқабилердің қатысуымен қарайтын соттардың құрылуы туралы айтылған [3,б.4].

Алқабилер соты, ең алдымен, жеке адамның құқығының қорғалу кепілдігінің басым болуын көздейді. Бір сөзбен айтқанда, алқабилер институты - азаматтардың конституциялық бостандығын айқындайды. Екіншіден қоғам мен заң арасындағы байланысты, халық өкілдерінің сот төрелігін жүзеге асыруға қатысуын, олардың шешім шығаруға араласуын қамтамасыз етуді басшылыққа алады [4,б.7].

Алқабилер сотын жетілдіре түсу үшін қажет олардың қызметтерін атқаруға арналған немесе жүктелген міндеттерін орындауға бағыт беретін нұсқаулық болуы (алқабилер тарапынан қойылатын сұрақтардың жүйелілігін бағыттаушы) қажет. Сонымен қатар, қойылатын талаптарда мемлекеттік тілді меңгермеген азаматтарға алқабилер ретінде қатысуға жол бермеуді кесім шығару кезінде алқабилердің тәуелді болмауын қамтамасыз ету және қосымша осы институтқа қатысты шығарылатын нормативтік актілердің, қосымша нұсқаулық кітапшалардың алдымен мемлекеттік тілде дайындалуын, алқабилердің қатысуымен жүргізілетін іс жүргізудегі барлық іс құжаттар



бланкілерінің мемлекеттік тілде болуын шартты талапқа айналдыру керек. Алқабилер институтындағы субъектілерді мемлекеттік қорғау мәселелерін толық қарастырып, алқабилер сотының жұмыстарын ұйымдастыруды, яғни олардың сотқа шақыртылуы мен сотқа шақырған кездегі қызметтерінен босатылуы, төлемақысы мен жол шығындары мәселелерін нақты шешу қажет. Алқабилер қатарына халық тарихын, әдет-ғұрпын, салт-санасын білетін ғылымның әр саласынан хабары бар адамдар сайланған жағдайда олардың қатысуымен өтетін іс жүргізу үрдісінің мәні де зор болмақ. Олардың даулы мәселені қарау барысында адамның жан-дүниесін, мінез-құлқын бір көргеннен айтуға дағдылануының да маңызы өте зор.

Алқабилер алғашқы істі қарауға қатысуда биылдан бастап Қазақстанның сот жүйесіне алқабилер институты енгізіліп, құқықтық реформа жолындағы қадамдар одан әрі жалғасуда. Ел азаматтарының конституциялық құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудегі демократиялық жаңа үрдіс пайда болды. Ендігі мәселе халық өкілдері тоғысқан алқабилер сотын әділеттіктің алдаспанына айналдырып, оның құрамын жаны да, ары да таза, өмірлік білімі мен тәжірибесі мол адамдармен толықтыруға келіп тіреледі. Сот реформасы жедел қарқынмен жүргізіліп келеді. Соның бір дәлеліндей алқабилер институтының енуі сот билігінде демократиялық қадам жасаудың негізі болып табылады. Алқабилер соты – отандық әділсот тарихындағы елеулі жаңалық. Бұл - халықтың сот билігіне араласуының бірден бір мүмкіндігі. Сондықтан бұған ерекше көңіл бөлініп, конституциялық норманы іске асыру барысында біраз жұмыстар атқарылды. Оның үстіне сот ісіне халық өкілдерін қатыстыру және оған көпшіліктің бақылауын ұйымдастыру демократиялық қоғамның бір көрінісі. Алқабилер жүйесі жаңа әрі күрделі нысандағы институт [5,б.4].

Біздің қоғамымыз үздіксіз даму үстінде. Төрағаларды сайлау кезіне де жететіміз сөзсіз. Бізде бұған әлі ертерек деп ойлаймын. Ал бірақ қазіргі уақытта сайланбалы судья жүйесін енгізу жалтақтықты тудыратыны анық. Ол қашанда ұжым не айтып қалады деп үркектеумен болады. Әрине, бір жағынан ұжымның да бақылауы қажет шығар. Көп адам сот жүйесінде толық демократия болуы керек деп айтады. Басшыларда әкімшілік функциялар болмау керек дейді. Әрине, жеке іс қарағанда, яғни процессуалдық іс кезінде әкімшілік ресурстың қажеті жоқ, бірақ ұйымдастыру мәселелерін шешер кезде төрағада әкімшілік функция болуы керек. Алдағы уақытта азаматтардың құқығын қорғайтын адвокаттардың рөлін барынша күшейту, прокурор мен адвокаттың мүмкіндігін теңестіру, алқабилер институтын одан әрі жетілдіру, Жоғары Сот жанынан сот жюриін, яғни қазылар алқасын құру секілді маңызды істерді қолға алуымыз керек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Зиманов С.З. Казахский суд биев как независимое, профессиональное и мудрое правосудие в памяти поколений // Юридическая газета. – 2008. – 1 мая. С.4-5.
2. Спирин С.В. Теория и практика формирования состава коллегии присяжных заседателей по уголовному делу: монография. - М.: Юрлитинформ, 2011. - 184 с.
3. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңы. – Астана: Фолиант, 2015. – 55 бет.
4. Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 206 бет.
Общеизвестно, что успешная деятельность компании зависит от многих факторов, среди которых наиболее важны правильно выбранная стратегия развития и позиционирования на рынке, компетентное руководство, квалифицированные сотрудники, возможный доступ к капиталу для развития и расширения бизнеса. Каждый из этих факторов может быть в той или иной степени улучшен с помощью применения принципов корпоративного управления. Однако наиболее весомым вкладом корпоративного управления в деятельность развивающейся компании является облегчение доступа к инвестиционному капиталу [1, с. 56].

В структуру стратегического планирования и менеджмента коммерческого банка органически вливается система корпоративного управления банком. Корпоративное управление представляет собой сложное, многогранное понятие, отражающее аспекты системы управления банком и взаимодействие между акционерами и менеджментом. По своему содержанию корпоративное управление выстраивает систему контроля и регулирования деятельности менеджеров компании от лица владельцев (инвесторов), а также в той или иной мере от других заинтересованных лиц и групп. Перечислим базовые принципы корпоративного управления, разработанные Организацией экономического сотрудничества и развития (ОЭСР) в 1999 г. и дополнены в 2004 г.:

1. Обеспечение основы для эффективного системного корпоративного управления. Система корпоративного управления должна способствовать прозрачности и эффективности рынков, быть

согласованной с правовыми нормами и четко формулировать разграничение обязанностей надзорных, регулирующих и силовых ведомств.

2. Права акционеров. Система корпоративного управления должна защищать и способствовать осуществлению прав акционеров.

3. Равное отношение к акционерам. Система корпоративного управления должна обеспечивать равное отношение к акционерам, включая миноритариев и иностранных инвесторов. Все акционеры должны иметь возможность получения соответствующего возмещения в случае нарушения их прав.

4. Роль заинтересованных лиц в корпоративном управлении. Система корпоративного управления должна признавать установленные законом права заинтересованных лиц и поощрять активное сотрудничество между корпорациями и заинтересованными лицами в создании рабочих мест и обеспечении финансовой устойчивости.

5. Раскрытие информации и прозрачность. Система корпоративного управления должна обеспечивать свое временное и точное раскрытие информации по всем существенным вопросам, касающимся организации, ее финансового положения, результатов деятельности, собственности и структуры управления.

6. Обязанности совета директоров. Система корпоративного управления должна обеспечивать стратегическое управление компанией, эффективный контроль за менеджментом со стороны совета директоров, подотчетность совета директоров корпорации и акционерам.

Действительно, как видно из документов ОЭСР, корпоративное управление определяет «круг отношений между менеджером компании, ее советом директоров, акционерами и другими заинтересованными лицами в управлении. Корпоративное управление включает системы определения целей компании и средств их достижения, а также разработку механизмов контроля. Надлежащее корпоративное управление должно обеспечить совету директоров и менеджменту соответствующие стимулы для достижения целей, в которых заинтересованы компания и акционеры, поощряя тем самым более эффективное использование компанией своих ресурсов [2, с. 35].

Однако нынешние документы ОЭСР не учитывают специфики банковского бизнеса и не содержат специфических рекомендаций и особенностью корпоративного управления в коммерческом банке является

руководство его деятельностью, осуществляемое советом директоров и менеджерами высшего звена и определенные методы управления. К ним относятся:

- определение цели бизнеса и создание стоимости для владельцев банка;
- проведение каждодневных финансовых операций;
- учет в своей работе интересов заинтересованных лиц и сторон (сотрудничество банка, регулирующих органов и государства);
- осуществление корпоративных действий в соответствии с правилами обеспечения надежности банковского бизнеса и требования нормативно-правовых актов;

- защита интересов вкладчиков.

Оценка качества корпоративного управления в банках при качественной диагностике должна основываться на следующих принципах:

- ценность корпоративной культуры, стандарты деловой этики;
- сформулированная стратегия развития, в соответствии с которой оцениваются результаты работы всего банка и отдельных лиц;
- четкое распределение прав и обязанностей;
- эффективный механизм сотрудничества и взаимодействия между советом директоров, высшими менеджерами и аудиторами.
- надежная система внутреннего контроля и службы управления рисками в разрезе бизнес-направлений и бизнес-единения;
- постоянный мониторинг рисков в приоритетных отраслях банковского бизнеса, характеризующихся высокой вероятностью конфликта интересов (взаимодействие банка с аффилированными заемщиками, крупными акционерами и менеджерами высшего звена);
- совокупность финансовых и карьерных стимулов, создающих условия для производительной работы менеджеров и сотрудников банка;
- система информационных потоков, обеспечивающая внутренние потребности организации и необходимый уровень прозрачности для внешних контрагентов.

Эффективность корпоративного управления в условиях трансформации банковской системы зависит от успешного развития различных аспектов акционерных отношений. Системы управления банковскими холдингами должны основываться не только на деятельности отдельных банковских структур, но и на создании внутренних управленческих отношений, которые позволили бы действовать бизнес-единицам более эффективно [3, с. 21].

Казахстанские компании, следующие общепринятым принципам корпоративного управления, будут рассматриваться как более прогрессивные, прозрачные и привлекательные как для внутренних, так и для внешних инвесторов. Это позволит компаниям значительно улучшить условия внешнего финансирования, что, в свою очередь, будет способствовать успешному развитию бизнеса компании в целом. Необходим комплексный подход для решения этой задачи, который бы включал такие стратегические направления деятельности, как создание документарной и законодательной базы, проведение образовательных и обучающих программ и семинаров, обеспечение информационного освещения, присвоение в последующем рейтингов корпоративного управления. Решение этих задач как раз и стоит перед созданной по инициативе АФК рабочей группой, конечным или скорее наиболее важным результатом работы которой должно стать создание эффективно действующей системы корпоративного управления. Работа по продвижению идеи развития корпоративного управления в Казахстане была начата еще в 2002 г., когда экспертным советом Национального Банка Республики Казахстан были разработаны Рекомендации по применению принципов корпоративного управления в акционерных обществах. С того момента была проведена определенная работа в этом направлении различными общественными организациями и компаниями, однако эти мероприятия не были каким-либо образом взаимосвязаны и скоординированы [4, с. 47].

Коммерческие банки, безусловно, являются особым видом организаций, отличающимся от предприятий реального сектора экономики и иных финансовых организаций, что, естественно, обуславливает специфические проблемы их корпоративного управления.

В кредитных организациях иная структура финансово заинтересованных лиц, в качестве которых выступают не только деловые партнеры, инвесторы, кредиторы, но и вкладчики, как специфические кредиторы, а также регулирующие органы и прочие контрагенты, создающие экономическую инфраструктуру деятельности кредитной организации. Важными также являются два фактора: меньшая прозрачность банковского сектора и высокая степень регулирования банковской деятельности со стороны государства.

В то же время развитие в строительном секторе, особенно представление о том, что банки поддерживают в первую очередь компании, принадлежащие высокостоящим лицам, указывает на значительное политическое влияние в экономике. Этот фактор снижает качество корпоративного управления и может вызвать проблемы в будущем [5, с. 62].

Любая концентрация повышает риск. Казахстанские банки не оценили наличие или влияние этого риска. Неполноценное управление риском свидетельствует о слабом корпоративном управлении. Прозрачность – это не просто размещение информации на веб-сайте, подразумевающее, что инвесторы и аналитики должны спокойно принять эти сведения. Аналитики задают вопросы, пытаются получить больше информации. Если управление банка должно одобрить размещение стандартных сведений, то это не является прозрачностью. Для банка недостаточно просто заявить, что его деятельность прозрачна, это нужно суметь доказать.

Настоящие владельцы банков должны быть известны. Финансовая позиция банка должна быть известна всем, кто спрашивает о ней. Это, естественно, не подразумевает раскрытия конфиденциальной информации о своих клиентах, особенно, если банк сильно зависим от одного клиента. С другой стороны, если менеджмент банка усложняет доступ аналитиков к информации о структуре банка или его владельцах, то возникает подозрение, что банк что-то скрывает, даже если это не соответствует действительности.

Таким образом, можно выделить следующие проблемы корпоративного управления в коммерческих банках, присущие казахстанской банковской системе:

- недостаточная организация корпоративного управления (слабая база уставных и внутренних документов);
- различия в информации о банке, представленной в корпоративных источниках и рыночной оценке;
- непрозрачность структуры капитала банка;
- нарушения прав финансово-заинтересованных лиц;
- неполноценное управление риском.

С одной стороны, понятно, что казахстанские условия – специфические в силу существовавшего долгое время неблагоприятного налогового климата. В результате все боятся раскрывать информацию о вознаграждениях. Там, где раскрывается, она далека от действительности. А акционеры должны знать, сколько они платят своим наемным руководителям, во сколько обходится содержание этого аппарата.

На сегодняшний момент даже там, где по понятным причинам полная информация с точностью до тенге раскрываться не может, должна быть хотя бы какая-то достоверная информация о том, как вознаграждается менеджмент. И не только в абсолютном выражении. Важно то, какие принципы лежат в основе формирования компенсации, является ли эта компенсация композитной, состоящей из двух частей,

когда одна из частей привязана к эффективности работы компании и к эффективности работы данного человека, к его вкладу [5, с. 110]. Такой информации нет ни по одному из проанализированных банков.

#### **Список использованной литературы**

1. Родин Д. Я. Актуальные проблемы стратегического банковского менеджмента // Политематический сетевой электронный научный журнал КУБ ГАУ . – 2007. – №3. – С. 67-85.
2. Заварихин Н. М. Совершенствование корпоративного управления в банках // Дело и сервис. – 2002 – №4. – С. 35-38.
3. Калиева Г.Т. Коммерческие банки в Казахстане и проблемы обеспечения их устойчивости: автореферат. – Алматы, 2004. – 21 с.
4. Шейн В.И., Жуплев А.В., Володин А.А. и др. Корпоративное управление: опыт России и США. – М.: ОАО «Типография Новости», 2000. – 280 с.
5. Кочетыгова Ю. Термин «корпоративное управление» // Корпоративное управление в банках. – 2001.

**Абылхакова Асыл Муратовна**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, 2 курс магистранты*

**I.ЖАНСҮГІРОВТІҢ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Мақалада Илияс Жансүгіровтің әңгімелерінің тақырыбы, олардың көркемдік ерекшеліктері және қазақ прозасының дамуына қосқан үлесі талданады.*

**Түйін сөздер:** *көркем проза, әңгіме, әйелдер бейнесі, суреттеу, еңбек тақырыбы, кейіпкер, сюжет.*

*В статье рассмотрены темы рассказов Илияса Жансугурова, их художественные особенности и их вклад в развитие казахской прозы.*

**Ключевые слова:** *художественная проза, рассказ, образ женщин, описание, тема работы, персонаж, сюжет.*

*The article deals with the themes of Ilyas Zhansugurov's stories, their artistic features and their contribution to the development of Kazakh prose.*

**Keywords:** *artistic prose, story, image of women, description, theme of work, character, plot.*

I.Жансүгіровтың әдеби мұрасының бір саласы - оның көркем прозасы. Илияс Жансүгіров прозасындағы өзекті тақырып – әйел тағдыры. Оларды мазмұнына қарай екі үлкен топқа бөлуге болады. Біріншісі - Октябрь революциясына дейінгі қазақ әйелдерінің ауыр тұрмысын суреттейтін «Күң өлімі», «Жедел жәрдем», сынды әңгімелері де, екіншісі жаңа қоғамға белсене араласқан кайраткер әйелдер бейнесі бейнеленген – «Нұрша», «Отан» атты шығармалары.

«Күң өлімі» 1922 жылы жазылған, бар өмірі бай есігінде, соның күні болумен өткен Алқаның ауыр тұрмысын баяндайды. Күйеуі Сандыбай байдың құлы болып, елу жасында қайтқан кезде Алқа бір жастағы ұлы, үш жастағы қызымен жесір қалған-ды.

Өз басына билігі жоқ, бишара Алқаның он үш жасар қызын бай бір тазға ұзатып, малын өзі алады. Жасы жетпеген Қасенін де «әскерге жігіт алады» дегенде алдымен жаздыртып жібереді. Алқа қартаяды, қайраты қайтып, сүйегі жасып, бұрынғы қызметіне де жарай алмайтын болады, нашарлап, суық шошаласындағы қамыс төсек, қи жастығына мұз денесін төсейді. Әжетіне жарамай қалған кемпірден жиіркеніп, бай үйі аттап баспайды. Сөйтіп, сорлы Алқа, күң Алқа суық боранда, көмекке «Қасенін» ышқына шақырып жатып, жан тапсырады. Немесе «Жедел жәрдем» әңгімесіндегі Ақылбайдың келіні Мажыраның қайғылы, қысқа ғұмыры. Толғақ қысып, бірақ нәресте шықпай жаны қатты қиналған жас ботадай Мажыра әлді деген әйелдердің іш тартуына түседі. Бұдан да ештеме шықпағасын кәрі Шораяқ Тоқтасынның білегі мен қажырлы тізесінің арасында одан ары сығымға түседі. Сонда барып айнала қоршаған қатындар: «Түсті, түсті» ... деп шу ете түседі. Бала түскенімен, әлсіреген, жолдасы түспеген жас әйел аруақ шақырған атасының таяғы мен бақсы-балгердің қаққы-соққысының астында қалады. Таңға жуық кенеттен ес жиып, бой жазған Мажыра, бір тостаған суды сіміріп салып, «қош-ш» ... жеп жүріп кетеді. Бұл сәтте баланың да жан дыбысы үзіледі. «Қазақ өміріне ұялаған қараңғылық, надандықтың қара күшінің түйдегі Мажыраны да алып ұрды» - деп түйеді жазушы.

1933 жылы жазылған «Нұрша», 1936 жылы жазылған «Отан» - Илияс әңгімелерінің ішіндегі көлемділеріне жатады. «Нұршада» екі түрлі әйел тағдырын қатар суреттейді. Нұрша – Алпысбай мен Кұлжанның жалғыз қызы. Жасы – он бесте, өзі сауатты, мектепте оқумен қатар комсомол ұйымының белсендісі, жиналыстарда еркін сөйлейді. Мектептің комсомол ұйымының ашық жиналысы аудандық ұйымға белсенді ісі үшін Нұршаны ұсынады. Нұрша өсе келе болыстық конференцияда Шыңғыстай комсомол болкомының хатшылығына сайланады. Жаңа қызмет, жаңа адамдарға үйреніп, белсене қызмет істеп жүрген жас қазақ қызының алдына бірде қызын жетектеп, емізулі баласын құшағына алған, шашы дудырап көзі көгерген орта жастағы әйел кіреді. Бұл күйеуі өліп, ағайына аюдай ақырған, балалы-шағалы, қатыны бар, немере қайын ағасы Қошалаққа жеңге қатындыққа қосылған Зағипа еді. Қошалақ бай үстіне тағы бір тоқан алып, Зағипа соның отымен кіріп, суымен шығады. Боранда нәрестесін далаға лақтырған айуандығына шыдай алмаған бейшара ана жауыз тоқалды бүктеп алып, бұрымын жұлып тастағанын да білмей қалады. Қаладан оралған Қожалақ кіші тоқалына жақтасып, түн ортасы боранға Зағипаны айдап шығады. Артынан балаларын да шығарып тастайды. Байқұс ананың сүйеу іздеп келген беті осы екен. Жазушы осылайша жаңа өмірдегі екі түрлі әйел тағдырын көз алдына әкеледі. Біріне қуансаң, біріне налисың. Зағипа мен Нұрша – екеуі де қазақ әйелі. Екеуі де бір ағаштың бұтағы. Бірі жазғы өмірінде жаңа гүлдеп өскен көк шыбық, үміті мол, келешегі жарық еркін шыбық. Ал бірі – шыбық жасынан шыбын үймелеп, құрт жайлаған, бойын өсірмеген зағип бұтақ. Екеуінің алғаш айқасқан жері осы кеңсенің басы болды. Илияс әңгімесін кеңседегі Нұрша мен Мәлік жолдастың комсомол комитеті мен әйелдер бөлімінің



атынан Зағипаны қорғап сот жасап, басын ашып, еншісін алып беруге шешім қабылдағанын хабарлауымен тамамдайды. Жазушы Зағипа сынды қазақ әйелдеріне жаңа қоғамда сенің орның да жаңарған, кеңсеге кел, тұрмысыңды жөнде деп тұрғандай.

Жалпы әйел тақырыбы 20-30 жылдардағы бүкіл совет әдебиетіне ең бір өзекті тақырып болған болса, бұған Илияс та қай жанрда болмасын өз үнін қосқан. Нұрша – Илиястың 1928 жылы жазған «Қазақ қызы» өлеңіндегі жаңа тұрмыс, жас жұртты жасаушының бірі. Ақын Зағипа сынды қазақ әйелдеріне «Беташар» айтып:

Тұсына туып төңкеріс  
Бағына туып үлкен іс.  
Басыңды ашқан тұманнан,  
Жылауыңнан жұбатқан.  
Қабағыңнан куантқан,  
Қойныңды қаққан жыланнан,  
Еркіндеп беріп еліңе,  
Қосып сені теңіңе  
Шығарған шер құмардан.  
Ендігі сәлем шын сәлем  
Бұл күніңе бір сәлем – деп тұрғандай [1, 171 б.]

Жалқау, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп күн көруді ойлайтын, кезінде артельден қашып, жат жердің қорлығын көрген Өтегенге, жазушы «Отан» әңгімесінде колхоз ісіне белсене араласып, екпінді аталған, басында үйі, алдында кең дастарханы бар, баласы мектепте оқитын бақытты ана, өзінің әйелі Жамалды қарсы қояды. Үйіне кіріп келген қашқын күйеуіне қайратты, сауатты Жамал: «Ұлы Отанның алдында жауаптысың. Бізге Отан қымбат. Мен Совет Одағының адамымын. Мен колхоз мүшесімін, сен колхоз дұшпанысың. Арамыздың жер мен көктей екенін түсінбейсің бе? Сына өзінді. Сонан соң сөйлесерміз»[2, 320 б.], – дейді. Жалпы, Илияс творчествосындағы әйел тақырыбынан байқағанымыз, жазушы әйел теңдігі мәселесін оның тек сүйгеніне, теңіне қосылуымен шектемейді... Еңбекке, жаңа құрылысқа белсене араласып халқына қызмет етуін, ел алдында еркін сөйлер сауатты, мәдениетті азамат болуын, қазақ әйелінің от басы, ошақ қасы қызметінен әлеуметтік іске араласуын сүйсіне тілге тиек етеді.

І.Жансүгіров әңгімелерінің ендігі тобы, әрі өзектісі – еңбек тақырыбы. Жазушы жаңа өмірдегі жаңа тұрмыс, жаңа құрылыстағы еңбек, социалистік жұмыс мәселесін кеңінен қозғап, негізінен 1929 жылдан 1935 жылдар аралығындағы алты очерк, бірнеше әңгімелер жазды. Олардың сюжеті сан қилы. Түбі халық ауыз әдебиетіндегі «еңбекпен келген нан тәттіден» бастайтын бұл тақырып, әлбетте, мәңгілік тақырып. Адамзат тарихында атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлы сөз. Ұлы Абайдың «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» - дегеніндей, Илиястың да бұл тақырыптағы шығармаларының басты кейіпкерлері – жаңа қоғам-еңбекшілер қоғамын құрып жатқан еңбек адамдары. Олар еңбегінің еш рахатын көрмеген Алқадай емес, еңбектен жаны рахат тауып, мерейі үстем болғандар.

Әдебиет – өмір айнасы десек, қанаудан азат болған жаңа еңбек көрінісі де сол айнадан молынан көрінеді. Бұл тақырыпқа поэзияда Илияс Жансүгіров «От арба», «Заводта» сынды өлеңдер жазса, прозада «Дүкенді дала», «Бейсетай бригадасы» сынды әңгімелер, «Шоқпардың шоқтығында», «Төменнен толқын», «Сталин колхозы», «Көтерме», «Соқашылар», «Бір күн ішінде» очерктерін жазды. Жазушы кереметті кең далада орнатып келе жатқан жұмысшылар мен жұмысшы поезын, оның құрылысы мен еңбек тәртібін, соның бірі «Жол аузында» әңгімесінде кеңінен жазған. Жалпы, Илияс прозасындағы еңбек тақырыбы туралы айтқанда, оларды үш топқа топтастыруға болады. Яғни олар:

1. Темір жол тақырыбына байланысты алғашқы отарба жолын салушылардың, отарба жүргізушілерінің үздік жұмысы.

2. Колхоздастыруға байланысты алғашқы құрылған колхоздардағы егін, мал шаруашылығындағы жаңа еңбек, алғашқы бригадалар жарысы.

3. Индустрияландыруға байланысты, алғашқы завод, фабрикалардағы, көмір шахталарындағы қазақ жұмысшыларының қарқынды еңбегі.

Ал І.Жансүгіровтің «Бейсетай бригадасы» атты әңгімесін, қарқынды еңбек тақырыбын осы екінші топқа кіргізуге болады. Әйел, еркек демей, жаппай колхоздың жұмысына шығып, бригадаларға біріккен, өзара думанды қызу жарысқа түскен, таңның атысы, күннің батысы демей кең даланы әсем әнге бөлеген, көктемгі соқашылардың, күзгі қырманшылардың қызу еңбегі. «Суықтөбенің биігінен күн құлап, Саршыбылдың сілеміне кешкі көлеңке түскенде соқалар доғарылады. Көліктеріне мінгесіп, мінгескендер төскейден төмен төгіле жүргенде екі-екіден ән шырқасты...

Саршыбыл, бауырың жазық, салқын сайың,  
Жектірген жауыр сиыр Ершекбайым.  
Береміз бригадирге сдаватьтап  
Еркек пен бізге қосқан Момынбайым. Күлкі, ойын, ән таудың төсіне жан кіргізді.

- Соқашылар қайтты, – десті қостағы қазаншылар.

- Міне, бұл колхоз еңбеккерлерінің қиын да қызықты, өткір әзіл қолжыңымен әсем әні қатарласа жүретін думанды еңбегі.

«Бейсетай бригадасы» әңгімесі де жастардың осындай еңбегіне арналған. «Талап» колхозына қажетті жылқы қорасын адам сенгісіз жылдамдықпен жарыса отырып, тез салып бітірген Бейсетайдың бригадасы дем алмастан пішен шабуға жолға шықты.

Жол жақсы тастақ жерде тақылдаған,

Ай жақсы аспандағы жарқылдаған.

Біздей бол, екпіндесең, комсомолдар,

Жұмыста жарыспенен қарқындаған [3, 207 б.] - деп шырқаған жастар шуынан түнгі таудың бауыры дүрілдегендей.

Илиястың әр түрлі әлеуметтік мәселелерді қозғаған әңгімелері көп. Соның бірі, 1933 жылы жарық көрген «Тазы» әңгімесінде Дәндібай қажы баласына заман өзгеріп, большевиктер келгенін айта отырып, малдың буына, ата даңқына дандайсып жүре беретін заман жоқ, ата аруағын жоғалтпасақ болды. Заманың түлкі болса, тазы болып шал, әлгі комсомолға жазыл, – деп оқуға да, еңбекке де қырсыз баласына ақыл береді. Мұндай Дәндібай балалары қазақ даласында жүздеп саналады. «Іштен шыққан жау жаман» демекші, аталған ашық жаудан, ішке кіріп, алған, жаны үшін арын да, намысын да сата беретін осындайлар қауіпті. Өйткені, бұлар қарны тоқ болса болғаны, жеке басының құлдары ғана. Отан, ел, жер қасиетін түсінбейтін, түлкі болып тірлігін ғана білетіндер. Халқымыз тарихындағы небір ауыр кезеңдерді еске алсақ мұндай «іштен шыққандардың» қара тырнағының салған ізі аз емес-ті.

Қорыта айтқанда, Илияс Жансүгіровтың әңгімелері – өз дәуірінің айнасы іспеттес. Илияста фантастикалық, қияли әңгімелер жоқ. Бәрі де ақынның өмір сүріп отырған кезеңінен, халқының бай тарихынан, күнделікті күйбең тірліктің жарқын беттерінен ұтымды теріліп, оқырманға жеткізілген шығармалар. Халқымыздың әлеуметтік өмірінің сан-саласы қай жағынан болсын: экономикалық, саяси, мәдени дейсіз бе, Илияс қаламынан көрініс тауып отырған. Илиястың көркем прозасы туралы жаза отырып, жазушы қаламының мынадай қасиеттерін айта кетпеске болмайды.

Біріншіден, Илиястың көркем прозасының поэтикалық бай тілі. Илияс прозасы ақынды ақын етіп, күй құдыретін тілмен жеткізген ұлы поэзиясындай даңқы шығып, алтыннан айдар тақпағанымен, өзіндік тілі, стилі бар, тек Илияс қаламына тән өзіндік қасиеті бар дүниелер деп айтуға болады. Бұған Илияс прозасын өзінің қаламдас әрі замандастары, тіпті тағдырластары шығармаларын қатар қойып зерттей отырып көз жеткізуге болады. Қазақ мәдениетінің арқалы да ауыр жүгінің салмағын иықтарына нық көтеріп, бар қиындығына төзе білген, ел тағдырының тіл тағдырымен байланысын ерте түсініп, соның бүгінгі мен болашағы үшін ат салысқан бұл арыстардың, әлбетте, творчестволы арналары өте ұқсас. Әрі мәдениет майданының қай саласында болмасын қолғабысын беріп, өркендеуіне үлес қосқандықтан да олардың еңбектері түрлі жанрда өзектес тақырыптарды қозғайды. Өйтсе де, бұл Илияс қаламының өзіндік ерекшеліктерін жоққа шығара алмайды. Ол, ең алдымен, Илияс Жансүгіровтің көркем прозасының әсем поэтикалығы. Әлбетте, жазушының бар дүниесі биік талғаммен жазылған деуге әсте болмайды. Табиғи өсу, даму, төселу, шындалу Илияс қаламына да тән. Жазушы қай шығармасы болсын алғаш оқиға еткен не етпек жерді, табиғатты суреттеуден бастайды. Пейзаж тілінің психологиялық әсері сізді болашақ айтылар әңгіменің табиғатымен де таныстырып тұрғандай әсер аласыз.

Жазушы нені суреттемесін, көз алдына көрсетіп қана қоймайды, қолыңмен ұстап, құлағыңмен естіп тұрғандай әсер қалдырады. Тіпті әр сөйлемі өлең тармақтарындай, әсерлі, әсем, ықшам болып келеді.

Илияс әңгімелерінің екінші бір өзіндік ерекшелігі – поэзиялық өлең шумақтарының қай шығармасында да орын алатындығы, бұл ақынның бүкіл көркем прозасына тән қасиет екендігі. Жазушы өлең сөздерін жөн-жосықсыз келтіре берген деп айта алмаймыз. Олар әңгіменің не басы, не аяғына, белгілі бір айтылған ойдың тоқ етер түйінінде орын алады. Жазушының прозалық шығармаларындағы осы бір өзіндік қолтаңбасы арқылы ақынның тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – осы» - деп, көңілге оралған толқын ойларын құдыретті қаламгер үшін қасиетті, төл-поэзия тілімен қоя салғандай әсер аласыз.

Қорыта айтқанда, Илияс Жансүгіров әңгімелері ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасының даму, көркею процесіне табанды атсалысқан шығармалар болды. Сонымен қатар олар да қоғам мен әдебиет дамуының дәстүрлі заңдарына бағына отырып, өзіндік үнімен, өзіндік қимылымен тарихта ізін қалдыра білді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жансүгіров І. Шығармалар жинағы. I том.–Алматы: «Жазушы», 1986. –328 б.
2. Жансүгіров І. Шығармалар жинағы. 4 том.–Алматы: «Жазушы», 1988. –433 б.
3. Жансүгіров І. Шығармалар жинағы. 3 том.–Алматы: «Жазушы», 1987. –416 б.

## ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ЕДІГЕ БАТЫР» ЖЫРЫ: ОРТАҚ СЮЖЕТ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

Мақалада көркем шығармалардағы, газет- журналдардағы Едіге батыр жайлы тарихи деректер көрсетілген. «Едіге» жырдың бірнеше нұсқасы мысалға келтіріліп, түркі халқына ортақ лиро- эпостық жырдың тарихи маңызы сөз етіледі.

**Түйін сөздер:** Едіге батыр, жыр, сюжет, Ақсақ Темір, Тоқтамыс хан, эпостық шығарма, лиро- эпостық жыр.

В статье приводятся исторические данные об Едиге Батыре в художественных произведениях, газетах и журналах. Несколько версий поэзий «Едиге» цитируются и описывают историческое значение общей лирическо- эпической поэмы тюркского народа.

**Ключевые слова:** Батыр Едиге, поэзия, сюжет, Аксак Темир, Токтамыс хан, эпическая произведения, лиро- эпическая поэзия.

The article contains historical data on Yedige Batyr in art works, newspapers and magazines. Several versions of poetry "Edige" are quoted and describe the historical significance of the general lyric-epic poem of the Turkic people.

**Keywords:** Batyr Yedige, poetry, plot, Aksak Temir, Toktamys Khan, epic works, lyric poetry.

«Едіге» жыры- халық ауыз әдебиетінде көркемдік қасиеттермен де, құрылым- бітімін де ерекше орын алатын таңдаулы туындылардың бірі. Сондықтан да, ел қамын жеген Едіге халық тіршілігінің жаны мен тәнінің бірлігі ретінде, ел азаттығының ұраны есебінде ұрпақтан- ұрпаққа алтын арқау болып тартылып келеді.

Ұлытауға назар салған кісіге оның көлденең біткен бір сілем шоқысы әрдайым ерекше көрінеді. Биіктігімен не пішінімен ғана емес. Сол шоқының басына ерекше бір рух қонақтағандай... Бұл Едіге тауы. Таудың басына тастан қалап үйілген, биіктігі құрық бойындай, бір жақ беті тік, үшбұрышты пирамида іспетті қорым бар. Бұл- Едіге батырдың моласы. Халық бұл жерді қасиетті есептеп, басына ақтық байлайды, батырды әулие тұтып, ол туралы түрлі аңыздар айтады. Мұндай аңыз-әңгімелер мен жыр- дастандар көп-ақ. Алайда Едігенің неліктен халықтың тарихи санасында қалдырған ізі соншалықты зор екендігін түсіну үшін біз ең алдымен осы аңыз жырларға арқау болған нақты тарихқа ден қойғанымыз жөн.

Тарихи Едігенің аты көпке мәлім. Алтын Орданың тарихына қатысты бар түріктердің бәрі, атап айтқанла- қазақ, ноғай, қырымлы, қарақалпақ, түрікмен, башқұрт, сібір татарлары, көшпенді өзбектер, таулы алтайлықтар – тегіс Едігені өзінің батыр бабасы есептейді. Ордадағы билікті он бес жыл бойы өз қолында берік ұстап тұрған, сөйтіп ыдырап бара жатқан Алтын Орданы қалпына келтірген Едіге, Литва-Польша әскері мен Тевтон ордені рыцарларының біріккен жасағын талқандаған (1939 ж.) Едіге, орыстарды жеңген (1408 ж.) Едіге- Алтын Ордамен саяси байланысы бар мемлекеттерде жазылған шежіре-жылнамалардың бәрінде де құрметпен аталады. Сол кезде қағазға түскені бар, біздің заманымызға жеткен тарихи деректерді, олардың қай мемлекеттің мүддесін көздейтінін ескеріп, сын көзбен зерделеп, өзара салыстыра отырып қарастырғанда сол дәуірдегі Алтын Орданы, оның ішкі және сыртқы жағдайын біршама толық байыптауға болады. Ғылымға белгілі деректердегі (шығыс деректері, оның ішінде- араб және парсы, кейінірек жазылған түрік және татар деректері, батыс деректері, оның ішінде, орыс және литва-польша деректеріндегі) мол мағлұматты жинастырып келгенде XIV ғасырдың екінші жартысы- XV ғасырдың алғашқы ширегінде тарихи жағдайдың мынандай болғанын байқаймыз. Кезінде кемеліне жеткен Алтын Орданың саяси билігі енді әлсірей бастаған. Бұл – Орта Азияда жаңа мемлекеттің – Ақсақ Темір мемлекетінің құрылып, күшею кезеңіне сай келген. Көп тарихи оқиғалар осы екі мемлекеттің геосаяси біріншілік үшін күресіне байланысты.

«Жырдың нұсқалары мен сюжеттік-мотивтік желілері» бойынша бірнеше мәселелер қарастырылды. «Едіге» жырының архаикалық нұсқасына байланысты зерттеу жүргізген В.М.Жирмунский оның негізі ибн Арабшах жазып кеткен халық аузындағы әңгімеде жатқандығын дәлелдеп көрсеткен болатын. Аталмыш сюжетке Шоқан нұсқасының өте жақын келетінін алғаш айтқан да В.М.Жирмунский еді. Біздің пайымдауымызша, толық жазылған нұсқалардың ішінде бұдан соңғы архаикалық нұсқаға жақын келетіні - ноғайдағы Ә.Сикалиев жазып алған нұсқа.

«Едіге» эпосының қазіргі уақытта бізге белгілі 28 нұсқасы бар. Солардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы қысқаша баяндалатын болады. Олардың он төрті қазақ нұсқасы да қалған жарымы өзге ұлт нұсқалары. Оның ішінде Румыниядағы Добруджа ноғайларынан профессор Әнуар Мамут жазып алған, 1953 жылы Анкара университетінің профессоры Сағадат ханым Шағатай жазып

алған версиялар бар. Ұлттық версиялардың көлемдері де әр түрлі. Шоқан нұсқасы 1400 жол, ноғай нұсқасы 1500 жол, башқұрт нұсқасы 5000 жол, татар нұсқасы 7000 мың жол, қарақалпақтағы Өтенияз нұсқасы 13680 жол да, Қияс нұсқасы 16296 жол. Бәрінде де «Едіге деген ер еді, Елдің камын жер еді» деп дәріптеледі.

Эпостың ұлттық версияларындағы баласыз ата-ана, батырдың ғажайып туысы, балалық шағы, ата-тегі, шежірелік мәліметтер, кейіпкерлердің әлеуметтік ортасы, өмір сүріп жатырған дәуірі турасында берілген мәліметтер - тегіс мотив-суреттемеге жатады. Мәселен, Ә.Диваев нұсқасының басында баласы жоқ бай мен бәйбіше туралы айтылса, өзбек тіліндегі «Тұлымқожада» Тоқтамыстың аса танымал биі Тұлымқожа бір перзентке зар болады. Мотив-суреттеу көбіне-көп эпостың экспозициясында жиі кездеседі. Мысалы, Мұрын жырау нұсқасының кіріспесіндегі Құттықияның Тоқтамыс ханның қыран құстарын бағуға келуі, Нұртуғандағы ноғай елінің Стамбұлдан айырылып, бөлек-бөлек ел болуы, Бабанияз, Қыдыранияз, Сұлтананияз, Мәулім туралы мәліметтердің берілуі бұған нақты дәлел бола алады.

Көлемді нұсқаларда батырдың бір жорығы мен екінші жорығы арасындағы статикалық күйдегі ел тіршілігін бейнелейтін сәттерде де мотив-суреттеу кездеседі. Эпостың қарақалпақ тіліндегі Қияс нұсқасында елдің екі соғыс арасындағы статикалық күйдегі тіршілігі беріледі. Бұл да мотив-суреттеудің бір парасы болып табылады. Жыр аяқталған сәтте де ұшырасады. Мәселен, Қияс нұсқасы Едігенің Нұраддинмен татуласып, оны хан қойып, баласына билік беріп, шаттық дәурен сүруімен аяқталады.

Эпостағы кеңістік пен уақытты көрсету де мотив-ситуацияға енеді. Эпостың ұлттық нұсқаларының барлығында да Еділ мен Жайық өзендерінің аты аталады. Эпос версияларында бұл екі өзеннің алқабы басты кейіпкерлер ғұмыр кешкен, негізгі оқиға өрбитін кеңістік ретінде сипатталады. Эпостың қазақ, татар версияларында оқиға ыңғайына қарай Есіл, Ертіс өзендерінің аты аталады. Сол сияқты Нұраддин өзінің кейінде қалған ел-жұртының жағдайын әкесіне баяндағанда: «Ойыл менен Қиылдан, Қарғалы, Елек бойынан, Құмкент деген қаладан, Сары тауды жайлаған - деп бірнеше елді мекеннің атын атайды. Мұндағы үлкен өзендер де Алтын Орда территориясындағы халыққа тегіс мәлім. Ақсақ Темір билік құрып отырған жері мен оның руы: «Ол дария да бұ дария, Ол дариядан Сырдария, Сырдариядан – Самарқанд, Самарқандта отырған

Өмір Барлас Шах Темір - деп нақпа-нақ көрсетіледі. Осыларға қарағанда – шығармада аталатын жер, сулар шарттылықтан гөрі нақтылыққа жақын екендігі байқалады.

Туындының версияларындағы уақыт эпос табиғатына сай келеді. Шоқан нұсқасы «Ерте заманда Баба Омар деген әулие бар екен. Он бесте әулиелік қылып кеткен екен» деп басталса, Қияс жырау нұсқасы: «Ерте әйім заманда, Дін мұсылман халқында, Аз ноғайлы елінде, Тоқтамыс ханның халқында, Ақмаңғыт деген руда - деп басталады.

Шоқанда бала Едігенің әр түрлі төрелік айтулары «бір күндері болғанда», «тағы бір күнде», «тағыда қой бағып жүргенде» деп басталып, арғы жағындағы оқиғалар да «күндерде бір күн Тоқтамыс ханның ханымы айтты», «бір күндерде Едіге қыздан сұрады» т.б. жалғасады.

Ұлттық версияларда ұзақ уақыт бойында өткен оқиғаларды толық баяндап жатпай, классикалық эпостардағыдай қысқарта салу да кездеседі. Мәселен, Қияс нұсқасында Тоқтамыс ордасынан Сәтемір ханның еліне сапар шеккен Едігенің басынан өткен оқиғалар тегіс баяндалмайды, «Сәтемір ханның жұртын іздеп, шығып жөнелді. Күндерден күндер өтті. Айлардан айлар өтті. Салқынменен жол жүрді. Сағымменен өндірді. Қиынға өзін көндірді. Қызыл жүзін солдырды, мінген аты болдырды. Сол заманда жолменен, бұл заманда сөзбенен, үш ай он күн жол жүрді» - деп қысқартылып беріледі. Осы сияқты Едігенің Сәтемір елінде өткен он төрт жылдық өмірі төрт-бес сөйлеммен баян етілген.

Эпостағы уақыт пен кеңістіктің сипаты турасында жоғарыда келтірілген мысалдардың бәрі – «Едіге» жырының қаһармандық эпос поэтикасы ерекшеліктерін бойына сіңіріп үлгергендігінің белгісі.

«Едіге» жырының қазақтың өзге батырлық жырларынан басты өзгешелігі – басты кейіпкердің өлуі» деген пікір жиі айтылады. Біздіңше, бұл жағдай басты өзгешелік бола алмайды. Бұған нақты дәлел «Қырымның қырық батырындағы» басты персонаждардың өлімдері болып табылады. Қырғыздың қаһармандық эпосы «Манаста» да Манас батырдың дүниеден озған шағы толық суреттеліп, үзілерінде әйелі Қаныкейге айтқан керез сөзі беріледі. Бұдан соң Қаныкей мен баласы Семетейдің тіршілігі баяндалады.

Нығымет Хәкім жазып алған татар версиясында Едігенің қасындағы жолдасы Қадірберді адамдарының қолына түсіп, батырды сатып кеткендіктен қазаға ұшырайды. «Қобыланды батыр» жырының «Қобыланды-Жаскілең» деп аталатын Айсәуір нұсқасында да Қобыландының жанындағы қызметшісі Қодар қалмақтардың қолына түсіп, қожасын сатып кетеді. Қалмақтарға батырдың жалғыз қалатын уақытын, аруағы қашатын, терең ұйқыға кететін мезгілін айтып, ұстап береді.

Біз туындының ұлттық версияларын қаһармандық эпостың классикалық схемасымен бойлай салыстырып, оның схемамен сәйкес келетінін көрдік. Әлбетте, оның бір тармағына қатысты оқиғалар сюжеті қоюрақ болса, екінші бір тармағына қатысты аз айтылған. Бұл табиғи жағдай, себебі қаһармандық эпостардың сюжеттік желісі бір-бірінен аумай қалмайды, әр эпостың өзіндік ерекшеліктері

болады. «Едігені» осылайша эпос схемасымен, және өзге эпостармен салыстыра қараған уақытта оның қаһармандық эпос екеніне еш күмән қалмайды.

«Едігенің» көп версиялы, ондаған нұсқалы, халық жүрегіне жақын болып қалыптасуының негізгі бір себебі, тілінің көркем, композициясының шебер болғандығына ғана байланысты емес, түркі халықтарының есінде өшпестей орын алған тарихи оқиғаларға да қатысты. Бұл жерде отарлық езгі кезінде Алтын Орда тарихына берілген теріс баға «Едіге» эпосын толық танып білуге кері ықпал еткендігін ұмытпауымыз керек. Оның үстіне сақталып қалған тарихи деректер, негізінен, ірі оқиғаларды ғана шежірелеген, ал шын мәнінде, Едіге, Тоқтамыс, Ақсақ Темір араларындағы өзара байланыс анағұрлым шытырман, иірім, бүкпесі көп болғаны аңғарылады.

Жырдың ұлттық версияларын тегіс назарда ұстай отырып, оларды қаһармандық эпостың классикалық схемасымен салыстыра зерделеп, «Едіге» жырының қаһармандық эпос екендігіне толық көз жеткіздік. Біз қарастырып отырған шығарманың қаһармандық эпос екенін дәлелдеу үшін диссертацияда оның версияларындағы батырлар жырына тән перзентсіз ата-ана, кейіпкердің керемет болып тууы, баланың өте күшті батыр болып ерекше өсуі, оның үйленуі, батырдың өз елін қорғауы, ерлік жорықтары, ұлан-асыр қуаныш, той, тыныштық өмір, батырдан ұл тууы, батырдың баласының ерліктері туралы мәселелерді зерттеуге үлкен орын берілді. Аталған мотивтердің барлығы да «Едіге» жырына тән екендігі ұлттық версиялары негізінде нақтылы дәлелденді.

Ел ішіне, халық арасына кең тараған өзге қаһармандық эпостарға қарағанда «Едіге» эпосындағы көзге түсер айырым белгінің бір түрі басты кейіпкердің өлімі болып табылады. Бірақ бұл да «Едігені» оқшау көрсете алмайды, себебі батырдың өлімі қырғыздың атақты «Манасында», қазақтың «Қобыланды батыр» жырының кейбір нұсқаларында бар.

Ғылыми еңбектің барысында «Едіге» жырының тарихи негіздері тарих ғылымының соңғы жетістіктері тұрғысынан кең көлемде қайта тексерілді. Эпоста классикалық қаһармандық эпосқа тән белгілермен қатар тарихи жырларға тән мотивтер де бар. Шығарма эпикалық тәсіл, эстетикалық мұрат, идеясы жағынан қаһармандық эпос қасиеттерімен суарылған да, тарихи кейіпкерлер, тарихи оқиғалар сипаты жағынан тарихи жыр ерекшеліктерін өзіне қабылдаған.

Диссертацияда Едігеге қатысты тарих беті мен жылнамаларда таңбаланған қарама-қарсы пікірлерге талдау жасалды. Ақсақ Темір мен Тоқтамыс хан тарихының бұрмалану себептері айқындалды.

Эпостың тууына сол кездегі белгілі-белгілі тарихи оқиғалардың ықпал еткеніне күмән келтіруге болмайды. «Едігенің» ұлттық версияларында кездесетін сюжеттер – әуелгі кезде Едіге мен Тоқтамыс ханның дос болуы, араларының суып Едігенің Сәтемір еліне қашуы, Сәтемірдің қалың қолмен келіп Тоқтамыс елін шабуы, астана байтағы сәулетті Сарай қаласын қиратып, елін енді көтеріле алмастай тұралатып, дүние-мүлкін үптеп, жастарды құлдыққа алып кетуі, өз жерінде қалған Едіге мен Тоқтамыс арасындағы бітіспес қайшылықтың ақыры ханның өлімімен аяқталуы, Нұраддиннің өз әкесімен сиыспауы, Қадырбердінің хандық құруы, Едігенің Қадырбердімен өткен соғыста қазаға ұшырауы – тегіс тарихта болған оқиғаларға сай келеді. Мұның өзі эпосты шығарушылар мен жыршылардың өткен тарихтарын жетік білетін жандар екендігін көрсетеді. Әлбетте, тарихи деректер эпос ауқымына түскен соң оның өз заңдылықтарына орай өзгерістерге түседі десек те, ізі сақталған. Темір шапқыншылығынан тұралап қалған Алтын Орданы талапайға салып бөліп алмақ болған батыс елдерінің мұздай қаруланған әскерін Едігенің 1398 жылы Борсықтыда талқандап шығуы, 1408 жылы орыс княздіктерін шауып, салық төлемеген Мәскеуді қоршап, қалаға «сатып алу» ақшасын төлетуі, 1416 жылы Киевті шауып, өртеп жіберуі, әлсіреген өз елін қайта оңалтуы – тікелей айтылмаса да қоғам қайраткерін эпостың басты тұлғасы етіп көрсетуінің, «Едіге деген ер еді, елдің қамын жер еді» деп дәріптеуінің астарында жатқаны даусыз.

Эпоста тарихқа талдау жасалмайды, өткен белгілі-белгілі тарихи оқиғалар жекелеген адамдардың арасындағы билікке талас, кек алу, ата өсиетін орындау, т.б. түрінде бейнеленеді. Осындай шарттылыққа байланысты жоғарыда айтылған Едігенің Мәскеуге жасаған әйгілі жорығы, т.б. жетістіктері жырдың ұлттық версияларында көрсетілмеген. Ал Ақсақ Темірдің Ордаға қарсы жойқын жорықтары әсіресе қарақалпақ, татар версияларында айқын байқалады.

Диссертацияның қорытынды бөлімінде тарихи қаһармандық эпостың поэтикасы ұлттық нұсқалар негізінде тексеріліп, ондағы тұтастану құбылысы мен басты-басты мотивтер, көркемдік құралдар образдар жүйесі зерттелді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Едіге» - түркілерге ортақ мұра. Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының Хабаршысы. №4, 2006. 0,25 б.т.
2. Нұрпейіс ақынның оралуы. «Ақтөбе», 28.02.2006. 0,18 б.т.
3. «Едіге» жырындағы түркілік рух. «Жалын» журналы. №10. 2009. 0,3 б.т.
4. Н. Байғанин. Естеліктер. Таңдамалы шығармалары. Алматы, «Арыс», 2006. – 312 бет. (Құрастырып, алғы сөзін жазған Асанов Ж.), 20 б.т.

5. «Едіге» жырының тарихи негіздері мәселесі. Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының Хабаршысы. №1, 2007. 0,48 б.т.  
6. Ақсақ Темір. «Жұлдыз», № 9, 2008. 0,4 б.т.

## ОӘЖ 82.14

**Ерланова Жібек Ерланқызы**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, магистрант, 2 курс*

### **АҚЫН З.ШҮКІРОВ ЛИРИКАСЫ ЖАНРЛАРЫНЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Мақалада ақынның лирикалық шығармаларындағы мазмұн мен пішін поэтикасын құрайтын ерекшеліктерін арнайы қарастыру арқылы ақынның өзіндік шығармашылық даралығы қарастырылды. Ақынның көңіл-күй толғаныстарының, табиғат, махаббат лирикасы тобындағы өлеңдерінің поэтикалық ерекшеліктері талданды.*

**Түйін сөздер:** поэзия, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы, аллегориялық өлеңдер, баллада, лиро-эпикалық жанр.

*В статье рассматривается оригинальная творческая личность поэта, специально рассматривая особенности, составляющие содержание и поэтическую форму в лирическом творчестве. Поэтические особенности стихов поэта на темы эмоционального созерцания, любовной и природной лирики.*

**Ключевые слова:** поэзия, природная лирика, любовная лирика, аллегорические стихи, баллада, лиро-эпический жанр.

*The article considers the original creative personality of the poet, especially considering the features that make up the content and poetic form in lyric creativity. Poetic features of poet poetry on themes of emotional contemplation, love and natural lyrics.*

**Keywords:** poetry, natural lyrics, love lyrics, allegorical verses, ballad, lyric-epic genre.

Әлем халықтары ақындарының поэзиялық мұраларында лирикалық өлеңдердің мол жырланатыны мәлім. Лирикалық өлеңдер жырлаушы автордың жан әлемі кеңістігіндегі тебіреністерден, толғаныстардан туындайды. Лирикалық өлең – туынды авторының жан діліне ықпал еткен жағымды, жағымсыз жағдайлардың әсерін өмір шындығы құбылыстарымен, қасиеттерімен сабақтастырады. Шығарма авторын қоршаған қоғамдық-әлеуметтік ортаның қабылдау ықыласын иеленетін лирикалық өлеңдер бүкіл адамзат ұрпақтарына ортақ сезім әлемін көркем шындықпен жырлаған құдіреттілігімен құнды.

Зейнолла Шүкіровтің көңіл-күй лирикасы сипатындағы өлеңдерінде лирикалық қаһарманның сезім тебіреністері арқылы қайшылықты тіршілік қозғалысындағы адам жан ділінің ішкі әлем құбылыстары психологиялық тұрғыда жырланған. Ақынның көңіл-күй лирикасы – психологиялық өлеңдерге тән жанрлық болмысымен айқындалатын үлгілер. Академик З. Ахметовтің тұжырымы бойынша: «... ақындардың көңіл-күй лирикасы автордың өз тағдырын, қуаныш-қайғысын қоғамдық өмір, заман, дәуір туралы ой-толғаныстарымен терең қабыстырып ұштастыра білуімен құнды» [1, 113-б.].

Психологиялық өлеңдеріндегі көңіл-күй толғаныстарының сүйіну, күйзелу, өкіну, үміттену, т.б. алуан түрлі өрнектері ақын жырларының ойлау кеңістігін қамтыған күрделі болмысын танытады. Мысалы, «Жылдар жылжып», «Жастық-ай, әр күнің бір қызық ойнақ», «Түнгі сәуле», «Көңілің нені түйеді», «Қайтейін сені, жас шақ-ай!», «Ішім жанып барады, ішім жаным», «Қоштасу», «Ақсау», «Ақ қайыңды ой басқан», «Іздеттің достар», «Үзілме, домбыраның әні мұңды!», «Сағыныш саздары», «Қайран басым», «Япырай, жалғыздықтың жаман-ай!», «Еске алмақ өткен күнді қиын, ақын!», «Жалғыз досым, жан досым – жыр деп едім», «Кеуде күрк-күрк», «Асықтар, жүректі үзген аруларым», «Түсімде», т.б.

Көңіл-күй лирикасы тобындағы өлеңдердегі психологиялық өрнектермен айтылған ой желілерінде адамдарға ортақ ішкі жан-дүниедегі тебіреністер романтикалық сарындар аясында жырланады:

... Айқай, көңіл!

Көкке ұштың, жар да күштың,  
Түн ортасы сен үшін талма түс күн.  
Өз қызығым өзіммен, өз думаным,  
Шарап емес, келеді, шәрбат ішкім.  
Тойғанына мәз болған құр өңештің,  
Құрсын, өмір!  
Жоқ оны тілемеспін!  
Ішпей-жемей мас болып толқыған сәт,  
Өзі қандай жалт еткен бір елестің.  
Кетті ме екен кеудемді күшім жарып,  
Қыса түсем қаламды құшырланып.  
Борышы көп бір жан мың кең дүниеге,  
Соны ойласам кетеді ішім жанып... [2, 55-б.].

(«Ішім жанып барады, ішім жанып» өлеңінен).

Көңіл-күй лирикасына жататын өлеңдерде адамдардың маңындағылар байқай бермейтін ішкі жан әлеміндегі әралуан құбылыстар, толғаныстар, күрсіністер мен серпілістер, армандар, т.б. алуан түрлі ой арналары көркемдік жинақтаумен қамтылады. Лирикалық қаһарманның ғарыштық-ғаламдық әлемді шарлаған ұшқыр, жүйрік қиялы арманшыл адамның алыстарға, биіктерге талпынған қыран, сұңқар қанатты ой еркіндігін бейнелейді:

Кеудем менің жалын боп алаулады,  
Күңіренемін адамдай қамаудағы.  
Кең дүниені тарсынып тулағанда,  
Жұдырықтай бұл жүрек сан аунады.  
... Бұл жүрек – кең әлемнің еркін құсы,  
Самғап ұшып келеді серпілігісі.  
Сағынтты ғой маңдала шығайыншы,  
Кеудеме бар жаһанның толсын күші [2, 65-66-бб.].  
(«Аңсау» өлеңінен).

Адамдардың арманшыл көңіл-күйі әлеміндегі алыстарға, болашақтың бақытты кезеңдеріне ұмтылған өршіл әрі мұңшыл сезімдері ақын өлеңдерінде поэтикалық-психологиялық өрнектермен жырланған.

Әлем әдебиетіндегі көрнекті ақындардың барлығында да табиғат құбылыстарын, суреттерін адамдардың ішкі жан әлеміндегі сезіммен тұтастандыра жырлау тұрақты байқалады. Табиғаттың құбылыстарын, суреттерін, көріністерін саналуан болмысымен жырлауда ақындар бүкіл тіршілік денелерінің, қозғалыстарының өзара үндес, тектес, болмысын баламалауды негізге алады. Қазақ әдебиеті тарихындағы ақындардың табиғат құбылыстарын, суреттерін адам сезімі аясындағы таным көзқарасы тұрғысынан жырлауы тіршілік қозғалысының романтикалық және реалистік сарындар тұтастығына негізделді.

Қазақ поэзиясына сыршыл лирикалық өлеңдерімен өзіндік үлес қосқан ақын Зейнолла Шүкіровтің табиғат лирикасына жататын өлеңдері де классикалық көркемдік үрдістер аясындағы шығармашылық сипатымен ерекшеленеді. «Таң алдында», «Аңсарым алыс жұлдызда», «Теңіз жыры», «Күн батарда», «Тербейді таң самалы, май самалы», «Алматым», «Айнакөл», «Теңіз», «Таң алдында» («Тыныпты тентек жел ескен»), «Дауыл», «Ай», «Қала берсін мүлгіп құрақ», «Ақша қар», «Көктем», «Қыс», «Аякөз тоғайы», «Ерке гүл, сарғайма ерте күзін соқпай», «Сыпырды қыс ақ көрпесін», «Жайылып жаңбырдан соң алақаны», «Ақша қар», «Күз әпке», «Табиғат қалады-ау бір жырғап таңда», «Теңізбен кездесу», «Ей, таулар, бұлт айналған төбесінен», «Қансонар», «Қарағай», «Ару көл», «Бұлттар, бұлттар», «Көл жағада», «Айнакөл», «Күншуақ», «Көктем күліп кіреді талай баққа», «Бақша», «Балқұрақ», «Нәсер күні», «Тау гүлі», «Қоңыр күз», «Дауыл», «Бұлт», «Қыз бен аяз», «Жауғытұрым», т.б.

Табиғат лирикасы – адамның тіршілікпен тыныстаған өмірінің өзегі. Тіршіліктің күндізі де, түні де адамды қоршаған табиғат ортасындағы барлық көріністердің өзара үндескен, бірін-бірі толықтырған, алуан түрлі құбылыстарымен адамдарды бірде жадыратқан, біресе жабырқатқан әсері – бәрі де ақынның бейнелі өрнекті тіркестерімен, тармақтарымен суреттеледі. Кең дала мен көл жағалаулары арасында тұрған кейіпкердің аспан, Күн, көл айдыны, жасыл табиғат – бәрін көз жанарына сыйғыза қарап тұрып қайталанбас суреттер тұтастығын өлең өрнегімен бейнелеуі лирикалық-психологиялық тебіреністермен өрілген:

Мөлдіреп ұшан – теңіз ашық аспан,  
Жер үстін жаздың салқын кеші басқан.  
Балқиды көкжиекте нарттай жанып,  
Қызыл күн нұр шапағын шашыратқан.

Бөленді қызғылт түске су беті де,  
Әлде бұл батар күннің құдіреті ме?!  
Жел тынып, жасыл құрақ мүлгіп қалған,  
Көз тоймас кештің сол бір суретіне.

Кең айдын көлдің шалқар атырабы,  
Жай толқып тынши алмай жатыр әлі.  
Тек жым-жырт көл жағада жасыл тоғай,  
Жас талдың селт етпейді жапырағы.  
(«Күн батарда» өлеңінен) [2, 22-б.].

Зейнолла – романтик ақын. Тіршілік кеңістігіндегі табиғат құбылыстарының алай-түлей дауылды, жауынды сәттерін лирикалық қаһарманның көңіл-күй әуендерімен егіздей бейнелеп жырлауы да романтикалық өршіл ой келеріне ортақ психологиялық жағдаймен баламаланғандай әсер береді:

Азынайды жел гүлеп,  
Алаулайды соңғы арай.  
Тулап теңіз теңбіл көк,  
Астан-кестен бар маңай.  
Дауыл шайқап, жел құған,  
Айналаң бір ақ көбік.  
Толқын туып толқыннан,  
Шу көтеріп жатты өріп.  
(«Дауыл» өлеңінен) [91, 49-б.].

Ақынның көңіл-күй лирикасы тобындағы шығармалары желісінде элегиялық өлеңдер де саралана көрінеді. З. Шүкіровтің элегиялық өлеңдері де оның жеке басына тән қайғылы, қасіретті тағдырдың әрі жалқылық та, сонымен бірге жалпылық та сипатын психологиялық тұрғыда бейнелейді. «Жанарыңа толып жас», «Қайта-қайта қарамашы тесіле», «Сиярмын қалай енді үйге», «Гүлшешек (Гейненің ізімен)», «Өкініш», «Элегия (Әзкенге)», «Еске алмақ өткен күнді қиын, ақын», «Кеуде күрк-күрк, аяқ-қол құрысуда», «Қарайсың қабағыма», т.б.

XX ғасырдың 50–70-жылдарындағы қазақ поэзиясындағы көрнекті ақындардың шығармашылығында элегиялық өлеңдердің болуы ақындардың әлем әдебиетіндегі классикалық үрдістермен сабақтастықты танытты.

Қазақ поэзиясындағы көрнекті ақындарының бірі Зейнолла Шүкіров поэзиясының осындай классикалық жанрларды жаңғырта жырлауы да оқырмандардың ықыласты қабылдауына ие болды.

Элегиялық өлеңдердегі лирикалық қаһарманның тағдыр тауқыметінен қанша азап шексе де, қажымайтын, қайсар рухын танимыз:

Жанарыңа толып жас,  
Қамықтың, қайран қарындас.  
Гүл ашпай жатып жас шағың,  
Қажытса науқас, батса мұң...  
Арманың әсем көктемде,  
Бір сүңгу болса көк көлге...  
Әйнектен қарап сен қырға,  
Жазда да батса сол мұңға.  
Қиын-ау ... адам шыдайды, ә!  
Қайтесің, қалқам, мұңайма.  
Ағаңа қара бұл жақтан,  
Көтеріп дертті мың батпан.  
Қараймын бірақ мен алға,  
Арманым алда, тек алда!  
Алда бір күн бар жазылар,  
Алда бір өмір жазы бар.  
Құшаққа сол жаз мені алар,  
Бойыма қуат оралар,  
Дерт деген болмас ол кезде,  
Бетінен жердің жоғалар...  
Арманым алда, тек алда! [2, 26-27-бб.].

Зейнолла ақын шығармашылығында махаббат лирикасы тобындағы өлеңдері де мол. Махаббат лирикасы – әлем әдебиетінің ежелгі замандардан бері үздіксіз жырланып келе жатқан, байырғы жанрларының бірі. Шығыстың және Батыстың классикалық поэзиясында тұрақты жырланған махаббат лирикасы өлеңдерінің қазақ поэзиясында да ұлттық бояулы өрнектерімен жырланып келе жатқаны мәлім.

Ақынның да махаббат лирикасына жататын өлеңдерінде бір-біріне ынтық еркек пен әйел сезімінің романтикалық сарынды сипаты айқын аңғарылады. Мысалы: «Бір кездері мен оны бала көрдім», «Сағыныш», «Сол күні ренжіп маған кетіп едің...», «Ұзатып саларда», «Сен үшін» («Келдің-ау, сәулем!...»), «Махаббат күдіреті: Қозы Көрпеш – Баянның басында», «Аққулар оралғанда», «Есіңе, сәулем, мені аласың ба?», «Келерсің іздеп күнде сен...», «Ақ сәулем», «Мойнымда сезем бір сәт ақ білекті», «Бір қазыққа байланған жүректер-ай», «Махаббат та, ақ көңіл бала да бір», «Әйел» («Әйел ... әйел ... Мен сені ардақтармын»), «Таңертең ұйқысын ашты бақ», т.б.



Ақынның өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкерлер ғашықтық сезімдерінің аясында тіршіліктің барлық құбылыстарымен сырласады. Мысалы, «Сағыныш» атты өлеңдегі лирикалық кейіпкердің тебіреністері табиғат пен адам көңіл-күйін психологиялық егіздеумен өрнектелген:

Терезеннен телміріп, Ай қараса,  
Күміс сәуле бетінді аймаласа,  
Ол сағынған мен деп біл,  
Уақыт өтті,  
Уақыт өтті мінекей айдан аса,  
Сыбыр қағып мезгілсіз жасыл терек,  
Түнде ұйқыңды жіберсе ашып кенет,  
Ол да менің мазасыз жаным шығар,  
Бір көруге өзінді асық жүрек [2, 21-б.].

Зейнолла ақын поэзиясындағы лиро-эпикалық жанр балладалардың да үлгілері бар.

Ақынның балладалары әлем әдебиетіндегі романтизм көркемдік әдісімен жырлаудың қазақ поэзиясындағы көрнекті үлгілері қатарын құрайды. Балладалардың идеялық-композициялық желісінде сюжеттік бөліктері мен лирикалық толғаныстар тұтасқан құрылымнан өмір шындығы оқиғаларының көркемдік-эстетикалық ойлау тағылымы танылады.

Қорыта айтқанда, ақынның лирикалық өлеңдері ұлттық сөз өнері тарихындағы көркемдік-эстетикалық дүниетаным кеңістігіндегі ұлағат жолының мәңгілік тағылымын таныта алады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
2. Шүкіров З. Арал толқындары: Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 336 б.

## ОӘЖ 80

### Садақбаев Асылхан Сәкенұлы

*Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің «Қазақ филологиясы» факультеті филология мамандығының 2 курс магистранты*

#### «МАНАС» ЖЫРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ МҰХТАР ӘУЕЗОВТЫҢ ҮЛЕСІ

*«Манас» жырының Мұхтар Әуезов зерттеуіндегі көркем әдеби дәстүр жалғастығы, мән – маңызы аясында салыстырмалы талдау нәтижесінде бағаланып жазылды.*

**Түйін сөздер:** фольклор, эпос, ырчы, батыр.

*Исследования Мухтара Ауэзова эпос «Манас» традиционное продолжение художественной литературы, суть которое оценивался результатом сравнительного анализа*

**Ключевые слова:** фольклор, эпос, поэт-эпик, богатыр.

*Poem Manas one of the traditional explore of Muhtar Auezov. Evaluation of written in comparison anol looking at the value.*

**Keywords:** folklore, epic, hero.

«Манас» — қырғыздың батырлық эпосы. «Манас» туралы алғашқы жазба дерек Ленинград университеті Шығыс факультетінің кітапханасында сақталған Саиф ад-Дин Молланың (16 ғ.) «Маджму ат-тауарих» атты қолжазбасынан кездеседі. Бұл шығармада Манас 16 ғасырдың 2-жартысында белгілі оқиғаға қатысқан тарихи адам болып баяндалады. Соңғы зерттеулерде бұл тұжырым дәлелденген жоқ. Оны зерттеушілер көне дәуірден келе жатқан ежелгі әдеби мұра деп есептейді. «Манас»—бірнеше жырдың басы біріктіріліп, тұтастандыра жырлану арқылы қалыптасқан көлемді эпос. Оны толық білетін жыршылар аз болған (Манасшылар). «Манас» жырын толық жырлау үшін оны манасшы 6 ай бойы үзбей айтып шығатын болған. «Манас» үш бөлімнен тұрады: біріншісі— «Манас», екіншісі — «Семетей», үшіншісі — «Сейтек» [1.] деп аталады. Бірінші бөлім Манастың туған күнінен бастап, алып күш иесі болып өскендігін, халықты езуші үстем тап өкілдері — манап, қожаларға қарсы күресін суреттеуден басталады. Бұл бөлімде ерекше орын алатын жыр — «Көкетай ханның асы». Манастың жауға қарсы күрестегі ерлігін халқы мен Отанын сүйе білген қырғыздың адал перзенті ретінде суреттейді. Ол жеке дара суреттелмей, ақылшы-кеңесшілері — Бақай, Қосай, Алмамбет, Сырғақ сияқты халық өкілдерімен бірге жырланады. Бірінші бөлім Көкетай ханның асында туған жанжалға байланысты соғыс басталып, онда Манастың қаза табуымен аяқталады. «Семетей» бөлімінде Манастан қалған жалғыз бала Семетейдің өмірі туралы баяндалады. Семетейдің әкесіндей ержүрек батыр болып, жауға жасаған бірнеше шабуылы, Айчүрекке деген махаббаты жайлы қызықты оқиғалар суреттеледі. Семетей — әрі батыр, әрі мейірімді, жомарт та әділетті халық сүйген ұл. Ол қаза болғанда бүкіл халық қайғырып, иті Құмайық, құсы Ақсұңқар да иесін жоқтайды. Соңғы бөлім — «Сейтек» бүкіл эпосқа эпилог іспеттес. Мазмұнына

қарағанда бұл бөлім кейінірек туған болу керек. Мұнда қырғыз халқының Россияға қосылуы да жырланады. Бұған тағы бір дәлел : «Қырғыздардың Орталық Азияда белгілі күш болып,ерлік жасаған заманы ХХІ-ғасырға дейін. Одан бергі дәуірде «Манаста» суреттелген ұлы жорық,ерлік оқиға – тарихта кездеспейді. Мұны көп ғалымдар осылай анықтайды » деп жазады қазақ кемеңгері Әлкей Марғұлан. [2. 125-бет] «Манас» трилогиясы — көркемдігі мен көлемі жағынан қырғыз халқының көркем сөз өнеріндегі құнды мұрасы. Оның толық нұсқасы манасшы С. Каралаевтан жазылып алынды. Сондай-ақ С. Оразбақов жырлаған нұсқа да бар. Ол нұсқа үстем тап өкілдерінің өз мақсаттарына сай бұрмалап жырлауынан пайда болған.

«Манас» жырын алғашқы зерттегендердің бірі — қазақ оқымыстысы Ш. Уәлиханов. Ол 1856 ж. қырғыз жеріне барған сапарында манасшылардан «Көкетай ханның асын» жазып алып, орыс тілінде жариялады (1860). Ол «Ыстықкөл сапары күнделігі» (1856), «Қырғыздар туралы жазбалар», «Жоңғар очерктері» (1860) атты еңбектерінде «Манасқа» кең тоқталып, өз бағасын берді. В. В. Радлов 1862, 1864, 1869 ж. Қырғызстанда болып, «Манас» эпосынан үзінділер жазып алды. Оларды қырғыз, орыс, неміс тілдерінде жариялады. П.М. Мелиоранский «Қырғыз жырларының жалпы характері мен құрамы» (1896), Г.Н. Потанин «Орыстың эпостық жырларының шығыстың негізі» (1896), мадияр ғалымы Д. Алмаши «Манас батырдың ұлы Семетеймен қоштасқаны» (1911) атты еңбектерінде «Манасқа» жоғары баға береді. «Манас» эпосын зерттеуге көп еңбек сіңірген ғалым М. О. Әуезов болды. «Манасты» зерттеу жұмысын ол 1928 ж. бастап, 30 жыл бойы айналысты, көптеген құнды еңбек жазды. Ол «Манасты» зерттеп қана қоймай оның халықтық вариантын жасап, жарыққа шығаруға ат салысты. «Манасты» зерттеуде қырғыз ғалымдарынан М.Ю.Юнусалиев, Б. Керимжанова, М. Богданова, М. Мамыров, К. К. Юдахин, К. Рахматуллин, жазушылар А. Тоқамбаев, Т. Сыдықбековтар, қазақ ғалымдары Ә. Марғұлан, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайловтар да еңбек сіңірді. Акад. Ә. Марғұлан Уәлиханов жазып алған бөлігін қазақ тілінде жарияланды (1973). Бірнеше мақалалармен «Шоқан және «Манас» (1971) атты еңбегін жазды. Эпостың эпизодтары қазақтың батырлар жыларына ұқсас (Манастың тууы, оның балалық шағы, үйленуі т. б.), кейіпкердің аттары да ортақ (Ер Төстік, Қосай, Ер Көкше, Ер Едіге т. б.) келеді. Осы фактілерге сүйене отырып Ә. Марғұлан қазақ, қырғыз жырлары белгілі бір тарихи оқиғадан туып, бір арнадан тараған дейді. «Манасты» Ә. Тәжібаев, Ғ. Орманов, С. Мәуленов, Х. Ерғалиев, Д. Әбілдаев ақындар қазақ тіліне аударды ( 1961—63).

М.Әуезов және қырғыз әдебиеті дегенде, өзі күдіретті дүниені құрбан етуден сақтап қалған, кешегі қасіретті Кеңес өкіметінің өңешінен жұтыла жаздаған халық қазынасын аман-есен алып қалған – Қырғыз халқының екінші атына айналып кеткен «Манас» жырына соқпай тұра алмаймыз. «Қырғыз халқының Манас жыры» деген мақаладағы соны ойлар бізді алға жетелей түскендей. Қомақты ойларды қопара айтқан, дәл басып айтқан: «Расында да, «Манас» ежелгі үндінің «Махабхаратасынан» екі жарым есе, ежелгі гректің «Иллиадасы» мен «Одиссеясын» бірге қосқандағысынан жиырма есе көп. Бүгінде қолда бар алпыс бес нұсқаның ең сүбелілерінің бірі Саяқбай Қаралаев жырлайтын нұсқа жарты миллион тармақтан асады.

Көлемі қара жердің төрт тарабын түгел көмкөргендей, еңсесі бұлғақтаған Бұланайдың да төбесінен қарайтындай осыншама заңғар дастанның өн бойында көңілден шықпайтындай олпы-солпы бір шумағы, бір жолы жоқ, таңғалдырмайтындай, тамсандырмайтындай селкем-шалыс бір сөз, бір теңеуі жоқ. Мазмұны ақар-шақар сенгірдің сексима тұмсығынан жемтігін болат серіппедей бір-ақ ытқып, бауырға ап, баса қалығысы кеп тұрған тау тағысының бұлшық етіндей тып-тығыз. Бітімі жылтырай семірген жолбарыстың жылмағай жонындай жұп-жұмыр. Жер бетіндегі Алатаудың қанша көркем болғанмен опырайған ойқы-шойқысы, жапырайған жалба-жұлбасы, ебілі-себіл елбе-желбесі жеткілікті. Жыр сомдаған Манастау қанша заңғар, қанша алып болса да, мөлдіретіп меруерттен, жалтыратып жақұттан, лапылдатып лағылдан құя салғандай. Көздің жауын алардай көркем, сұғы өтердей сұлу. Қайтіп таңдай қақпассың?! Қайтіп басыңды шайқамассың?! Мың жыл бойына ең сұңғыласы мен ғұламасын, тапқыры мен айтқырын Ата Дастанға жұмылдырып, мың қайтара қырнап-жонып, мың қайтара елеп-екшеп, мың қайтара сылап-сипап, мың қайтара әрлеп-нәрлеп, әлемде теңдесі жоқ Жыр Асқарын сомдап шыққан ақтап-төкпе Ата Қырғыздың аруағынан қайтіп айналмассың, ақылына қайтіп бас ұрмассың!..», дейді автор толғана тебіреніп. Мұхтар Омарханұлы Әуезов өзіне дейінгі «Манас» зерттеушілерінің табысын толықтырды, өзінен кейінгі зерттеушілерге қараңғы түнді жарық қылған Ай сияқты. жол көрсетер жарық

Қазақ ұлты мен қырғыз ұлтының түбі бір -түрік, туыс. Ел қорғаған батырын жадынан түсірмей қастерлеген. Бірігіп жауға қарсы аттанған кезі аз болмаған. Қазақтың Көкше батыры «Манас» жырынан ойып тұрып орын алғаны айғақ. Тіпті : «Қазақта «Ер Көкше» жырының төрт-бес нұсқасы бар....Ал енді Көкше батырдың ең әдемі және ұзақ жырланатын нұсқасы қырғыздың «Манас» жырында »[3. 239-бет],-деп ақиқаттың сұраушысы,еркін ойлы тарихшы Әнес Сарай жазады.

Демек, бұл туындыны зерттеу кезек күттірмейді. Осындай кең құлашты эпикалық туындының ішінде Қазақ пен Қырғыз халқына ортақ, күллі адамзат мәдениетіне таптырмас қазыналар толып ақ тұр.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Манас. Дастан.-Алматы, 1961. - I-II-III-IV томдары.
2. Әлкей Марғұлан . Ежелгі жыр аңыздары,1985 ж.
3. Өнес Сарай. Ноғайлы,2009 ж.

**ОӘЖ 82.09**

#### Смағұлова Дамира Муратовна

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, 2 курс магистранты*

#### **Қ.ЖҰМАЛИЕВ - ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУШІ**

*XIX ғасырда қазақ даласынан шыққан педагог, ақын, жазушы Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы, халық ағарту жолындағы оқытушылық істері бар қырынан алынып, жан-жақты қарастырылды. Мақалада Ы.Алтынсаринді педагог-жазушы деп таныған көрнекті ғалым Қ.Жұмалиевтің пайымдауларынан ұлы ұстаздың ұстанған өмірлік кредосының жаңа қырларын жан-жақты ашып бере алғандығы талданды.*

**Түйін сөздер:** педагог-жазушы, ақын, көрнекті ғалым, зерттеуші, әңгіме, суреттеу, еңбек тақырыбы, кейіпкер.

*Разносторонне были рассмотрены жизнь и творчество, преподавательская деятельность в области просвещения педагога, поэта, писателя из казахских степей XIX века Ыбырай Алтынсарина. В статье было проанализировано, что известный ученый К.Жумалиев, признавший Ы.Алтынсарина педагогом-писателем, смог полностью объяснить новые аспекты жизни великого учителя.*

**Ключевые слова:** педагог-писатель, поэт, выдающийся ученый, исследователь, рассказ, описание, тема работы, персонаж.

*Life and work, teaching activity in the field of education of the teacher, poet, writer from the Kazakh steppes of the XIX century Ybyray Altynsarin were considered in many ways. In the article it was analyzed that the famous scientist K.Zhumaliev, who recognized Y.Altynsarin as a writer-writer, was able to fully explain the new aspects of the life of the great teacher.*

**Keywords:** teacher-writer, poet, outstanding scientist, researcher, story, description, theme of work, character.

XIX ғасырда қазақ даласынан шыққан педагог, ақын, жазушы Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы, халық ағарту жолындағы оқытушылық істері аз айтылған жоқ. XIX ғасырдың аяғында негізі қалана бастаған Ыбырайтану XX ғасырда бар қырынан алынып, жан-жақты талданды.

Ы.Алтынсаринді педагог-жазушы деп таныған көрнекті ғалым Қ.Жұмалиевтің пайымдауларынан ұлы ұстаздың ұстанған өмірлік кредосының жаңа қырларын жан-жақты ашып бере алғандығын көреміз.

Қ.Жұмалиев «Қазақ хрестоматиясын» құрастырушы Ы.Алтынсарин жетістігінің бірі ретінде әңгіме, өлеңдерді балалардың түсінігіне, қабылдауына лайықтап ала білуі деп таниды. Сонымен қатар ағартушының көрегендігі педагогиканың күн тәртібінен түспейтін тақырыптарды әңгімелерінде саналы түрде таңдай білуінде жатқандығын аңғартады.

Ы. Алтынсариннің «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Әке мен бала», «Атымтай Жомарт» әңгімелерінің мазмұнын зерттеу жұмысы барысында ғалым осы әңгімелердің барлығында педагог-жазушының көтергені еңбек тақырыбы екендігін айта келіп, түсінуге жеңіл, тілі жатық үш әңгімеде де балаларды жастайынан еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай ерекше көңіл бөлгендігін ашып көрсете білген.

XIX ғасырдағы ағартушыларымыз Абай мен Ыбырайдың тәрбие жөнінде көтерген негізгі тақырыптарының бірі – талап екендігі анық. Екі данамыздың да айтары талант бастауын талаптан алады. Талап болмаса бойдағы таланттың да бағы ашылмайтынын ескертеді.

Осы тақырыпқа жазылған Ы.Алтынсариннің «Талаптың пайдасы» әңгімесінде жазушының айтпағы бір ғана орыс патшасы Петрдің аңғарымпаздығы емес, мұнда негізгі ой кім талап етсе, сол мақсатқа жететіндігін дәлелдеу деп санайды.

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» жарияланғаннан бері «Ыбырай әңгімелері» аталып келген шығармалардың ішінде басқа да орыс қаламгерлерінің әңгімелері еркін аударма күйіне жүргені белгілі. Бұл жөнінде Ыбырай зерттеуші ғалымдардың ішінде алғаш рет Ы.Алтынсариннің аударма шығармаларына қатысты пікірді жаңаша толғап, тиянақты тұжырым қалыптастырған Қ.Жұмалиев деп толық айта аламыз.

Ғалым Ыбырайды айтпағанда XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде балаларға арналған шығарма қандай дәрежеде болды деген сауалға жауап іздей келіп, бұл кезде қазақ жағдайында Махамбет пен Абайдың бірлі жарым өлеңдері болмаса, басқадай ауыз толтырып айтатын дүниелер жоқтығына тоқталады. Әдебиетіміздегі осы бір кемшін тұсымызды саналы түрде бүтіндеуге атсалысқан Ы.Алтынсаринді әрі педагог, әрі жазушы деп атауымыздың бір сыры осында жатыр деп есептейді.

Бұған қарап Ыбырайға дейін балалар әдебиетінің үлгілері мүлде болмаған екен деген түсінік тумаса керек. Әрине қай елдің де жазба әдебиетінен бұрын ауыз әдебиеті туғаны белгілі. Сол сияқты біздің де

ауыз әдебиетіміз халқымыздың жүріп өткен жолындағы бар жақұтты бойына жинаған аса бай. Ыбырайдың көрегендігі сол мұраларды елеп-екшеп жаңғыртып ұрпақ тәрбиесіне пайдалана білуі және кейінгі жазба әдебиет өкілдеріне балалар әдебиетін қалай жасау керектігінің үлгісін қас шеберлікпен пішіп бере білуі деп ұғамыз.

Қай жазушы, қай ақын болмасын өзі өмір сүрген уақытта қоғамда орын алған түрлі әлеуметтік жағдайларды шығармаларына арқау қылатыны анық. Әрине сол кезде қоғамда қандай саясат үстемдік жүргізіп тұрғанын да естен шығармау керек. Өйткені, шығармашылық адамның әдеби мұрасында ол өмір сүрген уақыттың шындығы көрінетіні хақ.

Б. Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінен өткен өмірді ғана біліп қоймаймыз, сонымен қатар жазушының айтпақ ойымен бірге қай мұнара биігінен қараған көзқарасында көре аламыз. Ыбырайдың қаламгерлік шеберлігінің өзі шағын әңгімеге үлкен ой сиғызуында жатыр. Бұл әңгімеде автор көшкен жұрттан ойнап жүріп қалып қойған екі баланың бір тәулікте басынан кешкендерін суреттей отырып, үлкен ой айта алған.

Қ. Жұмалиев әңгімедегі қаһармандардың бай мен кедей баласы болып алынуының өзінде автордың ұстанымы, шығармада көтерілген мәселенің түйіні жатқандығын тұжырымды пікірлермен дәлелдеп көрсете білген. Ғалымның «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесіне қатысты ой-пікірлері кейінгі Ыбырайтанушы ғалымдарымыз Ә.Дербісалин еңбектерінде жалғасын тапқанын байқауға болады. Шығарма қаһармандары мен онда көтерілген идея жөнінде

Қ. Жұмалиев: «Шығарманың бас геройы етіп бай баласы мен кедей баласын алуының өзінде үлкен сыр жатыр.

Егер оның көздегені тек Үсеннің ақылдылығы, Асанның ақылсыздығы, яғни, бір жастағы балалардың бірі ақылдырақ, екіншісі ақылсыз болуы мүмкін екендігін көрсету болса, онда оларды екі таптан шығарудың қажеті болмас еді. Жазушының бұл жерде көрсетейін дегені биологиялық, не психологиялық мәселе емес, әлеуметтік мәселе. Асанның есі дүп-дұрыс, дені де сап-сау. Бірақ, оған қарағанда Үсен көш ілгері жатыр.

Өз бетімен жерден еңкейіп шөп алмай өскен Асанды өскен ортасымен, ақысыз-пұлсыз асыраған тұрмыс өз бетімен күн көруге келгенде әлсіздікке, бишаралыққа ұшыратса, әкесін де, өзін де өз күші, өз еңбегімен күн көруге дағдыландырған қиыншылық тұрмыс кедей баласы Үсенді күрес ері етті.

...Әңгімені абайлап оқушыға жазушының симпатиясы Үсен жағында. Мұны олардың іс-әрекетін суреттеуінен де, диалогтарынан да көру қиын емес. Жазушы болашақты да кедей баласы Үсенде деп біледі» [1, 56].

Ал осы пікірді Ыбырайтанушы ғалым Ә. Дербісалин өзінің «Ыбырай Алтынсарин» атты монографиялық еңбегінде әрі қарай дамытып бекіте түскен.

«...Жазушы Асанның тумасынан ешкімнен кем емес екендігін ұғындыра отырып, оның алған өнегесі арқылы бұзылып, азғындық дәрежеге жеткендігін суреттейді.

...Еңбекші таптың өкілі - Үсен Асанға қарама-қарсы бағытта суреттелген. Үсеннің әрбір қимылы мен әрекетіне жазушының өзі де сүйіспеншілік сезіммен қарап отырады. Жасы 12-13-тің шамасындағы Үсен әлі күрделі бір істер істеп тастамағанымен келешегінің зор екендігін танытады. Мұны оқушыда еркін аңғара алады. Автордың негізгі көрсетпек болып отырған мәселесіде осы.

...Жазушы екі таптың өкілі – Асан мен Үсенді салыстыра суреттей отырып, олардың адамдық қасиеттерін еңбекке қатысына қарап бағалайды. Шығарманың бүкіл мазмұны Асанды дәрменсіздік дәрежеге жеткізген де, Үсенді адамдық бейнеге келтірген де тек еңбек ғана деп қорытындылауымызға мүмкіндік береді», - дейді [2, 126-127].

Осы жоғарыда келтірілген сілтемелерден аға буын ғалымның пайымдаулары кейінгілерден жалғасын тауып жатқандығын аңғару қиын емес.

Ыбырайдың әңгімелерін түгелдей балаларға арналған деп қарау бір жақты бағалаушылық болатынын ескерген зерттеуші, автордың ересектерді еңбекке үндейтін, қазақ халқын отырықшылыққа шақырған «Қыпшақ Сейітқұл» т.б әңгімелері бар екендігіне тоқтала келіп, онда көтерілген тақырып, алынған сюжет жөнінде таным кеңітерлек талдаулар жасай білді.

Бұл әңгімедегі оқиға тарихта нақты болған жәйт еместігін көрсете білген ғалым, мұнда автор ел аңызына өз арман, мұратын шығармашылықпен қоса білгендігі турлы өз ойын ортаға салады.

Қ. Жұмалиев Ыбырай шығармашылығын зерттеушілердің міндеті аталмыш әңгімедегі оқиғаның өмірде орын алғанын немесе керісінше болмағанын анықтауда емес, маңыздысы автор не себепті, ел ішіндегі көп аңыздың ішінен осыны ғана таңдап алғандығын аша білуде деп санайды.

Қ. Жұмалиев «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесіндегі негізгі тақырып еңбек екендігін көрсетумен қатар, шығарма сюжетінен автор төрт түрлі мәселені көтергендігін аңғаруға болатындығын алға тартады. Олар: еңбек, отырықшылық - егін кәсібі, сауда, еңбексіз ұрлықпен күн көрушілік.

Ғалым «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде көтерілген отырықшылық пен сауда мәселесін қазақ қоғамында орын алған тарихи жағдайлармен бірлікте ала отырып қарастырады.

Зерттеуші қазақ халқының көшпелі тұрмыстан отырықшылыққа көшуіне ықпал еткен әлеуметтік жағдай 1868 жылғы «Жаңа низам» яғни жердің түгелдей патша үкіметінің меншігіне өтуінен кейін орын алғандығын айта келіп, бұған 1865 жылдар шамасында Қазақстанның Маңғыстау өлкесінен басқа жерін түгел жайпаған «Жалпақ қоян» жұты да себепші болғанындығын аңғартады.

Ғалым «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінен тағы бір аңғаратын нәрсе автордың өзі де егін егу, оны суғару жағынан хабары бар екендігін шығарманы оқу барысында аңғару әсте қиын еместігін көрсетіп өтеді.

Ы.Алтынсарин көптеген әңгімелерінде еңбек тақырыбын көтергені белгілі. Ыбырай еңбек тақырыбына жазылған әңгімелерінің бірсыдырғысында еңбекті жаңаша құру, базарға бейімдеу, оның құндылығын арттыруды сөз етеді. Жаңа кәсіпті, ақшаны пайда көзі санайды. Мысалы, «Білгеннің пайдасы» деген әңгімесінде бір бала шеге істеу кәсібін үйреніп, шаруасын жаңаша құрады. «Өрмекші», «Мақта қыз», «Асыл шөп», «Әке мен бала», «Силинші деген ханым» сияқты әңгімелерінің негізгі қазығы жаңа кәсіп, әрекетшілдік. «Сәтемір хан» атты әңгімесінде жалдамалы еңбектің қажеттігі айтылған.

Осы келтірілген әңгімелердің бәрі Ыбырайдың сауда-саттықтан, базардан хабары барын айғақтап ғана қоймайды, сонымен қатар, автор нарықтық қатынас кезінде елдің экономикасын не арқылы көтеруге болатындығын да шығармасында дәлелдегенін көреміз. Оның үстіне Ыбырай елге билік айтқан Балқожа бидің немересі, сондықтан оның көзін ашқаннан көргені ел билеу ісі мен мал табу ісі екені анық. Ол өсе келе оқу іздеп Орынборда, жұмыс барысымен Петербургте болды. Әрине Ыбырай бұл қалаларда сауда-саттық ісіне байланысты емес, оқу-ағарту мақсатында келгені мәлім. Дей тұрғанмен, ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ресей капиталистік даму жолына жаңа түсіп жатқан мемлекет болатын. Жат ел, жаңаша даму жас Ыбырайға бізде де осындай іргелі істер жасауға болады ғой деген ой тастағаны анық. Біз жоғарыда тоқталған әңгімелер осының айғағы. Ыбырай Ресейден арғы дүниені білмеді десек ағаттық болған болар еді. Ол алыс-жақын шет елдердің тыныс-тіршілігін мерзімдік баспасөздерден, тиым салынған кітаптардан, озық ойлы орыс достарымен сұхбаттасу арқылы біліп отырды. Осының бәрі оның өмір тануына, шығармашылығына оң әсерін тигізіп отырғаны сөзсіз. Бұған дәлел ретінде Ыбырайдың «Өнер, білім бар жұрттар» өлеңін келтіре аламыз.

Мысалы:

Өнер, білім бар жұрттар,  
Тастан сарай салғызды,  
Айшылық алыс жерлерден  
Көзінді ашып жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды,  
Мың шақырым жерлерге,  
Аты жоқ құр арбаны,  
Күн жарымда барғызды,  
Адамды құстай ұшырды,  
Мал істейтін жұмысты  
От пен суға түсірді.  
Отынсыз тамақ пісірді,  
Сусыздан сусын ішірді  
Теңізде жүзді балықтай  
Дүниені кезді жалықпай...

Осы өлеңнің мазмұнын оқушыларға түсіндіруде ақын қазақ жастарын өнер-білімге шақырып тұр деген жаттандылықтан, жалтақтықтан шыға алмадық. Ақын ойының тереңіне сүңгімедік, бетінде малтығанамызға мәз болдық. Қазақ елінен көш ілгері кетіп, өнер, білімге кенелген елдер жетістікке қалай жетті, қандай кәсіп, нендей саясат ұстану арқасында жеткендігі жөнінде жазушының әңгімелеріндегі жақұт ойлары өлеңмен бір тұтас қарастырылмай келді. Бұған кеңестік өктем саясат мүмкіндік бермеді.

Ыбырай Алтынсаринді педагог-жазушы деп таныған Қ.Жұмалиев пікірлерін қорытындылай келіп айтарымыз, ғалым біріншіден ұлы ұстаз Алтынсаринді ақын әрі жазушы деп таныды. Оның шығармашылығындағы жетістіктердің бірі өзіне дейінгі қазақ әдебиетінің даму тарихында болмаған тың тақырыптарды көтеруінде деп білді. Бұған қоса өлең, әңгімелері арқылы қазақ халқына прогрессивтік үлгі өнеге ұсынды деп санады.

Екіншіден, Қ.Жұмалиев орыс демократтарының Ыбырай Алтынсарин дүниетануына, шығармашылығына тигізген әсерін дұрыс түсініп, оны педагог –жазушының өмір жолымен бірлікте қарастыра білді.

Үшіншіден, ғалым Алтынсаринді ескіліктің шаңын қағушы, қазақ халқына жол көрсетуші, бір сөзбен айтқанда реформатор деп таныды.

Ғұлама ғалым Қ.Жұмалиев педагог-жазушы Ыбырай Алтынсариннің қазақ әдебиетіндегі орны туралы: «Алтынсаринге дейінгі қазақ әдебиеті түп-түгел поэзия. Ауыз әдебиетіндегі ертегі әңгімелерді

ғана айтпасақ, тарихқа аты мәлім ХІХ ғасырдағы қазақ ақындардың біреуі де қара сөз жазған емес. Тіпті ұлы ақынымыз Абай да көркем қара сөзбен шұғылданған жоқ. Эпостық жанрдың бұл түрін жасауда бірінші рет қолына қалам ұстап, әдебиетімізге соныдан жол салып, үлгі пішкен жазушы – Ы.Алтынсарин. Сондықтан, оны қазақ әдебиетіндегі көркем қара сөздің негізін салушы, атасы десек, мақтау емес шындық», - деп санайды [3, 247-248].

Қорыта айтқанда, қазақтың қазіргі дамыған проза жанрының, оның ішінде балалар әдебиетінің негізін салушы педагог- жазушы Ы.Алтынсарин шығармашылығын танып-білуде профессор Қ.Жұмалиевтің қосқан үлесі мол.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Екінші том. Алматы: ҚМКӘБ, 1960-364б.
2. Дербісалин Ә. Ыбырай Алтынсарин. Алматы: Қазақстан, 1965. – 226б.
3. Жұмалиев Қ. ХVІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1967. – 435 б.

**Абдильманова Кымбат Багдатовна**

*магистрант 2 курса, Казахский гуманитарно - юридический инновационный университет, г. Семей*

**Научный руководитель: Ладзина Наталья Алексеевна**

*доктор психологических наук, Казахский гуманитарно - юридический инновационный университет, г. Семей*

**ВЗАИМОСВЯЗЬ КОММУНИКАТИВНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ СТУДЕНТОВ И  
СОЦИАЛЬНО – ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО КЛИМАТА УЧЕБНОЙ ГРУППЫ**

*Мақалада коммуникативті қабілеттілікті оқытуда жүргізілген зерттеу әдістерінің нәтижелері және топты оқыту үрдісіндегі психологиялық ахуал түсінігі берілген. Сонымен қатар мақалада алынған зерттеу нәтижелері мен жалпы талдау сипатталған.*

*Түйін сөздер: психологиялық ахуал, коммуникативті қабілет, қарым-қатынас, өзара қарым-қатынас, студенттер.*

*В статье дается понятие психологического климата в учебном процессе группы, рассматриваются методики и результаты проведенного исследования, направленных на изучение коммуникативных способностей, обобщены результаты проведенного исследования.*

*Ключевые слова: психологический климат, коммуникативные способности, общение, взаимоотношения, студенты*

*The article gives the concept of the psychological climate in the group's learning process, examines the methods and results of the study to study communicative abilities. Also, the article describes a general analysis and interpretation of the results obtained.*

*Keywords: psychological climate, communicative abilities, communication, relationships, students*

Психологический климат складывается в образовательном процессе под влиянием многих факторов, но, возникнув как устойчивый эмоционально- психологический настрой, он сам начинает активно влиять на самочувствие его членов и выступает своеобразной «средой обитания», способствуя или препятствуя раскрытию уникальных возможностей и способностей личности. А поскольку учебную группу обучаемый, как правило, не выбирает, этим обстоятельством подтверждается необходимость специальной педагогической заботы об оптимизации психологического климата, чтобы он не подавлял, а, наоборот, стимулировал развитие внутренней активности личности и способствовал формированию у него готовности к саморазвитию. Если сказать более конкретно, то это наши коммуникативные способности. В общем смысле – это индивидуально- психологические особенности личности, которые обеспечивают адекватное взаимопонимание и эффективное взаимодействие между людьми в процессе их общения или выполнения какой- либо деятельности. В зависимости от того, насколько они развиты, во многом зависит успешность человека в различных областях его жизни и деятельности. Их формирование начинается почти с рождения [1, с.38].

У каждого человека коммуникативные способности (стратегические и тактические) формируются индивидуально. Факторами, влияющими на их формирование, являются взаимоотношения с семьей, сверстниками, позже на работе с руководством и коллегами, а также собственная социальная роль человека в обществе. Атмосфера, в которой происходит взаимодействие членов коллектива, влияет на успешность и результат их совместной деятельности, на удовлетворенность самим процессом и результатом труда.

Важное значение также имеет преобладающее в группе настроение и характер взаимоотношений. Речь идет о социально-психологическом климате группы. Данное понятие можно рассматривать, как сплав компонентов, оказывающих воздействие на самочувствие, развитие, жизнедеятельность человека, непосредственно входящего в состав группы[6, с.189].

Студенческая группа считается одним из психологических центров, где происходит формирование будущего профессионала. Именно здесь начинают формироваться нравственные качества, отношение к знаниям, научному поиску, а для этого в группе должен быть позитивный социально-психологический климат.

В психологию понятие "климат" пришло из метеорологии и географии. Сейчас это установившееся понятие, которое характеризует невидимую, тонкую, деликатную, психологическую сторону взаимоотношений между людьми. Одним из первых раскрыл содержание социально-психологического климата В.М. Шепель.[2,с.131] Психологический климат - это эмоциональная окраска психологических связей членов коллектива, возникающая на основе их близости, симпатии, совпадения характеров, интересов, склонностей. Это устойчивое состояние класса как группы, относительно стабильный и типичный для него эмоциональный настрой, который отражает реальную ситуацию внутригруппового взаимодействия и межличностных отношений [7, с.32].

Психологами, социологами и философами предпринимались усилия по изучению социально-психологического климата. Методологические и концептуальные подходы, оригинальные методы диагностики социально-психологического климата, конкретные пути регуляции социально-психологического климата предложены в работах и трудах Б.Д. Парыгина, А.В. Петровского, К.К. Платонова, А.Г. Ковалева, В.К. Панферова, Е.В. Шороховой, О.И. Зотовой и ряда других [3, с.8].

Проблема социально-психологического климата конкретных типов коллективов нашла свое отражение в исследовании Ф.П. Витнаускене, А.И. Донцова, И.В. Колесниковой, Л.В. Корчевина, Г.А. Моченова, М.Н. Кочевника, Г.М. Мануйлова, А.Ф. Шикунa [3,с.13].

Сплочённость группы – характеристика системы внутригрупповых связей, показывающая степень совпадений оценок, установок и позиций группы по отношению к объектам, людям, идеям, событиям и прочему, особенно значимым для группы в целом [5, с.19].

Первые эмпирические исследования групповой сплоченности начались в западной социальной психологии в школе групповой динамики. Л.Фестингер (1950) определял групповую сплоченность как результат влияния всех сил, действующих на членов группы, с тем, чтобы удерживать их в ней[5,с.47]. В качестве сил, удерживающих индивида в группе, при этом подходе рассматривались эмоциональная привлекательность группы для ее членов, полезность группы для индивида и связанная с этим удовлетворенность индивидов своим членством в данной группе (Д. Картрайт, А. Зандер, 1968). Уровень сплоченности малой группы определяется частотой и устойчивостью непосредственных межличностных, прежде всего – эмоциональных, контактов в ней. Поэтому изучение групповой сплоченности и влияние на нее, исходя из развиваемых Л. Фестингером представлений, должно осуществляться через изучение коммуникативных взаимодействий между членами группы и влияние на коммуникации в группе [5,с.48].

Целью нашего исследования было выявление особенностей взаимосвязи коммуникативных способностей студентов и социально-психологического климата в группе. В исследовании были использованы следующие методы:

Методика «Изучение психологического климата в учебной группе».

Методика «Диагностика мотивационных ориентаций в межличностных коммуникациях» (И.Д. Ладанов, В.А. Уразаева).

В исследовании приняли участие две группы, общей численностью 59 человек в возрасте 18-19 лет – обучающиеся на гуманитарном факультете кафедры педагогики и психологии КазГЮИУ.

Методика «Изучение психологического климата в учебной группе»

Назначением данной методики является – нахождение количественного выражения уровня психологического климата в учебной группе. В первой группе 17% обучающихся оценивают климат в их группе как очень благоприятный, 77% - как благоприятный и 6% - как неблагоприятный. Оценки «крайне неблагоприятный» нет. Во второй группе 7% обучающихся оценивают климат в их классе как очень благоприятный, 38% - как благоприятный, 52% - как неблагоприятный и 3% - как «крайне неблагоприятный».

Анализируя результаты, полученные при сравнении данных по методике «Изучение психологического климата в учебной группе», для двух групп можно говорить о том, что обучающиеся первой группы чаще давали высокую оценку таким утверждениям как «учащиеся хорошо относятся друг к другу», «ученики редко ссорятся друг с другом», «учащиеся часто бывают вместе в свободное от занятий время», «учащиеся всегда считаются с мнениями товарищей», нежели обучающиеся второй группы. Это свидетельствует о том, что в 1-ой группе преобладает благоприятная психологическая обстановка, в то время как наличие таких особенностей по этим же параметрам у обучающихся 2-ой группы не наблюдается. Также, в первой группе обучающиеся более охотно нежели обучающиеся второй группы участвуют в жизни класса и школы, о чем свидетельствуют высокие оценки на утверждения «ученики активно участвуют в общественной работе», «ученики довольны результатами своей работы». Следовательно, группа I характеризуется более высоким уровнем сплоченности. В группе преобладает более благоприятный психологический климат, выражающийся в теплых, дружеских отношениях, в совместном времяпровождении, взаимовыручке и в активной готовности выполнять любую общественную работу, в то время как в группе II эти же показатели не столь выражены. Методика

«Диагностика мотивационных ориентаций в межличностных коммуникациях» (И. Д. Ладанов, В. А. Уразаева). Методика нацелена на определение основных коммуникативных ориентаций и их гармоничности в процессе формального общения. В группе I - 70% исследуемых показали высокий и 30% средний уровень общей гармоничности коммуникативных ориентаций. В группе II эти же показатели равны 52% и 48 % соответственно. В первой группе 93% обучающихся показали высокую и 7% среднюю ориентацию на принятие партнера; 97% показали высокую и 3% среднюю ориентацию на адекватность восприятия и понимание партнера; 37% показали высокую и 63% среднюю ориентацию на достижение компромисса. Во второй группе 69% обучающихся показали высокую и 31% среднюю ориентацию на принятие партнера; 83% показали высокую и 18% среднюю ориентацию на адекватность восприятия и



понимание партнера; 27% показали высокую и 73% среднюю ориентацию на достижение компромисса. Первая группа по сравнению со второй характеризуется более высокой сплоченностью, благоприятным психологическим климатом, выражающимся в теплых, дружеских отношениях, в совместном времяпровождении вне класса, взаимовыручке, в активности и готовности выполнения любой общественной работы. Также первая группа показала меньшую склонность к агрессивным тенденциям и большую заинтересованность в понимании других людей и ситуации, заинтересованность в общении по сравнению со второй группой. При оценке социально-психологического климата обучающиеся первой группы чаще давали высокую оценку таким утверждениям как «студенты хорошо относятся друг к другу», «студенты редко ссорятся друг с другом», «студенты часто бывают вместе в свободное от занятий время», «студенты всегда считаются с мнениями товарищей», нежели обучающиеся второй группы. Это свидетельствует о том, что в 1-ой группе преобладает благоприятная психологическая обстановка, в то время как наличие таких особенностей по этим же параметрам у обучающихся 2-ой группы не наблюдается. Подавляющее большинство обучающихся первой группы стремится проявлять уважение к партнеру по общению, независимо от его достоинств и недостатков. Ориентация на достижение компромисса достаточно низка у обеих групп, что может быть связано с такими особенностями юношеского возраста как максимализм, стремление к равноправию, желание самоутвердиться.

На основании проведенной ранговой корреляции Спирмена для первой и второй групп по методикам, «Изучение психологического климата в учебной группе», и «Определение интегральных форм коммуникативной агрессии», мы можем указать на положительную корреляционную связь между качеством социально- психологического климата в группе и коммуникативными качествами, которые проявляют студенты. Эта связь показывает, что чем выше уровень благополучности социально-психологического климата в группе, тем больше студенты считаются с мнением товарищей, и тем лучше относятся друг к другу, более дружны и доброжелательны, а также довольны результатами своей работы. Чем благоприятнее социально-психологический климат, тем более выражены в среде обучающихся такие качества, как гуманистическое отношение друг к другу, положительный настрой, чувство удовлетворенности группой, общением, сопереживание коллективным событиям, доброжелательность и защищенность как отсутствие агрессии, готовность оказать помощь.

#### Список использованной литературы

1. Андреева Г.М. Социальная психология. – М., 2003.
2. Аникеева Н.П. Психологический климат в коллективе. –М.:Просвещение, 1989.- 224 с.
3. Афанасьева Т.А. Социально-психологический климат / ст. – М.: ИСИ МГУДТ, 2003
4. Коломинский Я.Л. Психология взаимоотношений в малых группах. Мн.: ТетраСистемс, 2000. 310 с.
5. Крысько В.Г. Социальная психология: Схемы и комментарии.-М.: Изд-во Владос-Пресс, 2001. —208 с
6. Парыгин Б.Д. Социальная психология. Истоки и перспективы. СПб.: СПбГУП, 2010. 533 с.
7. Утлик В.Э. Психологический климат студенческой группы // Инновации в образовании. 2010. N8. С 32-42.

**ОӘЖ:159.9.072**

**Ағзымова Ж.**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты*

**Абдуллина Г.К.**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің аға оқытушысы*

### **АНТРОПОГЕНЕЗДІК ФАКТОРЛАРДЫҢ АДАМ ПСИХИКАСЫ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР**

*Бұл мақалада антропогенездік факторлардың адам психикасы мен денсаулығына әсері жайлы жүргізілген зерттеулер туралы айтылған.*

**Түйін сөздер:** адам психикасы, қоғам, антропогенді факторлар, физикалық, психологиялық және әлеуметтік қолайлылық.

*Эта статья посвящена исследованиям влияния человеческой психики и воздействия антропогенных факторов на здоровье человека.*

**Ключевые слова:** человеческая психика, общество, антропогенные факторы, физическое, психологическое и социальное благополучие.

*This article deals with research on human psyche and human health impacts of anthropogenic factors.*

**Keywords:** human psyche, society, anthropogenic factors, physical, psychological and social well-being.

Денсаулық – адам өміріндегі ең басты қажеттілік, бой тазалығы, дертті бойға дарытпау, яғни ағзасының дұрыс және қалыпты жұмыс жасауы, әрі сыртқы ортамен динамикалық тепе-теңдікке келіп, барлық мүшелер жүйелерінің қарым-қатынасы гармониялық түрде болуы, организмнің өзін-өзі басқара

білуі. Адамдардың денсаулығы – динамикалық құбылыс. Қоғамның күш-жігері организмнің өмір сүруіне кері әсер ететін әртүрлі антропогенездік (грек тілінен аударғанда: «антропос» - адам, «genesis» - шығу тегі) қолайсыз факторларды азайтуға немесе оларды толық жойып жіберуге жұмылдырылуы керек.

Адам психикасы мен денсаулығының төмендеп, ауруға шалдығуын ағзаның ортаға толық бейімделе алмауымен, қолайсыз әсерлерге берген теріс жауабы ретінде қарастыру керек. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ВОЗ) анықтамасы бойынша, денсаулық дегеніміз — бұл тек аурудың болмауы емес, ол толық физикалық, психологиялық және әлеуметтік қолайлылық.

Ғалымдардың есептеулері бойынша адамдардың денсаулық жағдайы 50—52 %-ы — өмір сүру салтына, 20-25 %-ы — тұқым қуалау факторларына, 18—20 %-ы — қоршаған орта жағдайларына, ал 7—12 % ғана денсаулық сақтау саласының деңгейіне байланысты болады. Ал ғылыми-техникалық прогреске байланысты антропогенді факторлар бұрын болмаған, жаңа техногенді ауруларды туғызуда. Атап айтқанда соматикалық, психикалық және невротикалық аурулар.

Қазіргі психологиялық әдебиеттерге талдау жасағанда көптеген зерттеушілер денсаулықтың психологиялық аспектілерін осыған ұқсас терминдерді қолдана отырып қарастырған: “психикалық денсаулық” (Б.С.Братусь), “психологиялық денсаулық” (И.В.Дубровина), “тұлғалық денсаулық” (Л.М.Митина), “рухани денсаулық” (Ю.А.Кореляков), “жанның саулығы” (О.И.Даниленко), және т.б. Бүкіләлемдік денсаулық қорғау ұйымының пайымдауынша, психика саулығы дегеніміз адам ақыл-ойының, физикалық және эмоционалдық дамуының толыққанды жетілуіне ықпал етуші күй болып табылады.

Психикалық денсаулық мәселесіне көптеген ғалым-философтар (В.Е.Давидович, В.М.Розин, И.Н.Смирнов, К.С.Хруцкий, А.Е.Чекалов және т.б.), валеологтар (Р.И.Айзман, Г.Л.Апанасенко, И.Н.Гурвич, В.П.Казначеев, В.П.Куликов, А.Г.Кураев, В.А.Лищук, Т.Н.Маляренко, Л.А.Попова және т.б.), психологтар (А.А.Ананьев, Б.С.Братусь, О.С.Васильева, А.В.Воронина, И.В.Дубровина, И.В.Ежов, Р.Е.Калитеевская, Л.В.Куликов, А.Маслоу, Ю.И.Мельник, Г.С.Никифоров, К.Роджерс, В.Франкл және т.б.) зерттеулерінде қарастырылған.

Адам психикасы мен денсаулығын білдіретін нормалар мен аномалиялардың көрсеткіштерін анықтау – аса күрделі мәселелердің бірі. Мәдени-әлеуметтік дәстүрлердің норма көрсеткіштері болып есептелетін жағдай тарихи түрде қалыптасып қалған. Бірдей психикалық көрініс барлығына ортақ норма ұғымына қатысты қалыпты да, аномальды да болып саналуы мүмкін. Қазіргі заманғы ғылым психика саулығын медициналық және психологиялық көрсеткіштер қосындысы, сондай-ақ әлеуметтік нормалар мен құндылықтар арқылы анықтайды. Адам денсаулығының осы аспектісімен шектелетін жағдайлары психикалық көріністердегі ауқымды әрі зерттелуі қиындыққа соғатын топқа жатады. Клиникалық түрде нақты көрінбеген психикалық ауытқу мен психикалық саулық арасындағы шекараны айқын ажыратып көрсету қиынға соғады. Оларды өзара ажыратып, сондай-ақ өзара жалғастырып тұрған шекара аумағы айтарлықтай кең болады, ал ауруды денсаулықтан бөліп тұрған шекара тұрақсыз әрі белгісіз болып табылады. Кейбір авторлардың мәліметтері бойынша, зерттелген адамдардың 20-26 пайызынан психикалық ауытқулар, 40-62 пайызынан – шекаралық жағдай анықталып, 13-15 пайызынан ешқандай психикалық бұзылыстар байқалмаған. Психика саулығы дегеніміз – адам мен сыртқы дүние арасындағы тепе-теңдік жағдайы, оның әлеуметтік ортаға, физикалық, биологиялық және психикалық ықпалдарға қатысты реакциясының сай болуы, жүйкелік реакция күші мен сыртқы тітіркендіргіштер арасындағы сәйкестігі, адам мен оның айналасындағылар арасындағы үйлесімділік, адамның шынайы объективтілік жайлы пікірінің басқа адамдардың пікірлерімен ұштасуы, өмірдің кез-келген жағдайына сын көзбен қарауы.

Академик В.П.Казначеев адамның денсаулығы туралы мынандай анықтама берген: «денсаулық дегеніміз, организмнің ұзақ өмір сүру барысында биологиялық және психикалық әрекеттері мен тиімді жұмыскерлігінің, әлеуметтік белсенділігінің, сондай-ақ жас етекшеліктеріне сәйкес дені сау ұрпақ жалғастыру қабілетінің сақталуы мен дамуы». В.П.Казначеевтің пікірі бойынша нозологияға дейінгі жағдай 4 түрге бөлінеді:

- Қалыпты жағдай (сыртқы орта жағдайларына толық немесе жартылай дағдылану);
- Қиналу (зорлау), шиеленісу жағдайы (дағдылану процесінің жетіспеушілігі);
- Қатты зорығу, өте жоғары шиеленісу;
- Астенизация жағдайы (реттегіш жүйелерінің әлсіреуі).

Сонымен, адамдардың денсаулығы дегеніміз – оның биологиялық, физиологиялық және психикалық қызметтерінің дұрыс дамып, ұзақ уақыт сақталуының динамикалық жағдайы, әлеуметтік белсенділігі мен қызмет қабілеті жоғары деңгейде болып, күш-қайраты талмай, ұзақ өмір сүруі.

Денсаулықты көрсететін негізгі белгілер:

- 1) Адам ағзаларында арнаулы (иммунды) және арнаулы емес түрде пайда болып қалыптасқан денсаулық және оны бұзатын факторларға денсаулықтың қарсы тұра алатындығы;
- 2) Ағзаның өсуі мен дамуының көрсеткіші;

3) Ағзаның қор ретінде (резервте) жиналған және функционалды жағдайын сипаттайтын белгілер.

4) Әр түрлі дефектілерге байланысты дамымай қалған немесе бір ауруларға сәйкес денсаулықтың болмауы және денсаулық деңгейі;

5) Моральді еріктің деңгейі және рухани-мотивациялық белгі.

Психикалық денсаулық мінездемелері туралы әдебиеттерде көптеген мысалдар келтірілген. Декарт жан денсаулығын, ал Гельвеций ақыл – ұқсастық пен айырмашылықтың көзі дейді. Ал А.Ф.Лазурскидің айтуы бойынша, тұлғаның денсаулығы - әлеуметтік ортада өз-өзін басқаруына және іс-әрекетін басқара алуына байланысты. Жан денсаулығының басты көзі ол ойын, эмоциясын, моторлық функциясын, өзін-өзі басқара алуында дейді.

Ғалымдардың тұжырымы бойынша, психикалық ауытқушылықтардың пайда болуы өмірлік жағдайына көп көңіл бөлінуінен болады. Зерттеулердің көрсеткіші бойынша 48% жұмысшылардың медико-психикалық қиындықтары бар екені анықталды. Зерттеу нәтижесінде оның 10% -да әлеуметтік-психологиялық дезадаптация құбылысы байқалған. Яғни әлеуметтік ортаға бейімделе алмауы. Оның қиындықтары төмендегі жағдайларға байланысты пайда болып отырған:

1. Физикалық денсаулығына байланысты туындаған қиыншылықтар (проблемалар);

2. Психикалық ауытқушылығына байланысты, яғни эмоциялық сферасы, көңіл-күйін басқара алмауынан туындайды;

3. Қарым-қатынастағы қиыншылықтар;

4. Жанұялық жағдайдағы қиыншылықтар;

5. Темекі шегуі мен алкогольді қолданғаннан туындаған қиыншылықтар.

Әр түрлі аурулардың пайда болуына адамның көңіл-күйі, яғни эмоциялық жағдайы әсер етеді. Ол жағымды немесе жағымсыз жағдай болуы мүмкін. Осы арқылы әлеуметтік және биологиялық орны анықталады. Физиологиялық зерттеулерге сүйенсек, адамның көңіл-күйі іс-әрекет реакциясын және өзін-өзі іштей басқара алуына тікелей әсер етеді; адам ағзасындағы биохимиялық және физиологиялық өзгерістерді реттеп отырады. Ол туралы П.К.Анохин еңбектерінен мәлімет алуға болады. Ал П.В.Симоновтың айтуы бойынша, эмоция дегеніміз, ол – сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау және ағзаның соған бейімделуі.

Адам психикасы мен денсаулығына зиянды әсер ететін факторлардың ішінде әртүрлі ластаушы заттар бірінші орын алады. Адамның іс-әрекеті нәтижесінде биосфераға, оған тән емес 4 млн.-нан астам заттар; жыл сайын қоршаған ортаға мыңдаған жаңа заттар шығарылады. Олардың көпшілігі ксеиобиотиктер (грек тілінен аударғанда «xenos» —бөтен) адам мен басқа да тірі ағзалар үшін бөтен заттар.

Адам қызметінің нәтижесінде жаңа, бұрын болмаған аурулар пайда болады. Мұндай ауруларды ерекше техногенді аурулар тобына жатқызады. Оларға қорғасын («сатуризм»), кадмий («ита-ита»), сынап қосылыстарымен («минамата») және т.б. уланудан пайда болған аурулар жатады.

Денсаулық үшін зиянды органикалық және бейорганикалық заттар

Көптеген органикалық заттар улы және жоғары дәрежеде тұрақты болып табылады. Олар көбінесе канцероген, мутаген, тератоген немесе басқа аурулардың пайда болуын күшейтеді.

Аурулардың көбеюі сонымен қатар табиғи ортаның әртүрлі трансформацияларымен, оның толық бұзылуы, өнеркәсіптік кешендерге, бір типті тұрғын жерлерге және т.б., яғни «үшінші табиғатқа» айналуына байланысты. Денсаулыққа әлеуметтік және экономикалық жағдайлардың әсері артып отыр. Табиғи және физико-химиялық тұрғыдан алғанда таза орта болса да, қолайсыз әлеуметтік-экономикалық жағдай ауру мен өлімнің артуына әкелетінін өмір көрсетіп отыр. Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауы адамның психологиялық күйі мен стресстік құбылыстар арқылы әсер етеді.

Ауаның тазалығы, қоршаған ортаның басқа құрам бөліктеріндегі тепе-теңдіктің сақталуы адамның жұмыс қабілетіне, ұзақ өмір сүруіне жағдай жасайды. Қазіргі кезеңде ғылым мен техниканың өркендеуінің нәтижесінде адамның қоршаған ортаға ықпалы артты. Мұндай ықпалдың зиянды жақтарының бірі – адам денсаулығына әсері.

Қазіргі уақытта ағзаның жағдайын мынандай сатыларға бөлген:

1. Денсаулық – патогендік, физикалық, психикалық және әлеуметтік бейімделулер, өмір жағдайына байланысты өзгерулері. Осыған ағзаның бейімделуі.

2. Сыртқы ортаға әсері – адамның қоршаған ортасындағы әртүрлі өзгерістерге әсері. Өзгерістерге физикалық және психикалық өзгерістер жатады. Ағза осы өзгерістерге бейімделе алуы тиіс.

3. Аурудың алдындағы жағдайы – патологиялық процесс, әсер ету факторы, өзін-өзі дамыту жағдайы болып табылады. Бұл екі сатыда жүреді:

- Ағзаның өмірге қажетті гомеостазы, яғни жүрек ауруларының, спецификалық аурудың алдын-алу.

- Белгілі бір ағза гомеостазының, механикалық компенсация әсерінен туындаған аурудың алдын алу.

Адам психикасы мен денсаулығы, сайып келгенде, адамның табиғи дене, психикалық және әлеуметтік игілігінің жағдайы, сондықтан мынандай жағдайларды ескеру қажет:

Табиғи игілік – күнделікті тіршілікте белсенді қимыл-әрекетте, жасына, жынысына, өмірдің аймақтық жағдайына қарай күш-қуатты тілейтін, қызу еңбекке деген ыңғайды танытатын қабілет.

Психикалық игілік –бастан өткерген жағымды эмоция, өз мінез-құлқын, танымдық әрекетін бақылауға алатын қабілет.

Әлеуметтік игілік – қоғамдағы өзінің орнына, ретіне, жұмысына, әріптестерімен қалыптасқан қарым-қатынасына, жұмысының деңгейі мен сапасына деген ризашылық өлшемі т.с.с.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Абдуллина Г.К. Денсаулықтың генетикалық мәселелері //Бастауыш мектеп, 2009, №2, 68-70 б.
2. Анохин П.К. Биология и нейрофизиология условного рефлекса./П.К. Анохин. – М.: Медицина, 1968. -547с.
3. Братусь Б.С. Аномалии личности./Б.С. Братусь. М., Мысль, 1988.
4. Тополенский В.Д. Психосоматические расстройства./В.Д. Тополенский, М.В. Струковская - М., 1986.

**ОӘЖ: 159.923**

**Алканова З.С.**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің ІІ –курс магистранты, Семей қаласы*

*ғылыми жетекшісі: Абдуллина Г.К.*

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің аға оқытушысы, Семей қаласы*

#### **ТҮЛҒАНЫҢ МЕНЕДЖЕРЛІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ**

*Мақалада тұлғаның менеджерлік құзіреттілігі қалыптасуының негіздері жайлы көзқарастар қарастырылған. Менеджерлік құзіреттілікті қалыптастырудың негізі - іскерлік қарым-қатынас жан-жақты сипатталған. Тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың әлеуметтік-психологиялық негіздері зерттелген.*

**Түйін сөздер:** *менеджерлік құзіреттілік, жеке тұлға, әлеуметтену.*

*В статье рассмотрены взгляды об основах формирования менеджерской компетентности личности. Всесторонне охарактеризовано деловое общение – основа формирования менеджерской компетентности. Исследованы социально-психологические основы формирования личностных свойств.*

**Ключевые слова:** *менеджерская компетентность, личность, социализация.*

*The article considers the views on the fundamentals of the formation of managerial competence of the individual. Comprehensively characterized business communication - the basis for the formation of managerial competence. The socio-psychological foundations of the formation of personal characteristics have been studied.*

**Keywords:** *managerial competence, personality, socialization.*

«Менеджмент» ұғымы басқару ғылымы және тәжірибесі, фирманы басқару ұйымы, білім беру мекемесі және басшылық шешімдерді қабылдау процесі ретінде қарастырылады. Басқарудың ғылыми негіздері ретінде басқарудың теориялық базасын құрайтын және оны ғылыми ұсыныстармен қамтамасыз ететін ғылыми білімдер жүйесі. Менеджмент («manage» ағылшын тілінде басқару, меңгеру, ұйымдастыру) – ұйымда немесе кәсіпорында жұмыс істейтін адамдардың еңбегін басқара отырып, алға қойған мақсатқа жетуді ұйымдастыра білу, әлеуметтік(білім беру үдерісін) басқару принциптері, әдістері, құралдары мен нысандарының жиынтығы[1].

Менеджмент ғылымында басқару мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекеттерді ұйымдастыру. Қазіргі түсінік бойынша «басқару» ұғымынан «менеджмент» ұғымы кеңірек, өйткені ол адамзат қызметінің әр түріне қолданылады. М.Х.Мескон, М.Альберт, Ф.Хедоуридің «Менеджмент негіздері» деген кітабында (1992) менеджмент бірнеше мағынада қарастырылады: «басқа адамдардың мотивтерін, интеллектісін, еңбектерін пайдалана отырып, алдыға қойған мақсаттарға жету іскерлігі ретінде»; «әртүрлі ұйымдардағы адамдарды басқарудағы іс-әрекет түрі, функциясы ретінде»; «осы іс-әрекетті іске асыруға қолдау көрсететін адамзат білімдер аймағы ретінде».

Соңғы жылдардағы ғылыми еңбектерді сараптау барысында, жеке тұлға туралы жетпістен аса анықтама бар екендігін байқауға болады. Жеке тұлға туралы кейбір арнаулы бағыттар төңірегіндегі анықтамаларға талдау жасай отырып, ғалымдардың анықтамалары бойынша төмендегідей екі түрлі талдаудың бағыты айқындалды[2]:

- Жеке тұлға қоғамдық қарым-қатынас нәтижесі, әлеуметтік қатынастағы іс-әрекеттер жиынтығы.

- Жеке тұлға адамның қайталанбас, жеке бас қасиеттерінің жиынтығы.

Психологтар арасында тұлғаға байланысты бірыңғай көзқарастардың болмағандығынан 300 астам анықтамалар жүзеге асуда. Тұлғаның анықтамасы сияқты оның құрылымында да біртұтас көзқарастар жоқ. Л.С.Выготский алғаш рет психикалық қызметтерді жоғары – мәдени және төменгі – табиғи деп бөлінуін ұсынды. Л.С.Выготский құрылымының негізінде, тұлғаның өзегі – оның бағыттылығы деп атады.

Бұл көзқарас зерттеушілердің көпшілігіне негіз болып қаланды (С.Л.Рубинштейн, Л.И.Божович, А.Н.Леонтьев, М.З.Неймарк, т.б.). Алайда, көптеген авторлар тұлға бағыттылығының мазмұнын (мотивтер мен қажеттіліктер, ұмтылу мен талаптану, бағдар және т.б.) түрліше қарастырады.

«Жеке тұлға» түсінігі жан-жақты зерттеліп келе жатқан мәселелердің бірі[2]. Қазақстанның педагог-зерттеушілері «личность» деген ұғымды әртүрлі мағынада қолданып жүр: «жеке бас» (Н.Қойшыбаева, т.б.), «жеке адам» (Н.Намазбаева, М.Н.Мұсабаева, Ж.Б.Сәдірмекова, Г.К.Нұрғалыева, т.б.), «жеке тұлға» (С.Қ.Қалиев, Ш.Майғаранова, Г.Нысанбаева, Қ.Бөлеев, К.Бұзаубақова, т.б.), «кісі» (Н.Жанділдин, т.б.), «дара тұлға» (М.Жадрина, Ж.Дәулетбекова, т.б.). Тұлғаның әлеуметтік сана-сезімі тұлғаның әлеуметтік бейімделу процесіндегі маңызды фактор. Осы арқылы тұлға өзінің әлеуметтік рөлі мен шығу-тегін айқындайды.

Л.С.Выготский пікірі бойынша, адамның тұлғасы өзінің енген қарым-қатынастарының кешенді әсерінің нәтижесінде дамиды. Тұлға – бұл қоғамдық-тарихи дамудың өнімі [3]. Адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның орындайтын іс-әрекеті – тұлғаның қалыптасуын анықтайтын жағдайлар. Тұлғаның қалыптасуы адамның мінездемесі үшін маңызды орын алады, яғни оның мінез-құлық пен іс-әрекетінің жоғары саналы формаларын қамтамасыз етіп, оның ақиқатқа байланысты барлық қарым-қатынастарының бірлігін құрайды. Нәтижесінде адамның кез-келген реакциялары және ішкі аффективті өмірінің құрылымы оның әлеуметтік тәжірибе барысында жинақталған тұлғаның ерекшеліктерімен анықталады. Тұлғаның қалыптасуы биологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты екені мәлім. Тұлғаның дамуы – механизмді құрастыратын көптеген ішкі және сыртқы факторларға, атап айтқанда, кәсіби қызметтің ерекше түрі - менеджментке тәуелді болып келеді.

Менеджмент кәсіби қызметтің ерекше түрі екендігі жайлы Ф.Тейлордың, А.Файолдің, Э.Мэйоның, А.Маслоудың, Ф.Герцбергтің, Портера-Лоулердің, Д.Мак-Грегордің және т.б. ғалымдардың зерттеулері бар. Атап айтқанда, Ф.Тейлордың ғылыми басқару мектебі, А.Файолдің әкімшілік басқару мектебі, Э.Мэйо, А.Маслоудың адами қарым-қатынас тұжырымы. Ф.Герцбергтің екі факторлы модель мектебі. Врумның күту теориясы. Портера-Лоулердің сандық тәсілі. Д.Мак-Грегордің адами қарым-қатынас теориясы.

Т.И.Шамова менеджментті ең алдымен бизнесті басқару үшін өңделген, және оның мақсаты пайда табу болып табылады деп көрсеткен [4]. Оның пікірі бойынша «...менеджменттің теориясы мен тәжірибесінде менеджер іс-әрекетінің мінез-құлықтық жағы өңделген, оған аса назар аударған жөн». Ю.А.Конаржевский, Н.В.Немова, В.И.Симонов, Т.И.Шамова және басқа да зерттеушілер «менеджмент» және «басқару» ұғымдары бірдей емес.

Менеджменттің американдық, жапондық және батыс еуропалық типтері бар, ортақ және өзіндік ерекше белгілері болады. Ұйым мақсатына жету үшін менеджмент кадрлық ресурстарды (еңбек, интеллект және мінез-құлық мотивтері) ғана қолданбай, сонымен қатар, материалды және қаржылық ресурстарды да пайдалануды болжайды. Көптеген америкалық ақпараттарда менеджмент «басқару шеберлігі» деп те қарастырылады. Ол өз стандартсыз және ерекше шешімдерімен көрінетін, менеджердің көрнекті ойы мен интуициясына негізделеді. Менеджментті ұйымның тиімді және әрекетті функционалдану мақсатында интеллектуалды, материалды және қаржылық ресурстарын мобилизациялау үшін ғылым, шеберлік және іс-әрект деп анықтауға болады. Менеджмент элементтері арқылы ішкі мектептік басқаруды жақсартуға бағытталған тенденцияны бөліп көрсетуге болады.

Тұлғаның менеджерлік құзыреттілігі қалыптасуының негізі - іскерлік қарым-қатынас (басқару қарым-қатынасы деп те атайды) – өзара байланыс және өзара әрекет процесі [5]. Мұнда белгілі бір нәтижеге жетуді айқындайтын, нақты бір мәселе немесе анық бір мақсатты ұйымдастыруда іс-әрекетпен, тәжірибе және ақпаратпен алмасу жүреді. Іскерлік қарым-қатынаста тұлғаның менеджерлік құзыреттілігі қалыптасуына мүмкіндіктер өте мол. Адамның әлеуметтік ортада өмір сүруі, әр алуан іс-әрекет түрлерімен шұғылдануы үнемі қоғамдағы өзге адамдармен тығыз қарым-қатынаста болып отыруы тұлғаның менеджерлік құзыреттілігі қалыптасуын көрсетеді.

Социологиялық тұрғыдан алғанда әлеуметтік ортада әлеуметтік бейімделудің жоғары деңгейінің көрсеткішіне тұлғаның осы ортадағы жоғары статусы және оның осы ортаға толықтай немесе өзіне маңызды деген элементтеріне психологиялық тұрғыдан қанағаттануы. Бейімделудің табыстылығы ортаның сипаты мен индивидтің мінезіне байланысты: жаңа орта күрделіленген сайын (әлеуметтік байланыстардың көптігі, күрделі өзара іс-әрекеттер, бір-біріне ұқсамайтын әлеуметтік топтар) ондағы әлеуметтік өзгерістер де көбейіп, бейімделу процесі қиындай түседі

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуы, қарым-қатынасы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде тұлғаның менеджерлік құзыреттілігін қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері – тұлғаның менеджерлік құзыреттілігін қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Қоғамның қарқынды дамуы, көбіне оның білімімен және мәдениетімен анықталады. Сондықтан, тұлғаның менеджерлік құзыреттілігін қалыптастыру, білім жүйесін құру, қоғамды мына күнде

дамып отырған әлемге дайындау – бүгінгі күннің ең негізгі және өзекті мәселесі. Қазіргі таңда әлеуметтік жағынан қорғанған адам – ол технология ауысуына және нарық талабына сай терең білімді, әрі жан-жақты адам. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру, тұлғаның менеджерлік құзыреттілігін қалыптастыру.

Перикл, Джон Стюарт Милль және т.б. пайымдауынша, мемлекет тек өз күдіреттілігімен ғана емес, сонымен қатар, өзіндегі бар тұлғалармен де, өз азаматтарына көрсететін дамудың индивидуалды мүмкіншіліктерімен де бағалануы тиіс. К.Арджиристің пікірі бойынша тұлғаның менеджерлік құзыреттілігін қалыптастыру – тұлғаның өзіндік ашылуына қолдау жасайтын, индивидуалды дамуды стимулдау болып табылады (бұл пікірді Д.Макрегорда өз теорияларында қолданған).

Тұлғаның менеджерлік құзыреттілігін қалыптастыру білім беру мекемелеріндегі даму тенденцияларымен, ата-ана қажеттіліктерімен келісімді болуы шарт, өзіндік кәсіби жоғарлатумен байланыстырулары қажет. Басқарудың сәттілігі интеллектуалды қабілетке, сыншылыққа және адекватты өзіндік бақылауға, актерлікке, тұлғаның эстетикалық бағыттылығына, нақты ситуацияны жалпылай алу қабілетіне байланысты. Керісінше, жоғары эмоционалдылыққа тәуелділік, адамдардың өзара қарым-қатынасындағы авторитарлы стиль, ойлаудың конвенционалдылығы және мінез-құлық сәттілікке кедергі жасайды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ревская Н.Е. Психология менеджмента. Конспект лек. – СПб: Альфа, 2001. – 240 с.
2. Андриенко Е.В. Социальная психология. Учебное пособие для студентов педагогических вузов. Под ред. Сластенина В.А. – М.: Академия, 2000. – 264 с.
3. Социальная психология. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. Под ред. А.Н.Сукова, А.А.Дергеча. – М.: Академия, 2001 – 600 с.
4. Карпов А.В. Психология менеджмента. Учебное пособие. – М.: Гордарки, 2000. – 584 с.
5. Вересов Н.Н. Психология управления. Учебное пособие – М.: Издательство НПО «МОДЭК», 2001. – 244 с.

**ОӘЖ: 159.922.766**

**Байботанова А.**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің I – курс магистранты, Семей қаласы ғылыми жетекшісі: Абдуллина Г.К.*

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің аға оқытушысы*

#### **ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ КЕШЕУІЛДЕГЕН БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ-ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ**

*Мақалада психикалық дамуы кешеуілдеген балалармен жүргізілетін түзету-даму жұмыстары қарастырылған. Балалардың психикалық дамуы кешеуілдеуінің себептері жан-жақты талданған.*

**Түйін сөздер:** *психикалық дамуының кешеуілдеуі, депривация, түзету-даму жұмыстары.*

*В статье рассмотрены особенности коррекционно-развивающих работ с детьми с задержкой психического развития. Всесторонне проанализированы причины возникновения задержки психического развития у детей .*

**Ключевые слова:** *задержка психического развития, депривация, коррекционно-развивающая работа.*

*The article provides for correctional work with children with mental retardation. The causes of mental retardation were analyzed in detail.*

**Keywords:** *delay of mental development, deprivation, correctional work.*

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2002 жылы 11 шілдеде «Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары мен оларды әлеуметтік қамсыздандыру туралы» заң қабылданды. Бұл заңда «Барлық мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың ерекше түрін ескере отырып, оларды арнайы мекемелерге орналастыру және жағдай жасау, білім алуына мүмкіндіктер туғызу» - біздің басты міндетіміз деп анық атап көрсетті [1]. Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту, баланың жеке басын үйлесімді дамытуға бағыттау міндеттер қойылды. Отанымыздың әрбір болашақ азаматын жан – жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс. [2]

Балалардың ақыл–ой дамуындағы жеңіл ауытқулары «психикалық дамудың кешеуілдеуі және тежелуі» терминімен сипатталады. Аталған кемістіктің негізгі себебі: бала миының әлсіз - органикалық зақымдауымен; іштен туа пайда болған, туылу кезіндегі зақымданулармен; жоғарғы жүйке жүйесінің ауруларымен; созылмалы және соматикалық жағдайлармен; бас миының жарақаттануымен және

эндокриндік жүйенің бұзылуымен байланыстылығы. Психикалық дамудың тежелуінде мынандай белгілер жиі кездеседі: жоғары жүйке жүйесі қызметінің негізі болып саналатын қозу және тежелу процестерінің тепе – теңдік заңдылықтарының бұзылуынан енжарлық, қызықпаушылық, өз – өзіне сенбеушілік, тезжалығу, шаршау, бастаған ісін аяқтамау, ынта – жігері төмендейді. Кейбір балаларда көру, есту, сезіну, қимыл–қозғалыс талдағыштарының әрекеті жетілмегендіктен әрекеттері де дұрыс қалыптаспайды.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалар мәселесін зерттеумен айналысқан ғалымдар: М.С.Певзнер, Т.А.Власова, К.С.Лебединская, В.В.Ковалев, П.Е.Сухарева, В.И.Лубовский және тағы басқалары бала даму ерекшеліктеріне қарай өз пікірлерін ұсынды.

Психикалық дамудың тежелуі жайлы клиникалық нұсқауларына сүйе отырып, М.С.Певзнер 1966 ж. өз классификациясын ұсынды:

- Қалыпты интеллект пен эмоционалды–ерік саласының жетілмеуі, яғни асқынбаған гармониялық инфантилизм, танымдық әрекеттің жетілмеуі.

- Танымдық әрекеттің жетілмеуі, нейродинамикалық бұзылулар, психофизикалық инфантилизм.

- Танымдық әрекеттің жетілмеуі, сөйлеу қызметінің кемістігі және асқынған психофизикалық инфантилизм.

К.С.Лебединская 1980 жылы психикалық дамуы тежелуінің жаңа классификациясын ұсынды. Этиопатогенетикалық қағида негізінде, ПДТ–ң төрт негізгі клиникалық типтері анықталды: клиникалық–психологиялық құрылымдарымен, соматикалық, энцефалопатиялық, неврологиялық асқыну сияқты белгілерімен ерекшеленеді.

Конституциональды ПДТ - гармониялық инфантилизмнің нақты көрінісі, эмоциональды – ерікті саласы қалыпты сәбилік дамудың ерте сатысында тоқтап қалған. Ойынға деген ынтасы басым, көңіл-күйлері үнемі жоғары, сенгіш. Мектеп жасына жеткенде, ойынға деген қызығушылықтары басым болады.

Соматогендік ПДТ - балалар түрлі соматикалық әлсіздіктерімен көзге түседі. Ұзақ уақытқа созылған жұқпалы аурулар, аллергиялық күйлер, туа біткен және жүре пайда болған соматикалық кемістіктер, баланың психикалық дамуының тежелуіне себеп болады. Соматикалық әлсіз балалардың танымдық белсенділігі төмен, тез шаршағыштық, интеллектуалды және дене қуатын қажет ететін жаттығулардан тез шаршайды. Бір тапсырманы орындау үшін, ұзақ уақытты қажет етеді, балалардың жеке тұлғалық дамуында эгоцентризм мен өзімшілдік қалыптасады. Жұмыс істеуге құлықсыз, үнемі біреудің көмектесуі мен қамқорлық жасауына әдеттенген.

Психогендік ПДТ - тәрбиедегі теріс әсерлерден, қамқорлықтан тыс қалған баланың жеке тұлғасы дұрыс қалыптаспайды, танымдық қызығушылық пен интеллектуалды қабілет дамымайды және жүйке жүйесінде ауытқулар туғызуы мүмкін. Вегетативті қызметтері бұзылады, психикалық және эмоциональды дамуында ауытқулар пайда болады. Эмоциональды – ерікті саласының жетілмеуі, импульсивтіліктен байқалады. Сондайақ, психогендік ПДТ тағы бір түрі балаларға шектен тыс қамқорлық жасалғанда кездеседі. Атап айтқанда, баланың өз қажеттіліктерін қанағаттандырудағы жеткіліксіздіктерден тежелудің патологиялық сипаты орын алады немесе депривацияға (ада болу) ұшырайды. Жауапкершілік сезімі, бастама, өз бетімен әрекет ету дағдылары қалыптаспайды. Депривацияның үш түрін ажыратады: эмоциональды депривация – бала мен қоршаған орта арасындағы эмоциональды жақындықтың аздығы немесе мүлдем болмауы; әлеуметтік депривация – баланың әлеуметтік қарым-қатынастарының аздығы немесе мүлдем болмауы; сенсорлық депривация – баланы қоршаған ортада оның қабылдау, танымдық қабілеттерінің дамуына стимул жасаудың аздығы немесе мүлде болмауы.

Церебральды–органикалық ПДТ жүйке жүйесінің органикалық кемістігінен, жүктілік патологиясынан пайда болған «мидың минимальды дисфункциясы» (ММД). Балалардың жүйке жүйесінде органикалық кемшілік бар және себептері олигофренияның себептерімен өзара өте ұқсас. Сондықтан церебральды–органикалық генезді, психикалық дамудың тежелуі мен жеңіл дәрежедегі ақыл-ойдың кемістігін ажырату қиынға соғады. Барлық жағдайда, баланың даму барысы мен ерекшеліктеріне мұқият, бірнеше мәрте тексеру жүргізілгеннен кейін, шешім қабылданады [3].

Психикалық дамуы тежелген балалар дегеніміз оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші және мектепте орнатылған тәртіп нормаларын сақтау қиынға түсетін балалар. Оқудағы қиыншылықтар жүйке жүйесінің әлсіреуінен тереңдей түседі –жүйкесі тозып, тез шаршайды, жұмысқа қабілеті төмендейді, бастаған жұмысын аяқтамайды, балалардың жұмыс қабілетінің төмендеуі және зейін тұрақсыздығы әр балада түрлі көрініс табады. Кейбіреулерінде аса жоғарғы зейін қоюы және неғұрлым жұмысқа деген жоғарғы қабілеті тапсырманы бастағанда байқалады да, оны орындау барысында төмендей береді; енді бірінде –зейіннің артуы жұмыстың біраз уақыты өткен соң басталады; ал тағы басқаларында зейін қоюы және жұмыс қабілеті біркелкі болмай, мезгіл-мезгіл толқып тұрады. [4]

Психикалық дамудың кешеуілдеуінің негізгі ерекшелігі – баланың психикалық әрекеті қалыптасуының бірқалыпты болмауы. Психикалық дамуы тежелген балалардың интеллектуалды даму

деңгейіндегі бұзылулар, яғни зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Оқу үлгерімі төмен, танымдық белсенділіктері жеткіліксіз, есептің шартын, диктантқа арналған сөздерді және сөйлемдерді есінде сақтамайды. Олар зейіндерін тапсырмаға шоғырландыра алмайды, кей кездері мектептің тәртібіне бағынбайды [5].

Балалардың танымдық қабілеттерін тексеруде эмоциясына назар аударған жөн. Себебі балалардың эмоциясы көбінесе өзгеріске ұшырап отырады және әлеуметтік ортаға бейімделуімен, мінез – құлықтарымен және іс-әрекеттерімен ерекшеленеді. Психикалық дамуы тежелген балалардың тіл байлығы әдеттегі балаларға қарағанда 20-30% төмен деңгейде. Сондықтан зерттеу нәтижелері бойынша ойлау, сөйлеу тілінде және шығарманың мазмұнын айтуда қиындықтар кездесетіні, сонымен қатар есте сақтау қабілетінің артта қалғаны да анықталды. Осы себептерден баланың тапсырманы орындауында көп қиындықтар кездеседі [6].

Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзету- дамыту жұмыстарының түрлері көп. Түзету жұмыстарын жүргізудің мынандай қағидалары бар: - баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтау; шаршап кетпеуін анықтау; оқу әрекетін ойын түрінде ұйымдастыру, кеңістікті бағдарлауын дамыту; сыныптан тыс тәрбие сағаттарына қатыстыру; ойын дағдыларын оқу әрекетіне аудару; арнайы әдістемелермен оқытуды ұйымдастыру; жылдық диагностикалық даму деңгейін салыстыру.

Психикалық дамуы тежелген балалардың ұсақ қол қимылдарын дамыту, тіл байлығын байыту, сонымен бірге баланың логикалық ойлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту мақсатында көптеген ойын түрлерін сабақтарда пайдалануға болады. Мамандардың оқыту - түзету процесінде әдістемелік нұсқауларды дұрыс және жоғары деңгейде ұйымдастыруына байланысты психикалық дамуы тежелген балаларды өз жасындағы балалардың даму деңгейіне жеткізуге болады.

Білім беру мекемесінде оқитын ПДТ балалар әр уақытта нәтижеге жету үшін бақылаудан тыс қалмауы қажет. Психолог, сынып жетекшісі, ата-ана тығыз байланыста болған жағдайда баламен жүргізілетін жұмыс нәтижелі болады, яғни баланың өз-өзіне деген сенімділігін арттыру арқылы түзету- дамыту жұмыстарын жүргізу тиімді. ПДТ баламен жүргізілетін жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру керек. Дидактикалық материалды жеткілікті түрде қолдану, қазақ тіліндегі оқулықтардың жеткілікті болуы, көрнекі құралдардың эстетикалық және педагогикалық талаптарғасәйкес келуі, ойын құралдарының әртүрлігі, іс-әрекеттен тыс техникалық құралдардың жеткілікті қолданылуы - баланың сөз сөйлеуін жақсы меңгеруінің бір шарты болып табылады [7].

Танымдық және сөйлеу іс-әрекетінің дамуына ықпал ететін әдістерінің бірі – ойын. Ойын баланың өзінің қарым-қатынасқа деген қажеттігін, сезімдерін, ойларын және эмоцияларын сыртқа шығаруын қамтиды. Ойынды дұрыс ұйымдастыру арқылы баланың сөздік қоры дамиды, басқа балалармен қарым-қатынаста өзін еркін сезінуі және қоршаған ортаға байланысты білімдерін кеңейтеді. Ойын барысында қолданған сөздерді бала күнделікті өмірде қолданатын сөздік қорына кіргізеді. Бала белгілі әлеуметтік ортада өсіп, айналасындағы заттар мен құбылыстарды танып біледі, олармен тікелей қарым-қатынастарда әсерленіп, бойындағы табиғи қасиеттерін жетілдіріп, ақыл-ой сезімін таным әрекетімен байланыстырады [8].

Қорыта келгенде психикалық дамуы тежелген баланы түзету-дамыту барысында жұмыс нәтижелі болу үшін, әр баланың физиологиялық, психологиялық, жас ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғалық түзету-дамыту жұмыстарын дұрыс және тиімді ұйымдастыру қажет. Психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық және тұлғалық ерекшеліктері сауат ашуға, жазуға, математикаға, еңбекке үйрету, кезінде оқу мазмұнын басқаша іріктеуді қажет етеді. Бірінші кезекте оқуға деген жағымды түрткі қалыптастырып, жақын эмоционалды көріністерді тудыратын, ой-өрісін кеңейтетін материал алынады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Н.Ә. Назарбаев «Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары және оларды қамтамасыз ету заңы» Астана 11 шілде 2002 жыл
2. «Қазақстан Республикасының Білім Туралы Заңы №319» 27 шілде 2007 жыл
3. Воронкова В.В. Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе. М., 1999
4. Тебеннова Қ.С., Рымханова А.Р. «Арнайы психология», Алматы «Дәуір» 264б
5. Мустаева Л.Г. Коррекционная педагогика и социально-психологические аспекты сопровождения детей с задержкой психического развития. 2005. -146 с.
6. Певзнер М.С. Об отборе детей с временной задержкой темпа психического развития и стойкими церебрально-астеническими состояниями в специальные классы. // Дефектология 2003 №5, 18 с.
7. Гаврилушкина О.Н. Об организации воспитания детей с ЗПР. // Дошкольное воспитание. 2004, № 8. 24 с.
8. Ульяновская У.В. Дети с задержкой психического развития. Н.Новгород 1994.



**Жоламанова Алия Советханқызы***магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.***Абдуллина Гульнар Кабдышеитовна***аға оқытушы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.***АДАМ ӨМІРІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ҚОРҚЫНЫШ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОДАН АРЫЛУ**

*Мақалада адам өмірінде кездесетін қорқыныштың түрлері, және одан арылу жолдары ұсынылады. Сонымен қатар психологиядағы қорқыныштың әр түрлі классификациясы жөнінде аттытылды. Жас ерекшелікке байланысты кездесетін қорқыныштар түрлері, адам өмірінде қандай қорқыныштармен кездесетіні. Қорқыныштың адамға тигізетін әсері. Адамның қорқыныштардан арылуға бағытталған пайдалы кеңестер ұсынылған.*

**Түйін сөздер:** қорқыныш, дабыл, шошыну, фобия, клаустрофобия, агрофобия, антропофобия, баллистофобия, верминофобия.

*В статье рассмотрена тема виды страхов встречающиеся у людей и способы преодоления. Так же говорится о классификации страхов в психологии, рассматриваются возрастные особенности страхов. Предлагаются полезные советы способы преодоления страхов.*

**Ключевые слова:** страхи, испуг, фобия, клаустрофобия, агрофобия, антропофобия, баллистофобия, верминофобия.

*The article discusses the types of fears encountered in humans and how to overcome them. The same is said about the classification of fears in psychology, age features of fears are considered. Useful tips for overcoming fears are offered.*

**Keywords:** fears, fright, phobia, claustrophobia, agrophobia, anthropophobia, ballistophobia, verminophobia.

«Ең мықты адам – қорқынышты жеңген адам»,.-деп саясаттанушы Нельсон Мандела айтқандай, бұл дүниеде қорқынышты жеңу адамның жетістікке жетуіне әсер етеді. Әлемде қорықпайтын адам жоқ. Кез келген адам, әрбір жаста қорқыныш сезімін өткереді.

Р.Ф.Овчарова қорқынышты адам санасында оның өміріне нақты бір қауіптің эффективті бейнеленуі (эмоционалды өткірлік) ретінде қарастырады[1]. Қорқыныш өзін-өзі сақтау инстинктіне негізделген, жоғары жүйке жүйесінің нақты физиологиялық өзгерістер мен қорғаныс рефлекстерімен сипатталады деп түсіндіріледі. Сонымен, қорқыныш – бұл көптеген адамдарда үрей сезімін тудыратын эмоция. Адам әр түрлі жағдайлардан қорқуы мүмкін, алайда бұл жағдайлардың барлығының ортақ белгілері бар. Ол адамдардың қауіпсіздігі мен тыныштығына қауіп төнген сияқты қабылданады және әсер етеді. Қорқынышты интенсивті түрде сезіну ұзақ уақыт есте қалады. Қауіпті түсіну өмірлік тәжірибеде тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастырады, қорқыныштың туындауына баланы тітіркендіретін қауіпті әсерлердің біртіндеп жоғарылауы да себеп болады. Әдетте бұндай жағдайларда тәжірибеде (қорқыныш, ауру, конфликт) көрінуі байқалады.

Психологияда қорқыныштың әртүрлі классификациясы бар.

1. Шынайы.
2. Невротикалық.
3. Еркін қорқыныш.

Шынайы қорқыныш – сыртқы қауіпті қабылдауға қалыпты реакция ретінде өзін-өзі сақтау инстинктің рационалды көрінуі.

Невротикалық қорқыныш – невротиктердің «мақсатсыз қорқыныштардың» әртүрлі формасы психикалық инстанциялардың жұмыс істеуінен туындайды.

Еркін қорқыныш – жалпы белгісіз үрейленушілік, қорқыныш тудыратын объектілермен байланысты емес жөнсіз қорқыныш.

Қорқыныш сезімі балалық шақтан бастау алады. Әрбір жаста әр түрлі қорқыныш түрлері болады. С. Холлдың анықтамалары бойынша, бала бастан түрлі қорқыныштар өткереді. Сонымен қатар, балалардың бойындағы қорқыныштар әлеуметтік ортамен тығыз байланысты деп түсіндірген.

Нәрестенің алғашқы эмоциясы, шошыну байқалады. Зерттей отырып, сәбилер, жаңа туған балалар қатты дыбыстан қорқады. Бұны бала дүниеге келген күнен бастап ескеру қажет. Баланың төртінші айында айтарлықтай шошыну әлсірей бастайды, бірақ анасы эмоционалдық стресске шалдыққаннан анадан немесе отбасылық түсінбеушілік жағдайлары болса шошыну екінші жарты жылдығында да болады.

Екінші жарты жылдық айларында бала еңбектей бастайды, ол осы кезеңде де үлкен қауіпке ұшырайды. Барлық сәбилер осы жаста қауіпке жақын болады. Біреулері бірден абай болса, ал басқа балалар көптеген сынағалар мен қателер арқылы танып біледі [2]

Сәбилер аналарының жанында болғанына үйреніп, егер анасы бір жерге жиналса қорқалақтап, мазасызданады. Балалар, анасы оны тастап кетпекші деген ой пайда болады. Демек бала үшін анасы қорғаншы. Сөйтіп бала өзінің қорғаныс объектісін жоғалтқысы келмейді. Әсіресе жеті айлық балаларда осы сезімдер кездеседі. Егер бала анасымен бірге ұйқтаса, бала үшін анасыз қалу қиынға түседі. Сонымен

қатар балалық кезеңде екінші бала дүниеге келсе, балада қорқыныш сезімі болады. Себебі бала енді анасы оны жақсы көрмейді деп ойлайды.

Мектепке дейінгі балалар қорқынышында айтарлықтай, үш жастан кейін балалар, әдетте, жануарлар мен қараңғыдан қорқады. Сонымен қатар егілуден және ақ халатты жандардан қорқулары ерекше болады. Балалар жалғыз, қараңғыда ұйқтауға қорқады. Бала ертегі кейіпкерлерден де қорқады, баланың ойынша сол ертегі кейіпкерлері баланың жанында өмір сүреді. Кішкентай балалардың барлығы шындық ретінде бөтен ағалардың оларды ұрлап кетуіне анық сенімділікпен қарайды.

П. С. Зобов деректерінде [3], мектепке дейінгі жастағы балалар қияли дүниелерден қорқады. Баланың көрген киносынан неме оқыған әңгімелерінен пайда болатын қорқыныштар. Алты жасар балалар өлімнен, ал жеті жастағы балалар мектепке қалып барудан қорқады екен.

А. И. Захаров [4], бөліп жиырма тоғыз қорқынышты атап өтті, сонымен қатар қыздардағы қорқыныштар көбірек болатындығын атап өтті.

Бастауыш сынып оқушысы кезінде А. И. Захаров айтуынша, "жетекші қорқыныш – құрметтеуге жатпайтын оқушылар қатарында болу. Басқа сөздермен айтқанда, бұл қорқыныш әлеуметтік талаптарға сәйкес келе алмау, мектеп құрдастары немесе отбасы қалаған образда бола алмау. Әлеуметтік талаптарды орындай алмаудан қорқу. Жиі бала ата-анасының талаптарына сәйкес келуге тырысады. Егер оқушы осы ойларға сәйкес келмесе, ол өз өзіне сенбейді, ұялшақ, мазасыз болады.

Жасөспірімдік шақта балалар өздерінің келбеттеріне, денесінің сымбаттарына байланысты көп ойлармен мазасыз болады.

Ересектерде А. И. Захарова мәліметтері бойынша, балалардан биіктігінен қорқу және ата-анасының қайтыс болуынан қорқады.

Ю. В. Щербатых анықтамаларында [5], жауапкершіліктен (жауапты шешімдерді қабылдау), қолайсыз өзгерістер жеке өміріне (ажырасу, жұмысты жоғалту) байланысты және әлеуметтік қорқыныштар кездеседі.

Егде адамдарда қорқу болашаққа байланысты пайда болады. Жалғыздық, аурушылдық, "қарттық" және олармен байланысты жайлы мазасыз ойлар. Егде жастағы және қарт адамдарда қорқудың пайда болуымен байланысты ұйқысыздық мәселесі кездеседі. Қартайған сайын адам көп уайымдайды, түрлі ойлар елестетеді.

Әлеуметтік қорқыныш адамға негативті әсер етеді. Ол адамның әлеуметтік бейімделуіне әсер тигізеді. Көбінесе әлеуметтік қорқыныштарды сезіп жүрген адамдар, жалғыздықта жүргенді, көпшіліктен қашқалақтап жүреді. Әлеуметтік қорқынышта жүрген адамдар жиі депрессия немесе алкагольге тәуелді болады.

Қорқынышты сезу - бұл әр адам үшін қалыпты нәрсе. Бірақ қорқыныш сезімі шектен шығып, қорқу объектісі адам психикасына қатты қысым көрсетсе, онда ол қарапайым қорқыныш емес, күрделі ауру – фобия екенін мойындауымыз қажет.

Фобия – иррационалдық және бақыланбайтын қорқыныш. Фобия бір нәрсеге жағымсыз қатынасты білдіреді, ал қорқыныштың өзі бұл жағдайда әсер сияқты бүркемелі түрде қатысып, тек осы жарамсыздықты білдіру құралы болып келеді. Психиатрияда фобия деп белгілі бір тітіркендіргішке қорқыныш реакциясының жоғары патологиялық көрінісін айтады. Фобия даму нәтижесінде адам белгілі бір объектілерден, қызмет немесе жағдай түрлерінен қорқып, олардан қаша бастайды. Осыларға байланысты қорқыныштың көптеген түрлері бар. Солардың ішінде ең көп түрлеріне қысқаша тоқталып кетсек:

- клаустрофобия бастан өткізген қатты стресстен кейін, ағзаның қорғаныс реакция ретінде пайда болуы мүмкін. Мысалы, адам бірнеше сағат лифтте өткізді, түтіндікте тұрып қалды және басқа да адам өмірі немесе денсаулығына қауіпті қандай болса да, қысаң жағдайға түсу мүмкіндігін ми қоршауға алады;

- агорафобия (агрофобия)-кеңістіктен, ашық жерлерден, алаңдардан, қаптаған адамдардан, базарлардан қорқу;

- антропофобия-адамдардан немесе белгілі бір адамдардың тобынан қорқу;

- баллистофобия — оқтан, зымыраннан, ұшатын заттардан қорқу және де т.с.с[2].

Өмірдің кез келген адам қорқыныштың мына түрін сезінеді екен:

1. Аутизммен ауыратын жандар жалғыздықтан қорқады. Кез келген адам бақытты болғысы келетіні белгілі. Ал, адам қоғамнан жырақ, жалғыздан-жалғыз бақытты болмайды. Сондықтан көптеген адам жалғыз калудан қорқады.

2. Өлімнен қорқу әр адамның бойында бар. Өлімге бас тіккендердің өзі жарық дүниені қимайтыны белгілі. Ажалдан қорқып өлгендер санының көптігін ғалымдар дәлелдеуде.

3. Социафобия, агорафобия. Осындай қорқынышы бар жандар өзінің бойындағы сезімдері мен эмоцияларын өзгелер біліп қоймаса екен деген үрейде жүреді. Олар көбіне ойлау жағынан ілгері жүретін, білімді жандар.

4. Өрмекшіге, тышқанға, тарақанға, ұшаққа, динозаврға, жыланға, елеске, құбыжыққа, биік өкшелерге деген қорқыныш. Үрейдің осы түрін суретшілер, сәнқойлар мен әртістер басынан өткереді екен.

5. Жақын қарым-қатынастан қорқыныш. Қорқыныштың бұл түрі 16 жастағы балалар ғана емес, 40-тан асқан ерлер мен әйелдерде де кездеседі екен. Бұл үрей түрі жас кезінде жақын қатынастан зардап шеккен жандарда болады.

6. Естен ауысудан қорықпайтын адам кемде-кем. Әрине, осындай үрейі бар жандар фантастикалық ойлардың иесі екен.

7. Верминофобия (микроағзалар мен бактериялардан қорқыныш) көптеген ұлы тұлғалардың басында кездесетін болған.

8. Кәріліктен қорқу әдетте әйелдердің бойында болады. Ер адамдардан гөрі нәзікжандылар әдемі болуды қалайтындықтан ғалымдар қорқыныштың осы түрін әйелдерге телиді.

АҚШ психологиялық ассоциациясы қорқыныш немесе фобия – психикалық ауытқудың кең таралған түрі екендігін және оның бүкіл жер шарында 11 пайыз адамдардың өміріне қатты әсер ететіндігін айтады[7].

Қорыта айтсақ қорқыныш қай жас кезеңде болмасын адамға өз жағымды немесе жағымсыз әсерін тигізеді. Осы себептен қорқыныш жағымсыз әсер етсе, осы сезімнен арылу керек. Адам қорқыныштармен жұмыс жасау барысында, біріншіден өзіне сенімділігі анық болғаны жөн[6]. Адам күнделікті өз сезімдерін реттеп, талдау жасау адамға пайдалы әсерін тигізеді. Көбінесе релаксация және когнитивті- жүріс-тұрыс емінің әртүрлі әдістерімен жұмыс жасау керек. Топтық психикалық терапия да жоғары нәтижелі болып келеді. Нәтиже бірден байқалмайды, бірақ тұрақты, сондықтан шыдамдылық сақтау қажет. Зерттеулерде пайдалы кеңестер атап өтті. Солардың ішінде: психодрама әдістемесі, Дж. Биіктің айтқанындай өзіңіздің жеке күнделік толтыру, сезімдерді қағаз бетіне түсіру. Сонымен қатар белгілі әрекеттерді қайталап жасап, анализ жасау, қорқынышты белгілі бір образ деп қабылдап, онымен сөйлесіп, бұл не нәрсе, оны қалай жеңуге болады, ол неден қорқады деген сұрақтар қою арқылы осы сезіммен жұмыс жасау.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Овчарова Р.Д. Технология практического психолога образования. – М.,
2. А. И. Захарова. - М. : Педагогика, 1986. - 112 с.
3. Зобов А. С. Особенности волевой регуляции поведения в эмоциогенных условиях (на примере школьников старшего возраста): Автореф. дис... канд. наук. Л., 1983.
4. Захаров А. И. Как помочь нашим детям избавиться от страха. СПб., 1995.
5. Щербатых Ю. В. Психология страха. М., 2000.
6. Карвасарский Б.Д. Психотерапия в России: ретроспектива и задачи дальнейшего развития // Клиническая психология: Хрестоматия / Сост. и общ. ред. Н.В. Тарабриной. - СПб.: Питер, 2000. - С. 243-250
7. Н. Л. Кряжева. - Ярославль : Академия развития, 1996. - 208 с.
8. А. Данилова. - М. : Эксмо, 2006. - 416 с. - (Детектив по Фрейду).

## ОӘЖ 159.9

### Жоламанова Алия Советханқызы

*магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.*

### Абдуллина Гульнар Кабдышеитовна

*аға оқытушы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.*

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҚЫНЫШТАРДЫҢ ШЫҒУ СЕБЕПТЕРІ МЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*Мақалада әлеуметтік қорқыныштар және қорқыныштардың шығу себептері мен психологиялық негіздері қарастырылған. Сонымен қатар әлеуметтену процесінде адамда кездесетін әлеуметтік қорқыныштар аталған.*

**Түйін сөздер:** эмоция, қорқыныш, дабыл.

*В статье рассмотрена тема социальных страхов, причины и психологические основы страха. Так же рассмотрены виды социальных страхов в социализации человека.*

**Ключевые слова:** эмоция, страх, тревожность.

*The article deals with the topic of social fears, causes and psychological basis of fear. The types of social fears in human socialization are also considered.*

**Keywords:** emotion, fear, anxiety.

Қоғамның өзгеруі әлеуметтік-психологиялық мәселелердің пайда болуына әкеліп соқты. Қоғамға батыл, өздеріне сезімді, белсенді жастар қажет. Дегенмен де адамдар арасында көбінесе қорқыныш

сезімдері соның ішінде әлеуметтік қорқыныш бар. Қорқынышты жеңе білу әлеуметтену ғалымының да мәселесіне айналып отыр. Осы себептен әлеуметтік қорқынышты зерттеу маңызды тақырыптарға айналуға айналуға. Адамның ішкі дүниесіне мүмкін болатын түрлі жағдайлар, адамның жеке қасиеттерімен бірге жалпы әлеуметтік қорқыныш соңғы жылдары бой көрсетіп келеді. Осы әлеуметтік қорқыныштың пайда болуын психологтар жан-жықты түсіндіреді. ХХІ ғасырдың басында адамдардың әлеуметтік қорқыныштың психологиялық әл-ауқат проблемасы барған сайын үлен маңызға ие болуда .

Әлеуметтегі түрлі өзгерістер, халықтың жүйке жүйесінің түрлі себептерге байланысты төмендеуі, атап айтқанда: әлеуметтік және кәсіби топтардың қарама-қайшылықтары, этникалық қақтығыстар, төтенше жағдайлар тағы басқа мәселелердің өсуі психологиялық, әлеуметтік қорқыныштың қоғамда жиі орын алуына әкелді. Сол себепті бұл тақырыпты талдаудың ғылыми-практикалық өзектілігі зор. Адамдар әлеуметтік қорқынышты жеңе біліп, өздерін дұрыс бағыттап білу керек.

Өткен ғасырдың 50 жылында осы мәселеге назар аударған алғашқы ғалымдардың бірі Джозеф Вольпе болды. Ол «әлеуметтік қорқыныш» санатын ғылымға енгізді, әлеуметтік нысандардан қорқу немесе әлеуметтік өзара әрекеттесу жағдайлары деп қарастырған. Вольпеге биологиялық және әлеуметтік қорқыныштарды, сондай-ақ: монотипті және көпше, күрделі қорқыныштарды, невротикалық қорқыныштарды: классикалық (респондент) және когнитивті шыққан қорқыныштары туралы атап өткен. Автор қоғамдық әлеуметтік қауіп-қатердің әлеуметтік-генетикалық сипатын көрді.

Сонымен қатар әлеуметтік қорқыныштың пайда болуының екі механизмін анықтайды. Біріншіден, «модельдерде имитациялық және оқыту механизмі» - баланың немесе ересек адамның өзі тікелей қарым-қатынаста болмайтын қорқыныштың көрінісін білдіреді, бірақ айналасындағы адамдарға еліктеуден пайда болады.

Әлеуметтік қорқыныштың пайда болуының екінші тетігі - қорқыныш қабілеті болуы мүмкін, яғни ұқсас жағдайларға таралады. Әлеуметтік қорқыныш әлеуметтік соған ұқсас әлеуметтік жағдайға және соған ұқсас әлеуметтік объектілерге оңай таралады, бұл ақыр соңында алаңдаушылық пен невротизмге алып келеді.

Осылайша, әлеуметтік қорқыныштың ерекшелігі оның көптеген табиғатында жатыр.

Өз жұмысында Вольпе тәжірибесінде жиі кездесетін тоғыз әлеуметтік қауіп-қатерді атап көрсетті: - сыннан қорқу; - қабылданбаудан қорқу; - назарында болудан қорқу; - кішігірім көріністерден қорқу; - басшылардан қорқу; - жаңа жағдайлардан қорқу; - талап қоюдан қорқу; - сұранысты қабылдамаудан қорқу; - «Жоқ» деген қорқыныш.

Кейінгі зерттеулердің көпшілігінде адамның жалпы және жағдайлық алаңдаушылық проблемалары бар әлеуметтік қорқыныш мәселесі болды. Осы мәселе бойынша зерттеу деректерінің алуан түрлілігін жинақтап, адамның ең қорқатын және тиісті әлеуметтік қорқынышты тудыратын келесі әлеуметтік жағдайларды анықтайды: ықпалды жоғары дәрежелі адамдармен қарым-қатынас жасау қажеттілігі, олар туралы біздің пікіріміз маңызды; - біреу бізді бағалаған кезде; - өзара әрекеттесу өзін-өзі бейнелеу үшін маңызды нәрсеге бағытталады, мысалы, колледж профессоры сіздің әріптестеріңіздің қатысуымен кездесуде идеяларды білдірсе; - біз жаңа немесе бейімделмеген жағдайларда, өзін қалай ұстауды білмейміз; - біз өзін-өзі ақтаймыз (жиі ұялшақ адамдар) және өзімізге және біздің алдымызға баса назар аударылады.

«Қысқа психологиялық сөздікте» қорқыныш «адамның биологиялық немесе әлеуметтік өміріне қауіп төндіретін жағдайда туындайтын эмоция, шын мәнінде немесе мүмкіндік көзге бағытталған» деп қарастырылады[1]. «Тұлға психологиясы» кітабының авторы Н.И. Рейнвальд әр түрлі жағдайларды ескере отырып, өзін-өзі сақтау қажеттілігі пассивті қорғаныш сезімінде көрінуі мүмкін деп санайды П.М. Грановская практикалық психология элементтерінде «ең күшті эмоция - бұл қорқыныш, ол осы шарттарда орындалуы керек іс-әрекетті жүзеге асыру кезінде күтпеген және болжау ретінде анықталады» деп анықтайды. «Балалар мен жасөспірімдердегі невроздар» жұмысында А.И. Захаров қорқынышты «адам өміріне, әл-ауқатына және адамның әл-ауқатына қауіпті аффективті өткір фактор. И.М. Кондаков қорқынышты болдырмау мотивациясы іске асыру мүмкін емес жағдайларда, ең алдымен, орын шарты ретінде қорқыныш анықтайды, және жеке мотивация және жағдайды қалдыру саналы мақсатқа бар, бірақ әлі күнге дейін оған қалуға сыртқы себепті кезде орын алады.

К.Изард «қорқыныш» пен «дабыл» терминдерін былай түсіндіреді: «дабыл» - эмоцияның бірнеше жиынтығы, ал «қорқыныш» - осылардың тек біреуі ғана. Психиаторлар ХІХ ғасырдың өзінде қорқыныш пен дабылды дәл айыра білген. Қорқыныштың әрқашанда себебі болады. Қауіп жоғалса – қорқынышта жоғалады. Дабылдың қандайда бір себебі болмайды. Қорқыныш, сезімді бойлап, күшті қоздырып оны жұмсауға бағытталады. Дабыл күш жігерінді бойлап, іштей қинап, жүйкеңді тоздырып ол жан дүниеңе және сыртқы күшіңе де салмақ салады. Көптеген ауруларға душар етуі мүмкін. Бірақта, адам дабылмен оңай күресе алады. Бұл туралы Виктор Эмиль фон Гебзаттель: « Әлбетте, өмірге қорқынышсыз ұмтылу керек, бірақ бұлай өмір сүруге бола ма? Қорқыныш басқада қасиеттермен тығыз байланысты, бұл адамның өмірдегі басты қағидасы да болуы мүмкін емеспе... ». Ғалымдардың зерттеуі бойынша біздің ой

санамыз ғана емес сондай-ақ денемізде түрлі қауіпті жағдайларға күшпен жауап қайтарады. Қорқыныш-адамның жүрек қан тамырларының жиырылуына, тершендікке, асқазан-ішек жолдарының бұзылуына, тыныс алу жүйесінің белсенділігінің бұзылуына, ауа жетіспеушілік сезімін тудыруы мүмкін. Жалпы алып қарағанда қорқыныш эмоциясы мен ішкі ағзаның арасындағы байланыс түрліше болып келеді. Бір жағынан қорқыныш пен мазасыз ойлар ағзаға жағымсыз әсер етуі мүмкін, ал екінші жағынан ішкі ағзаның бұзылуынан қорқыныш дүрбелені пайда болуы мүмкін. Статистикаға сенетін болсақ, невроздық қорқыныш біздің ғаламшарымызда әр үш адамның біреуінде кездеседі екен. Қорқынышпен күресу жолында « нағыз өмір-қорқынышсыз өмір» деп айтар едік. Бірақ кейбір қорқыныш түрлері бар ол табиғи, одан құтылудың қажеті жоқ. Өйткені оны қорғаныш инстингтері деп атайды. Мысалы адам көпір немесе бір құздан сырғып құлап кетеп ау деген қорқыныш дұрыс-ақ, ал он қабатты үйден құлаудан қорқпайтын адам, бұл дұрыс емес деп есептейміз. Сондықтан бұл қорқыныш түрінен адам қорықпаса, ол өз денсаулығын физикалық жарақатқа ұшыратады. Ал невротикалық қорқынышты жою және одан құтылу керісінше адамға рухани тәніне жағымды әсер етеді. Ең маңыздысы қорқыныштың табиғи және невротикалық түрлерін ажырата білу керек[2]. Негізгі мәселені түсінген жағдайда, енді былай айтуға болады. Невроздық қорқынышпен күресу керек екендігін, ал табиғи қорқыныш адамзат үшін қажет екендігін, тіпті кей жағдайда өте пайдалы екен.-Біріншіден, қорқыныш адамның күш белсенділігін қиын жағдайға тап болғанда арттырады. Бұл адреналиннің қанға түскен кездегі бұлшық еттерді оттегі мен қоректік заттармен қанықтыру нәтижесінде жүреді. -Екіншіден, қорқыныш қауіпті немесе жағымсыз оқиғаларды есте сақтауына ықпал етеді. Және ол адамның өмір сүруі үшін қажет, бірақ кей жағдайда қорқыныш елесінен ахуалға түсуі мүмкін.- Үшінші қорқыныш – ол қандайда бір шешім қабылдар кезде, жеткілікті ақпараттын болмауы.

Психиатр Джон Болуби қорқынышты қоздыратын кез келген зат болу мүмкін деген. Табиғи қорқыныш тудырататын Болуби бойынша аурушылық, жалғыздық, кенет өзгеріс, объектінің жақындауы [3].

Отандық психологияда әлеуметтік қорқыныштар ғылыми талқылау-дың негізі болады. В.А. Андурсенко әлеуметтік қорқыныштардың әр түрлі формаларын анықтаған. Бірақ жеке тұлғаның әлеуметтік қорқынуына тек төрт типті ұсынды: - диктатурадан қорқу; - әлеуметтік мәртебесін жоғалтудан қорқу; - жұмыс жоғалтудан қорқу; - өз қадірін жоғалтудан қорқу. Сонымен қатар О. А. Прилуцк, әлеуметтену процесінде келесі әлеуметтік қорқыныштар пайда болды: - жұмысты жоғалту қорқынышы; - жер астындағы қорқыныш; - аштықтан және кедейліктен қорқу; - адамның денсаулығын жоғалтудан қорқу; - болашақ үшін қорқыныш; Автор адамның әлеуметтенуі барысында туындайтын қорқыныштарды әлеуметтендіру тұжырымдамасын енгізеді, оның сипаттамасы нақты қауіптің көзі ретінде (немесе болжамды түрде) қабылданады. Кудрявцев В.В. қоғамдық өмірге байланысты «қорқыныш» (әлеуметтік фобия) анықталған қорқыныш сегіз топты ұсынды. - сөйлеуден қорқу; - бөтен адамдардың қатысуымен кез-келген әрекетті орындауға қабілетсіздігі және т.б. Шербатый И.О. Әлеуметтік жағдайдың өзгеруіне байланысты қорқыныштарды атап өткен. Автор: жауапкершіліктен қорықпау, емтихан қорқынышы, сәтсіздіктен қорықу, сыннан қорқу, табысқа жетуден қорқу, басқалардан айыпталудан. Сонымен бірге, қоғамдық қорқыныштар биологиялық қорқынышты біртіндеп ауыстырады деген көзқарас бар.

1. Внешняя политика Канберры [Электронный ресурс] URL: <https://www.lowyinstitute.org/publications/canberra-looks-new-bridges-over-troubled-waters>, (Дата обращения 18.02.18)
2. Тернбулл М. О внешней политике Австралии 2017 // Австралийское правительство [Электронный ресурс] – URL: <https://www.fpwwhitepaper.gov.au>, (Дата обращения 18.02.18)
3. Швыдко В. Отказ США от ТТП: значение для Японии [Электронный ресурс] – URL: [http://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/analytics/otkaz-ssha-ot-ttp-znachenie-dlya-yaпонии/?sphrase\\_id=3719808](http://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/analytics/otkaz-ssha-ot-ttp-znachenie-dlya-yaпонии/?sphrase_id=3719808) – статья в интернете (дата обращения: 18.02.2018)
4. Литвинов Н. Н. Стратегический менеджмент на примере Азиатско-Тихоокеанского региона. Монография. — М., 2014. — 200 с. — (Strategic Management in the Asian-Pacific).
5. Яковлев П. П. Трансатлантическое партнерство: контекст, значение, проблемные аспекты // Перспективы. Электронный журнал. 2016. № 4. с. - 87.
6. Инвестиционный план помощи Тихоокеанским регионам: 2015-16 - 2018-19 гг. // Австралийское правительство [Электронный ресурс] – URL: <http://dfat.gov.au/about-us/publications/Pages/aid-investment-plan-aip-pacific-regional-2015-16-to-2018-19.aspx> (Дата обращения 18.02.18)
7. Australian Government, official website of Minister for Foreign Affairs [Electronic Resource] – URL: <https://www.australia.gov.au/> (Дата обращения 18.02.18)
8. Саламатов В. Ю. Мегарегиональные торговые соглашения // Мировая экономика и международные отношения. 2016. № 9. С. -27.
9. AusAID // Australian Government [Electronic Resource] – URL: <http://www.auseid.gov.au/makediff/default.cfm> (Дата обращения 18.02.18)

УДК 327.8 (73+510)

**Саханова Айдана Арнаевна**

*студентка 4 курса, Восточно-Казахстанский Государственный Университет имени Сарсена  
Аманжолова, г. Усть-Каменогорск*

**научный руководитель: Ражепаева Фаузия Закиевна**

*кандидат исторических наук, доцент кафедры Истории Казахстана и социально-гуманитарных дисциплин, Восточно-Казахстанский Государственный Университет имени Сарсена Аманжолова, г. Усть-Каменогорск*

## ГЕОПОЛИТИЧЕСКОЕ СОПЕРНИЧЕСТВО КИТАЯ И США В АЗИАТСКО-ТИХООКЕАНСКОМ РЕГИОНЕ

*Бұл мақалада Азия-Тынық мұхиты аймағын екі әлемдік держава - Қытай мен АҚШ арасындағы мүдделер қақтығысы деп қарастырады. Осы аймақтағы екі елдің сыртқы саяси курстарының мақсаттары мен міндеттеріне салыстырмалы талдау жасалды. Сино-американдық бәсекелестіктің өңірлік қауіпсіздіктің ықпалы туралы қорытынды жасалды.*

**Түйін сөздер:** Азия-Тынық мұхит аймағы, Қытай, АҚШ, мүдделер қақтығысы, аймақтық қауіпсіздік.

*В этой статье рассматривается Азиатско-Тихоокеанский регион как место конфликта интересов между двумя мировыми державами: Китаем и США. Дается сравнительный анализ целей и проблем внешнеполитических курсов двух стран в этом регионе. Сделан вывод о влиянии китайско-американского соперничества на региональную безопасность.*

**Ключевые слова:** Азиатско-Тихоокеанский регион, Китай, США, конфликт интересов, региональная безопасность.

*This article considers the Asia-Pacific region as a place of conflict of interests between the two world powers: China and the USA. The comparative analysis of the purposes and problems of foreign policy courses of the two countries in this region is given. The conclusion about influence of the Chinese-American rivalry on the regional security is drawn.*

**Keywords:** *Asia-Pacific region, China, the USA, conflict of interests, regional security.*

Не секрет, что, когда «азиатские тигры» добились успеха в экономике на рубеже XX-XXI веков, Азиатско-Тихоокеанский регион (АТР) изменил свое значение и стал рассматриваться как центральное место в мире геополитики, как узел, в котором переплетаются интересы ведущих держав мира. Именно в этой части мира происходит глобальное перераспределение власти между двумя великими державами - США и Китаем.

В 2011 году президент США Б. Обама объявил о «возвращении» Соединенных Штатов в Азиатско-Тихоокеанский регион и переориентации усилий США по борьбе с терроризмом, на восстановление баланса в Юго-Восточной Азии. 10 ноября того же года госсекретарь США Х. Клинтон, находясь на саммите АТЭС в Гонолулу, подтвердила намерения администрации президента и назвал предстоящий век «тихоокеанского столетия» для Америки. [1].

Это решение американского правительства было вызвано несколькими причинами:

1. Необходимость вернуть доверие избирателей после длительной войны с терроризмом в Ираке и в Афганистане.
2. Требование укрепить позиции США, как мирового политического и экономического лидера, путем возобновления сотрудничества с традиционными и потенциальными союзниками.

Сегодня в Азиатско-Тихоокеанском регионе существует концентрация факторов, которые сами по себе являются вызовом для Соединенных Штатов. Они включают в себя наличие ядерного оружия в Северной Корее, рост Китая в экономической и военной областях, региональную нестабильность, вызванную неразрешенными спорами в Южно-Китайском море. В какой-то мере новая политика Соединенных Штатов направлена на «перебалансирование» сил в Азиатско-Тихоокеанском регионе, а также на создание новых стандартов, соответствующих принципам Соединенных Штатов для реализации мирового порядка.

США позиционирует себя как будущего лидера АТР, основного источника инвестиций и технологий, который может принести пользу странам Тихоокеанского региона. Это несущественные слова, потому что в Азиатско-Тихоокеанском регионе есть давние союзники Вашингтона, шесть основных американских экономических партнеров: Канада, Китай, Япония, Южная Корея, Гонконг и Мексика. Стоит отметить, что большинство стран Азиатско-Тихоокеанского региона положительно отреагировали на «поворот США» в Азии. Австралия и Новая Зеландия считают, что сближение с Соединенными Штатами является прекрасной возможностью для развития их стран. Некоторые из них не только приветствовали новую политику Вашингтона (Сингапур, Япония, Республика Корея), но и пытались убедить Соединенные Штаты активизировать свои действия в регионе.

Однако есть мнение, что самым важным фактором, вызвавшим сдвиг политического курса Вашингтона, стало укрепление Китая в регионе. В выступлении 19 ноября 2011 года Б. Обама сказал, что США «придают большое значение морской безопасности в целом и разрешению споров в Южно-Китайском море в частности – как тихоокеанская держава», и они готовы взять на себя ответственность за обеспечение безопасности в регионе. [2]. Из этого можно заключить, что Соединенные Штаты объявили себя гарантом безопасности в Азиатско-Тихоокеанском регионе. Вопрос в том, от кого, по мнению США, может возникнуть угроза стабильности в регионе? Ответ лежит на поверхности - США обеспокоены активной деятельностью Китая по развитию экономического потенциала и расширению его военного потенциала. Азиатско-Тихоокеанский регион важен для Пекина, поскольку он дает Китаю возможности для укрепления позиций в борьбе за мировое лидерство.

Внешнеполитическая стратегия Китая по дальнейшему укреплению ее роли в мире состоит из трех моментов:

1. фиксация на ведущих позициях в Восточной Азии (открытие свободной экономической зоны «Китай – АСЕАН» в 2010 году говорит об успешной реализации этого момента, так что китайская продукция подлежит пошлине на 0,6% вместо предыдущих 12,8%);
2. стать главной державой в Азиатско-Тихоокеанском регионе;
3. становление силой мирового значения.

С одной стороны, Пекин заинтересован в установлении тесных отношений с АТЭС и странами АСЕАН, чтобы усилить свое влияние в этих организациях, с другой, КНР стремится снизить уровень антикитайских настроений. Эта тенденция включает экономические, политические и военные контакты. Таким образом, Китай планирует окружить себя поясом, состоящих из лояльных государств, и использовать его в качестве инструмента для передачи «мягкой силы» всему остальному миру. [3, с.314]

Сближение Китая со странами Юго-Восточной Азии и его попытки установить особые дипломатические отношения, расширяя доступ не только к торговле, но и в военной сфере, были названы



американским аналитиком К.Пирсоном стратегия «жемчужиной нити», где Китай выступает в качестве цементирующего фундамента - «нить», а страны региона - «жемчужины». [4].

Кроме того, происходит наращивание присутствия Китая в финансовых ассоциациях. В то же время, Пекин пытается создать финансово-экономические структуры, минуя американские. Например, в 2014 году в Пекине было подписано соглашение о создании Азиатского инвестиционного банка, первоначальный капитал которого, вероятно, будет в основном, если не полностью, предоставлен Китаем. Этот банк является вторым, созданным по инициативе Китая, после Нового банка развития. Интересно, что среди 57 государств, которые сотрудничают с Азиатским инвестиционным банком в инфраструктуре, есть региональные партнеры и союзники Белого дома, но нет самих Соединенных Штатов.

Прочный прогресс в темпах экономического развития и постепенном увеличении военного бюджета Китая наряду с укреплением международного значения Пекина привели к претензиям на владение несколькими островами в Южно-Китайском море. В целом страны, участвующие в территориальных спорах с Китаем, являются американскими союзниками.

Естественным следствием столкновения интересов США и Китая в Азиатско-Тихоокеанском регионе была эскалация региональной напряженности. Ярким примером этой эскалации стал Диалог по безопасности «Шангри-Ла», который состоялся в мае 2015 года на территории Сингапура, который показал, что проблема территориальных споров в Южно-Китайском море стала одной из точек напряженности в мире наравне с Ближним Востоком. [5].

Первоначально предполагалось, что такое нежелание стран уступать небольшие острова связано с ресурсами нефти и газа. На самом деле ценность спорных островов заключается в их стратегическом расположении. Обладание этими территориями открывает невероятные возможности для любой силы, позволяющей быстро перемещать флоты из Тихого океана в Индию. Если эти варианты находятся в руках китайского правительства, они могут заблокировать доступ к акватории для зарубежных стран, а именно для Соединенных Штатов. Такое положение дел приведет к серьезным изменениям в балансе сил в регионе.

Вашингтон не может позволить такой результат событий. Поэтому в 2012 году было принято решение о концентрации 60 % военно-морского флота США в акватории Тихого океана к 2020 году. Сейчас количество перевозимых боевых кораблей составляет около 52 %. Во время одного из своих визитов в страны Юго-Восточной Азии Б. Обама дал понять, что в будущем на Филиппинах будет создана военная база Соединенных Штатов. Кроме того, Вашингтон пытается заручиться поддержкой Австралии и Индии, стран с экономическим потенциалом, способным контролировать ситуацию в регионе.

Подобные действия США приводят к ограничению возможностей Китая. Хотя в выступлениях официальных лиц США мы слышим совершенно разные вещи: «Наша цель – не противостоять Китаю. Наша цель - не сдерживать Китай», - заявил Б. Обама. [6]. Ранее, в 2014 году во время своего визита в Пекин Д. Керри выразил позицию Вашингтона в отношении Пекина как «приветствие мирного подъема Китая». Однако ведущий аналитик Китая Ян Сюетун считает, что стратегия Соединенных Штатов в Азиатско-Тихоокеанском регионе, без сомнения, направлена против Китая, вопрос только в том, как будет проводиться сдерживание. [7,р.8].

На самом деле заявления администрации США довольно противоречивы. Например, в ноябре 2011 года был запущен проект по созданию крупной экономической ассоциации «Тихоокеанское партнерство». Он преследует цель установления режима свободной торговли между Соединенными Штатами и Странами Тихого океана в обход Китая. В октябре 2015 года было подписано соглашение между США и 11 другими странами-участницами (Австралия, Бруней, Вьетнам, Канада, Малайзия, Мексика, Новая Зеландия, Перу, Сингапур, Чили и Япония). На официальном сайте президента США говорится, что в нынешних условиях Америка не может позволить Китаю диктовать свои собственные правила мировой экономики. Это Соединенные Штаты обязаны писать правила, которые «откроют новые рынки для американской продукции». [8].

Стратегические интересы Пекина и Вашингтона в Азиатско-Тихоокеанском регионе образуют сложный комплекс противоречий, определяющих неопределенный вектор дальнейшего развития отношений между ними. Если страны выбирают путь прямой конфронтации, то это сломает уже хрупкий баланс сил в регионе и заставит оставшиеся государства быть разделены на сторонников США и Китая. Такая ситуация вполне вероятна в условиях дефицита эффективных подходов к реформированию системы международных отношений в Восточной Азии. В отсутствие идей стороны могут вернуться к уже проверенным методам «холодной войны», которые могут привести к серьезным последствиям для региональной и глобальной безопасности.

#### Список использованной литературы

1.Клинтон: 21-й век будет для Америки «тихоокеанским столетием» [Электронный ресурс] —, URL:<https://www.golos-ameriki.ru/a/apec-clinton-2011-11-11-133676138/248344.html> (Дата обращения: 24.02.2018).

2. Mamonov M. The Return of the USA to Asia // Russian International Affairs Council. – [Electronic Resource] —, URL: <http://russiancouncil.ru/en/analytics-and-comments/analytics/the-return-of-the-usa-to-asia/> (Дата обращения: 28.02.2018).
3. Гревцова А. Н. Мягкая сила Китая как способ расширения его политического влияния на страны АСЕАН // Молодой ученый. — 2012. — №3. — С. 313-315. — URL: <https://moluch.ru/archive/38/4392/> (дата обращения: 4.03.2018).
4. Нина Лебедева «Второе дыхание» китайской стратегии «нить жемчуга» // Новое Восточное Обозрение [Электронный ресурс] —, URL: <https://ru.journal-neo.org/2014/04/15/vtoroe-dy-hanie-kitajskoj-strategii-nit-zhemchuga-chast-1/> (Дата обращения: 26.02.2018).
5. Василий Кашин Диалог Шангри-Ла и проблема Южно-Китайского моря // Российский совет по международным делам [Электронный ресурс] —, URL: <http://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/analytics/dialog-shangri-la-i-problema-yuzhno-kitayskogo-morya/> (Дата обращения: 24.02.2018).
6. Obama: Goal is not to 'contain' China // USA Today , [Electronic Resource] —, URL: <https://www.usatoday.com/story/news/world/2014/04/28/obama-philippines-china/8403801/> (mode of access: 26.02.2018).
7. Mamonov M. Will there be a war between America and China? // International Trends. — 2012. — No. 2 (29). — P. 6—12.
8. США создали крупнейший антикитайский союз // DISCRED— [Electronic Resource]-, URL: [https://www.discred.ru/news/ssha\\_sozdali\\_krupnejshij\\_antikitajskij\\_sojuz/2015-10-05-16057](https://www.discred.ru/news/ssha_sozdali_krupnejshij_antikitajskij_sojuz/2015-10-05-16057) (Дата обращения: 24.02.2018).

## **ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ**

**ОӘЖ 351/354**

**Манарбекова А. Э**

*321 тобы студенті, III курс, Қазақ инновациялық – гуманитарлық заң университеті*

**Ғылыми жетекшісі: Аубакиров Ф.М.**

*экономика магистрі, аға оқытушы, Қазақ инновациялық – гуманитарлық заң университеті  
Семей қ., Шығыс Қазақстан облысы, Қазақстан Республикасы*

### **МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

*Мақалада ақпараттық технологиялардың дамуын мемлекеттік басқару жүйесінде қолдану жетістіктері айтылады. Қазақстан Республикасында тиімді қолданыстағы электронды үкімет, түрлі инновациялық орталықтардың жұмысы және онда қызмет көрсетудің IT және инженерлік түрлерін дамыту мәселелері қарастырылды.*

**Түйін сөздер:** *Информация, электронное правительство, портал, технология*

*В статье описываются достижения использования информационных технологий в системе государственного управления. Было рассмотрено эффективное электронное правительство в Республике Казахстан, работа различных инновационных центров и развитие ИТ и инженерных услуг.*

**Ключевые слова:** *Ақпарат, электронды үкімет, портал, технология*

*The articles describe the use of informational technologies in the state of the art government. There was an effective electronic government in the Republic of Kazakhstan, different IT and engineering services in different business centers.*

**Keywords:** *information, electronic government, portal, technology*

Бүгінде әлем төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Елімізде 100 нақты қадам – ұлт жоспары жүзеге асырылуда. Өткен жылы Қазақстанның үшінші жаңғыруы бастау алды. Индустрияландыру бағдарламасы табысты іске асуда. «Цифрлы Қазақстан» кешенді бағдарламасы қабылданды.

Алға қойған мақсаттарға жету үшін технологиялық жаңғырумен және өндірістік өзгерістермен байланысты өсімнің жаңа мүмкіндіктері қажет. Ол үшін еліміздегі индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс. Түрлі инновациялық орталықтар құрылып, онда қызмет көрсетудің IT және инженерлік түрлерін дамыту қажеттігі туындайды. Осыған байланысты елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің кезекті жолдауында барлық салалар бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын жақсарту үшін «Ақпаратты Қазақстан, Электронды Үкімет» құрылуы тиіс деген. Мемлекеттік қызмет көрсетудің қолжетімдігін «технологиялар» арқылы қарқынды дамыту мүмкіндігі туды. Кешенді ақпараттық технологиялық платформаларды белсенді түрде енгізу қажет. Қазіргі кезеңде үкімет порталында тіркеліп кезекке қойылу арқылы денсаулық сақтау саласы, агроөнеркәсіп салалар бойынша жүйелі қызмет көрсетілуде. Ұлттық деректер базасынан кез келген ақпараттарды алуға болады.

Ақпараттық қоғам – өндіріс пен ғылыми – техникалық және басқа ақпаратты қолдануды қоғам дамуының басты факторы ретінде қарастыратын әлеуметтік және футурологиялық тұжырымдама; өндірістің жоғары деңгейімен және ақпарат пен ақпараттық қызметтер мүддесімен сипатталатын қоғам. Әлемнің мәдениетті елдер қатарында болған компьютерлік революция адам жан дүниесінің, қоғам идеологиясының, білім мазмұнын анықтау мен жаңа ақпаратты білім технологияларын құрастыру жолдарының өзгеруіне әкеліп соқтырады. Бүгінгі ақпараттандыру заманында қазіргі өмірді ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Ақпараттық революцияның екпінді дамуы нәтижесінде ақпарат мемлекеттік басқарудың басты ресурсына айналды. Тіпті ақпараттық мемлекет деген жаңа термин пайда болды. ҚР Президентінің жарлығымен 2013 жылы 8 қаңтарда «Ақпараттық Қазақстан – 2020» Мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Осы жолдауда бағдарламаның толық орындалу барысы айтылған. [1]

Мақаланың мақсаты – «Ақпараттық Қазақстан – 2020» Мемлекеттік бағдарламасына толық түсінік беру, ақпаратты қоғам түсінігін ашып көрсету. Осыған орай мақала тақырыбына байланысты мынадай мақсаттар қойылады:

- Мемлекеттік бағдарламаның орындалуы;
- Қазіргі кездегі электронды үкіметтің жағдайы;
- Қазақстанның жетістіктері.

Ақпараттық қоғамда басты ресурс ақпарат болып табылады, дәл осы ақпаратқа ие болу негізінде әр түрлі процестер және құбылыстар туралы кез келген қызметті тиімді және оңтайлы құруға болады. Ақпараттық қоғамды дамытудың негізгі белгілері компьютерлердің болуы, компьютерлік желілерді және

сондай – ақ күнделікті қызметте ақпараттық және коммуникациялық технологияны пайдаланатын, ақпараттық салада қамтылған халықтың санын дамыту деңгейі болып табылады. Ақпараттық қоғам дамыған және қол жетімді инновациялық және ақпараттық технологиялардың дамыған және қол жетімді инновациялық және ақпараттық технологиялардың инфрақұрылымы есебінен халықтың хал – ахуалының жоғары деңгейіне жетуге бағытталған.

Қазақстан өз кезегінде жаһандық ақпараттық қоғамның қалыптасу процесіне барынша үлес қосуда. Сол себепті барлық қажетті шарттарды тудыру үшін «Ақпараттық Қазақстан – 2020» Мемлекеттік бағдарламасы әзірленген, олар біздің елдің ақпараттық қоғамға толыққанды ауысуын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялар қоғамды жаңғыртудың маңызды факторлары адамдардың өмір сүру салтына, экономикалық көрсеткіштерге ықпалы АКТ қазіргі Қазақстан азаматтарының өмірі мен экономикасы үшін АКТ даму маңыздылығын сипаттайды. Соңғы жылдары АКТ секторында Қазақстан маңызды серпін жасады. Почта байланысы, телекоммуникация саласы және интернетке рұқсат белсенді дамып келеді.

Халыққа және бизнеске ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыру үшін «Азаматтарға арналған үкімет» КАҚ қызметін жақсарту бойынша үлкен жұмыс жүргізілді, мемлекеттік органдардың интернет – ресурстары, виртуалды қабылдау, интернет – конференциялар арқылы халық пен мемлекеттің кері байланысы мен диалогының механизмдері іске асырылды. Бірақ ақпараттық қоғамды құру осымен аяқталмайды, үздіксіз жұмыс жүргізілуде.

Бағдарламада қол жетімді электронды денсаулық сақтаудың қызметтерін алуға, қашықтықтан жұмыс істеуге, өмірлік оқу және дайындық, электрондық білім арқылы ақпараттық технологиялармен жұмыстардың дағдыларын алуға және меңгеруге азаматтарға мүмкіндіктер тудыру үшін шарттар көзделген. Сондай-ақ біздің елдің неғұрлым ашық, қол жетімді және бәсекеге қабілетті экономикасын құру мақсатында Бағдарламамен экономиканың негізін қалайтын саладағы зияткерлік жүйелерді барынша көп енгізу көзделеді. Қазақстанның ақпараттық қоғамға ауысуын іске асырудың соңғы кезеңі «Ақпараттық Қазақстан – 2030» Мемлекеттік бағдарламасы болады деп күтілуде.

Бірқатар дамыған елдерде «электрондық үкімет» қазіргі заманғы қоғам мен ашық мемлекеттік басқаруды қалыптастырудың басты элементтерінің бірі болып табылады. «Электрондық үкімет» азаматтарға мемлекеттік қызметшілермен тікелей өзара іс – қимыл жасамай әлеуметтік маңызды мәселелерге жауаптарды оралымды алуына мүмкіндік береді, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде әкімшілік сипаттағы барлық мүмкін болар кедергілерді алып тастайды, сондай – ақ ресми ақпаратқа қолжетімділікті жеңілдетеді.

«Электрондық үкімет» – бұл мемлекеттік қызмет көрсетулерді автоматтандыру және оңтайландыру, қоғамды мемлекеттік басқару мәселелеріне тартуды арттыру және ішкі бизнес – процестерді жетілдіру мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі – АКТ) мүмкіндіктерін пайдалану негізінде мемлекеттік органдардың ішкі және сыртқы қарым – қатынастарының өзгерісі.

«Электрондық үкіметтің» тиімді атқарымдануын ары қарай қамтамасыз ету үшін біздің елімізде бірінші кезекте мынадай мәселелерге көңіл аудару қажет:

- қажетті бизнес – процестерді жетілдіру;
- нормативтік – құқықтық базаны дамыту;
- кадрлар даярлау деңгейін арттыру;
- еліміздегі ақпараттық теңсіздікті жою. [2]

Жоғарыда аталған проблемалық мәселелерді шешу және елімізде АКТ саласын дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру жолымен «электрондық үкіметтің» өз тиімді моделін құруға және «электрондық үкіметті» дамытудың дүние жүзілік рейтингінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге үлкен мүмкіндіктер бар. Қазақстандағы ақпараттық – коммуникативтік технологиялардың дамуы кем дегенде соңғы екі пікірдің жүзеге асуына кепілдік бере алады.

Электрондық үкімет құру ісі билік органдарының жұмысын анағұрлым тиімді, азаматтарға қолжетімді ету үшін қажет болды. Бұрындары әрбір мемлекеттік орган өз бетінше «оқшау өмір сүріп», басқаларымен байланысқа түсе қоймайтын, ал азаматтардың алуан түрлі анықтама, растама секілді өзге де қағаздарды жинау үшін толып жатқан инстанциялардан өтуіне тура келетін. Осының барлығы бір ғана қызмет түрін пайдалану үшін толып жатқан мекемелер табалдырығын тоздыруға мәжбүрлейтін. Бүгінде электрондық үкімет жобаларының арқасында ол заман келмеске кетті.

Электрондық үкімет – ақпараттық технологиялар көмегімен ішінара келісушілікті қамтамасыз ететін, мемлекет пен азаматтар арасындағы, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігінің бірыңғай механизмі. Мемлекеттік органдарға кезекті қысқартып, анықтама, куәлік, рұқсат құжаттарын және тағы басқаларын алуды жеңілдетуге әрі жылдамдатуға мүмкіндік берген де дәл осы механизм.

Басқаша айтқанда, электрондық үкімет деп лицензияны рәсімдеу үшін ЖСН ғана керек болатын, коммуналдық қызмет ақылары мен айыппұлдарды онлайн жүйесінде төлеуге болатын, анықтама алу үшін

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ – қа жеке куәлік қана талап етілетін, бизнесіңізді өз бетіңізше тіркеуге, немесе электрондық үкімет порталында небәрі 10-15 минут ішінде анықтама алуға, күн – түн демей, кез келген уақытта баланың балабақшаға кезегін көруге, мекенжай анықтамасын ұялы телефонға алдыртуға болатын және осы секілді басқа да көптеген жағдайларды айтамыз.

Электрондық үкімет құру идеясы Елбасымызға тиесілі, әрі алғаш рет тоғыз жыл бұрын ауызға алынған болатын. Осы уақыт ішінде электрондық үкіметіміз қалыптасуы мен дамуының іргелі төрт кезеңінен өтті. Ол кезеңдердің қай-қайсысы болса да қазақстандықтардың мемлекетпен өзара әрекеттестігіне көмегін тигізгені сөзсіз.

Олардың алғашқысы – ақпараттық кезең. Дәл осы кезеңде электрондық үкімет порталы іске қосылып, ақпаратпен толтырылды. Мемлекеттік органдар, олардың жұмысы мен халыққа көрсететін қызметтері жайлы ақпараттар пайда болды. Оған қоса, қызмет көрсетудің реттемесі келтіріліп, танысу үшін нормативтік – құқықтық актілер ілінді.

Екіншісі – интерактивті кезең, порталда электрондық қызметтерді тұңғыш рет ұсынуымен есте қалды. Аталмыш кезең барысында порталды пайдаланушылар түрлі мекемелерден кезекке тұруға уақыт жұмсмай – ақ анықтама алу, үйден шықпай – ақ кез келген мемлекеттік органға сұраныс жіберіп, оның мәртебесін қадағалап отыру мүмкіндіктеріне ие болды. Электрондық үкімет порталына интерактивті қызметтерді енгізу құжаттарды жинауға кететін уақытты үнемдеуге едәуір көмектесті.

Дәл осы кезеңде мекемелік ақпараттық жүйелер, мемлекеттік деректер қоры, электронды түрде лицензиялау, және электрондық үкімет шлюзі енгізілді.

Бұл кезеңде әрбір қазақстандық порталдан қажетті құжаттар тізімі, мемлекеттік баж салығының мөлшері, өзі жүгінгелі отырған мемлекеттік органның байланыс мәліметтері секілді барлық қажетті ақпараттарын ала алатын. Алғашқы кезеңнің өзінде – ақ, қажетті ақпараттың толық көлемінің арқасында инстанцияларға жүгірушілер саны азайды.


Электрондық үкімет дамуының үшінші кезеңі – транзакциялық кезең. Бұл кезеңде азаматтар мемлекеттік баж салығын, алымдар, айыппұлдар және коммуналдық қызмет ақыларын төлеуге мүмкіндік алды. Егер де осыған дейін қызмет ақысын төлеу үшін банкке бару керек болса, енді онлайн жүйесінде қызметті пайдалануға да, оның ақысын төлеуге де болады.

Кәсіпкерлерге транзакциялық кезең шын мәнінде бағалы сыйлық ұсынғандай болды, ол – электронды мемлекеттік сатып алулар болатын. Пайдасы айдан анық – өткізілетін байқаулар мен тендерлердің әділдігі мен ашықтығы артты.

Электрондық үкімет дамуының бүгінгі, төртінші кезеңі – түрлендірмелі кезең. Бұдан былайғы басты мақсат – азаматтарға қызмет көрсетудің мейлінше жылдамдығы. Дәл осы мақсатқа қол жеткізу үшін интерактивтік және транзакциялық қызметтер қазақстандықтар үшін айрықша маңызға ие кешенді қызмет түрлеріне біріктірілуде. Жыл басынан бері азаматтар 15 минут ішінде заңды тұлғаны тіркеу, жеке куәлік, төлқұжат немесе жүргізуші куәлігін алу мүмкіндігіне ие болды. Әлеуметтік маңызды қызметтерге айрықша көңіл бөлінеді, міне сондықтан да олардың барлығы электронды үлгіге ауыстырылды.

Құрылғанынан бергі тоғыз жыл ішінде Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі қалыптасу мен даму кезеңдерінен өтті, дүниежүзілік қауымдастық тарапынан оң көзқарасқа ие болып, жоғары бағаланды. Халықаралық және республикалық рейтингтердегі жоғары көрсеткіштері мен байқаулардағы ие болған номинациялары осыған куә. Қазақстандық электрондық үкіметтің даму дәрежесі «дамушы» (emerging leaders) сатысында деп бағалануда және аса табысты үкіметтердің бірі саналады.[3] Электронды үкімет қызметін пайдаланушылардың жас санатын төмендегі суреттен көруге болады. (1 сурет)

1 – сурет. Порталдың белсенді пайдаланушыларының жас санаты (2017 жыл)



2013 жылдың 13 мамырда Швейцарияның Женева қаласында WSIS Project Prizes 2013 халықаралық байқауының нәтижелері жария етілді. Байқау ақпараттық қоғам мәселелері жөніндегі жоғары деңгейдегі бүкіләмдік кездесу Форумы шеңберінде өтті. Қазақстанның электрондық лицензиялау жүйесі

(www.elicense.kz) «E-Business» категориясы бойынша ең үздік жоба деп танылды. Байқауға әлемнің 64 мемлекетінің 280 жобасы қатысты. Жоба жетістігінің тарихы Халықаралық электробайланыс одағының ресми ресурсында жарияланды.

2013 жылдың сәуірінде Дүниежүзілік экономикалық форумның (WEF) баяндамасы жарияланды, соған сәйкес Қазақстанның желілік әзірлік индексі 144 елдің ішінде 43 – орында тұр. 2012 жылмен және 55 – орынмен салыстырғанда, еліміз көптеген көрсеткіштер бойынша рейтингтерде қарқынды өсуін көрсетті және ТМД елдерінің арасында үздік деп танылып отыр. (2 сурет)

2 – сурет. ҚР электрондық үкіметінің 2005 – 2016 жылдар арасындағы жетістіктері

БҰҰ дүниежүзілік рейтингі (182 ел)	2016	2013	2012	2010	2008	2005
Электрондық үкімет дамуының индексі	33	-	38	46	81	65
Адам капиталы индексі	31	-	25	16	22	22
Онлайн-қызметтер индексі	32	-	14	95	24	24
Телеқатынас инфрақұрылымы индексі	46	-	77	96	91	91
Е-қатысу индексі	67	-	2	18	31	31
Дүниежүзілік экономикалық форум рейтингі (WEF)	2016	2013	2012	2011	2010	2005
Желілік әзірлік индексі	39	43	55	67	68	-
Пайдаланудың төменгі индексі	39	62	52	56	74	-
Даярлықтың төменгі индексі	44	54	65	56	54	-

Желілік әзірлік индексі еліміздегі ақпараттық – коммуникативтік технологиялардың (АКТ) даму деңгейін анықтайды және АКТ – ның экономикаға қосқан үлесін, сондай – ақ осы технологияларды пайдалануға әзірлікті байқататын 54 көрсеткіштен тұрады. 2013 жылы Қазақстанның айрықша ілгері басуы Интернет желісін пайдаланушылар саны, ұялы байланыс абоненттерінің саны, ұялы байланыс тарифтері және басқалары бойынша белгіленді.

Әрбір екі жыл сайын Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаменті электронды үкіметтің әлемдегі (192 ел) даму деңгейін бағалау бойынша зерттеулер жүргізіп отырады. 2012 жылы Қазақстан Республикасының электронды үкіметі аталмыш рейтингте 38-орынға ие болды. Сонымен қатар, онлайн – қызметтердің индексі 10 көрсеткішті басып озса, телеқатынас инфрақұрылымының индексі 14 орынға алға шықты. Азаматтардың үкіметпен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін анықтайтын е – қатысу индексі бойынша Қазақстан Сингапурмен бірге 2 орынға ие болды.

Электрондық үкіметтің жетістіктері қоржынында қазақстандық марапаттар да бар. 2012 жылдың соңында Award.kz – 2012 Ұлттық интернет – бәйгесінің X мерейтойлық марапаттау салтанатында электронды үкіметпорталы «Билік және өзін – өзі басқару органдары» номинациясында бірінші орынға ие болды, сондай –ақ, қос тілді сайттар арасында үздік деп танылды. Жобаға деген қызығушылықты қазан айында өткен электронды үкімет порталының редизайны тудырған болатын, соның нәтижесінде беткі безендірілуі ғана емес, материалдар құрылымы мен орналастыру қисыны да өзгерді.[4]

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.2013 жылы 8 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарияланған «Ақпараттық Қазақстан – 2020» атты мемлекеттің жаңа саяси Жолдауы, Астана 2013
- 2.Біріккен Ұлттар Ұйымының «Электрондық үкімет» 2016 жылғы даму деңгейі жөніндегі есебі
- 3.С. Қожженов. «Электрондық үкімет: төрешілдік кедергілерсіз мемлекеттік қызмет көрсетулер», inform.kz сайтынан алынды;
- 4.<http://egov.kz/cms/kk> Қазақстан Республикасының электронды үкімет порталы

**МАТРИЦАЛЫҚ АРГУМЕНТТІҢ ФУНКЦИЯСЫ**

Матрицалар теориясы сызықтық алгебраның негізгі болып табылады және векторлық кеңістіктердің сызықтық бейнелеулерін, сызықтық және квадраттық формаларды, сызықтық теңдеулер жүйелерін зерттеуде қолданылады. Матрицалық функциялар сызықтық алгебрада кеңінен қолданылады, көптеген қолданбалар мен фундаментальды зерттеулерде кездеседі.

**Түйін сөздер:** матрица, функция, матрицалардың функциялары, матрица спектрі, интерполяциялық көпмүше.

В вычислительной математике существенную роль играет интерполяция функций, то есть построение по заданной функции другой (как правило, более простой), значения которой совпадают со значениями заданной функции в некотором числе точек. Причем интерполяция имеет как практическое, так и теоретическое значение. Теория интерполирования используется при построении и исследовании квадратурных формул для численного интегрирования, для получения методов решения дифференциальных и интегральных уравнений.

**Ключевые слова:** матрица, функция, функции от матрицы, спектр матрицы, интерполяционный многочлен.

Functions from matrices can be constructed by numerical methods, diagonalization of the matrix, reduction to the normal form of the Jordan matrix, Lagrange-Sylvester interpolation multigroups, Laplace transforms. In this paper we consider constructions using the Lagrange-Sylvester interpolation polynomial.

**Keywords:** matrix, function, function of matrix, range of matrix, interpolation polynomials.

Айталық,  $A \in M_n(C)$  және  $f(x)$  скаляр аргументтің функциясы болсын.  $f(A)$  деп нені түсінуіміз керектігін анықтаймыз, яғни  $f(x)$  функциясын аргументтің матрицалық мәніне таратуымыз керек.  $f(x) = a_n x^n + a_{n-1} x^{n-1} + \dots + a_1 x + a_0 f(x)$  көпмүше болғанда есептің жауабы белгілі, онда  $f(A) = a_n A^n + a_{n-1} A^{n-1} + \dots + a_1 A + A_0$ .

Енді жалпы жағдайда  $f(A)$  анықтайық. Айталық,  $A$  матрицасының минималды көпмүшесі  $m(x)$  және оның канондық жіктелуі:

$$m(x) = (x - \lambda_1)^{m_1} \cdot (x - \lambda_2)^{m_2} \cdot \dots \cdot (x - \lambda_s)^{m_s},$$

$\sum m_i = \text{deg } m(x) = m$ ,  $A$  матрицасының меншікті мәндері  $\lambda_i$  болсын. Айталық,  $g(x)$  және  $h(x)$  көпмүшелері бірдей мәндер қабылдасын.

$$g(A) = h(A) \tag{1}$$

болса, онда  $A$  үшін  $d(x) = g(x) - h(x)$  жойып жіберуші көпмүше болады.

$d(A) = 0$  болғандықтан,  $d(x)$  сызықтық көпмүшеге бөлінеді, яғни

$$d(x) = m(x) \cdot q(x) \tag{2}$$

Сонда

$$d(\lambda_k) = 0$$

$$d^1(\lambda_k) = 0$$

$$\dots \dots \dots$$

$$d^{m_k-1}(\lambda_k) = 0 \quad k = \overline{1, s}$$

яғни,

$$g(\lambda_k) = h(\lambda_k)$$

$$g^1(\lambda_k) = h^1(\lambda_k)$$

$$\dots \dots \dots$$

$$g^{m_k-1}(\lambda_k) = h^{m_k-1}(\lambda_k) \quad k = \overline{1, s} \tag{3}$$

$f(x)$  функциясы үшін  $f(\lambda_k), f^1(\lambda_k), \dots, f^{m_k-1}(\lambda_k), k = \overline{1, s}$  болатын  $m$  мәндерді  $f(x)$  функциясының  $A$  матрицасының спектріндегі мәндері деп атауға келісейік, ал осы мәндердің жиынын  $f(SpA) = \{f(\lambda_k), f^1(\lambda_k), \dots, f^{m_k-1}(\lambda_k)\}$  деп белгілейміз.

Егер  $f(SpA)$  жиыны  $f(x)$  функциясы үшін анықталған болса, онда функция  $A$  матрицасының спектрінде анықталады. Демек, (3) бойынша  $h(x)$  пен  $g(x)$  көпмүшелері  $A$  матрицасының спектрінде бірдей мәндер қабылдайды.

Егер  $A$  матрицасы берілетін болса, онда  $f(x)$  көпмүшесінің мәні  $A$  матрицасының спектріндегі осы көпмүшенің мәнімен толығымен анықталады, яғни матрицаның спектрінде бірдей мәндер қабылдайтын барлық  $g_i(x)$  көпмүшелері  $g_i(A)$  бірдей матрицалық мәндерге бар болады. Жалпы жағдайда  $f(A)$  мәнін анықтау осы принципке негізделген.

$A$  матрицасының спектріндегі  $f(x)$  функциясының мәндері  $f(A)$  функциясын анықтау қажет, яғни спектрде бірдей мән қабылдайтын функциялар бірдей  $f(A)$  матрицалық мән қабылдау қажет.

Жалпы жағдайда  $f(A)$  мәнін анықтау үшін  $A$  матрицасының спектрінде дәл солай мәндер қабылдайтын, яғни  $f(A) = g(A)$  болатындай  $g(x)$  көпмүшесін табу жеткілікті.  $g(A)$  көпмүшесі  $A$  матрицасының спектрінде  $f(A)$ -мен бірдей мәндер қабылдайтын кез келген көпмүше:

$$f(SpA) = g(SpA).$$

1-анықтама.  $A$  матрицасының функциясының мәні деп  $f(SpA) = g(SpA)$  болғандағы осы матрицаның көпмүшесінің мәнін айтады.

$r(x)$  көпмүшесін  $A$  матрицасының спектріндегі  $f(x)$  функциясы үшін Лагранж –Сильвестр интерполяциялық көпмүше деп атайды [1].

1'-анықтама. Айталық,  $f(x)$  функциясы  $A$  матрицасының спектрінде анықталсын, ал  $r(x)$  –сәйкес Лагранж –Сильвестр интерполяциялық көпмүшесі болсын. Сонда  $f(A) = r(A)$  және  $r(x)$  көпмүшесінің түрі:

$$r(x) = f(0) + \frac{f'(0)}{1!}x + \frac{f''(0)}{2!}x^2 + \dots + \frac{f^{(n-1)}(0)}{(n-1)!}x^{n-1}$$

$$r(0) = f(0), r'(0) = f'(0), \dots, r^{(n-1)}(0) = f^{(n-1)}(0)$$

$$\text{Сонымен, } f(H_1) = r(H_1) = f(0)E + \frac{f'(0)}{1!}H_1 + \frac{f''(0)}{2!}H_1^2 + \dots + \frac{f^{(n-1)}(0)}{(n-1)!}H_1^{n-1} = \begin{bmatrix} f(0) & \frac{f'(0)}{1!} & \dots & \frac{f^{(n-1)}(0)}{(n-1)!} \\ 0 & f(0) & \dots & 0 \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ 0 & 0 & \dots & \frac{f'(0)}{1!} \\ 0 & 0 & \dots & f(1) \end{bmatrix}$$

### Матрицалардың функцияларының қасиеттері:

1-қасиет: Егер  $A \in M_n(\mathbb{C})$  матрицасының  $\lambda_1, \lambda_2, \dots, \lambda_n$  меншікті мәндері (оның ішінде еселі де болуы мүмкін) бар болса, ал  $f(x) \in C[x]$  болса, онда  $f(A)$  матрицасының меншікті мәндері  $f(x)$  көпмүшесінің  $f(\lambda_1), f(\lambda_2), \dots, f(\lambda_n)$  меншікті мәндері болады.

2-қасиет:  $A \in M_n(\mathbb{C})$  матрицасы және  $A$  матрицасының  $\lambda_1, \lambda_2, \dots, \lambda_n$  меншікті мәндері бар болсын және  $f(x)$  функциясы  $A$  матрицасының спектрінде анықталған кез келген функция болсын, онда  $f(A)$  матрицасының меншікті мәндері  $f(\lambda_1), f(\lambda_2), \dots, f(\lambda_n)$  болады.

3-қасиет: Егер  $A, B \in M_n(\mathbb{C})$   $A$  және  $B$  ұқсас матрицалар болса, яғни  $B = T^{-1}AT$  және  $f(x)$  функциясы  $A$  матрицасының спектрінде анықталған кез келген функция болса, онда  $f(B) = T^{-1}f(A)T$  орындалады.

### Лагранж-Сильвестр интерполяциялық көпмүшесі:

1-жағдай.  $A \in M_n(\mathbb{C})$  матрицасы берілсін. Бірінші жағдайда  $|xE - A|$  сипаттамалық көпмүшесінің  $n$  тең түбірлері бар болсын, оның ішінде еселілер болмасын, яғни  $A$  матрицасының барлық меншікті мәндері әр түрлі:

$$C(x) = |xE - A| = (x - \lambda_1)(x - \lambda_2) \dots (x - \lambda_n)$$

мұндағы  $SpA$  –жай спектр.

Мұндай жағдайда  $l_k(x)$  базистік көпмүшесін құрайық:

$$l_k(x) = \frac{\prod_{i=1}^n (x - \lambda_i)}{\prod_{i=1, i \neq k}^n (\lambda_k - \lambda_i)}$$

$A$  матрицасының спектрінде анықталған функция  $f(x)$  болсын және спектрдегі бұл функцияның мәндері  $f(\lambda_1), f(\lambda_2), \dots, f(\lambda_n)$  болады.  $r(\lambda_i) = f(\lambda_i), i = \overline{1, n}$  құру қажет.

Ең алдымен  $r(x) = \sum_{k=1}^n l_k(x)f(\lambda_k)$  құрайық

$$l_k(\lambda_i) = \begin{cases} 0, & \lambda_i \neq \lambda_k \\ 1, & \lambda_i = \lambda_k \end{cases} \text{ және } r(\lambda_i) = f(\lambda_i) \text{ екендігін ескерейік [2].}$$

1-мысал:  $A = \begin{bmatrix} 5 & -3 & 2 \\ 6 & -4 & 4 \\ 4 & -4 & 5 \end{bmatrix}$  матрицасы үшін Лагранж-Сильвестр интерполяциялық көпмүшесін құру қажет.

$$C(x) = |xE - A| = \begin{vmatrix} x-5 & 3 & -2 \\ -6 & x+4 & -4 \\ -4 & 4 & x-5 \end{vmatrix} = (x-5) \begin{vmatrix} x+4 & -4 \\ 4 & x-5 \end{vmatrix} - 3 \begin{vmatrix} -6 & -4 \\ -4 & x-5 \end{vmatrix} - 2 \begin{vmatrix} -6 & x+4 \\ -4 & 4 \end{vmatrix}$$

$$= (x-5)(x^2 - x - 4) - 3(-6x + 14) - 2(4x - 8) = x^3 - 6x^2 + 11x - 6$$

$$= (x-1)(x-2)(x-3)$$

Базистік көпмүшелерді құрайық:

$$l_1(x) = \frac{(x-2)(x-3)}{(1-2)(1-3)} = \frac{1}{2}(x-2)(x-3)$$

$$l_2(x) = \frac{(x-1)(x-3)}{(2-1)(2-3)} = -(x-1)(x-3)$$



$$l_3(x) = \frac{(x-1)(x-1)}{(3-1)(3-2)} = \frac{1}{2}(x-1)(x-2)$$

Онда  $A$  матрицасының спектрінде анықталған  $f(x)$  функциясы үшін:

$$r(x) = \frac{1}{2}(x-2)(x-3)f(1) + (x-1)(x-3)f(2) + \frac{1}{2}(x-1)(x-2)f(3)$$

$f(x) = \ln(x)$  деп алайық, онда интерполяциялық көпмүше мына түрде болады:

$$\begin{aligned} \ln(A) = r(A) &= \frac{1}{2}(A-2E)(A-3E)\ln 1 - (A-E)(A-3E)\ln 2 + \frac{1}{2}(A-E)(A-2E)\ln 3 = \\ &= - \begin{bmatrix} 4 & -3 & 2 \\ 6 & -5 & 4 \\ 4 & -4 & 4 \end{bmatrix} \cdot \begin{bmatrix} 2 & -3 & 2 \\ 6 & -7 & 4 \\ 4 & -4 & 2 \end{bmatrix} \ln 2 + \frac{1}{2} \begin{bmatrix} 4 & -3 & 2 \\ 6 & -5 & 4 \\ 4 & -4 & 4 \end{bmatrix} \cdot \begin{bmatrix} 3 & -3 & 2 \\ 6 & -6 & 4 \\ 4 & -4 & 3 \end{bmatrix} \ln 3 \end{aligned}$$

2-жағдай.  $A$  матрицасының сипаттамалық көпмүшесінің еселі түбірлері бар болсын, бірақ бұл матрицаның минималды көпмүшесі сипаттамалық көпмүшенің бөлгіші болсын және тек жай түбірлері бар болсын, яғни  $m(x) = (x-\lambda_1)(x-\lambda_2) \dots (x-\lambda_n)$ . Бұл жағдайда интерполяциялық көпмүше алдыңғы жағдайдағы сияқты құрылады.

3-жағдай. Жалпы жағдайды қарастырайық. Минималды көпмүше мына түрде болсын:

$$m(x) = (x-\lambda_1)^{m_1}(x-\lambda_2)^{m_2} \dots (x-\lambda_s)^{m_s}$$

мұндағы  $m_1 + m_2 + \dots + m_s = m$ ,  $\text{degr}(x) < m$ .

Бөлшек-рационал  $\frac{r(x)}{m(x)}$  функциясын құрайық және оны қарапайым бөлшектерге бөлейік:

$$\frac{r(x)}{m(x)} = \sum_{k=1}^s \frac{a_{k_1}}{(x-\lambda_k)^{m_1}} + \frac{a_{k_2}}{(x-\lambda_k)^{m_1-1}} + \dots + \frac{a_{k_s}}{x-\lambda_k} (*)$$

$m^*(x) = \frac{m(x)}{(x-\lambda_k)^{m_s}}$  деп белгілейік

(\*) ны  $(x-\lambda_k)^{m_s}$ -ға көбейтіп мына теңдікті аламыз:

$$\frac{r(x)}{m^k(\lambda_k)} = a_{k_1} + a_{k_1}(x-\lambda_k) + a_{k_2}(x-\lambda_k)^{m_2-1} + \rho(x)(x-\lambda_k)^{m_s} (**)$$

мұндағы  $\rho(x)$  функциясы  $x = \lambda_k$  болғанда шексіздікке айналмайды.

Егер (\*\*)ге  $x = \lambda_k$  қоятын болсақ,

$$\begin{aligned} a_k &= \frac{r(\lambda_k)}{m^k(\lambda_k)} \\ (r'(x) \frac{1}{m^k(x)} + r(x) \frac{1}{m^k(x)})_{x=\lambda_k} &= a_{k_2} \end{aligned}$$

$a_{k_3}$  табу үшін (\*\*) -ны екі рет дифференциалдау керек т.с.с. Сонымен  $a_{k_i}$  коэффициенті бірмәнді табылады [3].

Барлық коэффициенттерді тауып болғаннан кейін, (\*) -ны  $m(x)$  -ке көбейтіп,  $r(x)$  интерполяциялық көпмүшесін аламыз:

$$r(x) = \sum_{k=1}^n \left( \frac{a_{k_1}}{(x-\lambda_k)^{m_1}} + \frac{a_{k_m}}{x-\lambda_k} \right) m(x).$$

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Вильданова Ф.Х., Вильжанова М.Х., Ерденова А.К., Мухамедияров М.К. Матрицалар теориясынан дәрістер.- Алматы: Эверо, 2015.-200 б.
2. Цехан О.Б. Матричный анализ.- Москва: ФОРУМ, 2012.-530б.
3. Гантмахер Ф. Теория матриц. Москва: ФОРМАТ, 2010.-560 б.

**Жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар және студенттердің  
ғылыми еңбектер жинағы №3**

**Сборник трудов молодых ученых, докторантов, магистрантов и  
студентов №3**

**Collection of works of young scientists, doctoral students, master's  
and bachelor's degree students №3**

Республиканский сборник трудов молодых ученых, магистрантов и студентов

Подписано в печать: 10.04.2018 г. Дата выхода тиража: 15.04.2018 г.

Формат 60\*84. Бумага офсетная №1. Печать лазерная

Объем: 12,125 усл. печ.л. Тираж 100 экз.

Цена договорная. Семей: КазГЮИУ